Однажды хазрат шейх сказал Берке – хану: «О, сын [мой] Такое последовало повеление от Господа Всевышнего: «Отправляйся и правь в юрте отцов [своих]» [Тот сказал]: «Обрету на службе у вас. Еще отправляюсь и обреку себя на правление этим [тленным] миром и его тяготы». Когда [же] шейх сказал: «Нет спасения от суда Господа Всевышнего, коль попадешь ты в передрягу, коль примешь муки ее», - то упомянутый хан так же оказался в безвыходном положении и согласился. Несколько дней он готовился [и затем] отправился. Хазрат шейх проводил [его] из Бухары до Кара – Куля. Хан пешком шел три поводе [коня] шейха. Из Кара – Куля шейх, благословив [Берке - хана], вернулся [а] хан // отправился в вилайет Дашта.

В вилайете Хаджи-Тархана был знаменитый своим богатством человек по имени Хаджи Нийаз. Он рассказывал: «Из Кара-Куля хазрат хан вышел [вместе с] восемью человеками и двинулся в вилайет Дашта. Каждый из тех восьми человек– предок тысячи юрт. Когда хан, да будет над ним милость [Аллаха], выйдя из Кара-Куля, прибыл в Урганч [1], ***он из Урганча пошел в Сарайчук [2]. Рассказывают. Пока он шел в Сарайчук, [вокруг него] собрались пятьсот человек. Пока***

[же они], пройдя через Сарайчук, дошли до берега реки Идил, то собрались [уже] тысяча пятьсот человек. Когда они пришли на берег реки Идил, то получили известие, что Хулагу-хан с огромным войском идет [сюда] по побережью Кулзумского моря [3]. Это собравшееся [вокруг Берке-хана] войско его перетрусило и все вместе они сказали [хану]: «Хулагу-хан – великий государь. Есть у него войско. Нас [же] мало. Не следует нам идти на него и сражаться». Говорят, что тогда у хана был щит без чехла. Некоторые говорили, [что у хана] был шлем без чехла. Был [у него] также овечий альчик. В ответ им хан сказал: «Не по своей воле, не по своему желанию пошел я в поход. Вы не верите в меня. Если сейчас вот мы своей рукой поставим этот альчик на тырбу на шишак щита или шлема, то он не устоит. [А] теперь давайте с вами условимся. Я метну этот альчик на шишак этого щита или шлема. Если станет он на тырбу у них на шишаке, то знайте, я одолею этого врага. Господь /42б/ Всевышний [победу] отдаст мне. Если [же альчик] не станет на тырбу, то не ослушаюсь я, что бы вы ни сказали». Эти люди в свою очередь сказали: «Если [альчик] станет на тырбу, то и мы, пока теплится в нас жизнь, будем с вами заодно». Когда хан – да пребудет над ним милость [Аллаха] – взял альчик в свои руки и бросил, памятуя об Аллахе Всевышнем, [то альчик] точно стал на тырбу на шишаке. Когда те увидели это, то изгнали из своих сердец сомнение, все стали послушны и покорны, переправились через реку Идил и по берегу Кулзумского моря двинулись навстречу войску Хулагу-хана [4].

С. 96-97

Түсініктеме

1 Ургенч (Урганч, Куня-Ургенч) – ежелгі қала, қорған. Хорезмшах астанасы

2 Сарайчук (Сарайчик, Сараджик) – XIII ғ. II жарт. негізі қаланған қала.

3 Кулзумского моря (Колзумское, Кульзумское) – Каспий теңізі

4 Хулагу хан – Шыңғыс хан немересі, Төленің ұлы. Ирандағы Хулагу әулетінің негізін қалаушы. 1256-1262 жж. биледі.

Утемиш-хаджа. Чингиз-наме / Факсимиле, перевод, транскрипция, текстологические примечания, исследование В.П. Юдина. Комментарии и указатели М.Х. Абусеитовой. – Алма-Ата: Ғылым, 1992. – 296 с.

№14
Өтеміс қажы «Қара Таварих» (XVI ғ.)

Өтеміс қажының «Шыңғыс наме» еңбегінің толық нұсқасы Түркиядағы Заки Валиди Тоғанның жеке қорында сақтаулы. Бүгінге дейін еңбектің екі нұсқасы белгілі. Бірі осы Тоғанның қорындағы «Қара таварих», екіншісі толық емес Ташкент жазбасы. Тоған қорындағы «Қара таварих» тарих ғылымы үшін толыққанды белгілі емес. Бұл қолжазба 1019 хижра жылы (26.03.1610-15.03.1611 жж.) жазылған.

Л. 22-а

Мы подошли к рассказу о Берке хане – да пребудут над ним милость и благоволение Аллаха!

Упомянутый (Берке хан) – да будет над ним милость Аллаха – знаменит (тем, что) с рождения был мусульманином. Когда он появился на свет, он не сосал молока ни своей матери, ни молока других женщин-немусульманок. По этой причине пригласили колдунов и ведунов и колдовали. Они сказали: «Он – Мухаммеданин, будет сосать молоко только женщины мухаммеданки, молоко других сосать не будет», - так они сказали. Разыскали и привели женщину мусульманку. Ее молоко он начал сосать.

Когда через несколько лет после этого события его отец Йуджи хан умер, он, не будучи в состоянии находиться среди неверных пришел в Сыгнак. Когда он пришел в этот вилайат, там находился шейх мира Шейх Сейф ад-дин Бахирзи, который был мюридом хазрата полюса полюсов Шейха Наджм ад – дина Кубра. Он (Берке) присоединился к ним и со страстным желанием и любовью начал служить. В течение нескольких лет, отрвавшись от всех материальных благ и посвятив себя молитвам, овладел крайней степенью духовного совершенства святых-эвлия. Когда он все еще находился на служении у шейха, в это время умер Саин хан,

Л. 22-б

и беки его объединились. Однажды хазрат шейх сказал Берке хану: «От Господа Всевышнего последовало такое повеление, чтобы ты стал падишахом в юрте отцов своих». Хан сказал: «Возможно ли, что у вас

на службе я познаю падишахство обоих миров. Отправившись туда, я обреку себя на правление этим тленным миром и взвалю на себя его тяготы». Шейх сказал: «Нет другого пути, кроме как следование повелению Всевышнего, хоть попадешь ты в передрягу или в мирские заботы». Хан оказался в безвыходном положении и со смирением согласился. Через несколько дней он отправился. Хазрат шейх проводил его из Бухары до Кара-Куля. Хан пешком шел при поводе (коня) шейха. Шейх, благословив его, вернулся из Кара-Куля. Хан отправился в вилайат Дешта. В вилайате Хаджи-Тархана был знаменитый своим богатством человек по имени Хаджи Нийаз. Он рассказывал: «Из Кара-Куля хазрат хан вышел вместе с восемью

Л. 23-а

людьми и двинулся в вилайат Дешта. Один из этих восьми человек отец моему дому. Когда хан, да будет над ним милость Аллаха, выйдя из Кара-Куля, ***прибыл в Ургенч и из Ургенча пришел в Сарайчук***. Рассказывал: «По ***пути в Сарайчук собрались пятьсот человек***. Они пришли до берега реки Идиль, и получили известие, что Хулаку хан с огромным войском переплыл Кулзумское море и идет сюда. Это собравшееся войско было сильно удивлено и осталось без слов, и все вместе они сказали хану: «Хулаку хан – великий государь. Есть у него большое войско. Нас же мало. Не следует нам идти на него и сражаться. Так будет правильнее». Говорят, что тогда у хана на руках был щит без чехла. Некоторые говорили, что у хана был шлем без забрала. Был у него также овечий альчик. В ответ им хан сказал: «Не по своей воле, не по своему желанию пошел я в поход. Вы не верите в меня. Если сейчас вот мы своей рукой поставим этот альчик на тырбу на шишак щита или шлема, то он не устоит. Теперь давайте с вами условимся.

С. 33-35
Л.53-б

Кунчек оглан завоеванные вилайаты вручил (Тимур) беку, но Едику бек сделал ханом Тимур кутлуг оглана, а завоеванные вилайаты перевел к истокам Яика. Кунчек оглан привез захваченные богатства, однако народ говорил, что он убежал вместе с ними. Тимур бек вернулся в свой вилайат. Токтамыш хан собрал вилайаты в районе реки Идиль и прибыл в вилайаты Сарай и Хаджи-Тархан. Через несколько лет состоялось сражение между двумя войсками: в этой известной

битве участвовало войско Едику бека и Тимур Кутлуга против войска Токтамыш хана. Все предводители войска барын Ягыл бай, отборные воины и много бахадиров погибли в этом сражении. После этого Едику, оставив внутри эля Тимур Кутлуг хана, сам с сыновьями устроил погоню за Токтамыш ханом и в местечке Кара Тун в темную ночь свалил его в реку.

Л. 54-а

После этого Тимур Кутлуг хан и Едику бек, один стал беком, другой-ханом. Правили они много лет. Их власть распространялась с одной стороны до Хаварезма, с другой – до Казани и Руси и шла до границ вилайата ***Крым, Сарай, Сарайчук, Хаджи-тархан.*** После того как прошло несколько лет, Тимур бек Кутлы стал ханом. У него родились сыновья: имя одного Тимур, имя другого Кулад. Но хан умер, когда Кулад был еще ребенком. Шадибек хан был отцом вышеназначенного хана, Тимур бек оглана. Хан завешал, чтобы Едику сделал ханом того, кто останется после него. Завещание было принято: Шадибек стал ханом, а после него ханом должен был стать его сын, Нуретдин мирза. Тимур Кутлуг хан выделил Нуретдин мирзе даруги Хаджи Тархана и 30 тысяч сарайских золотых монет.

Л. 54-б

И сейчас(?) мирзы Хаджи Тархана получают 30 тысяч золотых монет, это ярмак. Через несколько лет Шадибек хан умер. Нуретдин мирза сказал отцу, чтобы он сам стал ханом или же сделал ханом его, чтобы ханство перешло в наш род. «Человек черной кости не может быть ханом». Такой был ответ. Тимур был сыном Кутлуга, его (Тимура) сделал ханом. Нуретдин мирза проклял своего отца. Кулад который был отцом Тимур хана, также принял его ханом. Тумен Бека Уйшун Пир Махмуда назначив ему улугбеком, возвеличил его. (Нуретдин мирза) собрал войско Туменов черкесов и Так Кайтак и вышел против отца. Отец узнал об этом и сказал: «Или умру я, или он» и отправился в вилайат Хаварезм с несколькими преданными ему людьми. Он (Нуретдин мирза) пришел и покарил вилайат отца. Было очень много разбоя и ограбления. Говорять, что там была мечеть, построенная Едику беком. И посажены пять гранатовых деревьев.

С.63-64
Л. 68-а

В то время Барак хан со своим элем находился в казакских летовках. Он прославился как отважный воин. Матерью Мансур бека была сама дочь Урыс хана, Барак хан был его родным дядей. «Кем я буду с этим огланом», - сказал так и перенес Орда Базар, перевез к Барак хану и сделал его ханом. Прошло пять-шесть месяцев, хан с бесчестными главами нукеров бека пригласили бека в эль. Когда бек пришел на прием, дал ему мед (медовуку), когда тот опьянел, ударив ножом, убил его. Некоторые говорят, что он задушил его тетивой лука. После того как убил Мансур бека, взял его эль себе. В этом месте был калека, спросил у него: «Ты для всех главный карачи, скажи мне, что сделать мне в этой стране, чтобы люди стали за меня?». Сказал: «Видишь камень, убьет животное, но не отделит мясо от костей. Недовольные люди как этот камень.

Л. 68-б

Если будешь отнимать у народа его имущество и делать людей нуждающимися, эти не будут тебе элем». Эти слова ему (Барак хану) показались разумными: он переместил страну к берегу Кубан Йарсы. Когда зимой это маленькое море покрылось льдом, он переместил страну на другой берег. Говорять, что этой зимой было три переселения с одного берега на другой. Закончилась пища, ничего у них не осталось. Было интересно, что на одного человека приходилась одна лощадь. Это местность стала известна как Кубан Карлык. Когда пришла весна, его государство опять переехало к устью Яика. Когда Мансур бек пал шахидом, Кади и Невруз сбежали к Мухаммад хану. Барак хан также направил свой вилайат в эту сторону, отсюда много к ним людей сбежало, собралось целое войско. Когда услышали, что эль (Барак хана) приближается к берегу Яика, они (Кади и Невруз) ездили верхом на лошадях. Каждый день к ним понемногу стали сбегать люди, и их стало много. ***Когда они перешли реку Яик, они перешли реку Джим. Состоялось сражение на границе Кайнар Сагыз.*** Кыпшак Айаз рассказывает: «Нас было тридцать

Л. 69-а

три человека под предводительством Магриба. Когда встретились два войска, нас всех разделили и отправили в разные места, одни

были рядом с ханом, другие-по левую сторону. И мы не знали друг о друге. Два войска шли навстречу друг другу. Впереди правила Мухаммад хана был человек в красной одежде на бойком аргамаке. Когда он приблизился поближе, мы узнали в нем Хытай Сейид Али. Мы стали выкрикивать его имя. Он посчитал, что это был боевой клич. Мы поняли, где находимся. Сейид Али напал на них. Барак хан назначил Булюк Булат Султана иравулом, их иравул также напал на них. Люди хана наблюдали за сражением. Мы, все кто были, тотчас, примкнув друг к другу, навалились на него. Все стали стрелять, полагая, что Магриб уже подошел, летящие стрелы были похожи на даргана. Мы помчались на них, наблюдающий за нами человек хана убежал. В это время мы услышали,

Л.69-б

как хан сказал своим людям: «Оставьте их, нападайте на Булюк Булал Султана!». Эти люди все направились в сторону Булюк Булад Султана. Состоялось большое сражение. Несколько человек, забрав хана, отпустили. Говорили: Булюк Булад Султан подошел и напал. У него был серовато-белый конь, похожий на жеребца. Хан сказал: «Ради Аллаха, не думай, что это быстроходная лошадь, ты на ней не сможешь сразиться, это-маленькая лошадь. От лязга брони, она не побежит». Однако султан выехал верхом на этой лошади. При восьмой атаке лошадь потеряла силы и встала. Стали атаковать все ближе. Их становилось все больше, не могли прорваться. В конце концов, увидели, что не смогут скрыться, не потеряв его людей. Внук почтенного Улуг Асбая Мухаммад бек, чья смелость и мужество известны, ворвался в центр битвы, смешался с людьми султана, схватил султана за спину и повалил его наземь. Когда тот упал, войско разбежалось, была долгая погоня. В конце концов, по причине того, как Барак хан не мог ехать верхом, оставили его с одним воином в центре сражения и ушли.

Л-70-а

Кыпчак Айас бек обнаружил его, отрезал голову и принес ее Мухаммад хану и Кади беку. ***За это дали ему даругу Сарайчука. До сих пор даруга Сарайчука принадлежит им.*** После этого они пошли в поход и взяли его вилайат себе. И хан вернулся домой. Кади бек все еще оставался там. Говорят, когда в этой махалле Барак хан убил Мансур бека и взял его вилайат, Йетти Сан (семь племен?) левой (руки)

были внутренним элем и наместниками хана. Те эли, которые были захвачены от Мансур бека, были притесняемы от них и видели от них много несчастья. Некоторые говорили что это они убили Мансур бека. Эта весть дошла до ушей Кади Бека. Когда Барак хан был убит и его эли захвачены, из-за своей обиды стал притеснять их, что не осталось у них богатства. Что он захотел, то забирал: и девушек и парней. Эти, потеряв терпение, сорок человек обьединились, чтобы убить бека. Во главе их был Турды ходжа бек – из сыновей Манкут Тулага.

Л-71-а

Подошли к рассказу об Улуг Мухаммад хане. После убийства Кади бека в левом крыле началась смута. В оставшемся эле стали править Кечек Мухаммад хан и Навруз бек, один стал ханом, другой беком. Улуг Мухаммад хан в это время находился в вилайяте Крым. Услышав об их ссоре, решил действовать и не оставаться там. Сказал: «Если не пойду на них походом, то умру!». Взял всех своих кочевников и пошел на Хаджи Тархан. Они (Кечек Мухаммад хан и Навруз бек) прослышали о том, что он (Улуг Мухаммад хан) направляется к ним, а также пошли против него.

Л. 71-б

Чтобы взять Хаджи Тархан, Улуг Мухаммад хан со своим войском переправился через реку Идиль и направился в сторону реки. Те шли напротив него, оставляя воды (рукава), выходящие из (реки) Идиль за спиной, устроили битву. Битва двух Мухаммад ханов знаменита. Сказал: «Была зима. Каждый день было сражение. С обеих сторон погибло много воинов». В тех местах говорят, сын Гийазетдина не вкладывал меч в ножны. Шесть сыновей хана не слезали с телеги. Эти шесть сыновей были огланами Кечек Мухаммад хана. Когда наступила весна, начался сильный голод, с обеих сторон осталось очень мало воинов. ***В конце концов, беки решили так: река Идиль, Хаджи Тархан и Сарайчук достались Кечек Мухаммад хану, а Крым – улуг Мухаммад хану.*** Так они прекратили противостояние. Махмуд хан был сыном Кечек Мухаммад хана. У него было двое сыновей – Касым хан и Абдулкерим хан. Еще одним сыном был Ахмед хан, сыном которого был Муртаза хан.

С.77-80

Утемиш-Хаджи. Кара таварих / Транскрипция И.М. Миргалеева, Э.Г. Сайфетдиновой, З.Т. Хафизова; перевод на русский язык И.М. Миргалеева, Э.Г. Сайфетдиновой; общая и научная редакция И.М. Миргалеева. – Казань: Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2017. – 312 с.

№15
Мырза Мұхаммед Айдар Дулат «Тарихи-и Рашиди» (1542-1546 жж.)

Мырза Мұхаммед Айдар Дулат 1499 жылы туған. Оның әкесі Мұхаммед Хүсейін Моғолстан ханы Сұлтан Махмұд ханмен (1487-1503) жақын қарым-катынаста болды. 1493 жылы оның қарындасы Хуб Нигар ханыммен (Жүніс ханның кенже қызы) үйленген. Жүніс ханның ортаншы қызы Құтлық Нигар-Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың анасы, соңдықтан да нағашы әпкесі болғандыктан Мұхаммед Хайдар Дулати – Бабырдың туған бөлесі. Оның әкесі 1509 жылы Шейбани хан бұйрығымен өлтіріледі. Содан ол Бабыр мырза қолында өседі, кейін Моғолстан ханы Сұлтан Саид ханға кетеді. 1551 жылы Үндістандағы Кашмир уалаятында қайтыс болған.

Еңбек парсы тілінде 1542-1546 жылдары Кашмирде жазылған. Шығарманың қазақша аудармасын аудармашы И. Жеменей Душанбе, Ташкенттің қолжазба нұсқалары және Тегеранда жарық көрген А.Ғаффарифәрдтың текстологиялық еңбегі негізінде жасаған.

Қазақтар және қазақ сұлтандарының тіршілік ерекшеліктері туралы. Бұл атаудың оларға берілу себебі хақында және олардың істерінің салдары

Әбілқайыр хан Қыпшақ даласында түгелдей билігін орнатқан кезде Жошы әулетінен шыққан кейбір алысты ойлайтын сұлтандар одан келер бір пәленің иісін сезіп қалып, оны орнынан тайдырмақ болды [184-б.]. Керей хан, Жәнібек сұлтан сияқты кейбір сұлтандар мен басқалар аз ғана топпен Әбілқайыр ханнан қашып, Моғолстанға келді. Сол уақытта Моғолстан хандығын билеу кезегі Есенбұға ханға жеткен еді. Есенбұға хан оларды қатты құрметтеп, Моғолстанның бір ше-

тін бөліп берді. Олар осы жерден қауіпсіз жайлы қоныс тапты. Сөйтіп тыныш өмір сүріп жатты.

Әбілқайыр хан дүние салғаннан кейін өзбектердің ұлысында алауыздық пайда болды. Әркім мүмкіндігіне қарай қауіпсіз һәм дұрыс өмір сүру үшін Керей хан мен Жәнібек ханды паналады, олар осылай күшін нығайтты. Басында өстіп елден қашып, олардан бөлініп жырылып қалып, біраз уақыт тарығып әрі сергелдеңде болғандықтан, оларды «қазақ» деп атады. Бұл лақап ат оларға осылай таңылды.

Керей хан қайтыс болғаннан кейін хандық таққа оның ұлы Бұрындық хан отырды. Жоғарыда аталған Қасым хан Жәнібек ханның баласы болатын әрі әкесі сияқты барлық іс жағынан Бұрындық ханды тыңдап, соған бағынатын еді. Керей ханның Бұрындық ханнан басқа да көптеген ұлы болған. Жәнібек ханның да Қасым ханнан басқа балалары болған. Соның бірі Әдік сұлтан еді. Жүніс ханның төртінші қызы Сұлтан Нигар ханымды мырза Сұлтан Маһмұд ибн Сұлтан Әбусаид мырза қайтыс болған соң, Әдік сұлтанға берді. Ташкент ойрандалған кезде Әдік сұлтан Шаһибек ханнан қашып шығып, қазақтарға кетті. Сұлтан Нигар ханым да оның соңынан ілесті. Әдік сұлтан сол күндері дүние салды. Содан Сұлтан Нигар ханымды Қасым хан некелеп алды. Әдік сұлтаннан кейін Қасым хан билікке қол жеткізді. Сөйтіп Бұрындық ханға хандықтың атынан басқа ештеңе қалған жоқ. Ең ақырында Бұрындық ханды қуып жіберді. Сонымен ол Самарқандқа кетіп, жат өлкеде [185 б.] өмірден өтті. Алайда, Қасым хан Қыпшақ даласын түгелдей өзіне қаратып алғаны соншалық – Жошы ханнан кейін ешкім де ол сияқты мұндай билікке қол жеткізген емес. Мысалы, әскерінің саны мың-мыңнан асатын еді. Ақырында 924 жылы қайтыс болды. Қазақ сұлтандарының арасында тартыс басталды. Қасым ханнан кейін оның ұлы Мамаш хан таққа отырды. Ол шайқастардың бірінде тұншықпадан қайтты. Одан кейін Әдік сұлтанның ұлы Таһир хан болды. Ол қатыгез адам болатын, қаталдығы өз шегінен шыққан соң елінің саны төрт жүз мың бола тұра, одан бірден безіп, бытырап кетті. Қарабасы қырғыздардың арасында жалғыз қалды, мүшкіл жағдайда қаза тапты.

Отыз мыңға жуық адам тағы да Моғолстанға жиналды. Таһир ханның бауыры Бойлаш хан таққа отырды. Ең ақырында сәтсіз тағдырдың қырсығынан соншама халықтан, міне, бүгін төртінші жыл болып барады, ешбір жерде із де қалмапты. Отызыншы жылдары 930 қазақ саны мың-мың болатын. 944 жылы сонша халықтан бұл жерде еш

белгі қалмаған. Олар жөніндегі кейбір оқиғалар ханға қатысты әңгімемізде келтіріледі. Ал қазақтың қысқаша ахуалы баяндап өткендей болды.

Қасым хан хандық атағының жарлығын өзіне алмай жатқан кезде-ақ оның үстемдігі соншалық - Бұрындық ханды ешкім ауызға алмайтын. Алайда Қасым хан Бұрындық ханның жанында болуды қаламайтын. Өйткені оның жанында болса, оны құрмет тұтуға тура келді. Егер құрмет көрсетпеген жағдайда сынға ілінетін еді. Ал құрмет тұтқан жағдайда өзі іштей оған бағынғанын мүлдем ұнатпайтын. Сондықтан Қасым хан одан іргесін аулақ ұстайтын. ***Бұрындық хан Сарайшыққа қоныс тепті***. Қасым хан одан мүмкіндігінше қашық жүрейін деп Моғолстан шекарасына кетіп қалды.

Қасым хан Қараталда қыстап, ерте көктемде өзінің туған өлкесіне қайта оралмақ болған еді. Сонда бұған Кетебектен бір кісі [186-б.] Сайрам әкімімен бірге келіп, Сайрамның кілтін тарту етті. Қасым хан оны қабыл алып, моғолдар Йәнги деп атап жүрген Тараз жаққа бет алды. Өзінен бұрын ол әмірлерінің бірін жіберді. Кетебек оған Сайрамды тапсырды және өзі оның қызметіне кірді. Әрі Ташкентті алуды үгіттеді. Қасым хан қалың қолмен Ташкентке бет алды. Сүйіншік хан Ташкент қамалына тығылды. Қасым хан сонда барды. Ташкент қамалында бір түн түнеп қайтты. Ташкент маңына шабуыл жасап, тапқанын тонап кетті. Сайрам айналасындағы жайлауға малын жайды. Оған қатысты басқа жағдайлар ретіне қарай айтылады.

146-147 б.

Мұхаммед Айдар Дулат. Тарихи-и Рашиди. 2-кітап / ауд. И. Жеменей. –Алматы: Қазақ университеті, 2020. 2-кітап. -450 б.

№16
Қадырғали Жалайыр «Жами ат-тауарих» (Шежірелер жинағы) (1602 ж.)

Қадырғали Қосымұлы Жалайыр XVI ғасырдың екінші жартысы, XVII ғасырдың басында ғұмыр кешкен. Қ. Жалайырдың өз қолымен 1602 жылы жазған қолжазбасы біздің заманымызға жетпеген. Оның екі көшірмесі, бірі – С.-Петербургте, екіншісі – Қазанда сақталған. Ш. Уәлихановтың жазуынша еңбек қазақ тіліне жақын шағатай ті-

лінде жазылған. Еңбектің негізгі өзегі автордың замандасы, әрі шәкірті болған Ораз-Мұхаммед сұлтанға арналған. Шағатай тілінен аударып, алғы сөзін жазғандар Н. Мингулов, Б. Көмеков, С. Өтениязов.

Ең алғашқы бөлім

Жеті ықылам дүниенің билігін алған хансыз! Қазан тағы Хажы Тархан тағы, Тура тағы, Сарайшық тағы Сізге бағынған хансыз. Тауда түмен, шеркес, ойда ештек – баршасына Сіздің әсеріңіз жүрген (тиген) хансыз. Мажар, башқұр, Рум уәлаятымен барыс-келіс қатынас орнатқан хансыз. Жақсы атың шарапатқа таралған хансыз! Неміс, Корал (Польша) уәлаяттарын өзіңізге бағындырған хансыз. Қырым менен түрікті және ол жақтағыларды жапырақтай тітіреткен хансыз! Сансыз хан ұлдары – сұлтандарды есігіне бас идірген хансыз!» деп берген бағасынан сол тұстағы саяси жағдайды толық аңғаруға болады.

17 б.

Үрұс хан туралы дастан

Әуелде бұл туралы айтылған еді. Шыңғыс хан ұландарына әскер бөліп берді. Әр біріне 4 мың дайын әскер берді. Әуел баста Жошыға 4 мың әскер беріп еді. Ол Еділ бойында дүниеден өтті, ал оның барлық әскері екінші ұлы Батуға қалды. Бұл Батуды Сайн хан деп атайтын. Ол Сайн хан бүкіл солтүстіктегі [және батыстағы] елдерді: Ібір-Сібірді, Бұлғарды, Башқұртты, орыс және черкесті неміс құралын [поляк королі С.Ө.], Қырым, Дешті-Қыпшақты Темір қақпаға дейін [биледі] мұның әмірінде еді. Өзі Еділ бойында қаза тапты. Одан соң көптеген жағдайлардан кейін Бату ұлысы Тоқтағу ханға қалды. Тоқтағу сол заманда Ноқаймен соқтығысып тұрды. Ақырында [ол] Ноқайдан басым түсті. Он жеті адамымен қалған Ноқай башқұрттарға қарай қашты. Өз жаралы еді, жолда оны орыстар ұстап алды. «Мен Ноқаймын» деп ол орыстарға айтты. Орыстар оны тұтқындап Тоқтағуға алып келе жатқанда, жолда Ноқай өлді.

Еділ бойында Тоқтағу бірнеше жылдар бойы патшалық қылды Одан соң Тоқтағу [да] өлді. Оның нәсілінен [ұрпағынан] ешкім қалмады.

Бачқыр Тоқбұға бегі [тұсында] ұлы әмірбек болды. Кейін Хорезм бегі болды. Муса мен Ямғұршы бір анадан туған еді. Одан соң Ямғуршының ұлы Ағыш бек болды. Ұлысты сол биледі. Одан соң Хасан бек болды, алайда ұлысты Алшағыр мырза биледі. Хасан бектен соң Мұсабектің ұлы Шейдақ бек болды. Одан соң ұлысты Шейх Мамай биледі, бірақ өзі бек болмады. Одан соң Муса бектің ұлы Юсуф бек болды. Одан соң Муса бектің ұлы Исмаил бек болды. Одан соң бектік дәреже Исмаил ұрпағынан осы заманға дейін таймады, бірақ өзгелері осынау мәртебеден айрылды.

Әуелі ұлысты сол [Бачқыр] биледі. Қият Исатай мен, Чин Иут-Алатай Иран жеріне барып Тағрылшы ұлы Өзбекті алып келіп хандыққа отырғызды. Бачқыр Тоқбұғаны өлтірді. Өзбек хан неше жылдар Еділ бойында патшалық қылды. Оның ұлы Жәнібек хан болып Өзбек ханның орнына отырды. Неше жылдар бойы ол да патшалық құрды. Екеуінің патшалық қылғаны елу жылға жетті. Жәнібек опат болған соң әрқайсысы әр тарапқа тарады. Жәнібек ханның уәлаятын Фетка Ноуакырат келіп бұзды. Сол аласапыран уақытта Ұрыс хан өз әскерімен Алатауға кетті. Сол заманда Жәнібек ханнан соң қият Исатай ұлы Шарқатлы (Чиракутлы) барлық ұлысты биледі. Шарқатлыны Ұрыс хан өлтірді. Ұрыс ханды барлығы аға тұтып, оны патшалыққа отырғызды. Одан соң Ұрыс хан Алатау төңірегіне қоныс тепті. Ол жер өте үлкен және биік тау еді және онда жақсы жайылымдар, сулар мен бұлақтар да көп болған. Ол таудан шексіз сулар пайда болған. Шаһар Талашқары сол жерде болған. Отырар, Сайрам шаһарлары шегіне жақын жатқан. Шу, Талас, Ыстықкөл, Теклік уәлаяттары болған. Халқы өте көп, іргелі, мықты, даңқты және батыр болған. Ұрыс хан неше жылдар бойы осы елде патшалық қылды. Ақыр аяғында солтүстік жақта Қыштам деген жерде дүние салды. Оның ұлы белгілі Құйыршақ сұлтан еді. Әкесінен соң ұлысты сол биледі. Ол заманда Қашғар уәлаятымен алакөздікте еді. Бұл Құйыршақ сұлтанды атасынан соң патша етіп таққа отырғызды. Сондықтан ол Құйыршақ хан атанды. Оның ұлы Барақ сұлтан еді. Атасынан соң ол патша болды. Барлық ұлыстарды өзіне бағындырды. Құйыршақ ханнан соң оны хан көтеріп Барақ хан деп атады. Оның өзі алып тұлғалы, ірі, нағыз ер, батыр еді. Тез арада әр тараптағы ұлыстарды өзіне бағындырды. Ақыр аяғында Еділ төңірегінде, Жайық бойында, Сарайшық қаласына жақын жердегі Қас Наурыз өңірінде опат болды. Оның ұлы Кіші Жәнібек хан деп атанған. Осы Жәнібек хан атасының ұлысын өзі биледі. Оның бала-

лары көп еді... Оның жұртқа анық белгілі батыр, ержүрек ұлдарының аттары төмендегіше келтіріледі. Алайда, солардың ішіндегі ерекше атақтылары төмендегідей: Қасым хан, Қамбар сұлтан – бұл екеуінің анасы бір еді. Үсек хан, Жәдік хан – бұл екеуінің анасы бір еді. Бауыш, Бұйдаш – бұл екеуінің анасы бір еді. Қожаш хан – бұл анадан жалғыз еді.

112-114 б.

Ораз-Мұхаммед хан дастаны

Ораз-Мұхаммед Ондан сұлтан ұлы, Шығайханұлы, Жәдікханұлы, Жәнібекханұлы, Құйыршықханұлы Үрұсханұлы туралы дастан.

Ораз-Мұхаммед ханның барлық ата-бабалары, туыстарымен бір дастанда жазылды. Өйткені Үрұс ханнан Жәнібек ханға дейін төртінші буын еді. Ол жайлы да бұрыннан айтылып өткен еді.

Жәнібек ханның оғландарын (ұлдарын) бұл заман тағы еске түсіреміз. Оның ұлдарынан немерелеріне дейін тарқалып көп ұрпақ өсіпөнді. Бірақ олардың әрбірі бір ұрық (әулет) болып өз уәлаяттарында патшалық құрып билеп өтті. Сондықтан атақ-даңқы осы заманға дейін белгілі мәшһұр болды.

Ең алдымен айтылатыны Қасым хан, Жаған бегімнен [бәйбішеден] туған еді. Біраз жылдар бойы атасы басқарған ұлысында патшалық құрды және өз тұсында әр тараптағы уәлаяттарды бағындырды. Оның хикаясы әр жерде айтылады, сондықтан мәлім, мәшһүр болды. Ақырында Сарайшықта дүние салды. Бұл күндері оның қабірі Сарайшықта жатыр. Оның ұлы Хақназар хан Ханық сұлтан – ханымнан туған еді. Оның да атағы мен абыройы туралы көп айтылады. Алайда Хақназар хан өз араларында болған қақтығыстарда қаза болған. Бұл күндері оның ұлдарынан патшалық тайды.

Қамбар сұлтан әрқашанда Қасым ханмен бірге болды, оның әскерлерінің бас қолбасшысы болды. Оның ұрпақтарының ешқайсысы патшалық құрмады.

Үсек хан. Оның ұлы Болат сұлтан еді. Оларға да патшалық тимеді. Ақыр аяғында Болат сұлтан өз ұлдарымен ноғай соғысында (ұрысында) шаһит болды.

Жәдік хан. Қасым хан заманында белгілі еді. Шағым мырзамен соғысып, Жыланды төбеде бір ұлымен бірге шаһит болды. Оның қабірі Үргеніштегі Бақырған атада жатыр. Сонда жерленген еді. Жәдік хан-

ның көптеген әйелдері мен күңдері болды, оның балалары да көп еді. Оның аса әйгілі даңқты ұлдары: Тоғұм хан, Бөкей сұлтан, Шығай хан, Мәлік сұлтан. Соңғы екеуінің шешесі Абайқан бегім еді. Тоғұм хан, оның ұлдары «тоғыз сары» деп аталды. Мәлік сұлтанның баласы Башыбек сұлтан тоғыз сарымен бірге Жағат уәлаятының шекарасында шаһит болды, (сол ұрыста) Әйгілі әрі даңқты отыз жеті сұлтан шәйіт болды.

Алайда, Бөкей сұлтаннан ұрпақ болмады. Ал Бауыш-Бұйдаштық баласы Әдік сұлтан еді, оның ұлы Бұйдаш хан болатын. Әдік сұлтан балалары Бес ұл [Бешоғул] деп атайды. Бұйдаш хан Барақ ұлы Дәруіш ханмен соғыста өлді. Сонда Бұйдаш ханмен бірге түгелдей Бес ұл ұрпақтары 24 сұлтан қаза болды.

Бес ұлға патшалық тимеді, алайда, бірнеше ұлдары уәлаяттарда кіші (келте) хан болды, бірақ аты шығып, әйгілі болғаны жоқ.

Бұрындық хан. Оның ұрпақтары мәртебеден түсіп қалды.

Ахмед хан, Өзбекияда Ахмат хан деп атайтын еді, ол да біраз уақыт хан болды. Шейдақ бекпен болған шайқаста шаһит болды. Орақ мырза шаһит қылды.

Таһир хан болды. Біраз күн хандықты биледі, онша ұзақ патшалықты билемеді.

Шығай ханның хикаясы әрқашан оның батырлығымен мәлім, мәшһүр болды. Ақырында ол да дүниеден өтті. Бұл күнде оның қабірі Күміскентте, Әли – Атаның қасына жерленген болатын. Шығай ханның әйелдері көп еді, олар белгілі үш қара шаңырақтан (ордадан) тұратын. Олардан туған ұлдар мыналар: Сейтқұл сұлтан, Ондан сұлтан, олар Алтын ханым Байм бегім атты бәйбішеден туған еді. Төкей хан, Есім сұлтан, Сұлтан Сабыр бек ханым. Бұл үшеуінің анасы Жағат қызы Яхшым бегім еді. Әли сұлтан, Сұлум сұлтан, Ибрагим сұлтан, Шаһим сұлтан – бұлардың анасы Бурундық ханның қызы Дадам ханымнан туған еді.

Ондан сұлтан туралы хикаялар көп жерде кездеседі. Ол ержүрек батыр, садақ атудың да керемет мергені еді. Әрқашан сыртқы жауларға қарсы күресте көп ерлік көрсетті. Шығай хан тұсында әскерлердің бас қолбасшысы болды. Ол туралы тарихта көптен белгілі. Ақырында қалмақтармен шайқаста 30 жасқа келген жігіт шағында шаһит болды. Оның қабірі Қожа Ахмет Иассауи рахмет алла алейһидің пінахінда (қасында) жерленді.

Оның әйелдері мен күңдері өте көп еді. Ол көп уәлаяттарды бағындырып өзіне қаратты. Оның әйгілі, үлкен екі ордасында туған балала-

ры мыналар: Алтын ханым – Үсек ханның баласы Болат сұлтанның қызы еді. Одан ислам падишахы һәм сұлтаны Ораз – Мұхаммед хан туды, Тәтті ханым туды.

Чүйім ханым – Бурундық ханның баласы Кемсін сұлтанның қызы еді. Одан Көжек сұлтан туған еді. Ол ислам патшасы Тәуекел ханның әскер басшысы болып тұр. Ол сол уәлаятта әлі күнге дейін өмір сүріп жатыр.

Ораз – Мұхаммед хан сегіз жасында өзінің атасы Шығай ханнан айрылды. Оның үстіне он үш жасында өз әкесі Ондан сұлтан шаһит болды. Одан соң және бірқанша уақыт таршылық көріп Сейдақ бидің алдында кіріптарлық шекті.

Он алты жасында бүкіл христиан падишаһы Борис Федоровичке қызмет істеуге дайын болды.

Сол күннен бұл күнге дейін патша Борис Федорович ханның қызметін атқарып келеді. Патша ағзам өз қызметшісін жарылқағаны тарихтағы мыңыншы (1000) доңыз жылының ақырында еді. Хамал бұрчқа келгенде тышқан жылы еді. Рамазан Әлмағзұм айында он бесінші күні, бүкіл орыс патшасы Борис Федорович үкім жарлығымен оңды солында қарашылар құрметті бектерді отырғызып, көше-көше, орам-орам мылтық андаздармен маңғаздап және саясатпен қол қусырып, бас иіп игі жақсылар тұрды. Осындай салтанатпен Ораз-Мұхаммед хан Ондан сұлтан ұлын аса құрметтеп, көрініске алып, бұл жерде патша хазіреті алтын таққа отырып, Ұлы сұлтан хазірет бабасына жанаса отырып Ораз-Мұхамед ханға мүбәрәк қылды құтты болсын айтты.

Патша хазіреттері бас иіп сый-құрмет көрсетті. Кермен шаһарын сұйырғал (енші) қылып берді. Бірнеше күн патша хазіреттері жанында тік тұрып қызмет етті. Кермен шаһарының бектері, мырзалары, қара халқы - екі жүз кісі онда [Мәскеуде] әзір еді. Патша хазіреттері рұқсат берді. Ораз-Мұхаммед ханға арнайы алпауыт тілмаш қосып шауual айында, бейсенбі күні Кермен шаһарына тәзім қылды... (жөнелтті). Керманнің (ұлықтары) жасы үлкендері де хан хазіреттері құлдығында еді.

Бір апта ішінде, шауual айының жиырма төртінші күні тарихтың мыңыншы жылы, бейсенбі күні мемлекеттік барлық салтанатпен Керман шаһарына келіп түсті. Бірнеше күн өзіне қарасты халқымен сән-салтанатпен сауық құрып, той-думан жасады, мүбәрәк (құтты) зульхиджа айына дейін. Онан соң тарихта мыңыншы тышқан жылы мүбәрәк (құтты) зульхиджа айының оныншы күні еді. Бейсенбі күні

Ораз-Мұхаммед хан Ондан сұлтан ұлы хан көтеріліп таққа отырғызылды. Үлкен кіші, барша орыс, татарлар онда әзір еді. Тамаша үшін шектен тыс үлкен жиын болды. Шейх Әли ханның салдырған тас мешіті ішінде моллалар, данышпан хафиздар, билер, бектер, мырзалар барлық (жұрт) ислам еді. Осынау жамағаттар мешіт ішінде бас қосып, одақтасып, мүбәрәк алтын сандалды (тақты) келтірді, оны мешіт ішіне құрды. Патша Борис Федоровичтің жарлығымен сол кезде алпауыттар (боярлар) да онда әзір еді. Ескі жұрттың жәдігері Бөлек Саид хұтба оқиды. Төрт кісі төрт жақтан хазіреті ханды алтын сандалдың үстіне көтерді. Жиырма (сегіз) жасында Ораз-Мұхаммед хазіреті хандыққа отырды. Алла дәрежесін ұмырлық етсін. Тақтың суреті мынандай:

Оң қол, Маймене
Жалайыр
Қалдырғали бек,
Саманай бек

Хан тағы,
яғни Ораз-Мұхаммед орны

Сол қол, Майсара,
Арғын Шаш бек Қыпшақ
Төкей бек

Барлық үлкен-кіші, акбар молда және құдайға қараған барлық ислам жамағаты хазіреттері түгел қатысып, дұға қылды. Одан кейін қарашылары, аталық (тар) емелдешлері (елдестері) хазіретінің үстіне нисарлар қылды (шашу шашты). Барлық қатысушылар хан хазіреттеріне құрметпен бас иді. Неше күнге дейін ол ай өткенше күндіз-түні мейрамдап, ол заманда үлкен тойлар жасады. Бал мен ішімдікті есепсіз берді. Жылқы мен қой, сиыр көп сойылды. Өте көп адам жиналды. Әрқайсысына өздеріне лайықты орын даярланды. Молда мен хафиздерге, жетімдерге, тұл мен бейшараларға кедейлерге құлдарға қайыр-садаға берді. Пенделерді (түрмедегі) тұтқыннан босатып алып, азаттық берді.

Осы қайыр-садақалармен жақсылықтар алла тағала жолына арналды.

[Ораз Мұхаммед] патша Борис Федоровичтің тілегін тіледі, әрқашан ертелі-кеш бір кесе май ішсе де оны есінен шығармады. Және тағы өзі алла тағала құлдығына әзір еді. Пайғамбарларлың ұлысы Мұхаммед Мұстапа-алла тағала оған нұрын төксін-рухына әрдайым дұға оқып жалбарынышпен мінәжәт етер еді. Алланың қалаулысы. Адам атадан пайғамбарлар бастаушысына дейін, оның үрім бұтағы,

замандас жолбасшы ізгілер (машайықтар), әулиелер өткен-бәрінен әрқашан да дұға және жалбарынышпен жәрдем сұрар еді. Үйсіз, ғаріп және кемтарларға рахим-мейірімділік жасар еді. Оң қолында шариғатпен іс жүргізсе, сол қолымен ұры-қарақшы жамандарды патша Борис Федорович үкім-жарлығымен, жаза қамшысымен аяусыз жазалар еді. Сол себептен Керман шаһары, Борис Федорович хан мемлекетінде тыныштық (амандық) болды. Сол себепте күннен-күнге ислам патшасы Насират-дин Әбу-л Фатих-Ораз Мухаммед хан баянды дәулетпен жыл асып, жүз жасап, мәңгілік дәулет оған серік болсын. Инша алла тағала амин, я раббел – ғаламин...

Бұл тарихтың жазылуына (жазылуына себепші болған) жоғары мәртебелі Ораз – Мұхаммед ханның ата-анасынан бері құлдық қыла келген жалайыр тарақ тамғалы еді. Парсы тіліндегі Шыңғыс нама кітабынан түрік тіліне аударды, ал кейінгі замандары болғандарды өзі естіп білгені бойынша алла тағала жәрдем беріп, теріп жазды. Патша Борис Федоровичтің мәңгі әділдігі, ақтығын және тағы жоғары мәртебелі Ораз-Мұхаммед ханды жоғары мәртебелі патшаның құрметпен хандыққа отырғызғанын баяндау үшін жазылды.

Хазірет Нұх ғалейһыссаламнан Оғызға дейін, Оғыздан хижратқа дейін, хижраттан Шыңғысқа дейін, Шыңғыстан бұ заманға дейін неше түрлі патшалар, хандар етіп еді, барлығы баяндалды.

Қадырғали бек Қосым бек ұлы, Темшік (Темчік) баһадур ұлы, Аижшы баһадур ұлы, Адам-шейқ мырза ағасы Қараш бек ұлы, Құбай ұлы, Қамбар мырза ұлы, Айтөле бек ұлы, Итбаға ұлы. Шыңғыс хан заманында Сартақ ноян болған. Оның ұлы Жалайыр Саба еді. Оның ұрпағы Жалайыр Тебре бек. Оның ұрпағы Айтөле бек еді. Ол белгілі мәлім-мәшһүр болған адам. Ұрұс ханның ұрпағында ұлы әмір болған. Ұрұс ханның оңы (мәймене) мен солы (майсара) мынадай. Бұл жерде еске алынғаны, яғни маймене - оң қолы, майсара - сол қол.

Маймене және Майсара

Қатаған қауымы болды, екі сан еді. Майсара – Алаш мыңы болды, ол үш сан еді. Қатаған қауымының өз араларында осы заманға дейін үлкендері белгілі. Ал Алаш мыңы арасында үлкені тарақ тамғалы жалайыр болады. Шыңғыс хан заманынан бері бір мәртебеден (ұлықтық) Тебре бекке тиді. Одан Шайх – Софы бекке тиді, одан Итбаға бекке тиді, Одан Қараш бекке тиді. Алаш мыңының ағасы болып келген осылар еді. Олар Өзбекия арасында да мәлім-мәшһүр.

Тарихтың 1501 жылы аяқталды.

Қадырғали би бин Қосым би тарихтың мыңда он бірінде қоян жылы мүбарак махаррам айының соңында, сенбі күні бұл тарихты тәмам қылды.

121-126 б.

Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы. – Алматы; Қазақстан, 1997. -128 б.

№17
Махмуд ибн Уәли «Бахр әл асрар фи манақиб әл ахйар»
(География)
(XVII ғ.)

Махмуд ибн Уәли (1595/1596- жж.) еңбегі Бұхара ханы Аштархандық Нәдір Мұхаммед ханның тапсырмасына сәйкес 1634-1641 жылдар аралығында жазылған. Ол керуеншілермен Индияны, Сарандибті аралап, 1631 жылы Балхыға оралған соң, хан сарайындағы кітапханада өмірінің аяғына дейін еңбек еткен. Еңбек географиялық жағынан Мәуераннахр, Қашқар, Жетісу, Шығыс Дешті Қыпшақ, Еділ аймағы, Ауғаныстанды қамтиды.

176 а Дашт-и Кипчак. Мустоуфи говорит: [он] в шестом климате. Состоит из хороших равнин и лугов. Лежит к северу от Хазарского моря. Городов и селений в нем мало. Был столицей Джучи-хана ибн Чингиз-хана. Основное население составляют кочевники. ***Известные города его: Хазар, Буртас, Сарой Бату, Сарир аз-захаб [1] и Хаджи Тархан, [более] известный [под названием] Хаштархан. В пору сахибкирана [эмира Тимура], вследствие набега и грабежа чагатайского войска, большая часть его пришла в запустение [2].*** В настоящее время там господствуют калмыки. Основную часть Дашт-и Кипчака составляет пустыня. Протяженность его – месяц пути. Зерновые составляет просо. Фруктов и овощей там нет. Средством существования народа является скот. Климат весьма холодный. Товар – меха и зубы (носорога].

С.47

188а Саксин [3] – город по соседству с Булгаром, из шестого климата. Ему подвластны много степей и равнин. Предметы [повседневного

обихода] и основную часть мехов вывозят оттуда. В настоящее время [Саксин] находится в руках русских.

С.52

Түсіндірме

1 Сарир аз-захаб – Сарай Берке болуы мүмкін. Өйткені, автор өмір сүрген кезеңде мұндай қала болмаған.

2 Әмір Темір жорығынан кейінгі жағдай

3 Саксин – Төменгі Еділ сағасындағы қала, Хазар қағанатының Еділ қаласынан кейінгі астанасы. XI ғ. талқандалған.

Махмуд ибн Вали. Море тайн относительно доблестей благородных (география). Ташкент, Изд-во «Фан» УзССР., 1977. -168 с.

№18
Әбілғазы «Түрік шежіресі» (1663-1664 жж.)

Әбілғазының «Шежіре-и түрк» шығармасы XYII ғасырдағы түрік жазба ескерткіштерінің бірегейі. Әбілғазы бahадүр 1602 жылы Хиуа хандығының астанасы Үргеніш қаласында Жошы ұрпағынан тараған Араб Мұхаммед хан отбасында дүниеге келеді. Хиуа хандығындағы билікке ішкі талас жылдары ол қазақ хандары Есім, Тұрсын хандарды паналайды, 1628 жылы қолға түсіп, Иранға жер аударылады. 10 жыл Исфаханда айдауда болады. Кейін елге қашып келіп, 1643 жылы Аралға, ал 1645 жылы Хиуаға хан болады. 1663 жылы билікті баласына береді. Содан еңбегін 1663 жылы бастап, 1664 жылы қайтыс болады. Еңбекті ұлы Ануш Мұхаммед аяқтайды. Еңбекті көне түрік тілінен аударған ф.ғ.д., профессор Б. Әбілқасымов.

Бүрге ханның Дешті Қыпшаққа хан болғанының баяны

Бату хан өлгеннен соң, Менку қаған оның ұлы Сартақты хан қойды. Ол хандық билігіне кіріспестен бұрын қаза тапты. Одан соң оның інісі Олақшыны хан қылды. Олақшы да аз тұрып опат болды. Одан кейін Менку қаған Жошының баласы Бүрге ханды хан қылды. Бүрге хан болғаннан соң ұлық той жасап, көп сыйлықтар берді. Барлық аға-інілеріне Бату хан бағындырған ұлыстарды бөліп берді, қағанға көп

сый-сияпат жіберді. ***Одан соң құдай тағала бір күні аттанып, ағасының салдырған Сарайшық атты шаһарына барды.***

Мұнда Бұхарадан көп керуен келіп жатыр еді. Ол керуеннің ішінен екі жақсы кісіні бір аулақ жерге шақыртып, мұсылмандықтың шарттары мен тарихын сұрады. Бұл кісілер мұсылманшылықты жақсы баян қылды. Бүрге хан таза жүрегімен мұсылман болды. Одан соң кіші інісі Тоғай темірді шақырып, бұл сырын оған айтты, ол және мұсылман болды. Кәпір болған кісілермен жамандасты. Ақыры алты жүз алпыс төртінші жылы ол дүниеге кетті, патшалық өмірі жиырма бес жылға созылды.

115 б.

Менку Темір, Тода Менку, Тоқтағу хандардың баяны

Бүрге хан өлгеннен соң Менку темір хан болды. Бату хан дәстүрімен аға-інілеріне ұлыстарды бөліп берді. Ақ орда деген мемлекетті Шибан ұлы Баһадұр ханға берді, Құм уәлаятын Оран темірге берді. Оран темір Тоқай темірдің баласы еді. Өзі Бұлғар мемлекетіне аттанды. Екі жылдан кейін қайтып келіп, сансыз әскермен Абақа хан үстіне аттанып, Иран мемлекетіне барды. Абақа ханмен жарасып, қайтып келді, бір біріне үнемі сыйлықтар жіберіп, барып-келіп тұратын еді. Хижраның алты жүз сексенінші жылы Абақа хан ол дүниеге кетті. Оның орнына отырған Ахмет хан мұсылман еді. Бірнеше уақыттан соң Абақа ханның ұлы Арғұн ханның қолынан шәйіт болды. Одан соң Арғұн хан патша болды. Дешті қыпшақта Менку темір Арғұн ханның патша болғанын есітіп, Тоқай және Теріктай деген екі бегін бас қылып, сексен мың кісіні Арғұн ханның үстіне жіберді. Арғұн хан бұл хабарды есітіп Әмір Тоғажар дегенді сансыз көп әскермен ілгері жіберді, өзі оның артынан аттанды. Бұл екі әскер Қарабақ үстінде соғысты. Менку темір ханның әскері жеңіліп, қашып кетті. Бұл хабарды Менку темір естіген соң құса болып өлді. Одан соң Тода Менку патша болды. Бұл Тода Менку хан залым, дарынсыз адам еді. Тоқтағу хан оның залымдығынан қашып кетті. Біраз уақыттан кейін көп әскер жиып келіп, Тода Менкумен соғысып, жеңіп, Тода Менкуді өлтіріп, өзі патша болды. Көп жұрттарды бағындырып, ата мен ағаларының дәстүрімен көп іс тындырып, ақыры бұл дүниені тастап, ол дүниеге кетті. ***Патшалық өмірі алты-ақ жыл болды, Сарайшық шаһарында жерленді.***

116 б.

Өзбек ханның хан болғанының баяны

Тоқтағу хан өлгеннен соң Өзбек хан болды. Елді он үш жасында ата-бабасының дәстүрімен басқарды. Әркімнің мәртебесіне қарай құрмет көрсетіп, сыйлықтар берді. Елдің ұлыс-ұлысын исламға кіргізді, халықтың дәулеті артты. Одан соң барша Жошы елі өзбек елі атанды. Екі рет Иран жұртына Әбусағит үстіне жүргенмен, Иранды ала алмады, ақыры ажал жетіп, ол дүниеге кетті.

116 б.

Өзбек ханның ұлы Жәнібектің хан болғаны

Өзбек хан өлгеннен соң оның ұлы Жәнібек хан көтерді. Жәнібек хан ғажайып мұсылман патша болды, өзі ғұлама, ибалы, ақылды кісі еді. ***Сарайшық шаһарында таққа отырды, шариғатты қатаң сақтар еді***. Темірташ ұлы Мәлік ашраф ол кезде Әзірбайжан патшасы еді, ол өзі сондай пасық және залым адам еді. Сондықтан Әзірбайжанның игі жақсы адамдары жан-жаққа қашып кетті. ***Қазы Мұхиетдин деген адам Сарайшық шаһарына қашып келді.*** Ол күнде уағыз айтар еді. Бір күні Қазы Мұхиетдин уағыз айтып болғаннан соң, халыққа Мәлік ашрафтың залымдығы мен пасықтығын ұзақ хикая етіп айтып берді. Ханнан бастап барлық жиналған халық жылады. Қазы Мұхиетдин Жәнібек ханға: «Егер Мәлік ашрафтан біздің кегімізді алып бермесең, ертең қиямет күні біздің қолымыз сіздің етегіңізге тиеді», – деді. Ханға бұл күшті әсер етті. Әскер шақыртып, Мәлік ашрафтың үстіне аттанды, барып онымен соғысып, оны жеңді, Мәлік ашрафты өлтіріп, оның төрт жүз түйе лағыл мен жауһарын, өзге де дүниеліктерін әскеріне үлестіріп берді. Ұлы Бердібекті Әзірбайжанға әкім етіп, өзі жұртына қайтып келді. Одан соң ауруға шалдығып, ол ұзаққа созылды. Хан: «Енді мен бұл аурудан жазылмаймын», –деп, Әзірбайжандағы ұлы Бердібекті шақыртты. Бердібек хан келіп жеткенше Жәнібекке уақыт болды. Ол қайтыс болар алдында халқын жиып, оларға көп насихаттар айтты. ***Хижраның жеті жүз елу сегізінші жылы қайтыс болды, ол он жеті жыл патшалық құрды, Сарайшықта жерленді.***

117 б.

Бердібектің хан болғанының баяны

Жәнібек хан өлгеннен соң Тебризден Бердібек хан Сарайшыққа келді. Үш күн аза тұтып, азадан соң барлық ханзадалар мен әмірлер жиналып, Бердібекті хан көтерді. Бердібек хан өте залым және пасық, іші қара адам еді. Аға-інісі, барлық туыстарынан ешкім қалдырмай, бәрін өлтірді. Бұл пәниден өзі өтпейтіндей көрінді. Ақыры патшалығы ұзаққа бармады, екі жылдан кейін жеті жүз алпыс екінші жылы опат тапты. Сайын хан әулеті Бердібекпен аяқталды. Өзбек ішінде, «Нар мойыны Бердібекте кесілді» деген мысал бар. Бұдан соң Жошы ханның өзге баларының әулеті патшалық құрды.

117 б.

Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1991. -208 б.

№19
Абдулла Ризван «Теварих-и Дешт-и Кипчак»
(«Дешті-и Қыпшақ шежіресі») 1638 ж.

Алтын Орда және Қырым хандығы туралы жазылған «Теварих-и Дешт-і Қыпшақ» Францияның Ұлттық кітапханасында және Топкапы кітапхана Сарайында сақталған. Орыс тіліне аударған Ш. Марджани атындағы Тарих институтының Қырым ғылыми орталығының аға ғылыми қызметкері ф.ғ.к. Р.Р. Абдужемилев

Так (теперь) не будет тайной говорить, что местность под названием Дешт-и Кипчак есть особая страна, что издавна принадлежала татарскому племени по наследованию. Их стольные города – Кырым, и Бахчисарай, и Серачик, и Алмасарай, и Газан, и Азак, и крепость Ор, и виляеты Хаджитархан, и Аждерхан [земли, на которые распространялось правление – Мангуп и Алмасарай, и Серачык, и Ор, и Рабат (и Ордубат), и Гёзлеве, и Балыклагы, и Акмесджид, и Карасу, и Керчь, и Темрюк, и Кызылташ, и Эдхун, и Азак, и Тамань, и Хаджитархан, и Аждерхан, и Газан (Казань), а их столицами, центрами принятия решений были города и земли под названиями Крым и Кефе, и Бахчисарай]. Прежде сам Крым был настолько величественным городом и большим поселением, что

ежели некий татарин [искусный наездник] вознамерится верхом на лошади объездить его длину и ширину, то лишь только до полудня проехал бы. У сих райски благоустроенных и вызывающих тоску у правителей городов вода и воздух чисты, и дети мягкосердечны, а улема (ученые) благочестивы и овеяны святостью. По сему один из падишахов Египетского Каира, султан, посчитав благословенным, пожелав оставить свое творение в городе Кырым [в час, когда один султан из черкесского рода выбрал столицу Египта для принятия решений и, сообщив о возведении им красивого строения в том славном городе], настоятельно убедив хана своего времени, возвел [там] красивую мечеть, словно из райского места, из иранского драгоценного камня (суммаки) и мрамора, а ее врата и стены были из [похожей на серебро] сырой глины. Ныне местами видны его творения, и о том, какого рода это были строения, явствует из того. И подобия тому не имеют конца мечетям и медресе (джевами и медресе) и довершения для улема и благочестивцев (фузала). И даже в один период (столетие) собрались трицать четыре человека, превосходившие в науке и достойные фетвы, и [ныне] на их могильных камнях написано «знаковые ученые, обладатели глубоких знаний», и в строке они помечены записью как современники. А их купеческие племена и самые большие владельцы состояния сами были в такой степени, что всякий из них золото, словно у Каруна, и драгоценности, закопали в земле в царских (хюсревани) кубках.

С. 230-231

Түсіндірме

Карун – Мұса пайғамбар заманындағы адам аты.

Абдужемилев Р. Р. Абдуллах ибн Ризван-паша. Хроника «Теварих-и Дешт-и Кипчак». Часть 1. // Крымское историческое обозрение. 2020. №2. -С. 214-247. DOI:10.22378/kio.2020.2.214-247

№20
Абдулгаффар Кырыми «Умдет ал-ахбар» (XVIII ғ.)

Абдулғаффар Қырыми Селім Герей ханның қалғасы және соты болған. Орнынан 1156 хижра жылы (1743-1744 жж.) босатылып, Со-

гуджак қорғанына жер аударылады. 1160 хижра жылы (1747 ж.) еңбегін жазады. Кітабының алғашқы бетіне «Китаб-и умдет ал-ахбар тэ·лиф ал-Хадж Абдулгаффар» деп жазылған. Еңбек татар тілі араластырылып, осман тілінде жазылған.

Берке бин Джучи хан

Царевич Берке бин Джучи хан с помощью Аллаха имел характер мусульманина, где бы он ни встретил последователя пророка Мухаммеда, с ним заводил дружбу, а от язычников татар чувствовал отвращение. Из-за этого его родственники и государственные мужи посчитали его не в своем уме и не хотели его видеть и отдалили от себя. Он переселился в сторону вилайета Сыганак и пришел к великому ученому и уважаемому хазрету Шейх Сейфеддину эль-Хорезми. Занялся молитвами и изучением наук, познанием Всевышнего. С помощью Всевышнего стал шейхом и владеющим чудесами. Армия моголов потеряла его из виду и не знали чем он занимается. В это время падишах Волги умер и желание было устремлено в сторону Хулагу. Предводитель всех шейхов обратился к Берке хану и сказал: «Эй, уважаемый сын великих предков, держателей трона, который сейчас остался без хозяина, теперь тебе открываются возможности занять это высокое место». Он пал ниц лицом и обратился к шейху и сказал: «Мой господин, государство обоих миров – место твоего счастья. Как Ибрахим Эдхем откажусь от престола и короны, и буду гордиться и радоваться», – сказал и заплакал. И шейх ответил: «Нет, конечно ты пойдешь». И предостерег его: «Дай Аллах, ты станешь причиной божественным мудростями чудесам Мухаммеда». Подготовившись в Бухаре, направился в Дешти Кыпчак в Волжский престол. Также хазрети шейх проводил его до места, называемого Каракол. Говорят, что до того места Берке хан и шейх дошли пешком. Затем шейх вернулся и предался служению Аллаху и своим чудесам. ***Историк Хаджи Тарханлы Эльхадж Нияз передает, что почтенный хан и еще восемь человек направились в Хорезм, затем пришли в Сарайчик.*** Он оповестил о том, что является Берке ханом бин Джучи ханом. К нему пришли эмиры и другие воины. Однако из-за новости, которую они отправили Хулагу были удивлены. Было получено известие о том, что воины Хулагу в это время направлялись по дороге в Ширван. Все были ошарашены и хотели отвернуться от Берке хана. Берке хан сказал им: «Истинная

религия – Мухаммеда, путь Ахмеда. По воле Аллаха, с чудесной помощью любимого друга Аллаха и шейха,

С.45-46

Возвеличивание Тимура и поражение Токтамыш хана

Затем завоеватель мира Тимур покинул Иран и Ирак. Собрав многочисленное войско, назначив Эдигю бега проводником, прошел через Аладаг. Когда приближались к Хорезму, племянник Эдигю бега – сын Мелик Тимура Кутлук Темур из рода Шибана имел сто ослов и на них продавал дрова в городе Хорезм и жил на вырученные средства. Эдигю бег пригласил его и его младшего брата Кунчек оглана.

С.270

Привел к войску Тимура, представил их Тимуру. Затем напали на Великую Орду, подошли к границе Дешта. Но Токтамыш хан оказался далеко. Чтобы войско Тимура оказалось беспомощным, все свои эли переселили в сторону Волги. Но Тимур был решительным и не отка зался от цели. Через бесконечные степи и земли он прошел как река. В этом направлении Тимур был довольно осторожным и осмотрительным. Это подробно описано в «Зафер-наме». После трех месяцев скитаний по равнине на местности под названием Ублан Караман встретил войско Токтамыша. Были сражения, которых раньше никто не видел. С двух сторон полегло очень много воинов. Умерли такие начальники как Барын Джавлы Бай из войска Токтамыша. Тимур Кутлук оглан и Эдигю бег оба были в передних рядах войска завоевателя мира Тимура. Сражения, которые они вели с Токтамышем, известны среди узбеков и приведены в достоверных исторических трудах. Затем войско Токтамыша распалось. Тимур Завоеватель отправил Темур Кутлука, Кунчек оглана и Эдигю на захват элей и собрать отделившихся. Кунчек оглан нашедшие эли привел к Тимуру. Однако Эдигю бег, объединившись с Темур Кутлуком, то, что нашли, повели на далекое расстояние, к реке Яик. Тимур удивился их уходу, узнал о действиях Эдигю. В «Зафер-наме» подробно описано как он расстроился «О, ты подлый человек, Эдигю, снова ты поступил недобросовестно». После ухода Тимура, в объединенных элях Эдигю назначил ханом своего племянника Темур Кутлука, а сам стал бегом. И собрал войска. Токтамыш также собрал войска из оставшихся у него элей и

тех, кто остались в устье реки Волга, но не смог быть действенным. Эдигю бег, оставив хана [1] в эле, сам целых два месяца не отставал от Токтамыш хана, дошел за ними до берега реки Кара Дон. Когда дал распоряжение поймать его, и по неосторожности привел до крутых берегов упомянутой реки, [Токтамыш] с конем упал с берега и умер. Затем Темур Кутлук хан, благодаря храбрости эмира эмиров Эдигю бега стал владеть всем Улусом Джучи. ***В их великое государство входили вилайет Хорезм, Сарайчык, Крым, Казак, Казань, Башкурт, Алатырь, Хаджи Тархан, Русский и Булгарский вилайеты.*** Через некоторое время Темур Кутлук хан умер. У него остались двое сыновей по имени Темур и Полад. По завещанию Темур Кутлука Эдигю бег назначил ханом племянника Темур Кутлук хана Шадибек хана

С.68-69

Судьба детей Эдигю бега

После этого все эли достались Мухаммед хану, его стали называть Улуг Мухаммедом. У Эдигю бега было много детей. Но наиболее известны из них только пять. Старшего зовут Кейкубад, других – Нуреддин, Мансур, Гази и Невруз. После сражения Кейкубад и Нуреддин отправились в вилайет Тура [2] и оказались среди народа башкурдов. Мансур, Гази и Невруз вместе с ранее упомянутым Гийаседдин Султаном – сыном Шадыбек хана, отправились в вилайет Москов. Отправились с многочисленным войском. У Нуреддин мирзы, когда он находился в вилайете Тура, усилилась болезнь легких, не мог дышать, и он умер. Кейкубад заболел эпилепсией. В один день, когда он купался в воде, у него начался приступ эпилепсии, и он утонул. ***Тело Нуреддин мирзы по татарскому обычаю обернули в лошадиную шкуру. Несколько его слуг положили его тело в телегу и повезли в город Сарай к усыпальнице его отца.*** По дороге из-за лютой зимы умерли все лошади. Эти несчастные по своему невежеству продолжили путь, и человек по имени Сеййид Али Диван сам тянул телегу. ***Пешком, с трудностями они дошли до Сарая и похоронили***. Этот Сеййид Али Диван дожил до того времени, когда его сыновья Ваккас и Аббас стали мирзами. Они всегда к нему обращались. А когда он на них обижался, то показывал им свои раны, которые получил, когда тянул телегу и упрекал их этим. Об этом говорят среди узбеков.

Мансур, Гази, Невруз и Гийаседдин Султан

Когда они были в Москве, многим из них не подошел климат той страны, и многие умерли из-за болезни. Мансур мирза сказал: «Все мы мусульмане и дети мусульман, для нас будет большим горем, если наши бездыханные тела останутся в стране неверных и на территории войны. Каких бы усилий нам это не стоило, мы должны идти вперед и сразиться с ханом. Если умрем, то хотя бы останемся на мусульманской земле». Снарядившись, отправились с тремя тысячами богатырей. Спустившись к устью реки Яик, направились к Кумукскому морю[3]. Но один из них сбежал, и известил сторону Мухаммед хана, о том, что их не более трех тысяч. И о том, что они намерены сражаться на смерть. Текене бегу, бегу Ширина хан сказал: «Идите к себе в орду, соберите войска и завтра придете к нам, и мы пойдем против врага». И бег пошел в орду.

С.275

У ранее убитого на поле боя Эдигю бега была красивая дочь по имени Туран Хануш. Они с Мансуром были от одной матери. На ней женился Текене бег и очень ее любил. Он пришел в ее орду, немного поспал и встал. Увидев его в раздумьях, Хануш спросила о причине. Бег все рассказывал, каким образом пришел Мансур. Хануш сказала: «Был у меня один брат и его не станет» и начала плакать. Текене бег обещал: «Не переживай, ради твоего брата я сделаю все что смогу. А что будет дальше знает только Аллах», так успокоил Хануш. Затем собрав войска, пошел в ханскую орду. Поговорив с одним из своих слуг, отправил его в одну сторону, но никто об этом не знал. Сам пошел в шатер хана. Об этом событии передал сердефтер из племени Хытай, знаменитый Сейиид Али. Гийаседдин Султан и Мансур мирза вышли в путь, отправив перед собой караульных. Караульные впереди нашли одинокого всадника и расспросили его. Тот человек сказал: «У меня есть новость, но расскажу только вашему мирзе». Они вернулись и сообщили об этом Мансуру. Он, оседлав своего скакуна, взял в руки свой кистень и пошел к тому человеку. Согнувшись с лошади, обратился к нему, после долгого разговора снова согнулся. Мирза передал свою лошадь упомянутому человеку и ушел, никому не сказав. Ожидающие его советники удивленно спросили: «Что происходит?». Затем сказали: «Все мы пришли, чтобы пожертвовать жизнью ради

тебя. Зачем ты от нас что-то скрываешь?» Тот ответил: «Обрадуйтесь, если по воле Аллаха у нас дела пойдут хорошо. Тот был человек нашего зятя Текене бега, отправил новость о помощи. Наша сестра слезно просила за нас, он передает, что сказал, что проявит по отношению к нам необходимое дружелюбие. Завтра вам будем противостоять двумя войсками. Я буду командовать отрядом перед ханским войском [4]. Прочность командования Конград Хайдара вы сами лучше знаете. Он будет командовать левой рукой [5]. Вы отправьте на меня немного людей. Я расстрою строй и отступлю к ханскому войску. Среди этой суматохи их строй также расстрою и заставлю отступить. Однако командир Хайдар пусть сам справится, что предначертано Богом, пусть то и сбудется. Я два раза согнулся, сначала при приветствии, второй раз после этих слов».

С.276 об.

Через три дня, в первой половине дня увидели ханское войско. Впереди ханского войска шел отряд ширинов Текене бега. Перед левым флангом семитысячного войска шел Конград Хайдар бег. Мансур мирза, разделив войско, направил против Текене бега Гийаседдин хана во главе тысячи воинов. Текене бег, как будто у него не было сил, был поражен и бежал к хану. Ханское войско также в этом сражении бежало. Однако Конград Хайдар твердо стоял, расправив грудь. Мансур мирза продолжал героически наступать и смело атаковать со своим двухтысячным войском, но не смог отодвинуть Хайдара. Они сражались с первой половины дня до после полудня. У Мансура осталось всего лишь 80 человек. У Хайдара осталось 300 Войска Мансура обессилели. Он обратился к своим подчиненным и взмолил: «Уже наступает вечер, давайте еще с новой силой сразимся и достигнем нашей цели». Они с новым рвением встретились лицом к лицу. Аллах сделал так, что скрытая стрела Мансура попала в колено Хайдара, он получил тяжелое ранение. Вечером в Каракусуне войско Хайдара отступило. Мансур победил. Насколько позволяли лошади, они гнались за ними. Начали объединять эли, дошли и захватили Волжский престол. Гийас хан стал падишахом. Улуг Мухаммед хан переселил народ, живший в западной части Волги и пошел в сторону Крыма.

Гийаседдин хан бин Шадибек

Гийаседдин хан бин Шадибек стал султаном на Волге, на престоле Сайын хана. Он стал благодетелем для всех сыновей Эдигю бега. Мансур мирза захватил много татар из Улуг Ногая. После этого через два с половиной года Гийас хан скончался. Кроме Кючюк Мухаммед хана - сына вышеупомянутого Темур хана, не было других нойанских шехзаде. Несмотря на то, что он еще был маленьким, Мансур бег назначил его ханом. Так продолжалось некоторое время, но Мансур мирзе не понравилось его правление. Барак хан сын Урус хана был братом матери Мансура. Стал ездить к нему. На службе у Мансура был пожилой мудрый человек по имени Джантемур. Посоветовался с ним: «У этого Мухаммеда нет способности к правлению. Я надеюсь, что буду доволен, если назначу ханом своего дядю Барак хана.

С.276

Что ты думаешь по этому поводу?». Упомянутый пожилой человек сказал: «Мухаммед хан пока молодой верблюжонок, его пока запрягать в телегу не возможно. Зато тебе хорошо. Барак хан сильный верблюд, тянет телегу, однако в разгоне тебя задавит коленом». То есть, «Хоть Мухаммед хан и похож на слабого верблюда, но тебе нет от него вреда. Барак хан, словно сильный самец верблюда, тянет телегу больше нужного. Но когда он будет буйствовать, словно пьяный верблюд, то затопчет и задавит тебя». Этот мудрец высказал меры предосторожности, но Мансур мирза не послушался. Всем своим народом пошли к Барак хану бин Урус хану. Подняв его ханом, был у него на службе. Барак хан располагался на Казакских кочевьях. Он был отважным и усердным ханом. Затем Мансур мирза пошел к нему, подчинился и покорился ему. Потому что, тот был братом его матери. Барак хан возвысил Мансура. Сам впал в мысль о самостоятельном захвате власти. Семь месяцев он притворялся другом. Затем на одном пьяном собрании убил Мансура. Барак хан самостоятельно стал великим ханом. Братья Мансура – Гази мирза и Невруз мирза, и другие его сторонники бежали к Кючюк Мухаммед хану. Он захватил все население. По поводу захвата этих элей Барак хан посоветовался с Кудудом – бегом из племени Алчин. Кудуд ответил, представив все по татарскому обычаю: *«Таш төләк кушуну туратындан айырмасак сәнгә көнгүл бермәс булгай»*. То есть, «если к тебе в руки попала упитанная хищная птица,

выросшая в своем мире, то пока ты ее не ослабишь и не оторвешь от стаи, она тебе не подчинится». Его целью было отобрать у народа их имущество, сделать бедными и таким образом подчинить. Затем Барак хан эли, взятые у Мансура, в течение зимы по какой-то причине провел через Хорезмское озеро и переселил за горную местность под названием Кыйан Аркасы. Как говорилось выше, за одну зиму упомянутые племена три раза уводил и приводил в упомянутую местность. Все их имущество пропало, они остались ни с чем и стали бедными. Обрушившийся на них голод, среди татар сохранился как поговорка. Известно, что если случался голод, то говорили, пришел «Кыйанский голод». После того как Барак хан притеснял и угнетал эти эли, от него толпами начали сбегать к Мухаммед хану, Гази и Неврузу. Остальные присмотрелись к местности рядом с рекой Яик и переселились туда.

С.277 об.

Сторона Мухаммед хана собрала большое войско. Пришедшие эли переправились через реку Яик и основались у вод Кайнар Сакыза, которое находится между реками Яик и Йем. Барак хан услышал об этих событиях, отправился на них с большим войском. Своего младшего брата Болек Болад Султана назначил айравулом к своему войску. Мухаммед хан айравулом назначил Кытай Сеййид Али бега. Кыпчак Айас бег и Кюрлевют Муграб бег передают: «Мы в те дни не могли пойти в свои эли, мы были в подчинении у Барак хана и находились в его войске, мы посоветовались и решили, что когда два войска будут сражаться, мы нападем на Барак хана и отомстим за нашего господина Мансур бега. Мы, тридцать надежных человек дали клятву». Но Барак хан оказался предусмотрительным. Все оставшиеся войска от Мансура разделил и отправил в разные регионы, будто заключил в тюрьму. И мы не знали, кто, где находился. Когда два войска встретились, чтобы сражаться, главный айравул в войске Мухаммед хана – Кытай Сеййид Али бег, одев сверх кольчуги красный воротник, вышел к воинам и крикнул боевой клич. То есть для каждого племени есть свой клич-слово, мы все, издавая свой клич, узнали наши местоположения. И в тот момент, два иравула напали друг на друга, и войска начали сражаться. В этой давке упомянутые тридцать человек нашли друг друга. Встретили Барак хана, и каждый выстрелил, но попала стрела Курлевут Муграб бега, [Барак хан] был тяжело ранен и отступил. Но Болек Полад Султан отважно нападал и сражался семь-восемь раз.

Хотя его лошадь была довольно хорошей и быстрой, но была худой и тонкой, с голубой гривой. Барак хан сказал ему: «Полагаясь на ее смелость, не седлай ее в большой битве, она не осилит столько мучений». Не послушав его слово, оседлал ее. После восьми сражений лошадь обессилела и убежала, ее догнали. Подчиненные не оставили своего султана. Его кольчуга была добротной, что даже стрела не проникала. Затем внук Улуг Эсеней бега известный бахадыр Шейх Мухаммед бег достиг их, разрушая их порядок. Вытащив свой крюк, называемый теба, захватив им султана, стащил его с лошади. И тотчас же закончили его дело. Затем напали на след Барак хана. Он был ранен, из-за этого не мог взобраться на коня, и остался на вершине холма только с одним слугой. Кыпчак Айас бег, отрезав ему голову, вместе с ханом привел к Гази бегу.

С.277

Ему в руки был дан ярлык и должность даруги города Сарайчык, с выплатой каждый год тридцать тысяч золота. Это и является причиной того, что по сегодняшний день они называют себя правителями кыпчакского народа в Сарайчыке. В это время Курлевут Магреб бег во время упомянутой битвы, ранил Барака. Он пел на пьяных торжествах: «мой палец, который стрелял в Барака – жив, моя глотка хочет меда». Его назначили даругой в Астрахань. Захватили все эли. Кючюк Мухаммед хан бин Темур хан стал ханом. Гази бег стал главным бегом. Из народа Йедисан, называемый сол, были нукерами и приближенными упомянутого Барак хана. Убийство Мансура случилось из-за их подстрекательства. Они попали к Гази бегу, который начал их постоянно притеснять. Они не были хозяевами не только своего имущества, но даже своих семей. В итоге они устали от всего этого и посоветовавшись, решили убить Гази бега. Глава народа сол Турди Ходжа бег сказал: «Когда эль начнет кочевку, по нашему обычаю, пойдем повидаться с бегом, и так отправимся в путь. Когда прибудем к травянистому месту и обнаружим территорию, где водится птица дрофа и выводит своих птенцов. Эти птицы, чтобы скрыть своих птенцов, притворяются, что сломано крыло и бегают и немного летают. В это время как раз их и ловят. Давайте мы схитрим, когда глаза бега будут заняты этим, мы в него выстрелим». Они поклялись сделать так. На следующее утро отправились к бегу и начали кочевку. В пути, как и договорились, сказав «вот дрофа», начали бежать, бег

тоже побежал. Когда был подходящий момент большинство не осмелились, а младший брат упомянутого Турди Ходжи – Кулан Бахадыр проявил смелость и выстрелил, но целясь в спину, попал в ухо, тот упал и умер. После смерти бега, весь народ сол отправился в страну калмук. Хан, чтобы прекратить эту смуту, простил преступников и пригласил к себе, и назначил их специальными нукерами.

Улуг Мухаммед хан

Выше упоминалось, что он находился в районе Крыма. Когда услышал эту новость, его настигло желание взять Сарай. Переселившись со всем племенем, прибыл он в Поволжье и со стороны Астрахани подошел к реке Волга. На месте, где Волга впадает в Кумукское море, осели, построив сильное укрепление. Кючюк Мухаммед хан на месте одного из притоков Волги также построил укрепление и жил там.

С.278 об.

Зимой в течение всех трех месяцев было много сражений. С двух сторон пало много богатырей. Затем посредством бегов два хана примирились. ***Они помирились на условиях, что за Кючюк Мухаммед ханом остаются – жители берегов Волги, Астрахань, Сарайджык, а за Улуг Мухаммед ханом – Крым и его окрестности.*** Затем они отправились в свои владения. Из рода Кючюк Мухаммед хана по очереди ханами стали его сын Махмуд хан, затем трое других сыновей – Касым хан, Абдулкерим хан, Ахмед хан. Затем ханом стал сын Ахмеда – Муртаза хан, затем его сын Аккюбек. В 961 году хиджры во время его правления московский князь Дмитрий Акбег захватил из рук Кюбек хана Астрахань и разрушил ее. Затем снова отстроил и до сих пор этот город находится в московском подданстве. Это описывается в «Китаб-ы Джиханнума». Да будет известно, что когда Улуг Мухаммед хан пошел на Кючюк Мухаммед хана, во время сражения из-за обиды хану, Конград Хайдар бег предал его [Улуг Мухаммед хана] и покинул его с тремя туменами, т.е. с 30-ти тысячным конградским войском. Затем окончательно восстав, поднял ханом сына покойного Джелаледдин хана – Сеййид Ахмеди, а Улуг Мухаммед хана отстранил. Он пошел на Казань и с хитростью захватил Казань у Алтунай Султана из рода Шибана. Затем долгое время их род [Улуг Мухамме-

да] был на ханском престоле. Сын Мухаммед хана – Махмуд хан, его сын Хылек хан, его сын Кючюм хан, затем Абдуллатиф хан. Затем во времена Мухаммед Эмин хана московским князем был Акбег.

С.78-84

Краткое описание событий об известном и прославленном Эдигю беге и его детях

Сейчас очень много небылиц об Эдигю беге в «Эс-Сине-и Нас». Однако благородные люди умом отрицают злые домыслы. Ссылаться на всех негодных это религиозная необходимость. Если неизвестны те, кто был врагом и говорил про Эдигю бега, интересующийся по теме гордости, чести и чине. Узбек – татары не то чтобы подчинились ему и его детям, он даже не приближался к ним. Затем «Тарих – и Узбек» и повествованию историка принадлежат следующие слова: Великий эмир Эдигю бег бин Кутлу Кыйа бег бин Кадир Кыйа бег бин Ислам Кыйа бег бин Карапчы бег бин Тореме бег бин Баба Алим шейх Арифбиллах Туглас бин шейх Ибрахим бин Джелаледдин султан улемов эшшейх Бахаэддин Велед бин эш-шейх Сафа бин эш-шейх Хас бин эш-шейх Кайдар бин эш-шейх Халид бин эш-шейх Мурад бин эшшейх Каб бин Мухаммед бин Эбу Бекр эс-Сыддык, пусть Аллах будет доволен им. Таким образом, в «Истории Узбека» очень хорошо описывается родословная эмира Эдигю. Ногайский народ на самом деле узбекский народ и являются хорошими наездниками. Как упоминается в священном хадисе, они готовы отдать за него жизнь, говоря, что он сеййид султан из рода Курайш, из его ответвления бану Хашим. Интерес к эмиру Эдигю усиливает наше повествование. Эдигю бег во время войны с Кадир Берди бин Токтамыш хан был убит при помощи Ширин Текене, Барын Серай и Конград Хайдар бегов. Его дети были очень опечалены.

Нуреддин бин Эдигюбег ушел в вилайет Тура, скончался в этом вилайете. Его тело перевезли в вилайет Сарайчык и похоронили. У него осталось два малолетних сына по имени Аббас и Ваккас. Аталык Садем, являющийся отцом Садем Кыпчага, взял их к себе. Они странствовали по разным вилайетам. В итоге мирзы дошли до границы, стали владельцами нукеров. Род Садем Аталыка сделало законом: при любых обстоятельствах при своих потомках быть уважаемыми и важными. И по сей день это приносит неудобства.

Сын Ваккас бин Нуреддина Муса бег. От Мусы бега и его супруги, сестры хана родился Исмаил бег. От брака с Шерифе, дочерью Сеййид Берке, пусть Аллах будет доволен им, родились сыновья по имени Мамай, Альчагыр, Шайдак и Тоган. Его сына Исмаила называют «йеди авул». Дочь господина звали Султан ханым, ее сына звали «сын Султана». У упомянутого Исмаила от той же мамы были братья Шакмамай, Сагым, Абдуллах и Джан Арслан мирзы. Отцом их всех был Муса бег. Из-за того, что было у них две матери, их звали, сын двух матерей.

Сын Исмаила – Тен Акмад. У Тен Акмата родились Урмембет, Тен Мухаммед, Мюмбит, Мамай, Аксак, Эштерек и Джаштерк мирзы. На сегодняшний день кыпчакских мирз называют сыновьями Джанмембета. Это Эль – хадж Ягмучы и Эль – хадж Ягмучы и Эль – хадж Агаш. Хытайских мирз называют сыновьями Менбета. Это Эль – хадж Сыртлан, Рус и другие мирзы. Они являются мирзами таких народов как Мамайоглу и Байоглу. Узун оклу Арслан бег, Кутлушах и другие. Бурлагских мирз называют сыновьями Аксака. Это Ак Мембет, Султан Али, Джаксад, Джабагы и другие. Мирз, проживающих в Тане, называют сыновьями Эштерека. Тот, кого называют сыном Джаштерка, прибыл из вилайета Кукума. Он являеться мирзой племени Кондура, проживающего в Тана. Вышеупомянутых называют Йедичеки оглу. Джан Арслан и Шаты мирзы являются мирзами народа Килчи. Шак Мамай и Шагым являются мирзами народа Джембойлук. Абдуллах мирза народа Йедисана. Один из сыновей ранее упомянутой Султан Ханым – Мамай оглу, это тот Мамай оглу, который на острове Аккерман. Сын Алчагыра – Орак. У Орака два сына – Карашай и Гази. У Карашая сыновья – Али, Азамат и Бий мирзы. И по сей день в Аккермане известные как Орак оглу, это и есть сыновья Карашая. У Гази бин Орака родился Кан мирза. Его сыновья Давибек и другие. В настоящее время они пошли на Аккерман, и породнились с Карашай оглу. У сына Тен Акмата Урмембета родились Кара Килмембет, Арслан, Али и Шайдак мирзы. У Кара Килмембета родились Ваккас и Эль-хадж бег мирза и другие. У Ваккаса родился Токта Кючюк. У Токта родился Нуреддин. У него родился Тен Акмат бег. У хаджы бег мирзы родились Эль – хадж Йусуф бег, Эштерек мирза и Кан мирза.

С.195-196

Түсіндірме

1 Темір Құтлұқ хан

2 Тура – Батыс Сібірдегі жер

3 Кумукское море – Каспий теңізі
4 Ханское войско – орталық
5 Левая рука – фланга

Абдулгаффар Кырыми. Умдет ал-ахбар. Книга 2: Перевод. Серия «Язма Мирас. Письменное Наследие». Textual Heritage. Вып. 5 / Пер. С османского Ю.Н. Каримовой, И.М. Миргалеева; общая и научная редакция, предисловие и комментарии И.М. Миргалеева. – Казань: Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2018. -200 с.

№21
Хусаин Амирханов «Таварих-е Булгарийа» (Булгар шежіресі) (1883)

Хусаин Амирханов (1814–189 жж.) Қазан қаласында дүниеге келген. Еңбегі Еділ-Жайық аралығындағы мұсылман тарихнамасы дәстүрінде араб мәтінінде жазылған. Ғылыми айналымға кеш қосылған. Татар ғалымдары оның себебін Ресейдегі «еуроцентризм» бағытымен түсіндіреді.

Пятая глава.
Сказание об улемах и шейхах Булгара и его окрестностей, а также о христианах

«После того, как в 961 году Амир Тимур разрушил Булгар, русские завоевали Казань, Булгар, а также подчиненые ему земли, которые вошли в состав Русского государства. Необходимо заметить, что род сына Шайбани-хана – Чучи Буку достиг пятнадцати поколении и остановился на Кучум-хане. На нем род Шайбана оборвался. ***После чего ханом стал Кадир-Бирде, сын Али-углы из рода тюрков, который пришел из Сарайчика.*** Этот Кадир-хан являлся родственником Тулякy. Шестым сыном в роде последнего был Хаджи-Гарай. У последнего было восемь сыновей. [Все] падишахи - потомки Хаджи-Гарая.

С. 46

Амирханов, Хусаин. Таварих-е Булгарийа (Булгарские хроники) / Хусаин Амирханов; пер. со старотат. вступ. ст., и коммент. А.М. Ахунова. – М.: Изд. дом Марджани, 2010.- 232 с.

№22
Шежере-и Чингизийе
(Шыңғызилер шежіресі) (XIX ғ.)

Бұл шежіре кітап Жәңгір хан тұсында Ордалық Молла Шарафиддин ұлы Салахиддин деген адам тарапынан жазылып, 1906 жылы Қазан қаласында басылып шыққан. Молла Шарафиддин өз заманының оқымыстысы болған. Ол тарихи, шежіре кітаптарды білген. Молла Шарафиддин Әбілғазының «Шежіре-и түрік» атты кітабын көп оқыған. Молла Шарафиддин қажетті деректерді жинап кітапты бастап, денсаулығына байланысты бітіре алмаған. Содан баласы Салахиддин жазып бітірген. Кітапты баспаға дайындаған ғалымдар оның соңындағы «Нұролла ибн Кәримолла Бұртаси. 1324 h. жылы, мүбәрәк рамазанның 12 күні / 1906 жыл 30 октябрь» дегенді саралап, кітапты жазғандар Молла Шарафиддин мен ұлы Салахиддин, оны арабтың хұсни хат үлгісімен әдемілеп көшірген осы Нұролла ибн Кәримолла Бұртаси болуы мүмкін деп түйіндейді.

Жошы хан баяны

Жошы хан Шыңғыс ханның үлкен ұлы. Шыңғысхан оған бүкіл Дешті Қыпшақты берді. Жошы ханның нәсілі өте көп болды. Қазақ, Қырым, Сарай, Бұхара, Хиуа, Астрахан хандарының бәрі Жошы ханның нәсілінен тараған. ***Жошы хан Сарай шаһары салынбай тұрып, әкесі Шыңғыс ханнан алты ай бұрын опат тапты.***

Бату-Саин баяны

Жошыдан кейін оның екінші ұлы Бату хан болды. Лақабы Саин еді. Аса айлалы хан болды. Көп уәлаяттарды алды. Русия, Ифлақ, Лаһустанның барлығы оның қол астына өтті. Інісі Шайбанимен бірге Мәскеуді алды.

Бату хан дінсіз, мажуси еді.

Сол сапардан қайтып келе жатқан жолында Алтын Орда деген қаланы салдырды, Алтын сарай жасатып... Бұл пайтахт шаһары (астана) болды. Бірақ, бұл шаһар салынып бітпей жатып өзі опат болды. Одан соң Берке хан болды. ... ағасы Орда ханға Ақорда деген жерді берді. Жайықтан Ташкентке дейінгі Ақорда жері болды. Інісі

Шайбани ханға Алтынорда мен Ақорданың арасын берді. Жайлауы Ақорда, қыстауы Алтынорда болды. Бату хан хижраның алты жүз елу бірінші /1253-1254 жылы опат болды. Батудан кейін ұлы Сартақтай хан болды. Сартақтайдан кейін Бату ұлы Ұлақшы болды. Ұлақшыдан кейін Берке хан болды.

Баракат әл-Бариях ан (Береке) баяны

Шыңғыс әулетінен исламды ең алғаш қабылдаумен аты шыққан адам осы еді. Оның әуелгі аты Бүрге болатын. Исламды қабылдаған соң Берекет әл-Бария деп аталды (Баракат әл-Бария деп те айтылады М.Ш.). ***Һулаһу хан үстіне әскер тартып соғысты, Сарай шаһарын салдырып бітірді.*** Оның заманында көптеген ғұлама-ғалымдар болды. Хижраның алты жүз елу төртінші / 1256-1257 жылы таққа отырып, жиырма бес жыл патшалық құрды. Хижраның алты жүз жетпіс тоғызыншы / 1280-1281 жылы опат тапты. Одан кейін Мөңкетемір хан болды. Одан соң Тода Мөңке хан болды. Бірнеше заман өткен соң хандықты Төлебұға ханға тапсырып, өзі тазаһһұд қылды деген сөз бар. Мұнан соң Төлебұға хан болды. Хижраның алты жүз тоқсаныншы / 1295-1296 жылы дүниеден өтті. Одан соң Тоқтағу хан болды. Ол жеті жүз он екінші / 1312-1313 жылы өлді.

Ғиясуддин Өзбек хан баяны

Тоқтағудан соң Өзбекхан хан болды. Аса әділетті болды. Мұсылмандығымен даңқы шығып, исламды кең таратты. Ел аузында: «Дін Өзбектен қалды» деген сөз осыдан шыққан. Ол он үш жасында таққа отырып, жеті жүз қырық бірінші / 1340-1341 жылы опат болды. Одан соң оның ұлы Тыныбек хан болды. Ол жеті жүз қырық үшінші / 1342-1343 жылы опат болды.

Жиһангер Темучжин Чиңғызхан:

1 Жочи хан (Жошы хан);

2 Уктай хан (Үкітай хан, Үгедей хан деп те аталады. М.Ш.);

3 Тули хан (Төле хан деп те аталады. М.Ш.).

Жошы ханнан:

1 ***Саин хан, Бату дерлар (Бұл Саинхан атасының жеріне Қыпшақ, Алан, Ертіс, Еділ, Жайық, мемлекеттерін қосты. Сарайшық шаһарын алғаш салып сұлтан тағын орнатты.*** Ноғай, Моғолстан,

Ақ арыс, Жан арыс, Бек арысқа, Ұлы жүз, Орта жүз есімін беріп, Құдірет би, Найман би, Алшын билерді [тағайындап] көп халықтың басын қосты [Асты сызылған жазулар кейін қосылыпты. М.Ш.]. ***Сарайшықта алғаш хан болған ол тах Саин хан заманында түзелді.*** Әмет, Сәмет заманында тай долаб тахт таң болды).

2. Балжой хан.

Саин ханнан: Сарай Бұқа хан – Мұңлы Темурхан – Килк - Тұғрыл хан – Өзбек хан ***(Өзбекхан ибн Тұғрылхан атасы, Тұғрыл өлген кезде кішкене еді. Сарайшық шаһарында ол хан болды.*** Әмет, Сәмет деген екі кісі уәзір еді. Олар найып [орынбасар] еді. Ноғай, Башқұрд мемлекеттерінде Ниябат шаһ еді. Ол уаляаттар мажус дінінде еді. Тарихтың жеті жүз жетпіс бірінші / 1369-1370 жылы еді. Хазірет Әмір-Темір Руы тарапынан Булгар уалаяты қасдына келгенде ол уалаяттар қауіп астында қалды. Сейхун иахріне [өзені] түсіп [келіп] ондағы елді ислам дінін қабылдауға көндіріп оларды мұсылман етеді...).

Өзбек ханнан – Жәнібекхан.

Жәнібек ханнан:

1. Өріс хан;

2. Нармойынлы Бердібек хан.

Түсіндірме

Мажуси (а) – отқа табынушылар

171 б.

Қазақ жазбаларындағы хандар шежіресі / кіріспе, түркі-шағатай тілінен қазіргі әріптерге түсірген, факсимилесін, көрсеткіштерін дайындағандар М.Шафаги, С. Саттарұлы, Г.М. Абикова; бас ред. Ә.Қ. Муминов; ред. Қ. Е. Қаймақбаева. – Алматы: Ғылым ордасы, 2015. -26-27, 170-171 б.

2 ОРТАҒАСЫРЛЫҚ САРАЙШЫҚ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚИРАТЫЛУЫ ЖӘНЕ АЛҒАШҚЫ ЗЕРТТЕУЛЕР (1917 ЖЫЛҒА ДЕЙІН)

XIV ғасырдың екінші жартысында Жошы Ұлысы империясында басталған дағдарыс соңы алып мемлекеттің бөлшектелуіне алып келді. Жошы Ұлысы тұсындағы 1346 жылғы елде тараған оба, одан халықтың 3/1 қырылуы, 1359 жылдан басталған саяси биліктегі дағдарыс, айналдырған 20 жылдың ішінде 20-дан астам хандардың алтын тақтағы билікті алмастыруы, одан кейінгі Тоқтамыс пен Әмір Темірдің күресі, оны Едіге бидің қолдауы империяның түбіне жетті. Еуразия аумағындағы өзгеріс нәтижесінде Қырым хандығы (1430-1783), Үлкен орда (1433-1502), Қазан хандығы (1438-1552), Астрахан хандығы (1465-1556), Сібір хандығы (XV ғ. II жартысы-XV ғ. соңы), Ноғай ордасы, Қазақ хандығы (1465-XIX ғ. соңы), Өзбек хандығы құрылды. Дағдарыстың соңы гүлденген қала құрылыстарының тоқырауына, саяси-экономикалық қарым-қатынастарының бәсеңдеуіне алып келді.

Тоғыз жолдың торабында орналасқан Сарайшық қаласы да саяси дүрбелеңді басынан кешірді. Тарихи деректер бойынша Еділ өзені мен Жайық өзені аралығында қазақ хандарының атасы Орыс хан да, Барақ хан да билік құрды. Ортағасырлық зерттеуші Өтеміс қажы XV ғасырда ішкі таласта Барақ ханның Жайық өзенінен қашық емес Қайнар мен Сағыз өзендері аралығында қаза тапқанын және оны өлтірген қыпшақ Айас бек ханның басын Мұхаммед хан мен Қади бекке жеткізген соң, Сарайшықтың «даруғасы» атанғанын жазады [1, с.79].

Тарихшы Қ.Өскенбайдың анықтауынша: «улус Барак-хана располагался в восточной части Улуса Джучи, в основном в левобережной части Волги, на реках Урал и Эмба, в Северном Приаралье и Присырдарье. Территориально земли улуса Барак-хана совпадали с землями будущего Казахского ханства, основанного и его сыном Жанибеком в том числе. Русские и ногайские современники казахов воспринимали их именно как наследников Барак-хана и его деда Урус-хана, что так

же свидетельствует о преемственности не только династии, но и территорий», - деп жазады [2, с.47].

Белгілі ортағасырлық тарихшы мырза Хайдар Дулати Бұрындық ханды Сарайшықта қоныстанды деп көрсетеді [3, 146-147 б.]. Олардан басқа да ортағасырда тарихымызды жазған Әбілғазы, Қадырғали Жалайыри және басқалары Сарайшықтың Жошы Ұлысы тарихындағы ролін айшықтай түседі.

Бүгінде Сарайшықтан табылған нумизматикалық материалдар қаланың экономикалық дамуы Өзбек хан тұсында айырықша гүлдене бастағанын дәлелдейді [4, с.858]. Кейін империядағы дағдарыс Сарайшықтағы ақша-товар қатынасына өз әсерін тигізді.

Ортағасырлық ғалым Ибн Арабшах Әмір Темір әскерінің Азақ қаласына жеткенін және оған дейін «Сарай, Сарайшық, Қажытархан қаласын талқандады. Темір қолдауымен Едіге билігі күшейгенін» жазады [5]. Дегенмен кейбір зерттеушілер Йаздидің дерегіне сүйеніп, Әмір Темір өзендердегі ірі өткелдерде Тоқтамыс әскерінің шоғырлануы мүмкіндігін ескеріп, Сарайшыққа жоламай, Жайықтың жоғары жағынан өтті дегендер пікірлерді алға тартады [6, с.784].

Жошы Ұлысы ыдырап, қалалардың дамуы бәсеңсіген кезеңінде Сарайшық бұрынғы даму қарқынын жоғалтты. Көршілес хандықтардың Мәскеу патшалығына бағынуы Ноғай ордасындағы ішкі таласты қыздырды. Мұндай жағдайда ноғай билеушілерінің бір тобы Қырым хандығымен, екінші тобы Мәскеу патшалығымен, үшінші тобы Қазақ хандығымен болашағын байланыстырды.

Ноғай ордасының ішкі саясатына Мәскеу патшалары шебер араласты. Бүгінгі орыс зерттеушілері: «XVI ғасырдың ортасында ноғайлар ішкі тартыстан үшке бөлінді, бірі Азов және солтүстік Кавказ даласына көшіп, Кіші Ноғай Ордасын, ал екіншілері, шығысқа Жем өзеніне, үшіншілері болса Еділ өзені маңында қалып Үлкен Ноғайлы жұртын құрған. Ресейге бағынған ноғайлар Жайық, Самара өзендерінің орта ағысына дейінгі жерлерді мекендеді. Олар бізді (Ресейді айтып отыр) 1557 жылы мойындады» деп жазғанымен, Ноғайлының тарих сахнасынан кетуі себептерін өзгеше түсіндіріп бағады [7, С.16]. Қазақ хандары да Сарайшықты өз ата мекені ретінде таныды. Ол Қасым хан тұсында қазақ мемлекетінің астанасы да болды. Кейін Қазақ хандығы тағына отырған Хақназар хан Сарайшықты қайтаруға күш салады. Қазақ ханы 1569-1570 жылдары Астраханға дейін әскерімен барып соғысса, 1577 жылы Сарайшықты қайтару үшін жорық жасай-

ды. 1577 жылы қараша айында Қырымнан оралған И. Мясоедов: «Ноғайдан Тинехмат (Исмаил бидің ұлы Дінахмет – Ә.М.) княз Қырым ханына хат жолдады. Қазақ Ордасы ханы Хақназар Ноғай жұртын бағындырғысы келеді. Ол Сарайшықты қазақтарға тиесілі санайды» деген ерекше маңызды деректі әкеледі. Кейінгі хабарында орыс елшісі 1577 жылы сәуір айында қазақтардың Сарайшықты басып алғанын атап өтеді. Бұл хабар дәлелденбегенімен, 1577 жылы көктемде қазақтардың ноғай билеушілері Дінахмет пен Орысқа Жайық бойларынан көшуін талап еткені белгілі болады [8, С.97]. Жоғарыда аталған дерекке сүйенсек, қазақтардың Сарайшық қаласын өздеріне тиесілі санағанын дәлелдейді. Хақназар хан ел тыныштығын сақтап, Жайық өзені бойларын қайтару үшін Мәскеу патшалығымен де қарым-қатынас орнатады. Оның осы қадамдарынан қауіптенген Дінахмет пен Орыс барынша оған кедергі жасауға күш салады. Бұл кезеңде ортағасырлық қала, оның ішіндегі, айналасындағы тарихи-мәдени ескерткіштер сақталынған деп есептейміз. Археологиялық қазба барысындағы зерттеулер де қаланың сол дәуірде қиратылғанын дәлелдемейді.

Сарайшықтың қиратылуы XVI ғасырдың 70-80 жылдары Жайық бойына казактарының шабуылдарымен басталған. Казактардың Жайық өзені бойларына ағылуы себептерін, зерттеушілер әр түрліше көрсетеді. Мәселен, бірі Мәскеу патшасы IV Иванның оларға қарсы қысымшылығынан басталды десе, ал екіншілері казактардың Мәскеу патшалығымен бірлесе жасалған жоспарынан іздейді. Зерттеуші О. Попов: «Орыстардың Жайық бойын игеруіне Иван Грозныйдың Волга казактарына жүргізген репрессиялық шаралары түрткі болды деген дәстүрлі түсінік қалыптасқан. 1577 жылы 1 қазанда патша стольник Иван Мурашкинге «ұры-казактарды» ұстап, өлім жазасына кесуді бұйырды» дей келе, «1580 жылы Жайық бойына келген казактар патша қаһарынан қашқан қашқындарға ұқсамайды. Олар зор әскери күшке ие болды және қашуды ойламай, керісінше, жаңа территорияны басып алуға келеді. Казактар ноғай татарларына бағынатын бірнеше қалаларды, соның ішінде ірі сауда орталығы саналатын Сарайшықты басып алады. Сарайшықты басып алған казактардың Москва үкіметімен байланыста болғанын Москва мемлекетінің дәл XVI ғасырдың 80-ші жылдары Башкириядағы өз ықпалын күшейтуге шешім қабылдауы, Ермактың Сібірді жаулап алуына көмектесуі, Еділ өзенінің төменгі ағысы бойларын бағындыруы, бір сөзбен айтқанда, мұндай жоспарды жүзеге асыруда казактарға үміт арту дәлел бола-

ды», - деп түйіндейді [9]. Сонымен Сарайшық қаласының алғаш рет талан-таражға ұшырауы 1577 жылы, ал біржолата талқандалуы 1581 жылы көктемде казактар шабуылынан болған. Ал 1586 жылы орыс-казактар тағы да Сарайшық қирандыларына шабуылдап, ұлысты әбден тонаған. Міне, осындай жойқын шабуылдарды саралаған тарихшы В.В.Трепавловта «Сарайшықтың талқандалуына Москва дипломатиясының қандайда бір қатысын айқындайтын дәлел бар ма?» деген сұрақты қоя отырып, «Ноғайларды мойынсұндыруда казактар шынында да Москваның мықты қолшоқпары болды. Біріншіден, Еділ казактарынан ығысқан ноғайлар Жайықтан асып кетті. Ол арқылы орыс шекарасына төнетін қауіп азайды. Екіншіден, өзіне көршілес жаудан сескеніп ноғайлар тек қана Москваның көмегіне зәру болып, онымен келісімге мәжбүр болады. Бізге белгілі болғандай, 1580 жылдардың соңында Орыс би және оның жақтастары Ресеймен қарым-қатынасты қалпына келтіреді. XVI ғасырдың соңында Үлкен Ноғайлының басты мәселесі Жайыққа казактардың қоныс аударуы болды», - деп нақты жауап қайтарады [10, с.342-343].

В.В. Трепавлов Сарайшықты түкпілікті талқандаған Еділ казактары деп есептейді. 1581 жылы тамыз айында Мәскеуге жеткен хабарда «осы жылдың көктемінде казактар Сарайшықты басып алып өртеді, қолға түскендерді өлтірді, өлілерді моладан шығарып қабірлерін қопарды», - деп жазылған [10, С.340-341].

1586 жылы Жайық бойы казактары Орыс би мен Нұрадын Сайд-Ахметтің ұлыстарын талқандаған. Кейін 1596 жылы Үлкен Ноғай биі Ораз Мұхаммед Қырым ханына жазған хатында «Москвалықтар... Жайыққа қала салды, бізден ата-бабамыздың жерленген зиратын да тартып алды» деп хабарлайды [11, С.312].

Қашқын казактар Каспий теңізінің солтүстік жағалауындағы Сары (?) аралына орнықты. Сол жерді өзгелерге шабуыл жасайтын орталыққа айналдырған. Тіпті, 1586 жылы Бақшасарайға «казактар Волга, Жайық, Жем өзені бойларына қалашық салды» деген де хабарлар жетсе, Астрахандықтар «казактар Жайық бойына үш қала салды» деген хабарлар алады [11, с.310]. Мұның өзі казактардың Жайық бойына орныға бастағанын дәлелдейді.

В.В. Трепавлов казактар Жайық бойындағы ноғайлармен келісімге келіп жерді пайдалаған үшін алым-салық төлеп тұрғандай, ол турасында казак аңыздарында сақталған деген деректер де келтіреді [11, с.311-312].

1591 жылдан бастап патша үкіметі оңтүстік шығыс шекарасын қорғау мақсатында Жайық казактарын пайдалана бастады.

Сонымен Еділ, Жайық бойы казактары Сарайшықты талқандап, Алтын Орда заманындағы тарихи-мәдени мұраны талқандауға зор үлесін қосты және кейінгі ғасырларда оның біржолата жойылуына себепші болды.

Археолог Л.Л. Галкин казактардан бұрын Сарайшыққа теңіз пираттарының XIV ғасырдағы Алтын Ордадағы саяси дағдарыс кезеңінде шабуылдағанын жазады. Ғалым Сарайшықтағы археологиялық зерттеу барысында Жайық жағалауындағы XIV ғасырда қамыспен жабылған өртенген үйден табылған белгісіз саздан жасалған қалың қабырғалы шарды (глиняный толстостенный шар) атап өтеді. Л.Л. Галкин: «В береговом обрыве современного городища Сарайчик, размываемого водами реки Урал, четко прослеживаются черный слой сгоревших тростниковых крыш и сырцовые стены рухнувших строений. Этот слой тянется вдоль берега не менее чем на 220 метров. Пожар, судя по монетам, найденным здесь, случился в период «Великой Замятии». Затем на месте сгоревших и рухнувших строений были возведены новые дома. Известный исследователь Золотой Орды Г.А. Федоров-Давыдов отметил в своей книге «Золотоордынские города Поволжья», изданной в 1994 году, что в городах: «...изготовлялись также полые шары, неясного назначения, с отверстием» деп түйіндейді. Кейін ол шарды зерттей келе оны XIV ғасыр өртегіш бомбасы деп анықтап, бұл кезеңді Каспийдің солтүстік-шығысындағы халықтардың қайғылы жылдары және шарды тас лақтырғыштармен (катапультамен) Сарайшыққа алғашқы соққы жасаған Генуя пираттары деген қорытынды жасайды [12].

Мұндай шарлар Азак немесе өзге де қалалардың шеберханаларында жасалған. Зерттеушілердің бірі оны өрт бомабасы, екіншілері медициналық бағытта сынап таситын, үшіншілері будда дінінің рәсімдерінде қолданатын ыдыс ретінде таниды. Сазды балшықтан жасалған шарлар диаметрі шамамен 20 см және шарда диаметрі 0,5 см болатын екі тесік болған. Л.Л. Галкин пікірінше, осы тесіктен мұнай құйылып, кейін ол төгіліп арты өртке ұласқан [12]. Қалай десек те ғалым пікірінің жаны бар және мұндай шарлар кейінгі жылдардағы 2019-2023 жылдардағы қазба барысында да табылды. Дегенмен Сарайшықтан табылған кейінгі шарлардың көбінде тесігі біреу болады.

2019 жылғы қазба барысында табылған шар диаметрі 14 см, тесік диаметрі 0,5 см [13, №176]. Ал 2023 жылғы табылған шар көлемі кіші-

леу, қабырғасы жұқа, бомбаға ұқсамайды [14, 35 б.]. Барлық шарларға тән ерекшелік ішінде метал бұйымның болуы. Археологтар метал бұйымның үнемі қозғалыста болып ішіндегі сұйықтықтың араласуына және сұйық күйінде сақталуын қамтамасыз етеді деп есептейді.

Пираттардың Каспий теңізі айналасындағы өзендер бойындағы қалаларға 1374 жылдары шабуыл жасағаны туралы тарихи деректер баршылық. Олар Баку қаласына дейін барып қайтқан. Бұдан шығар қорытынды Алтын Орданың ыдырауы экономикалық дамудың тежелуіне, күштінің әлсізді тонауының күшеюіне әкелді. Оның соңы Алтын Орда қалаларының тоналуына жол ашты.

Сонымен Сарайшық қаласының тарихи-мәдени мұралары XVI ғасырдың соңында жойыла бастады және Жайық бойында казактардың қонысы пайда болды. Ғалымдардың зерттеуінше өзеннің жоғары жағында Қос Жайық мекенінде - Жем өзенінің Жайыққа құяр сағасында осындай қоныс пайда болған. Орыс би оған шабуыл жасағанымен оны ала алмаған. Кейбір деректер бойынша казактар ноғайлармен келісімге келіп, салық та төлеп тұрған [11, с.313-314].

XVII ғасырдан бастап Жайық бойында казактар күш ала бастады. Олар Жайық өзенінің төменгі сағасынан бастап жоғары қарай өрлей қоныстарын көбейтті. Ол патша үкіметіне де тиімді болды. Казактар біртіндеп Азияны отарлайтын негізгі күшке де айналды. Көп ұзамай Еділ мен Жайық өзендері аралығына қалмақтар орналаса бастады. Оларды да қолдаған Москва патшалығы Ноғайлыны біржолата бағындырып, Қазақ хандығының иеліктерін Жайық өзенінің Азия бетіне ығыстырды.

Ә. Марғұланның: «XVI ғасырдың соңында Сарайшық мүлдем бос қалады» деуінің астында біздіңше ащы шындық жатыр [15, 409 б.]. Сарайшықтың бұрынғы саяси орталық болған, сауда-саттығы дамыған, тоғыз жолдың торабы ретінде мойындалған қала дәуірі келмеске кетті. Ендігі жағдайда Сарайшық билігі біртіндеп Мәскеу патшалығына бағынған, олардың бақылауындағы мекенге, ал ортағасырлық тарихи-мәдени мұра құландыға айналды.

Қала құландыларын көріп, қағазға алғаш түсіргендердің бірі Сарайшыққа келген әскери полковник И.Г. Гербер болды. Ол 1732 жылы орыс үкіметінің Хиуа мен Бұхараға құпия дипломатиялық елшілігін басқарды. Дипломатия тарихына назар аударған зерттеуші Р.Ю. Почекаевтың анықтауынша И.Г. Гербер елшілігінің басты мақсаты Ресейге 1729 жылы Бұхара ханы Әбілпейіз және Хиуа ханы Елбарыс атынан

келген елшісі көпес Жәдігер басқарған елшілікке жауап екен [16]. Орыс елшілері Астрахан қаласынан Хиуа мен Бұхараға саяхатында Сарайшық қаласына жолай соғады.

И. Гербер Сарайшықта 1732 жылы 19 ақпанда аязды күні болады. Ғалым: «мы прибыли в старый разрушенный город под названием Сарайчик, дальше на восток еще 4 версты до реки Яик, которая была еще сильно замершей», «Этот разрушенный Сарайчик, должно быть, был очень большим местом, разделенным на 3 части, которое еще показывает свои развалины; от зданий уже ничего не осталось, кроме нагромождений камней и нескольких все еще изогнутых подвалов из обожженных камней. Эти камни, частично красные, частично белые, но весьма прочные и твердые, но тонкие и по толщине только напоовину толще, чем обычный кирпич, но шире и 4-х угольные, почва состоит из хорошей черной земли и была бы очень плодородной, если она была возделана, в полях далеко вокруг видно много каналов, которое были выкопаны жителями, чтобы орошать их поля и сады, эти каналы по обеим сторонам засажены ивами так, что они выглядят как аллеи», «Река Яик была здесь шириной 50 саженей», «Кирпичи из которых был построен этот замок Гурьев, большей частью взяты из развалин Сарайчика», деп жазады [17, 35-36 б.]. Зерттеуші алғаш рет ортағасырлық Сарайшық материалдарының Гурьев қаласына тасып әкетілгенін ашық жазады.

Орыс үкіметі 1741 жылы Сарайшық құландылары орнына жақын орналасқан казактар үшін қамал салуды жоспарлап арнайы өз мамандарын жіберген. Ресей патшасы үкіметі қолдауымен Жайық өзенінің оң жағалауында казактар күш ала бастады. Уақыт өте Каспий теңізінен Жайықты бойлай жоғары қарай казактар тұрақтары көбейді, олар империя қолдауымен қаруландырылды.

Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архивінен табылған «План городу Сарайчик в Яика Гурьев городка в верх по реке Яик верстах в 60 снят прошлого 741 году» деп аталатын құжатты алға тартқан М. Кипиев: «Жоспарда Жайық және Сарачинка өзендерінің ортасында орналасып, сыртқы және ішкі бекініс қамалдардан тұратын ортағасырлық Сарайшық қалашығы мен оның төңірегі көрініс тапқан. Ішкі бекініс қалашықтың оңтүстік батысында орналасып, жоспарда ол жер «кремль» деп көрсетілсе, сыртқы бекініс «белогород» деп жазылған. Кремльдің өлшемі солтүстік-батысы мен оңтүстік-шығысы 195 сажен (421,2 м) (1 сажень – 2,13 м), ал оңтүстік-батысы мен солтүстік-шы-

ғыс аралығы 109 саженді (235,4 м) құрайды. Жалпы көрінісін қарасақ, оның Жайық жақ қабырғалары қалың және дуалы биік болғанын байқауға болады» деген тоқтамға келеді [18].

Араға уақыт сала 1743 жылы 23 сәуірде Жошы Ұлысы заманында аты аңызға айналған Сарайшық қаласы орыс саясатын жүргізетін Сарайшық қамалы (крепость Сарайчиковская) болып Ресей империясы заңымен бекіді. Онымен қатарлас төменгі Жайық бойында Қос-Жайық немесе Индерские горы қамалы, Гребенщиков бекінісі (форпост), Кулагин қамалы, Зеленый бекінісі, Тополев қамалы, Бақсай қамалы, Жаманқала бекінісі (форпост Яманкала), Гурьев бекінісі (Новопостроенный Гурьевский редут) құрылады [19, 75-103 б.].

Сарайшық қамалы ескі қаланың солтүстік шығысына орналастырылған. Зерттеушілер: «1769 жылы қалашықта болған академик П. Паллас, қамал ескі қалашық орнының шығыс жағында салынды дейді. Бұл жерде ғалым қамалдың салыну бағытын шамамен айтқанға ұқсайды. Себебі, 1784 жылғы Сарайшық қамалының топографиялық сипаттамасында, ол Жайықтан 95 сажен қашықтықта орналасып, ұзындығы 40, ені 32 саженге жеткендігі көрсетілген. Осыған қарағанда қамал қалашық қирандысының солтүстік шығысындағы Жайықпен арадағы 190 сажен болатын аумақта салынған» деп түйіндейді [18].

Сонымен казак қамалының Сарайшыққа орналасуы, оның төңірегінде жоспарлы құрылыстардың басталуы ортағасырлық қала құрылыстарының одан әрі бұзылуына, тоналуына ашық жол ашты. Ол турасында 1762 жылы жарияланған «Топография Оренбургской губернии» еңбегінде П.И. Рычков: «Сей город, по обьявлению яицких казаков, бывал нагайских татар. Там еще поныне в земле находят многие палатки: видно, что бывали они кладбища знатных людей, ибо во многих находят гробы и кости. Сказывают, что на строение Гурьева городка кирпича много взято из сих развалин. Да и ныне яицкие казаки, около сего места на форпостах находящиегося, на дело печей и на другие потребности кирпич из оных развалин и из тех палаток выбирают» деп мойындайды [20, с.134].

1769 жылы тамыз айында П.С. Паллас Орынбор арқылы Гурьевке келеді. Гурьев қаласынан Орынбор бағытына кері Жайық бойымен 31 тамызда шығады. Осы алғашқы экпедициясында ол Сарайшықта болады. Қорытындысында ғалым: «Форпост Сарайчик или Сарайчикова стоит близ Яика на восточной стороне рва оставшегося от прежде бывшего многолюдного татарского города Сарачика. Я не намерен

здесь повторять то, что рассказывают о судьбе того Ногайского города и о переселении его жителей в нынешнюю Хиву, но сообщу только краткое описание, находящихся там остатков. Вал со рвом еще виден, и в окружности имеет до пяти верст. Он начинается из угла, с которого тихо текущая из степи речка делает Сарачик с Яиком около полутора версты ниже нынешнего форпоста, потом продолжается вверх той речки, и напоследок, обходя форпост кривизнами, заканчивается при Яике.

Посреди этого места проведен сухой ров может быть для отвода прибывшей воды. Внутри вала находятся основания и своды каменного строения, и по тому можно заключить, что в городе были знатные дома. Употребленные на строение кирпичи продолговаты и велики. Также есть дикий ломанный с раковинными отпечатками бурый камень, которого нигде вокруг не видно. Ныне находят только куски старинной ценной посуды, которая хорошо была расписана отчасти голубой, белой и желтой краской. В городе земля очень соленая и притом мокрая, поэтому все остатки железных вещей так перержавели, что едва можно узнать. Тоже самое случилось и с медными и серебрянными малыми монетами, найденными на валу. Медные почти совсем превратились в яркую медянку, а серебрянные монеты в белую, лишившуюся блеска и весьма хрупкую материю. У живущих там казаков видел я прниски разного цвета и найденные там же мелкие граненные камешки топаза и кровавика. Могилы, которых здесь очень много, были раскладены кирпичом, и в них находят иногда достойные внимания вещицы» деген пікірін білдіреді [17, с.37-38]. А.С. Паллас жергілікті казактардың құрылыс материалдарын пайдаланумен қатар алтынордалық жәдігерлерді жинаумен айналысқанын және жинақталған тиындардың тез бұзылып кететінін ерекше атап өтеді.

Сарайшықты қирату XIX ғасырда жалғасын тапты. Ол турасында А.И. Левшин: «Как ни много их вывезено, но некоторые казаки и поныне, при новых постройках, достают их, находя неглубоко от поверхности земли еще не разрушенные круглые выходы или своды, внутри которых обычно находят человеческие кости, иногда оружия, монеты, ожерелья, кольца и прочие. Подражая казакам, два дня рыл с ними погреби в развалинах. Мои старания были вознаграждены находкой двух татарских монет» деп тарқата түседі [17, с.44].

А.И. Левшин XVI ғасырдың екінші жартысында Венеция, Генуя саудагерлерінің Азов теңізінен Азияға – Үргенішке, Отырарға, одан

әрі Пекинге жүретін басты керуен жолы Сарайшық қаласының казактарды қызықтырғанын анықтай келе: «Место, столь выгодное для разбоев, могло ли не приманить казаков? Они поднялись в лодках своих в верх по Уралу, быстро напали на Сарайчик, выжгли оный и в неистовстве не только живых жителей терзали, но, даже, разрывая могилы, обдирали мертвых. Это случилось в 1580 году.Таков был первый подвиг Казаков на берегах Урала! Время и описание онаго находим в дипломатических актах» дейді [21, с.10].

Міне, осылайша Сарайшықтағы тарихи-мәдени мұралар әбден тоналды. 1834 жылы көктемде неміс ғалымы, фармацевт-химик, Императорлық Дерпт университетінің (Бүгінгі Эстония Республикасындағы Тарту университеті) профессоры К.Ф. Гебель Еділ мен Жайық өзендері аралығындағы тұзды көлдерді зерттеуге шығады. 1834 жылы 14 мамырда ол археолог болмаса да Сарайшықта қазба жұмыстарын жүргізген. Ғалым казактармен әр жерді қазып, бұзылмаған жерленімді тапқан. Олар үш бас сүйекке кезіккен. Содан зерттеуші ішіндегі жақсы сақталған екі бас сүйекті Дерп қаласындағы остеологиялық кабинетке алса, үшініші баланың бас сүйегі қозғалған кезде үгітіліп қалған. Жерленім орнынан ескі жәдігерлер кезікпеген.

К.Ф. Гебель казактар тұрғызған жаңа Сарайшықтан 95 үй санайды және олардың көпшілігі ағаштан тұрғызылған деп жазады. Ол жаңа Сарайшықтан татарлар мешітін, мемлекеттік және жеке меншіктегі сауда орындарын, олардың жылдық айналымы не бәрі 200 мың руб. құрайтынын атап өтеді. Қазақтар Бұқар беттен келіп, ұсақ-ірі жандықтар мен олардан алынатын өнімдерді өткізген [17, 46-48 б.].

Сарайшық құландылары туралы құнды деректер топограф А.Е. Алексеев зерттеуінен табылып отыр. Топограф Жайық казактары әскерінің атаманы А.Д. Столыпиннің жеке тапсырмасымен Сарайшық қамалына тоқтап бірнеше күнге қалады. Басты мақсаты ежелгі мұсылман қаласының құландыларын барлау еді. Ол кезеңде құландылар Сарайшық қамалынан не бәрі 150 сажень (1 сажень – 2,13 м) жерде еді. Ол жергілікті казактардан: «развалины эти истории называются ими «можары» и прадеды их, первые пришедшие а Сарайчик, брали из этих развалин кирпичи, строили из него свои дома и службы (надгробные строения). Кирпич этот сохранился и до сих пор. У казака Толстова, равно как у некоторых других службы сделаны из этого кирпича. Потом рассказывали, что и прежде, разрывая склепы, находили в них не одни только вещи, но и повешенную на шерстах одежду, разрушившуюся от прикосновения к ней» деген естігенін жазады [17, 52 б.].

А.Е. Алексеев Сарайшық қаласы Алтын орда хандарының резиденциясы (Ордасы) болған күннен бастап белгілі дей келе, Жайық казактарының ата-бабасы қаламен 1580 жылдан бері таныс, казактардың Дон өзені бойынан шыққан қашқындар, содан олардың Сарайшықты талқандап, оның тұрғындарын Хиуаға көшуге мәжбүр еткенін де атап өтеді.

Зерттеуші табылған тиындарды тазалап, оларды Қазан татары Мансуровқа оқытады. Тиындағы «чеканена Сараиль-Джадить» деген жолдарды оқып қаланы Сарай-әл Жадид деп атайды. Сарайшықтағы төртінші күні ол төбешіктерді қазып, көптеген ақшалар мен заттар, жазбалары бар көк түсті, ақ түсті мрамор тастар табылды. Табылған құлпытастар қожаларға арналған. Топограф ескі қаланың құландыларын тексере жүре: «Первое, что мне бросилось в глаза, были неправильные возвышения городского вала и развалившиеся остатки когда-то бывшей тут цитадели. Местность здесь совершенно ровная и имеет грунт солонцеватый, перемешанный с обломками кирпича, камня и разной посуды. Поверхность этого неприветливого пустыря не оживляется никакой растительностью и только в двух местах виднеются деревянные с перилами ограды, сделанные в 1846 году, татарами-торговцами, по распоряжению бывшего хана Букеевской орды, Джангира, Ограды эти построены над склепами, где по словам казаков, есть несколько кирпичных гробов, залитых известью», «Длина города Сараиль-Джадит 1 верста 100 сажень, а ширина 1 верста 5 сажень, все это пространство было обнесено земляным валом, который и теперь хорошо виден. Вся окружность этого вала 3 версты 350 сажень. В западной части развалин города есть цитадель, стены которой гораздо выше описанного вала. Фигуру цитадель имеет неправильную, длина ее 200 сажень, а ширина 100 сажень. Внутри цитадели есть признаки развалившихся построек и склепов, которые, как видно, были сделаны из хорошего жженого кирпича и изразца. Из склепов сохранился только один, который называют «ханской могилой». Внутри есть гробницы, сделанные из кирпича, и имеющие шесть вместилищ, два больших и 4 маленьких, так что можно полагать тут похороненным целое семейство. Подобных еще два склепа есть в восточной части города» деп нақтылай түседі [17, 55 б.].

Топограф зерттеу барысында арнайы қалашықтың топографиялық жоспарын жасады. Картада цитадель, оның ішіндегі «Хан моласы» анық көрсетілген. Зерттеуші қала құландысының оңтүстік-батыстағы

топырақ қорғанынан 200 сажень қашықтықта Сарайшық өзені жағасында үлкен зиратты атап өтеді.

1878 жылы Қазақстанның батысын ғылыми тұрғыдан зерттейтін, патша үкіметінің жергілікті жердегі архивін жинақтау мақсатында Орынбор Ғылыми архивтік комиссиясы құрылады. Комиссия батыс өлкедегі тарихи-мәдени мұраларға да назар аударды. Комиссияға Торғай облысы губернаторының кеңесшісі И.И. Крафт та мүше болады. Торғай облысында қазақ тілін меңгеріп, ел ішінен материалдар жинап бірнеше еңбегін жариялады. Оның «Из киргизской старины» еңбегі де Орынбор Ғылыми архивтік комиссиясы қолдауына ие болды. Еңбекте орыс шенеунігінің елден жинаған аңыз әңгімелері, ертегілері басылады. Бізге қызықтысы тікелей Сарайшыққа қатысты «Иван Калита», «Предсказания кудесника» ертегілерін атауымызға болады [22, 244-245 б.].

Орынбор Ғылыми архивтік комиссиясы 1905 жылы 23 қыркүйекте кезекті отырысында Сарайшықтағы Покровский шіркеуінің пірәдары А. Лоскутовтың «Остатки древнего ордынского города «Сарайчика» баяндамасын тыңдайды. Пірәдарға комиссия атынан баяндама жасау тапсырмасы 23 мамырда берілген болатын. А. Лоскутовтың баяндамасында жергілікті казактардан естіген әңгімелері мен көрген-білгендерін жинақтайды. Мәселен қарт урядник М.А. Мохначевтан Сарайшықтағы Кремльдің оңтүстік жағында күйдірілген кірпіштен қаланған башня (мұнара) болғанын, оны қарттың өзі көзімен көргенін, бүгінде одан ештеңе қалмағанын жазып алады. Баяндамашы: «Теперь от башни не осталось и следа. Кроме описанных бугров да стен и валов теперь на поверхности земли от древнего Сарайчика ничего не осталось. По рассказам казаков лет 30-40 тому назад стояли еще остатки каменных стен. Казаки, не зная цены древности, стены разобрали и кирпичом выстлали полы в своих домах. Подобного кирпича и теперь сколько угодно валяется в буграх мусора», - деп хабарлайды [23, с.272-274]. А. Лоскутов сол кезеңде алтынордалық Сарайшық қаласының жартысына жуық жерінде казак үйлерінің, одан басқа 3 зираттың – 2 христиан, 1 мұсылман зиратының орналасқанын көрсетеді. Пірәдар көне қаланың жай-жапсарын толығымен баяндап, көне Сарайшық туралы өзінің жазба дерекке кезікпегенін айтады [22, 205 б.].

XX ғасыр бас кезінде Орынбор комиссиясының белді мүшесі И.А. Кастанье Орынбор өлкесінің тарихи-мәдени мұрасын зерттей бастады. Оның зерттеулері Комиссияның Еңбектерінде жарық көріп елдің назарын аудартады. Өйткені Орынбор өлкесіне қоныс аударған шаруа-

лар жаппай көне тарихи-мәдени ескерткіштерді тонады. Комиссия дереу түрде мемлекет тарапынан оларды қорғау мәселесін көтереді [24].

Зерттеуші Сарайшыққа қатысты П.И. Рычковтың, Комиссия Еңбектерінде жарияланған Б.А. Скаловтың, А. Лоскутовтың мақаларымен танысып, «Гурьевский уезд и Усть-Урт» еңбегінің «Развалины Сарайчика» бөлімін даярлады. И.А. Кастанье Сарайшықтағы тарихи-мәдени мұраның сақталуына алаңдап, «көктемгі су тасқыны кесірінен жаңа құрылыстар мен жерленімдер ортағасырлық қала құландысы орындарындағы биік жерлерге салынады. Қазіргі кезеңде алтынордалық Сарайшықтың жартысына жуық жерлеріне казактар үйлері, түрлі құрылыстары және құландылар орнына 3 зират (2 христиан, 1 мұсылман) орналасқанын» атап өтеді. Ол мақаласын «Как постройка домов на холмах, так и отведение кладбищ производятся с разрешения местной войсковой власти. Если дело заселения пойдет тем же путем, то лет через 15-20 все холмы будут застроены», - деп аяқтайды [25, с.158-163].

Сарайшық тұрғындары жинақталған көне мұраларды сыртқа сатумен де айналысқан. Ол турасында топограф А. Алексеев жазбасында жақсы баяндаған. Жергілікті казактар жерленім орындары қазған кезеңде мол олжаға кездесіп отырған. Мәселен, 1909 жылы күз айында зират ішінен орын дайындау барысында 2 сажень тереңдіктен 24 бөлікке бөлінген саздан жасалған үлкен қыш құмыра (хум) (құжатта ваза) табылады. Көпті толғандырған қыш құмырада жазылған жазба болды. Құмыра сынықтары туралы ақпаратты архитектор, инженер И. Железнов дайындап, Жайық казак әскерінің атаманы генерал Н. Дубасовқа жібереді. Атаман жазбаға қызығушылық танытып, 1910 жылы 16 тамызда оны оқыту үшін Императорлық орыс археологиясы қоғамының Шығыс бөлімшесіне жібереді. Шығыс бөлімше жазбаны оқуды шығыстанушы А. Самойловичке тапсырады. Шығыстанушы: «Главный интерес этого сосуда представляют надписи, который не могли быть прочитаны местными муллами», «Все надписи и орнаменты были сделаны на сосуде до его обжига острым инструментом», «судя по прекрасному выполнению работы и надписей, является предположение, что эта ваза едва-ли местнаго (т. с. в Сарайчике) производства» деп құмыраның ерекшелегін аша түседі [26].

1911 жылы 11 қазанда А. Самойлович құмырадағы жазылған өлең жолдары XI ғасырдағы Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» (Құтты білік) поэмасындағы мәтінге ұқсас дей келіп, шығыстанушы В. Бартольдтың поэмадан үзінділерді тапқанын жазады. Құмырада:

«Кісі көркі – жүз ол, бұ жүз көркі – көз,
Ауыз көркі – тіл, бұ тіл көркі – сөз.
Тағы көркі кісіге – білім мен өнер,
Жанын құрбан етер білім үшін ер».

Ал құмыра жанында «Бұл күбі ішіне жас құюға болады» деген белгісіз шебер өз атынан сөз қосқан. Автор құмыраның қай кезеңде дайындалғанын анықтауды археологтарға жүктейді. Құмыра Атырау музейіне шамамен 1940 жылдары әкелінген. Ол турасында 1940 жылы 12 қаңтарда газет бетінде: «Қазіргі ұйымдастырылып жатқан облыстық музейге Сарайшықтың жерінен 1909 жылы табылған үлкен тас құмыра келтірілді. Биіктігі 80 сантиметр, ені 60 сантиметр» деп жазылған [17, 100 б.]. Яғни, құмыра сол заманда қалпына келтірілгендей.

Кейінгі жылдары осы құмыраны қалыпқа қайта келтірген белгілі археолог З. Самашев: «Мен XX ғасырдың 90-шы жылдары Батыс Қазақстан экспедициясын басқарған кезеңде бұрынғы жылдары археологиялық қазба барысында Сарайшықтан табылған жәдігерлерді іздестіре бастадым. Бірде Атырау қаласындағы Жайық жағалауындағы ескі музейге келдім. Содан музей ішін көмір жағып жылытатын сырттағы ғимаратқа барсам қапқа салынған толған керамикалар жатыр. Бір бұрышын қарасам көзіме 1909 жылғы хум сынықтары оттай басылды. Музей басшысы жасы үлкен азамат болатын. Соған қарамастан біраз реніш білдірдім де, рұқсатын алып хум сынықтарын Алматыға әкеттім. 1999 жылы Атырау облысы әкімі И. Тасмағамбетов шақырып Сарайшықты көтеру барысын талқыладық.

Содан мен Қырым Алтынбеков екеуіміз хумды қайта қалпына келтіріп, Атырауға поезд тамбурына қойып жеткіздік *(қараңыз: 1-сурет, 333-бет)*. Атырауға түскен соң Атырау музейіне жеткізіп тапсырдық», - деп еске алады. Сонымен 1909 жылы табылған үлкен хум 2023 жылғы 2 наурызда «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының төріне орналасты. Сарайшықтағы хум бізге жеткен құнды жәдігерлердің бірі ғана. Қаншасы қолды болды, қиратылды, өзге елдерге әкетілді? Оған жауап беру қиынның қиыны. 1940 жылы Гурьев облысының «Социалистік құрылыс» газетінде жарияланған Т. Байшеркешов мақаласында: «Қазіргі көзі тірі Е.Ф. Котов ғана, Н.Ф. Акутин сынды қарттар «бұл жерлерді рота солдатпен Оралдың атаманы генерал Крижиновский деген қаздырып, көп нәрселер тауып, Мәскеуге алып кетті дейтін еді біздің әкелеріміз» дейді», - деген жолдарды оқуға болады [17, 102 б.]. Мұндай жабайы қазудың басты мақсаты Жошы

Ұлысының бай мұралары тоналып, заманында талан таражға түсіп, қазірде әлемнің түкпір түкпіріне таралғаны анық.

Сонымен ортағасырлық Сарайшық қаласының қирауына, бай тарихи-мәдени мұрасының тоналуына қалаға шабуыл жасаған Генуя қарақшылары мен Жайық бойына орныққан казактар екені анық. Араға уақыт сала казактардың қала материалдарын тасып, Гурьев қаласы мен Сарайшық қамалын, ондағы тұрғын жайлар мен қоғамдық ғимараттарды салуға пайдаланғаны XVII-XIX ғасырлардағы орыс зерттеушілері еңбектерінде тайға таңба басқандай айқын дәлелденіп, баяндалады. Ортағасырлық Сарайшықтың тарихи-мәдени мұраларының қазып алынуы, қолдан жойылуы сол заманда Жошы Ұлысы тарихын жоюға бағытталған патшалы Ресей үкіметінің саясаты екенін дәлелдейді.

XIX ғасырдағы белгілі зерттеуші, шығыстанушы В.В. Григорьев III Иоанның қылышы мен саясаты Алтын Ордаға соңғы соққыны жасады дей келе: «История Золото-Ордынского Ханства есть одна из наиболее обиженных временем и обстоятельствами: мало того, что они истребили важнейшие письменные памятники, которые могли-бы служить ей источниками; они стерли почти с лица земли и большую часть самых монументальных следов существования Ханства. **Его некогда цветущие и многолюдные города: Булгар, Укек, Джолладь, Маджар, Сарайчик и многие другие, лежат в развалинах...», -** деп тұжырымдайды [27, с.2].

Жошы Ұлысы қалаларының құрылыс материалдарын бұзып, пайдалану XVI ғасырдың II жартысынан бастап жүзеге асты. Мәселен, 1589-1619 жылдар аралығында Астрахань қорғанын тұрғызуға құрылыс материалдары Еділ бойындағы Сарай қалаларынан алдырылды. Ол турасында «Ключаревская летопись» жинағында: «В царствование Федора Ивановича выдан чертёж на построение кремля каменнаго, в окружности не более, как стоял старый полисад: кирпич приказано было брать с Ахтубы, разрывать дома, а если не достанет, и Амусы (значит улусы - примечание в оригинальном тексте – НК) ломать, стены города поставить в кремле выхода 8 башен, к наружному выходу большия, а где менее беды поменьше, но чтобы все были о трёх бойницах; с выхода где будет город на восток ставить выше и шире большую башню, чтобы можно было в ней проезжать; чертёж указует ширины; город старый как стоял, так тут и ямы рыть, а что Бог даст, то хотели приумничать по больше, в кремле сделать два зелейных двора, а для белаго города принесут чертёж» деп жазылған [28, с. 31-32].

Алтын Орда қалалары мен Үкек қаласын зерттеген археолог Франц Баллод: «К сожелению, все эти поселения пострадали не только от Тимура, но, пожалуй, еще больше оттого, что позднее, как уже говорилось, были превращены в своего рода каменоломами, местодобычи кирпича Минх в Истор.-геогр. Словаре» приводит цитату, согласно которой к 1631 году было «велено брать на Ахтубе кирпич и ханскую мечеть, и дом ханский сломать, чтобы было (для застройки Астрахани) довольно как белого камня, так и железа от Ахтубы», а в 1632 г. «велено посылать помесячно в реку Ахтубу для кирпичные и каменные ломки и астраханскому городовому делу». Материал для сооружения Астраханского кремля брался и ранее, с 1582 г., когда стали строить кремль. О разрушении золотордынских городов с целью добычи кирпича для астраханской городской стены, а затем церквей, монастырей и других зданий, - рассказывают Адам Олеарий (1636 г.) и Стрюйс (1669 г.). В 1860 году для саратовских мостовых было вывезено с Увека громадное количество кирпича, а также плиты с надписями: «камень ломал Маурии (владелец Увека) из древних фундаментов» деп толықтыра түседі [29, с. 98-99].

Ортағасырлық қалалардың қолдан қиратылуы осылайша жазбалар арқылы бізге жеткен. Расында да бүгінде ол қалалардың ізін тауып алудың өзі қиын. Татар ғалымы Камиль Аблязов Жошы Ұлысының қалалары қайда, олардың құландылары қай жерде? деген сұрақты қоя отыра: «Но почему так системно, с завидным упорством, долгие столетия разрушали остатки городов Золотой Орды, чтобы полностью уничтожить материальные остатки тюркской цивилизации, не оставить о ней ни следа, ни памяти? Почему на территории России остались нетронутыми и хорошо сохранились греко-римские памятники западной цивилизации и совсем нет золотоордынских? С момента покорения Казанского (1552 год), Астраханского (1556), а впоследствии и Сибирского (1588) ханств, территории городских центров превращались в каменоломни. В 1578 году царь Федор Иванович велел ломать «мизгити и полаты в Золотой Орде и тем делати города». В документах от 1631–1632 годов уже идет речь о полной застройке Астрахани: «Велено брать на Ахтубе кирпич, и ханскую мечеть и дом ханский сломать, чтобы было довольно как белого камня, так и железа… велено посылать помесячно на реку Ахтубу для кирпичной и каменной ломки» деп тарихи құжаттардан қойған сұрағының жауабын тапқандай [30].

Олай болса, Еділ өзені бойындағы Сарай, Жайық өзені бойындағы Сарайшық және өзге де Жошы Ұлысының қалалары жоспарлы бұзылды және жер бетінен жойылды деуімізге әбден болады. **Бұл ортағасырлық Сарайшықтың жойылуының бір себебі немесе саяси қыры**.

Екінші себебі, тарихи-мәдени мұра айналасына қоныстанған халықтардың ықпалы. Бұрынғы Алтын Орда, Ноғай ордасы, Қазақ хандығы заманындағы билеушілер пантеоны, оның айналасы XVI ғасырдан бастап жаппай жерленімге айналды. Сарайшық тұрғындары - түркі тілдес халықтар, біздіңше, цитадель үстін XVI ғасырда зиратқа айналдыра бастаған.

XVIII ғасырдың алғашқы жартысында Сарайшық қамалы (крепость) салынған соң казактар Жайық суынан биіктеу тұрған жағалауға қайтыс болған адамдарын жерлеген.

1861 жылғы топограф А. Алексеевтің жазбасы бойынша ортағасырлық Сарайшық территориясында 2 ескі зират көрсетілген. Біріншісі қаланың солтүстік батысындағы цитадель ішіндегі «Хан моласы» белгілеген зират болса, екіншісі қаланың оңтүстігіндегі қазақ зираты.

Біріншісі, «Хан моласы» орнын белгілі археологтар Н. Арзютов, Ә.Марғұлан, З. Самашевтар белгілі дәрежеде зерттелген. З. Самашев 1999-2006 жылдары бұл жерді «Хандар зираты» деп анықтаған. «Сарайшық» музей-қорығы ғалымдары 2021-2022 жылдары осы аралықты зерттеп екі элиталық көрхана орнын анықтады. Оның материалдары бүгінде Германияда лабораторияда.

Екіншісі, Сарайшық өзені жағалауында орналасқан «үлкен зират» ескі қорым. Зираттың көп аумағын 1861 жылға дейін-ақ су шайып кеткен [17].

Зерттеуші А.И. Кастаньенің XX ғасыр басында Сарайшықтағы құландылар орнында 3 зират (2 христиан, 1 мұсылман) орналасқанын жазуы да содан [25, с.158-163].

Бүгінде Жайық жағалауын қазып қалсаң адам сүйектері шығады. Жағалаудағы христиан жерлеулерінің біразы суға кетті, біразы көшірілді. 1950 жылғы археологиялық экспедицияның графикалық жұмыстарында «Сарайшық қалашығының жоспары» сызбасында христиан және мұсылман зираттары көрсетілген [31]. Ол кезде олардың арасы едәуір қашық болды. Кейіннен зираттар аумағы кеңеюінен олар бір-бірінен жақындаған. Жайық өзенінің арнасы 1990 жылдары христиан зиратының солтүстік шетіне тақалып, молаларды құлата бастағаннан соң, зират Атырау облысы, Махамбет ауданы Сарайшық пен

Бейбарыс ауылдарының арасындағы бос жерге көшіріледі. Бұрынғы христиан зираты орналасқан жердегі №1, №2 қазбалардан адам жерлеулерінің аз кездесуі осыған байланысты болса керек. Ал, ол жерден цитаделге қарай ноғайлы қазақ дәуірінің жерленімдері кездеседі. Оны жердің бетінен көрініп жатқан көрхана-сағаналар орындарынан байқауға болады. Мұндай сағаналар цитадель ішінде де сақталған [32]. Оған «Сарайшық» музей-қорығының «Хан моласы» нысанындағы 2021-2022 жылғы зерттеулері де дәлел болады [33]. Жерлеу орындарының бұл жерлерге жиі шоғырлануына көп жағдайда жергілікті тұрғындардың ел билеушілері, ислам дінін таратушы тұлғалар жерленген жерді киелі деп есептеген наным-сенімі әсер етті.

Тарихи-мәдени мұраның жойылуының үшінші себебі, Жайық өзенінің жылда көктемде арнасынан асып тасуы және Сарайшықтың тұсында жаңа 1942 жылы жаңа арнамен ағуы ықпал жасады [34, 50 б.].

2018 жылы жағаға дамбы салынғанға дейін Жайық өзені ескерткішті солтүстік жағынан шайып келді. Оған дәлел, 1950 жылы Ә. Марғұланның қазба жұмысы барысында табылған өндірістік кәсіпорын ғимараты, қыш күйдіру пеші, басқа да әр түрлі мақсаттағы пештердің, 1996-2017 жылдар аралығында З. Самашевтің зерттеулері барысында анықталған монша, құдық тәрізді нысандардың, кешенді сарай ғимаратының бір бөлігінің су астына кетуі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Утемиш-Хаджи. Кара таварих / Транскрипция И.М. Миргалеева, Э.Г. Сайфетдиновой, З.Т. Хафизова; перевод на русский язык И.М. Миргалеева, Э.Г. Сайфетдиновой; общая и научная редакция И.М. Миргалеева. – Казань: Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2017. – 312 с.

2 Ускенбай К.З. Улус Барак-хана: некоторые вопросы локализации кочевий в свете письменных источников // Золотоордынское обозрение. 2022. -Т.10, № 1. С. 47–65

3 Мұхаммед Айдар Дулат. Тарихи-и Рашиди. 2-кітап / ауд. И. Жеменей. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. 2-кітап. - 450 б.

4 Петров П.Н., Ахметова У.Т., Жумабаев А.Ж. Нумизматические находки в средневековом городе Сарайчук по результатам археологических исследовании. Клады. Ч. II // МАИАСП. -2023. -№ 15. -845-860

5 Ибн Арабшах. История амира Темура. (пер. Х.Н. Бабабекова). –Ташкент: Институт истории народов Средней Азии имени Махпират, 2007. -239 с.

6 Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. -3-еизд., испр. и доп. –М.: Квадрига, 2020. -1040 с.

7 История Оренбуржья. – Оренбург, 1996. – С.16

8 Исин А.А. Казахское ханство и Ногайская Орда во второй половине XY-XYI в. Издание исправленное и дополненное. –Алматы, 2004. -160 с.

9 Попов О. Уральские казаки // microarticles.ru/article/...копия. Добавлено 2014-11-21

10 Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. – М.: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 2002. -752 с.

11 Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. / Отв. ред. М. А. Усманов. 2-е изд., испр. и доп.– Казань: Издательский дом «Казанская недвижимость», 2016. - 764 с.

12 Галкин Л.Л. Загадки, гипотезы, открытия: Генуэские пираты на...Каспии // Вокруг Света, 1998. -№ 4. -С.4

13 Отчет об археологических работах по теме: «Исследование средневекового городища Сарайчик (Ортағасырлық Сарайшық қаласының зерттелуі»). –Атырау, 2019.

14 «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасы бойынша ортағасырлық қазба жұмысының ғылыми есебі. –Сарайшық, 2023. - 68 б.

15 Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2010.--Т.9. - 472 б.

16 Почекаев Р.Ю. Судьба экспедиции И.Г. Гербера в контексте Российско-казахских отношений начала 1730-х гг. // Уральский исторический вестник. - 2019. -№3(64). -С.24-30

17 Сарайшық - бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер / Құр. Ж.К. Жұмабаева, М.Қ. Кипиев / /Ғыл. Ред. Ж.К. Жұмабаева. – Атырау: «Ағатай» баспаханасы, 2015. -224 б.

18 Кипиев М. Сарайшықтың 1741 жылғы жоспары табылды // Егемен Қазақстан. -2020. -17 наурыз

19 Кипиев М. XYIII-XX ғасырлардағы Атырау өңірдегі елді мекендер (Населенные пункты Атырауского региона XYIII-XX веков). – Атырау: ЖК «Нұрғалиев Е.Н.», 2020. -220 б.

20 Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. – Уфа: Китап, 1999. -312 с.

21 Левшин А.И. Историческое и статистическое обозрение уральских казаков. - СПб. : Воен. тип., 1823. - 84 с.

22 Ахметова Ұ.Т. Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясы (1887-1918 жж.). Монография: -Алматы: «Арыс» баспасы, 2013. -320 б.

23 Труды ОУАК. – Оренбург: Паровая типо-литография Ф.Г. Каримова, 1906. – Вып. 16. -296 с.

24 Ulzhan Akhmetova, Abilseit Muktar, Ayaguz Nurmanova. The Historical and Ethnographical Research on Kazakhstan done by Foreign Scientists of XIX–

XX Centuries: the Case of J.A. Castagné's Studies // Bylye Gody. -2016. -(№ 4) декабрь. –P. 1305-1314

25 Кастанье И. А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края / И. А. Кастанье. – Алматы, 2007. - 516 с.

26 Самойлович А. Среднеазиатско-турецкие надписи на глиняном кувшин из Сарайчика // Записки восточного отделения Императорского Русского археологического общества. Том двадцать первый. 1911-1913. – С.-Петербург: «Типография императорской Академии наук», 1913. - С. 38-47

27 Григорьев В.В. Местоположении столицы Золотой Орды, Сарая. – С.П.Б., В типографии М.В.Д., 1845. -102 с.

28 Канатьева Н.С. Капсулат удалой, или защита Астраханского Кремля во время Разинского бунта» ЖУРНАЛ ФРОНТИРНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ (2018, №2). – С.29-40

29 Приволжские «Помпеи»: (опыт художественно-археологического обследования части правобережной Саратовско-Царицынской приволжской полосы) / Ф. В. Баллод. – М.; Пг.: Государственное изд-во (Госиздат), 1923. – 131 с.

30 Аблязов К.: «Почему так системно разрушали остатки городов Золотой Орды?» // business-gazeta.ru›article/520513. 22.02.2024

31 Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігі Археология институты архиві (алда - ҚР ҒжЖБМ АИА). 1950-1953 жж., 2 т., 207 іс, 46 п.

32 Отчет о работах Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МОН РК по программе «Научно-прикладные исследования в области археологии – Культурное наследие. Раздел «Городище Сарайчик» в 2006 году». – Алматы, 2007

33 Ортағасырлық Сарайшық қаласы аумағындағы «Хан моласы» нысанының археологиялық зерттеу жұмыстарының ғылыми есебі. – Сарайшық, 2021

34 Мұқтар Ә., Диярова Ж. Сарайшық музей-қорығы тарихы (1963–2019 жж.). Алматы: «Арыс» баспасы, 2019. -192 б.

3 КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ЗЕРТТЕУЛЕР, ОЛАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

3.1 Хорезм археологиялық экспедициясы және Сарайшықтағы Н. Арзютов қазбасы

XX ғасырдың 30-шы жылдардың екінші жартысында КСРО Ғылым Академиясы Орта Азиядағы ежелгі мәдениетті ғылыми тұрғыдан зерттеуді жандандыра бастады. Ежелгі Хорезм территориясын зерттеу басында КСРО Ғылым Академиясының Этнография институты (бүгінде Ресей Ғылым Академиясының этнология және антропология институты) тұрды. Институт арнайы Хорезм археологиялық экспедициясы (1937-1945), кейінірек Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы (ХАЭЭ) (1945 жылдан бастап) ғылыми-зерттеу мекемесін құрды. Хорезм экспедициясы басшысы болған С.П. Толстов «Средняя Азия» мақаласында: «Крупные комплексные экспедиции: Хорезмская (нач. С.П. Толстова, 1937-55), Термезская и Южно-Туркменская (нач. М.Е. Массон, 1936-1939 гг., 1946-1955 гг.), Таджикская (нач. А.Ю. Якубовский, 1946-1952, М.М. Дьяконов, 1953, А.М. Беленицкий, 1954-1955), Семиречинская, Южноказахстанская и Памиро-Ферганская (нач. А.Н. Бернштам, 1936-1941 и 1944-1952 гг.), и Восточно-Казахстанская (нач. С.С. Черников, 1947-1955 гг.), а также экспедиции среднеазиатских научных учреждении изучали памятники различного времени и открыли много новых данных, освещающих связи Средней Азии с древшейшими культурами и государствами Передней Азии и Ирана», - деп бағалады [1, 1 п.].

Сарайшық қаласы тарихын зерттеу кешегі орыс патшасы заманында басталып, бүгінге дейін жалғасын тауып келеді. Оларды сараласақ, көне шаһар аталған Сарайшық қалашығы негізінен 2 бағытта зерттелгенін байқаймыз. Біріншісі, қаланың пайда болуы мен қалыптасуын тарихи деректер мен ортағасырлық саяхатшылардың жазба деректері

арқылы зерттеушілер, ал екіншісі, қаланың тарихын археологиялық қазбадан табылған жәдігерлер арқылы ғылыми тұжырымдама жасаған археологтар. Олардың қатарында кеңестік заманда Сарайшықты кешенді зерттеуге талпынған Н.К. Арзютовтың өзіндік орны бар.

Ол Самара губерниясына қараған Чумаево Кузнецкий селосында шаруалар отбасында дүниеге келген. 1924 жылдан бастап Саратовтағы Нижневолжский өлкетану музейінің ғылыми қызметкер ретінде қызметке тұрады. Бұл ғылыми орталықта ол 1938 жылға дейін қызмет атқарады. 1926 жылы Саратов мемлекеттік университетінің педагогикалық факультетін аяқтайды. 1928 жылдан бастап Саратовта ғылыми музейде археологиялық бөлімге меңгеруші қызметіне тағайындалып, ғылыми жолын жалғастырған. Содан бастап Төменгі Еділ бойының археологиялық зерттеу жұмысымен айналысып, көшпелі түркілер мен Алтын Орда мемлекетінің Еділ мен Жайық өзендері бойында орналасқан ортағасырлық қалаларына қатысты археологиялық қазба жұмыстарын ұйымдастырумен айналысады.



Фотода профессор П.С. Рыков, Н.К. Арзютов, И.В. Синицын және басқалар (1936 ж. Қалмыкия)

Н.К. Арзютов Қазақстанға келместен бұрын Сарайшық қаласы туралы алғашқы мәліметтер жинақтап жариялаған Орынбор өлкесінде еңбек еткен П.И. Рычков, XVIII ғасырдың II жартысында Қазақ хандығы территориясына жасалған экспедиция құрамында болған П.С. Паллас, XIX ғасырда топограф А.Е. Алексеев еңбектерімен танысады [2]. Өйткені, археологиялық қазбадан кейін жазылған Ғылыми есебінде ол белгілі орыс зерттеушілері еңбектеріндегі Сарайшыққа

қатысты материалдарды талдайды. Мәселен, П.С. Палластың: «вообще место сего города рассуждении болотной и соленой земли и бываемого весной наводнения, также несносного мученья от приносимых ветром комаров избрано весьма худое, и может быть во время истощенной татарской силы заложен был для безопасности помянутый город Сарайчик в столь худом месте» деген қорытындысын саралап, қала орнының лайықты таңдап алынғанын және оның Алтын Орда астанасы Жаңа Сарайдан Хорезмге, тіпті, батыстан шығысқа жететін ең қысқа жол екенін баса көрсетеді [2, С.90-91].

Кәсіби археолог Николай Константинович Арзютов (1899 – 1942) Саратов ғылыми музейінің тапсырмасы бойынша 1937 жылы қыркүйек айының басында Сарайшық қалашығына жетеді. Бұл кезеңде Саратов ғылыми музейі төменгі Еділ аймақтарын зерттеуде өзіндік тәжірибе жинақтаған болатын. Өз бастамасын 1886 жылы 12 желтоқсанда құрылған Саратов Ғылыми мұрағаттық комиссиясынан алатын музей Ресей империясы территориясында арнайы ғылыми мекемелер тапсырмасы бойынша жұмыс жасайды.

Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы тарихын зерттеуші Ұ.Т.Ахметова 1884 жылы 13 сәуірде орыс патшасы жарлығында ғылыми мұрағаттық комиссияларға арналған «Негіздеменің» 7-ші бөлімінде «Ғылыми комиссиялар негізгі өзінің міндетіне қоса жергілікті жағдайға байланысты көне ескерткіштерді сипаттау түсіндіру, іздестіру жұмыстарымен шұғылдануы қажет» деп анық жазылғанын жазады [3, 86 б.]. Бұдан Қазақстанмен шектес Ресей губернияларында құрылған осындай комиссиялар Сарайшық қалашығы туралы деректер жинай бастағанын байқаймыз. Олардың ішінде Орынбор, Астрахан ғылыми комиссияларын ерекше атап өтуге болады. Мәселен, Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының белді мүшесі И.А. Кастанье қазақ даласын зерттейді. Ол турасында ғалым 1908 жылы «Өткен жылмен салыстырғанда, биыл қазақ даласын толық зерттеуге мүмкіндік алдым» деп мойындайды [3, 210 б.]. Мұрағаттық комиссиялардың ғылыми Еңбектері қазақ даласындағы археологиялық жаңалықтарды жариялап зерттеушілерді ақпараттандырып отырады. Мәселен, Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының 1905 жылғы 23 қыркүйектегі кезекті отырысы Сарайшықтағы Покровский шіркеуінің пірадары Лоскутовтың: «...Сарайшық қазірде көне атауымен аталады, тек қазір станица. Жайық өзенінің жағасында Гурьев қаласынан 48 шақырым жерде орналасқан. Көне Сарайшық қаласы орналас-

қан жер қазірде шығыс жағы Жайық өзенімен қоршалған, ал батысы Жайық өзенінің бір саласы Сарайчинко өзенімен қоршалған, оңтүстігі мен солтүстігі жарқабаққа тіреліп тұр. Сондықтан да көне Сарайшық қаласын төрт жағынан қоршалған, стратегиялық негізде орналасқан қала деп айтай аламыз» деген хатымен танысады [3, 205 б.].

XX ғасырдың бас кезеңінде Сарайшық қирандылары туралы жазған мақаласында ғалым И. Кастанье Хиуа хандығы мен Сарайшық қорғаны аралығындағы керуен жолы моңғол үстемдігі мен Еділ өзеніндегі Сарай қаласының дамыған, тіпті, оған дейінгі Еділ және Хазар үстемдігі кезеңінде басты қарым-қатынас жолы болды деп жазған-ды [4, С.160]. Қазақ даласындағы тарихи ескерткіштердің тоналуы XX ғасыр басында-ақ комиссия мүшелерін толғантқан. Мәселен, Орынбор комиссиясы төрағасы А.В. Попов: «Из докладов членов Архивной Комиссии усматривается, что за последние годы, с увеличением переселения русских крестьян в Тургайскую область, быстро исчезают в степях драгоценные памятники древности, будучи растаскиваемы переселенцами на хозяйственные надобности. Особенно ... подвергаются каменные бабы и надгробные сооружения из кирпича. Процесс уничтожения древности идет настолько быстро, что уже за последний годы воспоминаем о некоторых из них служат только фотографии, снятые редкими почитателями археологий и этнографии самые же памятники уже исчезли» деп көші-қон мекемесіне хабарлаған-ды [5, p.1307]. Осындай күрделі мәселелердің Сарайшықта да орын алғанын Н. Арзютов алдын ала зерттеушілер еңбектерімен танысқан кезеңде байқайды. Ол есебінде қалашықтың тоналу бастамасын 1580 жылы казак-орыстардың бастап айналысқанын жазып қояды.

Ғалым кәсіби археолог П.С. Рыковтың шәкірті болатын. Төңірегіне талантты жастарды шоғырландырған П.С. Рыков өзі басқаратын Төменгі - Еділ өлкетану институты жанынан аспирантура ашады. 1932 жылы оның жетекшілігімен «Археология және таптық қоғамға дейінгі тарих» мамандығы бойынша И.В. Синицын (1928-1932 жж.) және Н.К. Арзютов (20.11.1932 ж.) кандидаттық диссертацияларын жазады. Көп ұзамай И.В. Синицын «Кремневые орудия дюнных стоянок северного побережья Каспийского моря» тақырыбында диссертациясын қорғайды [6, С.404].

Н.К. Арзютовтың археологиялық мақалалары 1926 жылы көпшілікке белгілі бола бастады. Оның 1928 жылы жазылған «Поздние кочевники нижнего Поволжья» мақаласы ұстазы П.С. Рыковтың ұйым-

дастыруымен жарық көрген ғылыми жинағына басылады. Мақаласында ғалым Ресейдің оңтүстік-батыс аймағында өмір сүрген көшпелі түркі тайпалары тарихына назар аударып, олардың тұрмыс-тіршілігі мен әдет-ғұрпына талдау жасайды. Ол: «...быт этих народностей в IX-XII веках весьма напоминает быт современных киргизов и калмыков. Стада крупного и мелкого скота, табуны лошадей доставляли им средства передвижения, продукты питания, материалы для жилища и одежды» деп көшпелі халықтарды өзара салыстырады [7, С.1]. Автор бұл жерде «киргиз» деп қазіргі «қазақ» халқын меңзейді. Ғалымның бұл еңбегі қазақ этнографиясына да керекті мәліметтерді жинақтайды. Ал 1930 жылы ол он беттен тұратын «Золотая Орда» мақаласын ғылыми басылымға ұсынады. Ол бұл мақаласында Алтын Орда қалаларының жағдайын, ішкі-сыртқы мәселелерін жазып, олардың тарихта алатын орнына баға береді. Алтын Ордадағы Үлкен және Кіші Сарайлардың мәселелерін зерделейді [8].

П.С. Рыков шәкірттерімен біріге 1931 жылы Сарай Батудың қирандыларын зерттейді, ал 1933 жылы Қарағанды округінде ұйымдастылған Нұра экспедициясын басқарады. Кейін Ә. Марғұлан өз монографиясында Нұра экспедициясы құрамында П.С. Рыков, М.И. Артамонов, М.П. Грязнов, Н.К. Арзютов, И.В. Синицын сынды археологтар жұмыс жасағанын атап өтеді [9]. Экспедицияның басты табысы Беғазы-Дәндібай ескерткішінің ашылуы еді. Мұның өзі П.С. Рыков пен П.К. Арзютовтың Қазақстан археологиясымен жете таныстығын айғақтайды. Шәкірті де ұстазын айрықша қадірлеген. 1936 жылы П.С. Рыковтың ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметіне 25 жыл толғанда П.К. Арзютов өз мақаласын арнайды [10].

1937 жылы Саратов аймағында репрессия етек алады. Содан 14 тамызда П.С. Рыков тұтқындалып, 10 жылға қамалады. Бұл кезеңде ол Саратов мемлекеттік университеті тарих факультеті деканы және Төменгі - Еділ өлкетану институтының директоры болатын. Осындай жағдайда Н.К. Арзютов Сарайшыққа аттанады. Зерттеуші Сарайшық экспедициясы 15 күнге созылды деп жазады. Оның күнделігі 6-17 қыркүйек аралығын қамтиды. Дегенмен ғалымның экспедицисын еш негізсіз 1936 жылы болған деп жазушылар да болды. Мәселен Т. Байшеркешов: «Революциядан кейін 1936 жылы сентябрь айында Саратовтың облыстық музейі қазып, зерттеген. Бұл соңғы зерттеудің кейбір материалдары құралып жатқан Гурьевтің облыстық музейінде бар. Қалған көпшілігін Саратовтың музейі ғылыми зерттеп, жақында

жібермекші» деп 1940 жылы «Социалистік Қазақстан» газетіне жазған болатын [2, 102 б.]. Мақалада сол тұстағы елдегі репрессияға ұшырауына байланысты Н.К.Арзютов аталмағанымен осы экспедиция сөз болғаны белгілі. Жаңа экспедицияға Қазақстанды зерттеу қоғамының Батыс Қазақстан бөлімшесі көмек көрсетеді. Саратов ғалымдарымен Батыс Қазақстан бөлімшесі арасындағы ғылыми қарым-қатынас П.С. Рыков тұсында ерекше дамыған болатын. Оралдықтар профессор П.С. Рыковтың «Изучение Уральской губернии в археологическом отношении» тақырыбындағы баяндамасын бір кезеңде асқан қызығушылықпен тыңдаған еді. Кейін баяндама «Советская степь» газетінде жарық көреді. Араға уақыт сала ғалым «Исследование озеро Чалкара», «К изучению Уральской губернии», «Исследование рыболовства и рыбоводства на реке Урале» ғылыми мақалаларын да Қазақстанда жариялайды [11, 39-40 п.].

Сонымен Н.К. Арзютов 1937 жылы 6 қыркүйектен бастап Сарайшықта қазба жұмыстарына кіріседі. Ол алдымен Паллас, Алексеев, Лоскутов қалдырып кеткен ақпараттарды тексеру мақсатымен Сарайшық қаласының кіреберіс дуалын анықтауға жұмыстанады. Дегенмен, сол кезеңде өзі көрген дуалдың ескі қамалмен байланысын нақтылай алмай, қосымша зерттеу жұмысы қажет екендігін хабарлайды. Саратовтық ғалым қалашықтың 13 жеріне қазба жасап, соңғы 13-ші қазба жерінде 5 бөлмелі құрылыстың орнын аршып алады. Бұл қалашық тарихына қатысты маңызды құнды артифактілер еді. Археолог есептік жазба барысында Сарайшық қаласының Алтын Орда қалаларының бірі екендігін алға тартып, оның құрылысын Бату хан салуы мүмкін деген болжамды негізге алады. Алтын Орда қалаларының көпшілігі Әмір Темірдің шапқыншылығынан кейін құлдырап кетсе, ал Сарайшық қаласы өзінің күшін әлі жоймаған деп есептеген. Есептік жазбаның алғашқы парақтарында Сарайшық қаласына қатысты жазылған деректерге қысқаша сипаттамаларды бере келіп, ары қарай өзінің жүргізген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесі туралы жазған. Археологтың айтуы бойынша картада көрсетілген қалашықтың сол кездегі жағдайы бірнеше метрге дейін ығысып, орны сақталмағанын баяндайды. «...Если сравнить тепрешнюю топографию с той, которая зафиксирована на карте 60-х годов прошлого столетия, то мы увидим значительные расхождения. Поселку Сарайчик все время приходится отступать вглубь от берега, так как последний ежегодно в половодье обваливается порядочными кусками..» деп Сарайшық қа-

ласының нақты жай күйін баяндайды. Осылайша ескі Сарайшық қаласының ені 300 метр, ұзындығы бойынша 1100 метр жерді су шайып кеткен. Мақалада ағып жатқан Жайық өзенінің әсерінен Сарайшық аумағының 320 гектарға жойылғандығын жазылды [2, 89-90 б.]. Н.К. Арзютовтың бұл мәліметтерінен Сарайшық қалашығының қорғалуы керектігі жөнінде алғашқылардың бірі болып дабыл қаққандығын байқаймыз.

Н.К. Арзютов өзінің ұйымдастырған археологиялық қазба жұмыстары барысында алдына қойған мақсаты ретінде қаладағы тұрғын үйлер аймағын аршып алу екенін жазады. Ол «моей первой и главной на 1937 г. задачей было отыскание жилой части города...», - деп нақтылап көрсетеді. Оның назарын осы аймақтан табылған мыс және күміс теңгелер аудартады. Зерттеуші қазба жұмыстарын жүргізбес бұрын жер бетінен жиырмадан астам монеталарды тауып алып, оларды тексеруге жібереді. Оның ішінде 11-і тазалынып, теңгелердің хронологиялық мерзімін анықтауға көңіл қояды. Табылған монеталардың 9-ы Өзбек ханның кезінде қолданылған теңгелер болса, ал 1-і Қызыр ханның кезінде соғылған теңгелер екенін анықтаған. Осылайша, бұл табылған теңгелердің уақытын XIV ғасырдың екінші жартысына сәйкес деген тұжырымға келеді. Зерттеуші археологиялық қазба жұмыстарын жасау барысында нақты төрт міндетті алға қойған. Олар:

1) археологиялық қалдықтар бар жерлерді нақтылап суретке түсіру;

2) жағалаудағы тұрғын үй болуы мүмкін жерлерді толықтай аршу;

3) тез арада аршуды қажет ететін, сақталуына қауіп төніп тұрған аймақтар;

4) антропологиялық қазбаларды жинақтау деген мақсатпен жұмыс атқарады.

Осы алға қойған міндеттердің ішінде Н.К. Арзютов төртіншісіне аса қатты көңіл аударған. Себебі, Сарайшық қаласында Алтын Орда хандарының жерлеу орындары сақталғанын жақсы білген. Осыған байланысты ол XIV ғасырдың соңында Пипигонның жасаған картасын пайдаланып, археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген [2, 92 б.].

Археологиялық қазба барысында Н.К. Арзютов 13 ор қазып, орлардың құрылымын сипаттайды. Қазба қортындысында алғаш рет «Отчет о раскопках, произведенных в 1937 г. на месте развалин золотоордынского города Сарайчика» атты ғылыми есеп дайындалады. Араға уақыт сала 1949 жылы есеп Казақ ССР ҒА жарияланымында жарияланып, болашақ зерттеушілерді назарына ұсынылады.

1937 жылғы экспедиция барысында табылған заттар Саратов музейіне әкетілді. Соңғы зерттеулер бойынша олар бүгінге дейін музейдің қорында сақтаулы тұр [12, 59 б.].

Н.К. Арзютов табылған заттарды не мақсатпен алып кеткендігі жөнінде өз есебінде, не болмаса басқа жазбаларында баяндамайды. Әлі күнге дейін өлке тарихшылары үшін бұл жұмбақ болып келеді. Ол турасында 2008 жылы Сарайшық қаласына жүргізілген қазба жұмыстарының есептік жазбасын дайындаған К. Құдабай: «Сарайшық қаласын зерттеушілер көп. Солардың ішінде Н.К. Арзютов болды. Ол тапқан заттарын өзімен бірге алып кеткен. Бірақ не мақсатпен кеткендігі жөнінде еш мәлімет жоқ. Кейін бұл жерде Ә.Марғұланның қазба жұмыстары жүргізілді. Археолог Ә. Марғұлан бұл жерде табылған жәдігерлердің әлі күнге дейін толық нұсқасы жоқ екендігін айтты. Ғалым бұл сол кездегі саясаттың кесірі деп те айтып өтті» деп анықтай түседі [13].

Экспедиция соңында Н.К. Арзютов зерттеу нәтижесінде қалашықтан табылған бірнеше жәдігерлерге, қалашықтың құрылысына, қирандыларға өз бағасын береді. Ол: «...1395 жылы Әмір Темірдің шабуылынан кейін Алтын Орданың қалалары бірінен соң бірі құлдырай бастады, бірақ Еуропа мен Азияның кіндігінде орналсқан Сарайшық қаласы Алтын Орданың негізгі қаласы ретінде ұзақ сақталып тұрды» деп жазады [14, С.126].

1950 жылы Сарайшық қаласына археологиялық зерттеу жұмысын ұйымдастырған Г.И. Пацевич Н.К. Арзютов экспедициясына: «... но впервые раскопки на территории его производились лишь в 1937 году... . Экспедицией этой было заложено 15 раскопок которые, судя по отчету дали богатый керамический материал, но ни одного, более или менее крупного, заслуживающего особого внимания объекта, экспедицией вскрыто не было» деген пікірін білдіреді [15, 105 п.].

Біздіңше мұндай қорытындыға И. Сталин заманындағы қуғынсүргін саясаты әсер еткендей. Өйткені экспедиция кеңестік археологтарына қарсы басталған репрессия кезеңінде жүргізілді және заманының бұл саясаты XX ғасырдың 50-шы жылдары жалғасын тапты.

П.С. Рыков ұсталғаннан кейін 1 жыл өткен соң 1938 жылы 4 тамызда Н.К. Арзютовке де жала жабылды. Ол турасында Саратов университетіндегі археологиялық зерттеулерді зерделеген Н. Малов архив деректеріне сүйене отыра: «Не исключено, что последнее общее собрание института краеведения состоялось 12 января 1938 г. На нем

присутствовали: Синицын, Трофимов, Степанов, Акимова, Рассудова, Ардабацкая, Кротков и Арзютов. В институте одновременно трудились многие сотрудники Саратовского областного музея краеведения. В результате следственных мероприятий органы НКВД расширили круг членов не существовавшей - вымышленной - «организации врагов народа», в которую помимо П.С. Рыкова включили сотрудников НВИК и музея: Н.Н. Дмитриева, Н.К. Арзютова и В.А. Сушицкого. В 1937-39 гг. обстановка в институте и музее была тревожно-напряженной, сотрудники давали объяснения и характеристики на подследственных коллег. И.В. Синицын был обязан издать приказ № 16 от 5 августа 1938 г., в двух пунктах которого констатировалось: «1. Б. научн. сотр. Института Сушицкого В. А., как арестованного органами НКВД, снять с работы с 1-го августа с/г. 2. Научн. сотр. Института Арзютова Н.К., как арестованного орган. НКВД, с работы снять с 5 августа с.г.» деген жолдардан кеңес заманының саяси-қоғамдық ахуалы археология ғылымының дамуына едәуір кедергі келтіргендей [16, С.404-405]. Қорытындысында сот Н.К. Арзютовты 10 жылға бас бостандығынан айырып, саяси құқығынан біржолата айырады [17].

Бұл шешімді сол кездегі КСРО-ның Әскери Коллегиясының Жоғарғы Соты шығарады. Содан Н.К. Арзютов Саратов өлкетану музейіндегі ғылыми қызметкерлер П.С. Рыков, Н.Н. Дмитриев, В.А. Сушицкийлермен біріге эшалонмен сол кездегі ең қатал ГУЛАГ еңбекпен түзеу лагеріне қатаң жазасын өтеуге айдалады [16]. Ғалым тағдыры көп ұзамай-ақ 1942 жылдың 22 қазанында Краснодар қаласы лагерінде Н.К. Арзютов көз жұмады. Ұстаз бен шәкірттің еңбектерін саралаған зерттеуші Е.К. Максимов Н.К. Арзютовтың Төменгі Еділ территориясында Алтын Орданың өрлеу дәуіріндегі түркітілдес халықтардың ескерткіштерін зерттеуге үлес қосқанын, нәтижесінде «О чем говорят курганы: Рассказы об археологических находках в Нижнем Поволжье», «Поздние кочевники Нижнего Поволжья», «Памятники Золотоордынской эпохи в Нижнем Поволжье по данным раскопок и разведок 1924 г.» т.б. іргелі зерттеулерінің жазылғанын ерекше атап өтеді [18,С.4].

Н.К. Арзютов П.С. Рыковпен бірлесе Ресейдің археологиялық институттарын құруға, оның ары қарай дамуына үлес қосты. Зерттеуші А.А. Формозов: «XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары жаңа университеттер мен орталықтар ашылды. Бұл орталықтарда археологтар даярланып шықты. Оларға дәріс берушілер қатарында Н.К. Арзютов,

И.В. Синицин, П.Д. Степанов, Т.М. Минаева бар еді», - деп жоғары бағалайды [19, С.13].

Н.К. Арзютов өзінің қысқа ғұмырында тарих ғылым үшін мол мұра қалдырады. Бүгінде шамамен оның 15 ғылыми зерттеулері белгілі. Олардың қатарында «Древние финны Нижнего Повольжя» (1928), «Поздние кочевники Нижнего Повольжя» (1928), «Финны Саратовского края в XIII-XV веках» (1928), «Материалы по археологии поздних кочевников Нижнего Поволжья: из раскопок 1925 года» (1929), «Золотая Орда» (1930), «Мордва Нижневолжского края по данным археологии» (1931), «О чем говорят курганы» (1936) сынды бірқатар ғылыми еңбектері көпке танымал [20].

Саратовтық археолог 1937 жылғы қалыптасқан саяси қуғын-сүргінге қарамастан Сарайшық қаласын археологиялық тұрғыдан кешенді зерттеуге өз үлесін қосты. 2023 жылы қазан айында архивтен табылған ғалымның күнделігінен оның Саратов-Орал қалалары арқылы Сарайшыққа 1937 жылы 3 қыркүйекте жеткеніне куә боламыз. Өз күнделігінде: «2.09 к вечеру выехали из облтранса на пассажирской в Сарайчик. Езда утомительная и пылная. 3.09 к вечеру (к закату) в Сарайчике. Вещи сбросили у с/ совета. Председатель оказался очень внимательным. Быстро нашел квартиру. Жена и муж (Тамбовцев Григории Серапионович, Татьяна Дмитриевна – Ә.М.). Дом (мазанка) просторный. Чисто. И свободно. Перед сном сходили в баню. Приятно. Вечером нас за чаем из разговоров с хозяином выяснилось, что поездка будет, повидимому, созначительными положительными результатами», 4.09 «Таким образом за 70 лет утрачены площади длиной в 1065 м. (есебінде 1100 м.- Ә.М.). Исходя из наблюдении на месте, ширина утраченной части будет равна около 300 метров. В целом погибла площадь в 319 га. На этой площади находилась и немалая часть построек золотоордыдинского Сарайшика. Был осмотрен яр между посевом и плантацией инвалидов (рч. Сорочинка). В воде и на берегу масса черепков от крупной и мелкой посуды простой и поливной, образцы посуды из цемента», «17.09 с утра поехали в троем на верблюде упряжке по окрестностям. Побывали в Сахарном лимани, переехав Сорочинку оказались ТАНКЕ (Таңқы жер атауы). Оттуда через Курсай направились в степь, свернули на ... с киргизскими могилами. Снова перебрались через Сорочинку. В целом проделали километров 25. За Сорочинкой нигде не обнаружены заслуживающие внимания остатков золотоординской эпохи» деп жазады [21, 1-22 п.].

Н.К. Арзютовтың Сарайшықтағы 1937 жылғы 6-17 қыркүйек аралығындағы археологиялық есебі машинкаға басылып, Ресей Ғылым Академиясы Материалдық мәдениет тарихы институты архивінің №2 қорындағы 385 істе сақталған [22, 385 іс]. Есептің күнделіктен сәл өзгешелігі бар. Күнделік бойынша қазба 16 қыркүйекте аяқталады, ал 17 қыркүйекте ол Сарайшықтың айналасына барлау жүргізеді, 18 қыркүйекте Сарайшықтың құландыларына қарапайым жолмен топографиялық түсірілім жасайды және «түсірілім дәл болмаса да, онымен толық жұмыс жасауға болады», 19 қыркүйекте Яманкаға (қазіргі Махамбет аудан орталығы) жолға шығу үшін түйелерді күтудемін деп жазып қояды [21, 20 п.].

Н.К. Арзютовтың Сарайшықты толыққанды зерттеуіне экспедиция алдындағы КСРО-да археологтардың ұсталып қамала басталуының белгілі дәрежеде зерттеуге әсер еткенін жоққа шығаруға болмайды. Соған қарамастан ғалымның жазбалары бүгінгі зерттеушілер үшін аса маңызды. Ендігі үлкен мәселенің бірі археологтың қазба барысында табылған жәдігерлерді қайда тапсырғаны.

1948 жылы Саратовтық ғалым И.В. Синицын Ә.Х. Марғұлан мен Е.И. Агееваның «Археологические работы и находки на территории Казахской ССР (с 1926 по 1946 гг.)» мақаласымен танысады. Мақалада: «Гурьевская область. В 1937 г. были обследованы развалины золотоордынского города Сарайчика, находящегося в 50 км выше города Гурьева. Обследование проводила археологическая экспедиция Западно Казахстанского отделения общества изучения Казахстана. Обследованием установлено, что около 320 га площади древнего города обрушилось в реку вследствие подмыва. Наиболее сохранившейся частью города является район между р. Сарачинкой и современным поселком. Экспедиция заложила 10 траншей. Наиболее интересный материал дала траншея № 13 (размером 14Х9,4Х1,5 м), вскрывшая здание из сырцового кирпича, состоявшее из 5 комнат. В здании обнаружена чуречная печь (тунур), остатки кана (обогревательная система). Здание носило следы разграбления и сожжения, что, очевидно, произошло в 1580 г. Из найденного в процессе раскопок инвентаря наиболее интересным являются: обломов горловины стеклянного сосуда с золоченой арабской надписью «благородство», расположенной по шейке сосуда, костяной полое от саней, обломки двух бронзовых зеркал с рельефом, фрагмент керамической чашки с ручкой (внутренняя сторона покрыта голубой, а наружная синей поливой, на синей поливе орнамент из шестиконечных звезд, обведенных золотом, а на руч-

ке – квадрат из золотых и коричневых ободков), глиняные копилки в виде репы, сфероконический сосуд. Среди монетных находок 11 монет времен Узбек-хана и Хизр-хана (середина и вторая половина XIV в.). *Весь материал находится в Саратовском областном музее*», - деп жазылғанына [23, С.127.] назар аударған И.В. Синицын қазақстандық ғалымдарға хат жазады. Жауап хатта: «На днях ознакомился выпуск №1 археологический серии Известий АН КазССР. Хочется для сведения внести поправку в статье А.Х. Маргулана и Е.И. Агеевой приводятся сведения о раскопках в Гурьевской области в 1937 году. Развалин Золотоордынская городища Сарайчик и указано, что «весь материал находится в Саратовским областном музее» (стр.127). Это не верно. Мне хорошо известно, что вес материал поступил, после его обработки (бывший научный сотрудник Саратовского обл, музея Арзютовым) в Гурьевский областной музей, где он повидиму храниться до сих пор», - деген жолдардан байқауымызға болады [24, 207 п.]. Сарайшық қаласы туралы ізденістер алда одан әрі жалғасады деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Ресей Ғылым Академиясының архиві (РҒАА) 1899 қ., «Толстов Сергей Павлович», 1 т., 86 іс

2 Сарайшық бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер / Құр. Ж.К. Жұмабаева, М.Қ. Кипиев / Ғыл. ред. Ж.К. Жұмабаева. - Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. – 224 б.

3 Ахметова Ұ.Т. Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы. – Алматы: «Арыс баспасы», 2013. - 320 б.

4 Кастанье И.А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2007. -516 с.

5 Akhmetova U., Muktar A., Nurmanova A., 2016 - Akhmetova U., Muktar A., Nurmanova A. The Historical and Ethnographical Research on Kazakhstan done by Foreign Scientists of XIX–XX Centuries: the Case of J.A. Castagné's Studies // Bylye Gody, 2016, Vol. 42, Is.4 pp. 1305-1314

6 Малов Н.М. Археология в Саратовском университете и Нижне-Волжском институте краеведения на переломе эпох (1920-1930-е годы) // Изв. Сарат. ун-та. Нов. сер. Сер. История. Международные отношения. 2017. – Т. 17, - Вып.3. С. 403-406.

7 Арзютов Н.К., 1928 – Арзютов Н.К. Поздние кочевники Нижнего Поволжья / Н.К. Арзютов; Сарат. гос. обл. музей. - Саратов: Типография Саризолятора, 1928. - 4 с. ил. - (Популярная б-ка / ред. серии П.С. Рыков).

8 Арзютов Н.К. Золотая Орда / Н.К. Арзютов; Нижне-Волжский краевой музей. - Саратов: Типография Саризолятора, 1930. - 10 с.: ил. - (Популярная б-чка / ред. серии П.С. Рыков).

9 Маргулан А.Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1979. –360 с.

10 Арзютов Н.К., Синицын И.В., Сущицкий В.А. 25-летие научной, педагогической и общественной деятельности П.С. Рыкова //Известия Нижневолжского Института краеведения. Саратов, 1936. – Т.7.

11 Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік архиві (БҚОМА) 432 қ., 1-т., 1 іс

12 Тасмагамбетов И., Самашев З., 2001-Тасмагамбетов И., Самашев З. Сарайчик. – Алматы: ОФ «Берг» 2001. – 320 с.

13 Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі қоры, 2008 - Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі қоры. 2008 жыл шілде-тамыз. Сарайшық қаласына жүргізілген қазба жұмыстарының есептік жазбасы. В. Викторович, К. Құдабай. 30.07.2008.

14 Арзютов Н. Отчет о раскопках, произведенных в 1937 г. На месте развалин Золотоордынского города Сарайчика // Известия Академий наук Казахской ССР. Серия археологическая.– Алма-Ата, 1949. -Вып. 2. – с. 126-134.

15 Атырау облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы, 2013 - Атырау облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы. Атырау қаласы және Махамбет ауданы. Атырау: «Ағатай» баспасы, 2013, - 302 б.

16 Малов Н.М. Археология в Саратовском университете и Нижне-Волжском институте краеведения на переломе эпох (1920-1930-е годы) // Изв. Сарат. ун-та. Нов. сер. Сер. История. Международные отношения. 2017. Т. 17, вып. 3. С. 403-406.

17 Арзютов Н.К.[сайт] url:http: //mirznanii.com /b/73v49/ arzyutov-nikolay-konstantinovich. 30.05.2018

18 Максимов Е.К. Неизвестное в биографиях П.С. Рыкова и Н.К. Арзютова // Судебная культурно-историческая область. -Саратов, 1994. С. 3-5

19 Формозов А.А. Русские археологи в период тоталитаризма: Историографические очерки. 2-е изд., доп. – М.: Знак, 2006. – 344 с.

20 Российская Единая Библиотека. Электронный каталог. Н.К.Арзютов. https://search.rsl.ru/ru/search#q=н.к.%20 Арзютов. 20.08.18

21 Ресей Ғылым Академиясы Материалдық мәдениет тарихы институты архиві (РҒА ММТИА) 2 қ., 1 т., 1937 ж., 394 іс Блокнот, 1- 22 п.

22 РҒА ММТИА 2 қ., 1 т., 1937 ж., 385 іс

23 Маргулан А.Х., Агеева Е.И. Археологические работы и находки на территории Казахской ССР (с 1926 по 1946 гг.) // Известия АН КазССР. Серия археология. - 1948. - Вып.1. - С. 124 –135

24 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым Комитетінің «Ғылым Ордасы» архиві (ҚР ҒЖБМ ҒК ҒОА), 11-қ., 1 т., 1 т., 557 іс

3.2 Ә. Марғұлан және Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының жұмыстары

Хорезм экспедициясының жұмыстары КСРО-дағы ғылыми зерттеулерге оң ықпал жасады. Оның алғашқы зерттеу нәтижелері көптің қызығушылығын туғызды. Экспедиция мүшелерімен Ә. Марғұлан Ленинград қаласынан аспирантурада оқыған, еңбек еткен жылдардан таныс еді.

Осы кезеңде ортағасырлық Сарайшық тарихына Ә. Марғұлан қызығушылық таныта бастады. Ол алдымен, Алтын орда, Сарайшық тарихына «Хандар жарлығының тарихи маңызы» (1943), «Қазақ халқының эпикалық жыр дастандары» (1945) тақырыбында қорғаған кандидаттық, докторлық диссертацияларын дайындау барысында келді. Оның Сарайшыққа тікелей қатысы бар «Ер Тарғын», «Едіге» жырларын етене зерттеуі басты рол атқарды. Дегенмен бұл жылдары КСРО көлемінде Алтын орда тарихына, эпостық жырларға, ондағы Едіге биге қатысты теріс көзқарас қалыптаса бастады. Ол 1944 жылдың тамызында Москвада бүкілодақтық коммунистік партия орталық комитетінің «Татар партия ұйымындағы жаппай саяси және идеологиялық жұмысты жақсарту шаралары» (Постановление ЦК ВКП(б) «О состоянии и мерах улучшения массово-политической и идеологической работы в Татарской партийной организации» от 9 августа 1944 г.) атты қаулысынан соң ерекше күшейді. Қаулыда тарих туралы жазылған еңбектерде «ұлттық сипаттағы кемшіліктер мен қателіктер» (Алтынорданың рөлін асыра көрсету, Идегей [Едіге атының татар тіліндегі нұсқасы] туралы хандық-феодалдық эпосты насихаттау) 7. Предложить Татарскому обкому ВКП(б) организовать научную разработку истории Татарии, устранить допущенные отдельными историками и литераторами серьезные недостатки и ошибки националистического характера в освещении истории Татарии (приукрашивание Золотой Орды, популяризация ханско-феодального эпоса об Идегее)) баса көрсетілген. Бір жылдан соң қазан айында Қазақстанға тексеріске келген топ бүкілодақтық коммунистік партия орталық комитетінің хатшысы Г. Маленковке жолдаған хатында тарих пен әдебиет тақырыбында жазылған еңбектерде «кемшіліктер мен қателіктер» кездесетінін жазады. Хатта «Қазақтың бірқатар тарихшылары мен әдебиеттанушылары Алтынорда мен Едігенің рөлін асыра бағалайды. 1944 жылы Ғылым академиясының қазақ бөлімі дайындаған «Тарихи жинақта» шыққан

жолдас Марғұланның «Ер Едіге» мақаласында «Едіге – Алтынорда дәуіріндегі ең ерекше тұлғалардың бірі. Едіге бүкіл өмірін Отанына арнаған. Сондықтан оның есімі қанша ғасыр өтсе де, ұмытылмай келеді» деген жолдар кездеседі» делінген [1]. Осылайша, жоғарыдағы қаулы шешімін қуаттай отыра ұлттық тарих ғылымына соққы жасалды.

1946 жылы ҚазКСР ҒА шешімімен төменгі палеолит ескерткіштерінен бастап ортағасырлық қалалар өркениеті ошақтарын зерттейтін Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы құрылып, басшылығына Ә. Марғұлан тағайындалады. КСРО-ң белді ғалымдары академиктер - В.В. Бартольд, С.Ф. Ольденбург, А.Н. Самойлович, В.В. Струве, И.И. Мещанинов, профессорлар - С.Е. Малов, В.М. Жирмунский, Е.Э, Бертельс, С.И. Руденко Ә. Марғұланның ұстаздары еді [2, 79-80 б.].

Атақты КСРО ғалымдары қазақ ғалымын 1926 жылы КСРО ҒА Қазақстандық экспедициясының антропологиялық бөлімінде аудармашы, әрі тәжірибе жинаушы, 1931-1934 жылдары Материалдық Мәдениет тарихы мемлекеттік академиясының аспиранты болған кезеңінен жақсы білетін [3, 1-7 п.].

Жаңа құрылған экспедицияның басты мақсаты Орталық Қазақстанда жоспарланған табиғат байлықтарын игеру мен жүргізілетін ірі құрылыстар алдындағы зерттеу болатын. Ә. Марғұлан 1946 жылы жасаған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының жоспарында: «Экспедиция ставит своей целью изучение памятников старины Центрального Казахстана, выявление новых археологических материалов, проливающих свет на чередование оседлой икочевой культуры в степях древнего Казахстана. Одной их основных задач экспедиции является выявление и сбор материалов, относящихсяк истории культуры и искусств древнего Казахстана, в частности сбор фрагментов древней архитектуры, скульптуры, декоративного искусства (росписи, фрески), а также памятников древней письменности (петроглифы, тамги, надписи и т. д.)», ал осы мақсатты орында бағытында: « 7. Раскопка мавзолеев Алаша-Хана и Джучи-Хана (район рек Кара-Кенгир и Сары-Кенгир); 8. Раскопка развалин древнего мавзолея Сырлы-Там (на озере Шубар-Тенгиз); 9. Обследование группы мавзолеев и развалин городов в районе Улутау, Арганаты на реках Тургай, Терис-Ак-кан. Разведка» деп анықтайды [4, С.52].

Ә. Марғұлан жұмыс жоспарына жасаған түсіндірме жазбасында 1940-1950 жылдар аралығында археологиялық зерттелуі тиіс тұс-

тарын: «Наиболее важную археологическую проблему в четвертой пятилетке составляет изучение раз-валин древних городов и архитектурных памятников южного и центрального Казахстана, большинство которых, в связи с новостройками, находится под угрозой разрушения и уничтожения. На учете сектора археологии имеется свыше ста названий древних городов и городищ, среди которых наиболее значительными являются древнеогузские города на Сыр-Дарье (Жанкент, Дженд, Отрар, Сауран, Огуз, Джеты-Асар и другие древне-кипчакские города), Центрального и Южного Казахстана (Сыгнак, Белен-Ана, Жубан-Ана, Ботагай, Конг, Тоганас), города бассейнов рек Таласа и Чу (Талас, Тюймекент, Кумкент, Актобе, Кулан, Кеншат и др.) и наконец города древнего Семиречья (Или-Балык, Еки-Огуз (Экво по Рубруку), Кыялык, Алмалык, Алмату, Талгар, Ак-Курган, Кастек, Урдакент, Каргалы идр.). Археологические раскопки развалин этих городов в течении двух-трех пятилеток должны обогатить наши музеи новыми и весьма ценными экспонатами, в то же время являющимися исключительно редкими материалами, проливающими новый свет на историческое прошлое казахского народа» деп көрсетеді [4, С.54].

Марғұлантанушы Ә. Манапова: «Орталық Қазақстандағы археологиялық барлау» деген мақаласында Ә.Х. Марғұлан 1946 жылғы экспедиция жұмысы алдағы жылдарда жүргізілетін түбегейлі зерттеулердің басы ғана деп атап өтті. Экспедицияның міндеті жойылудың алдында тұрған ескерткіштерді, ежелгі көш жолы ауданындағы отырықшы мәдениеттің таралуын анықтау болды» анықтай түседі [5, 50-63 б.]. Экспедиция Ұлы даладағы керуен жолдарды, соның ішінде батыс аймақтағы экономикалық байланыс жолдарын анықтауға да бағыт алады.

Бұл жылдары Ә. Марғұлан бастаған археологтартың басты міндеттерінің бірі Қазақстанның археологиялық картасын құрау болатын. Картаны дайындауға кіші ғылыми қызметкерлер Е.И. Агеева, А.Г. Максимова және Т.И. Сенигова қатынасқан. Картаны аяқтау мерзімі 1950 жылдың желтоқсан айы белгіленген. Карта мақсаты Қазақстан территориясындағы көне дәуір тарихы мәдени ескерткіштерінің орналасқан шекараларын нақтылап, белгілеу деп анықталады [6, 12 п.].

1950 жылы институттағы археологиялық сектор қызметкерлері археологиялық карта бойынша және археологиялық экспедицияларға дайындалып, далалық барлау ізденістерін 2 бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Осылайша 1949 жылы басталған институт

жоспарына енгізілген «Қазақстанның археологиялық картасын жасау» жұмысы жалғасын табады [7, 1 п.].

Жыл ішінде карта бойынша сектор қызметкерлері ғылыми әдебиеттерді шолу арқылы және археологиялық зерттеулер негізінде облыстардағы, соның ішінде Батыс Қазақстан, Гурьев облыстарындағы материалдық мәдениет ескерткіштерін есепке алып, 800 ғылыми карточкасын жасайды [7, 1 п.].

Археологиялық карта жасау қарсаңында ортағасырлық Сарайшықты зерттеу ісі де КСРО көлемінде қолдау табады. 1949 жылы 1 желтоқсанда КСРО ҒА Н.Я. Марр атындағы Материалдық Мәдениеті Тарих институтының директоры орынбасары А.П. Окладников ҚазКСР ҒА Тарих, археология және этнография институтының директоры С.Н. Покровскийге Орта Азия археологиясын бірлесе зерттеу туралы ұсыныс жасайды [8, 211 п.]. Кейін КСРО ҒА-ның Орта Азия Материалдық мәдениет тарихы институтының Ленинград бөлімшесі (ЛОИИМК) секторы мен Тарих, археология және этнография институтының қола ерте темір дәуірі секторларының біріккен мәжілісі өтеді. Мәжілісте С.С. Черников 1950 жылғы Қазақстандағы археологиялық жұмыстардың жоспары туралы сөйлеп, ортағасырлық Сарайшыққа экспедиция ұйымдастыру туралы шешім қабылданады және экспедиция жетекшілігіне Ә. Марғұлан бекітіледі [9, 212 п.].

Сарайшықты зерттеу Орталық Қазақстан экспедициясы тарапынан көтерілген. Орталық Қазақстан экспедициясының жұмыс жоспарында «1950 жылғы Орталық Қазақстан экспедициясының негізгі міндеті Орал өзенінің оң жағалауында, Гурьевтен 45 км жоғары орналасқан Сарайшық қалашығын, сондай-ақ Сарайшықтан Ұлытауға, Ырғыз (Торғай) даласы арқылы өтетін керуен жолын зерттеу мәселесі болып табылады. Сондықтан экспедиция уақытша «Сарайшық-Ұлытау» деп аталады деп анық жазылады [9, 215 п.]. «Сарайшық-Ұлытау» экспедициясы туралы Әлкей Хақанұлы: «Сарайшық қалашығы - Қазақстан аумағындағы ең маңызды археологиялық нысандардың бірі. Оны зерттеу, бұрыннан келе жатқан мәселе ретінде, бірнеше рет КСРО ҒА мекемелерінде және соңғы рет 1949 жылғы 26 қарашадағы КСРО ҒА Материалдық мәдениет тарихы институты отырыстарында талқыланды. Сарайшық қалашығын жедел зерттеу екі мәселеге байланысты:

1. Қалашықтың уақтылы топографиялық көрінісін сызып алу қажеттілігі қазірде күн тәртібінде тұр, ең құнды тарихи ескерткіштерді

картаға түсіру аса маңызды, өйткені, қалашық орнын Жайық өзенімен шайып кетуі салдарынан толық жойылу қаупі бар.

2. Сарайшық мәдениетін және Ұлытау ауданының ескерткіштерін бір уақытта дамыған және ұқсас сәттері бар, сондықтан салыстырмалы түрде зерттеу қажет. Осы маңызды міндеттерді қоя отырып, экспедиция 1950 жылдың жазғы маусымында (маусым, шілде, тамыз) келесі жұмыстарды жүргізуге ниетті:

1. Ежелгі Сарайшық қаласының орналасқан жерін топографиялық түсіріліммен анықтау;

2. Қалашық айналасындағы ескерткіштерді толық қамти отыра, қалашық жоспары мен профилін аспаптармен түсіру;

3. Қазба жұмыстары стратиграфиясын алдын-ала анықтау, қала жоспарын анықтау үшін маңызды делінген аумағына шурфтар салу және қазба жұмыстарын жүргізу арқылы қаланың орналасуын анықтау;

4. Сарайшық қаласымен байланысты қалашық кешендерді Жайық өзені бойымен барлау жүргізу;

5. СарайшықтанЕмбі (Жем) өзеніне дейінгі ежелгі керуен жолы бойымен барлау; Керуен сарайларының, көпірлердің, феодалдық қорғандардың, сәулет құрылыстарының және басқаларының қалдық жәдігерлерін анықтау («Байтақ», «Таскешу», «Бохаш-Әулие», «Үшқиян» қалашығы және басқалары);

6. Сарайшықтан Ұлытауға дейінгіEmbi, Шалқар, Ырғыз, Торғайдың төменгі ағысына дейінгі басқа да керуен жолдармен (Балғасұнның, мешіттердің, Қызылтамның, Мықтан үйінің, Ырғыз өңірі бойынша, Қара-Жар, Науша, Қызыл-Қорған-Торғайдың төменгі ағысында) кеңейтілген барлау жұмыстарын жүргізу деп жазады [9, 215, 216 п.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Әлкей Марғұлан және совет билігінің қыспағы // https://www.azattyq.org › ka... 28 тамыз 2019 жыл

2 Ысмаилов Е. Ғасырлар сыры // Ғұлама. Тұлға. Тағдыр. Тағылым. (Әлкей Марғұлан туралы естелік мақалалар, деректі әңгімелер, очерктер, өлең-арнаулар). - Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2004. - 254 с.

3 Ресей Ғылым Академиясы Материалдық мәдениет тарихы институтының архиві (РҒА ММТИА) 2 қ., 5 т., 204 іс, Маргуланов Алькей

4 Бейсенов А.З., Джумабекова Г.С., Базарбаева Г.А. Путь к изучению древностей центра страны: история создания первой археологической экспедиции Казахской Академии наук // Археологическое наследие Центрального Казахстана: изучение и сохранение. Сборник научных статей, посвященный

70-летию организации Центрально-Казахстанской археологической экспедиции Академии наук Казахстана. – Алматы: Научно-исследовательский истории и археологии «Бегазы-Тасмола», 2017. – Т.1. – 252 с.

5 Манапова Ә.М. Ә.Х. Марғұлан еңбектеріндегі керуен жолдары // Қазақстан археологиясы. - 2021. -№ 4. -50-63 б.

6 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ғылым Ордасы архиві (ҚР ҒЖБМ ҒК ҒОА) 11 қ. , 1 т., 67 іс.

7 ҚР ҒЖБМ ҒК ҒОА 11 қ.,1 т., 68 іс

8 ҚР ҒЖБМ ҒК ҒОА 11 қ.,1 т., 556 іс

9 ҚР ҒЖБМ ҒК ҒОА 11 қ.,1 т., 557 іс

3.3 Хорезм экспедициясының 1950 жылғы Сарайшықтағы зерттеулері

1950 жылы С.П. Толстов экспедициясы алғаш рет Сарайшыққа барлау жұмыстарын ұйымдастырды. Барлаудың басты мақсаты Хорезм – Еділ аймағы аралығындағы көне керуен жолдарындағы археологиялық ескерткіштер маршруттары бойын зерттеу деп анықталды. Арнайы 16 адамнан тұратын топқа жетекші болып Хорезм экспедициясы жетекшісінің орынбасары М.А.Орлов бекітіледі. Құрамына ғылыми қызметкерлер Н.Н. Вактурская, О.А. Вишневская, Ю.А. Рапопорт, А.Г. Тургенев-Амитиров, Р.Л. Садоков, Л.С. Толстова, архитектор А.А. Сипко, фотограф Г.А. Аргиропуло, көлік жүргізушілер Н.С. Горин, Р.Г. Рофин және басқалар енгізіледі [1, 32 п.].

Хорезм экспедициясы мүшелері 1950 жылы 6 шілдеде Орал қаласынан шығып, 7 шілдеде Сарайшыққа келеді. Архивте сақталған күнделіктерде Н.Н. Вактурская: «Целью маршрута было выяснить время возросших сооружении на караванных путях - колодцы, караван сараев, исходя из этого маршрута был следующим. От Уральска . до Гурьева где можно переправится через Урал. И поднявшись по левому берегу р. Урал до Сарайчика...

07.07.1950 г. Сарайчике собран подьемный материал.

09.07. Макат. Отсюда ездили к колхозам Бляулы. По рассказам местного населенеия эта развалины Бляулы местом поселения русских разведки (геологов?).

10.07. На берегу р. Сагиз метрах в 200 от реки развалины крепости Тас-кешу. Постройка с внутренным двором. Во дворе были заложены шурф. Культурный слой около 25 см. Глубины содержал обломок кир-

пичей (обоженные). Найдена также бусина ... Такая же бусина собрана на городище Сарайчик.

12.07. К вечеру приехали в Ушкан. Осмотрели кладбище... Шуруф. О развалинах местные жители рассказывают что здесь когда-то был город. Около города была большая вода, и в городе жил богатый татарин. Подьемная керамика и Шемахалинской монгольской времени» деп [2, 1-11 п.], В.Д. Берестов 7-22 шілде аралығында Сарайшық пен Білеулі аралығын шолып, Сарайшық құландыларын алтынордалық, Таскешу керуен сарайы өлшемін 40х36 ш.м., кейін 28 шілдеде Шұрықтан 40 шақырым жердегі Белеулідегі қызыл кірпіштерді шамамен 32х32 ш.м. керуен сарайдың ізі екенін жазады [3, 1-8 п.].

Кейін М.А. Орлов барлау экспедициясының қысқаша есебін және «Средневековая караванная дорога из Хорезма к Поволжью» атты мақаласын дайындайды. М.А. Орлов есебінде: «7-го числа провели кратковременное обследование развалин Сарайчик. Территория городища с современным населенным пунктом, но распространяется несколько севернее... Нами был обследован участок обрыва к северу от современного поселка. Здесь в обрыве нами обнаружены остатки нескольких крупных печей из обожженного кирпичей, керамические трубы служащие дымоходом, выходы кладки отдельных стен. Обрывом раскрыто большое количество кирпичных сводчатых захоронений. Высокий берег реки обильно засыпан слоем обожженного кирпича. Собраны подъемные материалы – керамика характера абсолютным сходством с керамикой Шемахи» деп ескерткішті сипаттайды [1, 32 п.].

Экспедиция басшысы барлау соңында: «Думаю, что несмотря на ..... работ в результате маршрута можно считать установленным домонгольское происхождение караванной дороги. Более того мне кажется не случайно то, что нам не удалось обнаружить караван-сарай как на участке между Тас-Кичу и Сарайчиком так и в Сарайчике в сторону Сараев. Предполагаю, что собственно Хорезмская дорога от Тас-Кичу была направлена севернее по линии аналогичный пути следования Ибн-Фадлана. Предполагаю, что в золотоордынское время был использован и соответствующим образом поддерживался участок дороги обеспечивающей линию Куня-Ургенч – Тас-Кичу – Сарайчик – Сарай» деп қорытады [1, 38 п.]. Барлау экспедициясы Үргеніш – Сарай қалалары аралығындағы керуен жолдары алтынордалық кезеңге дейін болған, ал алтынордалықтар сол жолдарды пайдаланған деген тұжырымға келеді.

Хорезм экспедициясы Үстірт арқылы Хорезм – Еділ аймағы аралығындағы керуен жолдарды барлауды 1946 жылы авиасамолетпен бастаған. Авиа барлау Көне Үргенішпен және керуен жолындағы құдықтар үсімен жасалған. Самолет Белеулі керуен сарайы маңына қонған [1, 79-80 п.].

М.А. Орлов Сарайшық арқылы өтетін керуен жолдарына айырықша назар аударады. Бірақ Сарайшықтан Еділ бойларына қарай 50 км, Сарайшықтан Таскешуге қарай 50 км, барлығы 100 км аралықтан керуен сарай кездестіре алмайды. Дегенмен ол қала орнынан табылған жәдігерлерді салыстырып: «Обилие фрагментов всевозможных керамических изделии дает богатый материал для определения эпохи существования городища. Прежде всего бросается в глаза абсолютное сходство поливной керамики Сарайчика с керамикой хорошо известного или памятника кануна Монгольского нашествия и времени Золотой орды – Шемаха-кала в районе Куня-Ургенча. Сходство керамики настолько велико, что фрагменты некоторых сосудов невозможно отличить от аналогичных сосудов и Шемаха-кала. Этот тип керамики, именуемый обычно монгольским связывает Сарайчик как с Золотординскими Сараями одной стороны, так и с Куня-Ургенчем... Хорезм не только определил стиль, но и оставался основным поставщиком керамических изделии и мастеров Золотой Орды. Вместе с тем, на территории Сарайчика собрано нами большое количество керамики исконно Хорезмийского типа, датируемой XI-XII веками... Анализ керамического маериала позволяет с уверенностью подтвердить ранее высказанное предложение в о более древнем, чем времена монголов, происхождении Сарайчика. А самый характер материала свидетельствует о тесных связях Сарайчика с Хорезмом, для которого он мог стать военно-торговой колонией еще в эпоху раннего средневековья, а именно в XI-XII веках накануне Монгольского нашествия» деген қорытынды жасайды [1, 15, 84 п.]. Мұндай тұжырымға ғалым өзге керуен сарайлардың, соның ішінде Белеулі керуен сарайы орнынан табылған материалдарды салыстыру арқылы келеді.

1951 жылы 10 сәуірде КСРО ҒА Тарих және философия бөлімінің кезекті отырысында С.П. Толстовтың «Хорезмская экспедиция 1950 г.» атты баяндамасы тыңдалады. Экспедиция басшысы осы жылғы ғылыми-зерттеу нәтижелерін баяндай келе: «Говоря короче, и конкретнее, работы наши этого года разделились на три части. В начале и в конце экпедиции нами были проведены два разведочных маршрута.

Первым из них был маршрут от низовьев реки Урала, через плоскогорие Усть-Урт до Хорезма по старым караванным дорогам раннего средневековья. Впервые эта караванная дорога была нами открыта уже в 1946 г. во время авиаразведки юго-восточного угла Усть-Урта. Но мы тогда проследили ее только на несколько десятков километров. В этом году отряд нашей экспедиции под руководством М.А. Орлова прошел всю эту дорогу, обследовал многочисленные развалины ранних средневековых караван сараев, которыми эта дорога была отмечена. Пожалуй, самым интересным из итогов этого маршраута явилось обследование расположенного в низовьях р. Урала городища Сарайчик. Это городище упоминается в источниках монгольского периода. И ни у кого не было сомнения, что это именно было городище монгольское, золотоордынское. Однако, обследование прошлого года показало. Что нижний слой городища Сарайчик является домонгольским и что по характеру материала, оно ничем существенно не отличается от хорезмских памятников XI в. нашей эры. Другими словами, у нас есть теперь все основания считать, что название Сарайчик, присвоенное этому памятнику, не является его начальным названием. Так город-крепость построен в XI в., а, может быть, и в X в. Несомненно хорезмскими колонистами на нижнем Урале, на пути в Нижнее Поволжье. Таким образом, те выводы, к которым привели нас материалы предшествуюших лет, выводы о той крупной роли, которую Хорезм играл в исторических событях раннего средневековья на нижнем и среднем Повольже, подкрепляются новыми данными, получают новый серезный аргумент» деп М.А. Орлов тұжырымын бекіте түседі [4, 3-4 п.].

С.П. Толстовтың Сарайшық туралы тың қорытындылары М.П. Орловтың 1,5 баспа табақтан тұратын «О разведках караванного пути из Хорезма в Повольже (по работам 1950 года)» мақаласымен үндесті [4, 7-8 п.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Ресей Ғылым Академиясы Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы Этнология, антропология институты архиві (РҒА ЭАИА) 142 қ., 2 т., 15 іс, 32 п.

2 РҒА ЭАИА 142 қ., 2 т., 1950 ж., 35 іс

3 РҒА ЭАИА 142 қ., 2 т., 1950 ж., 37 іс

4 Ресей Ғылым Академиясы архиві (РҒАА) 457 қ., 1 т., 196 іс, 1-36 п.

3.4 Ә. Марғұланның Сарайшық – Ұлытау далалық барлау экспедициясы – Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы

1950 жылдың 7-8 шілдедегі Хорезм экспедициясының Сарайшықтағы барлау жұмыстарынан соң Ә. Марғұлан экспедициясы Сарайшыққа бағыт алды. Ә. Марғұлан бастаған 1950 жылғы экспедиция бастапқыда «Сарайшық-Ұлытау» ғылыми археологиялық барлау экспедициясы деген атаумен ғылыми айналымға енді. Атау археологиялық есептерде көрініс табады. Экспедиция мақсаты XIII-XIY ғасырлардағы қыпшақтардың материалдық мәдениеті мен әлеуметтік жүйесін зерттеу деп көрсетіледі. Экспедиция мақсаты Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы жұмыс жоспарымен үндескен. Өйткені Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы Сарайшықтан Ұлытауға Ырғыз (Торғай) даласы арқылы өткен керуен жолының бағыттарын анықтау міндетін қойғанды [1, 13 п.]. Осы құжаттармен танысқан тарихшы Ұ. Ахметова: «Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы барысында Жошы хан кесенесін зерттеген Ә. Марғұлан Жошы Ұлысының кіші астанасы болған Сарайшықпен Ұлытаудың өзара саяси-экономикалық байланысына маңыз берген. Оның үстіне қазірге дейінгі зерттеуімізден белгілі болғандай, Ұлы Жібек жолы бойындағы көне Үргеніштен Сарайшыққа дейінгі шыққан керуен жолы үш тармаққа бөлінгенін анықтасақ, ал бұл төртінші тармақты Әлкей Хақанұлы Сарайшық-Ұлытау керуен жолы тармағына археологиялық далалық барлау экспедициясы зерттеулерін жүргізгенін көреміз» деп қорытады [2, 24 п.].



Әлкей Марғұлан Сарайшықта. Атырау облыстық тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы қоры фотосы

Сарайшық-Ұлытау экспедициясы құрамына 5 адам - жетекші, 2 ғылыми, 2 ғылыми-техникалық қызметкер енгізілген. Экспедиция 1950 жылдың маусымы мен шілдесі аралығында жұмыс жасаған. Мақсаты аталған жылда Сарайшықтың орналасқан жерін топографиялық анықтау, Жайық өзені мен ежелгі керуен жолдарына барлау, қалашықтың орналасуы мен стратиграфиясын анықтау мақсатында қала шегінде алдын-ала қазба жұмыстарын жүргізу [1,13 п.].

Ә. Марғұлан экспедиция барысында Сарайшық қаласын және Сарайшық-Ұлытау керуен со-



Жайық жағлауындағы қазба жұмыстары (2 сурет). Атырау облыстық тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы қоры фотосы

рабын Ұлытаудағы зерттеулерімен салыстыра зерттеуді ұштастырады. Уақыт өте Сарайшық – Ұлытау далалық барлау экспедициясы атауы Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы болып өзгереді.

1950 жылғы Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы Сталиндік сыйлықтың лауреаты, профессор С.П. Толстов басқаратын КСРО Ғылым Академиясының Этнография институты ұйымдастырған Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясымен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Экспедиция төмендегідей мәселелерді шешуді алға қойған:

1) Ежелгі Сарайшық қаласының орналасқан жерін топографиялық анықтау;

2) Алтын Орданың экономикалық тарихындағы Сарайшық қаласының орнын анықтау;

3) Ұлытау ауданының археологиялық ескерткіштерін Сарайшық қаласының мәдени қабаттарымен салыстырмалы зерттеу;

4) Жайық өзені бойын барлау және Сарайшық қаласымен байланысты қалашықтардың кешендерін анықтау;

5) Сарайшық қаласынан шыққан ежелгі керуен жолдарын анықтау үшін Ембі өзені бойына барлау жүргізу;

Экспедиция солтүстік бағыт бойынша Жезқазған, Торғай даласы, Шалқар темір жол станциясы арқылы темір жол бойымен осы бағыт бойынша барлау жүргізіп, Торғай өзенінің аңғарында материалдық мәдениет ескерткіштері тіркеген. Ол Оғыз мәдениетіне жататын тас жәшіктері бар қабірлер (YI-YIII вв.) деп анықталады [3, 21 п.].

Жайық жағлауындағы қазба жұмыстары (2 сурет). Атырау облыстық тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы қоры фотосы.

Экспедиция мүшесі Т. Сенигова өз есебінде «Қазақстанның археологиялық картасына материалдық мәдениет ескерткішінің 310 карточка ғылыми сипаттамасын құрағанын атап өтеді [3, 37 п.]. Ал археология секторының кіші ғылыми қызметкері А.Г. Максимованың 1950 жылғы атқарған жұмыстары туралы есебінде жоспардан тыс «...1950 жылғы Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының камералды өңдеу жұмыстарымен айналысқанын, инвентарлық тізім, материалдық мәдениет ескерткіштерін тазалау және сүйек материалдарын анықтау жұмыстарымен шұғылданғанын», - деп атап өтеді [3, 41 п.]. Археология секторының лаборанты Л.В. Агапова есебінде Хорезм экспедициясына арнап 2 альбом жасағанын және Ә. Марғұлан бастаған Сарайшық – Ұлытау далалық барлау экспедициясы материалдарын өңдегенін жазады [3, 43 п.].

Ә. Марғұлан 1950 жылы қыркүйек айында Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнология институтының Ғылыми кеңесінде «Научный отчет о работе Западно-Казахстанской экспедиции 1950 года» атты баяндама жасайды [3, 46 п.]. Экспедицияның орынбасары ретінде Тарих, археология және этнология институтының ғылыми қызметкері Г.И. Пацевич те есебін тапсырады [3, 54 п.].

Экпедиция мүшелері жұмыс барысында белді ғалымдармен байланыста болған. Мәселен, Тарих, археология және этнография институты қызметкері Т. Сенигова 1950 жылдың 10 қазанында Ташкенттегі белгілі ғалым, археолог М.Е. Массонға хат жолдап, Археология секторында баспаға институттың ІҮ басылымы журналы даярланып жатқанын хабарлайды. Хатта: «Ә. Марғұлан экспедициясынан табылған нумизматикалық коллекцияны оқып, мақала даярлаймын деген болатынсыз. Егер мүмкіншілігіңіз болса даярлап, 7 қарашаға дейін мақалаңызды жіберсеңіз»,- деген өтініш жолданады [3, 77 п.].1950 жылы 18 қарашада М.Е. Массон: «... 10.10.1950 жылы жазған хатыңызды алдым.... Жақын арада Ә.Х. Марғұланның экспедициясы кезеңінде табылған жерленген қорғандардан қазылған монеталарды дереу оқып, қайыра жіберемін....», - деп жауап қайтарады [3, 76 п.].

Экспедиция мүшелері алдын ала 1937 жылғы Сарайшықтағы археологиялық қазба жетекшісі Н.К. Арзютовтың құжаттарын да іздестірген.

Ә.Х. Марғұлан мен Е.И. Агеева 1948 жылы «Археологические работы и находки на территории Казахской ССР (с 1926 по 1946 гг.)»

мақаласында (Известия АН КазССР. Серия археология. - 1948. - Вып. 1.) Н.К. Арзютов қазбасына, одан табылған жәдігерлер тарихына назар аударғаны байқалады. Мақаламен танысқан Саратовтық И.В. Синицыннің қазақстандық ғалымдарға жолдаған хаты қызықты. Хатта: «На днях ознакомился выпуск №1 археологический серии Известий АН КазССР. Хочется для сведения внести поправку в статье А.Х. Маргулана и Б.И. Агеевой приводятся сведения о раскопках в Гурьевской области в 1937 году. Развалин Золотоордынская городища Сарайчик и указано, что «весь материал находится в Саратовским областном музее» (стр.127). Это не верно. Мне хорошо известно, что вес материал поступил, после его обработки (бывший научный сотрудник Саратовского обл, музея Арзютовым) в Гурьевский областной музей, где он повидиму храниться до сих пор» деген жолдардан байқауымызға болады [3, 207 п.].

1950 жылғы Сарайшықтағы қазбадан соң Ә. Марғұлан экспедицияның жұмыс нәтижелерін:

1. Ежелгі Сарайшық қаласының топографиялық келбеті мен стратиграфиясын белгілеп, қалашықтың егжей-тегжейлі топографиялық жоспарын жасады;

2. Алғаш рет қалашықтың стратиграфиялық сыбасы түсіріліп, қалашықтың мәдени қабаттары анықталды, Сарайшықтың мәдени өмірінің ерте кезеңдерінің дамуын сипаттауға мүмкіндік жасалды;

3. Экспедиция маңызды керуен жолдарының қиылысында орналасқан Дешті Қыпшақтың ірі саяси, сауда орталықтарының бірі - Сарайшық қаласының келбетін бекітті.

4. 500 жыл бойы Сарайшықтың мәдениетін, экономикасын және тарихын сипаттайтын үлкен нақты материалдар жинақталды;

5. Экспедицияның маңызды нәтижелерінің бірі алғаш рет Сарайшық қаласынан Үргеніш қаласына, Торғай және Ұлытау далаларына дейінгі ежелгі керуен жолдарының іздері анықталды» деп көрсетеді [4, 15 п.].

Оларға қоса экспедиция мүшелері Сағыз өзені, Жем, Хобда, Темір өзендері маңы бассейнінен және өзге де елді аймақтар маңынан қиранды тұрақтар мен көне керуен – сарайлардың орнын ашқан [4, 16 п.]. Осы зерттеулер нәтижесінде Әлкей Хақанұлының 1950 жылы баспадан шығатын еңбектер қатарында «Из истории городов и строительного исскусства древнего Казахстана» атты 7,7 баспа табақтан тұратын ғылыми еңбекті шығару институт жоспарына енгізіледі [4, 21 п.].

1950 жылғы Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы нәтижелері ғылыми ортаның заңды қызығушылығын туғызды. Оған ғылым жолына келіп жатқан студенттерде назар аударды. Мәселен, Москва университетінің студенті Р. Садоков: «Глубокоуважаемый Алькей Хаканович! Вам пишет студент Московского университета дипломник Сергея Павловича Толстова - Садоков Рюрик. В этом году я кончаю университет по кафедре археологии Средней Азии. Тема моей работы «Уст-Уртский караванный путь к Хорезма и Поволжью». Вам вероятно, знаком маршрут Хорезмской экспедиций 1950 г. от Сарайчика на Урале до Куня-Ургенча. Именно по поводу наших разведок и раскопок Сарайчик под Вашими руководством, я и позволил себе обратиться к Вам. Работая над материалами Сарайчика, я имел отчет С.П. Толстова об этом маршруте, в котором (Сарайчике) он обнаружил домонгольской слой X-XI вв. Возникшие у меня возражение по этому поводу, естественно, привели к Вам и результатом Ваших раскопок в Сарайчике в 1950 год. Мне бы очень хотелось получить помощь Вашу и участие в моей работе задачей который этого настоятельно требует – Если можно, сообща. Ваше мнение и какие либо данные относительно стратиграфики, хронологии и материального памятника (особенно первое) - которые будут весьма ценны для моего первого археологического шага» деп жазады [5, 11, 1п.].

1951 жылы КСРО көлемінде өткізілген археологиялық жиында Ә. Марғұлан 1950 жылғы Сарайшықтағы археологиялық зерттеулері туралы «Раскопки Сарайчика» баяндамасын жасады. Осы жиында ғалым С.П. Толстовтың жоғарыдағы пікірлерімен келісе отыра: «По предварительным данным раскопок в культурных отложениях Сарайчика прослеживаются наслоения трех периодов: а) домонгольского (XI-XII вв.), б) Золотоордынского (XIII-XIY вв.) и Ногайской (XY-XYI вв.), что свидетельствует о сравнительно длительной жизни города на протяжении около 500 лет», «общии комплекс найденных предметов свидетелствует о том, что культура Сарайчика была создана не сразу и не в результате завоевания монголов, а горазде раньше, до их периода» деген қорытынды жасайды [6, 6п.].

1951 жылы 24 сәуірде КСРО ҒА Материалдық мәдениет тарихы институтының Орта Азия археологиясы секциясының пленумында Ә. Марғұланның баяндамасын талқылауға қатысқан т.ғ.к. С.С. Черников: «Известно соображение проф. Толстова о том, что Сарайчик – хорезмийская колония, т.к. древнейшим слоем является печенсорс-

кий. Так что для выяснения истины тем более необходимо продолжать раскопки в Сарайчике», т.ғ.д. А.Н. Бернштам: «Я согласен с вышеуказанной Маргуланом точкой зрения о том, что на месте Сарайчика было предшествовавшее золотоордынскому времени поселения. Я склоняюсь к хорезмийскому происхождению Сарайчика» деп С.П. Толстовтың пікірін бекіте түседі [6,7п.].

Сарайшықтағы Ә. Марғұланның археологиялық қазбасынан соң ескерткіштің болашақ ғылыми зерттелуі негізделеді, әрі Сарайшықтағы қазба жұмыстарына жоғары баға беріледі. КСРО ғалымдары – т.ғ.к. С.С. Черников «Ближайшей задачей Академии наук Казахской ССР является постановка больших раскопок в Сарайчике», т.ғ.д. А.Н. Бернштам «Необходимо продолжение раскопок», т.ғ.д. М.М. Дьяконов «Если в 1950 г. работы в Сарайчике были небольшими, то последующих годах раскопками нужно заниматься в больших масштабах» деген қорытынды жасайды [6,8п.].

Сарайшықтағы археологиялық қазбадан табылған бас сүйектерді Ә. Марғұлан 1952 жылы КСРО антропологтарына табыстайды. 1955 жылы В.В. Гинзбург пен Т.А.Трофимов бас сүйектерді зерттеп, олардың моңғолдық нәсілге жататынын және Алтын Орда заманындағы Орта, Төменгі Еділ бойларынан табылған бас сүйектерге ұқсастығын анықтайды [7, 8-13 б.].

Міне осыдан бастап, 1975 жылға дейін ортағасырлық Сарайшық ғалымдар назарынан тыс қалды. Ә. Марғұлан экспедициясына қатысты қызықты ақпарат Атырау облысы тарихи өлкетану музейінің этнография және археология бөлімінің ғылыми қызметкері Қ. Құдабайдың 2008 жылғы 25 шілде – 14 тамыздағы Сарайшық экспедициясы барысындағы күнделігінде сақталған. Қ. Құдабай археолог Василий Викторовичпен дидарласқан соң, «Содан кейін әңгіміміз Ә. Марғұланның Сарайшықтағы қазба жұмысы туралы болды. Ол кісі хандарға қатты қызығушылық білдірген екен. Сол кезде табылған жәдігерлердің әлі күнге дейін толық нұсқасы жоқ екендігін айтты. Сол кездегі саясаттың кесірі дейді ол» – деп жазып қояды [8].

Осындай ортағасырлық Сарайшық бағытындағы іргелі зерттеулердің нәтижелігіне қарамастан 1940-шы жылдары Алтын орда тарихына, қазақ эпостық жырларына қарсы басталған науқан Ә. Марғұланның қазба жұмыстарынан соң қайта жанданды. Осылайша алтынордалық Сарайшықтың одан әрі ғылыми зерттелуіне тоқтау салынды.

Соған қарамастан экспедиция, Ә. Марғұланның Сарайшыққа келуі өлкеде тарихи-мәдени ескерткіштерге деген зор қызығушылықты туғызды.

1950 жылдың 12 тамызында Гурьев облысының (бүгінгі Атырау облысы) «Социалистік құрылыс» газеті «профессор А. Марғұлан «ескі қаланы зерттеу жұмысында» деген айдармен Ә. Марғұланның Жайық жағалауында қолына сфероконус ұстап терең толғанып тұрған суретін жариялады (1 сурет). Сурет астына: «Қазақ ССР Ғылым Академиясының археологиялық экспедициясы Бақсай ауданындағы (бүгінгі Махамбет ауданы) ескі Сарайшық қаласын қазып зерттеп жатыр. Экспедицияны Қазақ ССР Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті, профессор А. Марғұлан басқарады» деп жазылады [9].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ғылым Ордасы архиві (ҚР ҒЖБМ ҒК ҒОА) 11 қ., 1 т., 67 іс

2 Ахметова У.Т. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі. «Қазақстанның батыс өңіріндегі Алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасының жылдық есебі (Қорытынды есеп). – Сарайшық, 2023. -198 б.

3 ҚР ҒЖБМ ҒК ҒОА 11 қ.,1 т., 557 іс

4 ҚР ҒЖБМ ҒК ҒОА 11 қ. , 1 т., 67 іс

5 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (одан әрі – ҚР ОМА) Р 2415 қ.,1 т., 595 іс

6 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ә. Марғұлан атындағы Археология институты архиві (ҚР ҒЖБМ АИА) Инв. №763 а.;

7 Қасенов М. Академик Ә.Х. Марғұланның Сарайшықтағы зерттеулері // Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Хабаршысы. – 2011. - №4 (23). -8-13 б.

8 Атырау облысының Тарихи-өлкетану музейі архиві (АОТӨМА) Негізгі қор №1985

9 «Профессор А.Марғұлан «ескі қаланы» зерттеу жұмысында» / Социалистік құрылыс. -1950. -12 август

3.5 1950-1980-жылдардағы Сарайшықтағы барлау жұмыстары, олардың нәтижелері

Ә. Марғұланның Сарайшықтағы ғылыми зерттеулері, оның жергілікті тұрғындармен, мектеп оқушыларымен қарым-қатынасы, сөзсіз, Сарайшыққа деген көптің қызығушылығын оятты. 1950-шы жылдары ортағасырлық Сарайшыққа жергілікті өлкетанушылар назарын аударды.

1950 жылы тамыз айында Гурьев облысының облыстық баспасөз беттерінде Әлкей Хаканұлының мектеп оқушыларымен фотосы жарияланды. Осылайша мектептерде туған өлкені тану, насихаттау бағытында жұмыстар жүргізіле бастады. Өлкетанушылар мектеп оқушыларын ұйымдастырып, жаяулап ел аралау жұмыстары жандана түсті (1 сурет).



Мектеп оқушылары 1950 жылғы Сарайшық қазбасында (1 сурет). Атырау облыстық тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы қорынан алынған фотосурет

Бұл жылдары Жайық өзенін бойлай жүк таситын кемелер, оның бойындағы елді жалғайтын теплоходтар Сарайшық ауылы үстімен өтетін. Жылда Жайықтың өр суы көктемде Сарайшық ескерткішін шайып, оның ескі тұрғынжайларын, ортағасырдағы қабірлерді ашып тастайтын. Жайық жағалауы толған адам, мал сүйектері, алтынордалық керамикалар, бүтін құмыралар, ескі тиындар және өзге жәдігер-

лер болатын. Оны көрген жергілікті халық, арнайы келетін туристер т.б. оларды жинап алатын.

Гурьев облысының аудандарында мектеп оқушыларын өлкетану саяхаты барысында ортағасырлық қала ретінде Сарайшықтың орнын тамашалауды бастаған болатын. Мәселен, Мақат ауданы жастары 1949-1950 оқу жылы екінші рет саяхатқа шыққан. Олар саяхат кезінде 1600 км жүрген. Мектеп оқушылары Ескі Сарайшыққа келіп, Ә. Марғұланмен кездескен, археология барысымен танысқан [1]. Саяхат барысында Доссор мектебінің 40 оқушысы Доссор-Индер-Гурьев-Доссор маршрутымен жүрген. Сарайшыққа келген туристерге Ә. Марғұлан Сарайшық тарихы туралы дәріс оқыған [2]. (2 сурет)



Әлкей Марғұланның Сарайшықта мектеп оқушыларымен кездесуі (2 сурет). Атырау облыстық тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы қорынан алынған фотосурет

Осы кезеңде өлкетану бағытына В.К. Афанасьев өз үлесін қоса бастады.

1974 жылы 12 желтоқсанда «Прикаспийская коммуна» газетіне жариялаған мақаласында В.К. Афанасьев: «Соңғы 15 жылда Алтынордалық қалашық Сарайджугтан (Сарайчик) бай материалдар – құмы-

ралар, хум, жошылық тиындар, сәндік бұйымдар жинақталды» деп жазады [3, С.6]. Баспасөздегі осы материал атыраулық оқушылардың Ә. Марғұлан бастаған экспедицияға қатысқанын дәлелдейді.

1953 жылы Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы жалғасын тапқанымен, зерттеушілер Сарайшыққа келмеген. Экспедиция басшысы Т.Е.Сенигова А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының студенттерімен бірлесе Жаңақала ауданында, Калмыково елді мекені маңында зерттеулер жүргізіп, Төменгі Еділ мен Орта Азия аралығындағы экономикалық байланысқа назар аударады. Экспедиция мүшелерінен Сарайшықта болғанын дәлелдейтін ақпарат қалмаған.

КСРО ҒА Этнография институты директоры С.П. Толстов экспедициясы Орта Азиядағы өзге ескерткіштерді зерттеуді жалғастыра береді. Ол Хорезм экспедициясына қазақстандық ғалымдарды қатысуға шақыруды жалғастырады.

1957 жылы 29 маусымда С.П. Толстов Қазақ КСР ҒА президенті Қ.И. Сатпаевқа хат жолдайды. Хатқа Алматыдағы Тарих, археология және этнография институты директоры А. Нүсіпбеков: «Мы очень сожелеем, что наши археологи принять участие в данной экспедиции не смогут, т.к. все сотрудники отдела археологии уже давно работают в поле. Если вам нужен открытый лист, то сообщите, мы немедленно вышлем» деп жауап қайтарады [4, 61 п.]. Сонымен ортағасырлық Сарайшыққа кәсіби зерттеушілердің келуі тоқтатылды.

Бұл кезеңде В.К. Афанасьев өлкетанушылық жұмыстарын жалғастырған болатын. Зерттеушілер Д.З. Сагидуллаев, Н.С. Яранцева, пікірінше, В.К. Афанасьев 1958 жылдан бастап Сарайшыққа өзіндік зерттеулерін бастаған. Олар: «В течение несколько лет, начиная с 1958 по 1976 годы, краеведом В. Афанасьевым изучались литературные материалы, проводились археологические наблюдения, также собирались подъемные материалы на территории Сарайчика» деп қорытады [5, С.321]. Ол араға уақыт сала Сарайшыққа веложорықтар ұйымдастыра бастады. 1959 жылы Сарайшыққа шыққан веложорық нәтижесінде мектеп оқушылары ортағасырлық Сарайшық құландыларын көзімен көрген.

Өлкетанушы Гурьев қаласы маңындағы Ақтөбе қалашығын зерттеу айырықша көңіл бөлген. 1965 жылы Ақтөбе ескерткішін Қазақ КСР ҒА Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының ғылыми қызметкері, археолог М.С. Мерщиев аралаған. Ол турасында В.К. Афанасьев: «1950 жылдардың аяғында геология

институтының ғылыми қызметкері Сапар Қарымсақов маған Гурьев қаласының шығысына қарай 18 км. жердегі Сақол (деректе осылай жазылған – Ә.М.) мекені маңында ежелгі калмақ қалашығы туралы терілген қағазды ұстатты. Кейін Сапар екеуміз оны іздеп таптық. Осы ескерткішті алғаш рет 1965 жылы археолог М.С. Мерщиевке көрсеттім. Кейін ол «Поселения XIII-XIY веков в Западном Казахстане» деген еңбегін жариялады» деп нақтылай түседі [3, С.4].

Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінде сақталған археолог Л.Л.Галкин 1975 жылғы қазба жұмыстары жөніндегі есебінде: «Поселение известно в науке под двумя названиями. В археологической карте Казахстане оно названо городище Актобе близ города Гурьева. Обследовавщий в 1965 г. поселение М.С. Мерщиев называет его – поселение близь пос. Тындык. М.С. Мерщиев в указанный год было зафиксировано два поселения расположенных на расстоянии 400 м. одно от другого вдоль правого берега Сая Соколь. В настоящее время второе северо-восточное поселение уничтожено при строительстве телевизионной системы «Орбита». Такая же угроза существует для описываемого поселения... Поселение представляет значительный интерес как полный археологический комплекс золотоордынского времени не потревоженный поздними перекопами, за исключением возведения погребальных сооружений в XY в., что однако не нарушает представления о золотоордынском памятнике в целом. На территории поселения собраны кремневые изделия мезолитического облика, которые говорят о том, что холм Актобе был заселен и в более древнее время» деп жазады [6, С.1-6, 17].

М.С. Мерщиев осы сарапында ортағасырлық Сарайшыққа соғып, оны Ақтөбе және өзге да ортағасырлық қалалармен салыстыруға мүмкіндік алғандай. Өйткені, кейін жариялаған зерттеу мақаласында: «Сосуды, с обеих сторон покрытые бирюзовой и синей поливой (табл. 1, 5-7), находят аналогии в посуде памятников XIII-XV вв., находящихся на обширной территории, и прежде всего в материалах Сарайчика. По материалу (кашин), цвету и качеству поливы – яркоголубому и синему они не уступают лучшим поливным декоративным изразцам архитектурных памятников XIV–XV вв. - мавзолеев Шахи-Зинда, Гур-Эмир, мечети Биби-Ханым (г. Самарканд), изразцам мавзолея Ахмеда Ясеви (г. Туркестан) и др. К этому же времени, т. е. к XIII–XV вв., следует отнести и жизнь описываемых нами памятников» деп жоғары бағалайды [7, С.159].

М.С. Мерщиев Сарайшықтағы бұрынғы қазба жұмыстарымен жақсы таныс болған. Еңбегінде: «Раскопки Сарайчика в 1937 г., осуществленные экспедицией Западно-Казахстанского отдела Общества изучения Казахстана под руководством Н. Арзютова, а затем в 1950 г. Западно-Казахстанской археологической экспедицией под руководством А.Х. Маргулана, дали ценный материал. По этому материалу можно судить о жизни, ремеслах, торговых и культурных связях крупного средневекового города эпохи зарождения, расцвета и гибели Золотой Орды. Кстати отметить, что исследуемый памятник находится на берегу Урала, всего в пятидесяти (километрах ниже золотоордынской столицы. Поэтому наблюдаемый расцвет культуры как на описываемых памятниках, так и в Сарайчике в целом может быть распространен и на весь район» деген қорытынды шығарады [7, С.160-161].

М.С. Мерщиев моңғол шапқыншылығы кезеңінде барлық жерде мәдениет қиратылды деген пікірге сыни тұрғыдан қарай отыра, Еділ бойында керісінше, қала мәдениетінде өрлеу болғанын ашық жазады.

КСРО ҒА Археология институты Ленинград бөлімшесінің ұйымдастырған «Астрахан экспедициясы»

Қазақстанның батыс өңірінің археологиялық зерттелуіне КСРО ҒА Археология институтының Ленинград бөлімшесінің Астрахан экспедициясы да өз үлесін қосты. 1967 жылы экспедиция жетекшісі болып Ленинградтық ғалым А.Н. Мелентьев бекітіледі. Ол 5 далалық кезеңде – 1967, 1968, 1969, 1970, 1972 жылдары Нарын құмын, Маңғыстау өңіріндегі тас, қола ғасырлар ескерткіштерін зерттейді. Гурьев облысындағы Қоңыр-Құдық, Жиеқалған, Сазды, Жамбыл, Асанбай, 1968 жылы Қадыр-Ғали, Исатай-баба, Жамбыл, Көк Мұрын, 1970 жылы Қошалақ, Үштаған, Төкей мола, 1972 жылы Нарын құмының Астраханмен шектес жердегі Жел-тепе и Иссекей мекендерін зерттейді [8].

1970 жылы А.Н. Мелентьев ортяды Еділ мен Жайық өзендері, Үстірт пен Маңғышлақ аралығын барлайды. Зерттеушілер Е.П. Китов, А.М. Мамедов пікірінше, Астрахан экспедициясы жұмыстары 1972 жылға дейін жалғасып, негізінен барлау бағытында болған және тас ғасырына жататын ондаған археологиялық ескерткіштерді картаға енгізілген [9, С.38-39].

А.Н. Мелентьев бастаған экспедицияның Сарайшықта болғаны туралы дерек әзірше кездеспеді. Мүмкін олардың жазбалары болашақта табылып қалар деген ойдамыз.

КСРО ҒА Археология институтының «Волга-Урал экспедициясы» және Л.Л. Галкин

1975 жылы Европа мен Азия мәдениеттерінің тоғысқан жері Солтүстік - Шығыс Каспий аймағын (Қазақстан Республикасының Атырау, Маңғыстау облыстары, Түркімен Республикасының солтүстік - батыс аудандары) ғылыми зерттеу мақсатында КСРО ҒА Археология институтының Волга-Урал экспедициясы құрылады. Жаңа экспедицияның мақсаты туралы археолог Л.Л. Галкин: «Основная цель работ заключалась в датировке «…с помощью привязки археологических памятников к абсолютным отметкам местности изменений уровня Каспийского моря и обводнения глубинных районов в голоцене» деп көрсетеді [8, С.92].

Араға уақыт сала Л.Л. Галкин өз зерттеуінде: «Но несмотря на большое значение его для понимания исторических процессов, происходивших на протяжении веков по обе стороны от указанной контактной зоны, сама эта территория никогда до работ Волго-Уральской экспедиции ИА АН СССР (1975-1986 гг.) и Западноказахстанской экспедиции ИИАЭ АН КазССР (1987-1994 гг.) не была предметом глубокого и постоянного археологического исследования», - деп анықтайды. Ғалым аумақтың кешігіп зерттелуі табиғат жағдайының қолайсыздығына, қаражаттың көп жұмсалатынына және КСРО-дағы жаңа құрылыстарға байланысты археологиялық жұмыстардың көптігіне, Алматы археологтарының дені Отырар қазбасында жүруіне байланысты деген қорытынды жасайды [10, С.3].

Экспедиция өз жұмысына өлкемен бұрыннан таныс археолог Л.Л. Галкинді тартады. Жергілікті өлкетанушы В.К. Афанасьев Л.Л. Галкиннің 1974 жылы Гурьев қаласына келіп облыстық туристік станцияда орналасқан Сарайшық көрмесін тамашалағанын, сол жылы ғалымның басшылығымен Сарайшықта, Ақтөбе-Лаэти ортағасырлық қала орнында қазба жүргізгенін еске алады [11].

Дегенмен Л.Л. Галкин 1978 жылы «Советская археология» журналында жариялаған мақаласында өзінің 1973 жылы Сарайшықта болғанын атап өтеді. Мақалада: «Во время обследования береговых обнажений культурного слоя Сарайчиковского городища в 1973 г. автором была найдена каменная литейная форма. Она лежала у подножия берегового обрыва в рассыпавшейся рыхлой глыбе культурного слоя, содержавшей фрагменты поливной керамики XIY в. Находка сделана

в 150-200 м ниже излучины р. Урал, где культурный слой Сарайчика имеет наибольшую мощность и достигает 3-4 м» деген жолдарын оқи аламыз. Ғалым: «Возвращаясь к каменной двусторонной литейной форме, можно предположить, наконец, что служила для изготовления бронзовых сосудов для хранения воды из святых источников. Высокое мастерство резчика свидетельствует о том подъеме, который Сарайчик, как и многие другие центры Золотой Орды, переживал в XIY в.» деп қорытады [12, С.286]. Мұның өзі автордың 1973 жылы Сарайшықта барлау жұмыстарын жүргізгенін айғақтайды. Сонымен бірге табылған жәдігерлерді өзге өңірлердегі осындай материалдық жәдігерлермен салыстырады.

Л.Л. Галкиннің *(қараңыз: 2-сурет, 333-бет)* Атырау облысындағы археологиялық зерттеулері туралы ғылыми жұмыстарының арнайы есептері 1975 жылдан басталады. Оның 1975 жылғы қазба есебінде ғалымның негізгі зерттеу нысаны Гурьев облысындағы Индер ауданы Правда кеңшары маңындағы 2 қорғанды қазу болғаны байқалады. Автор есебінде Сарайшықта болдым деп жазбайды [13].

1977 жылы Л.Л. Галкин ҚазКСР ҒА Тарих, археология және этнология институтынан Гурьев облысындағы Ақтөбе және Кулагино селосы маңындағы қорғандарды қазуға рұқсат сұрайды. Рұқсат қағазды институт директоры А.Нүсіпбеков береді [14, 2 п.]. Зерттеу мерзімі 1977 жылдың 4 қазанынан 7 қарашаға дейін созылған. Осы жолы зерттеу жұмыстарына қаржыны Гурьев облысының (бүгінгі Атырау облысы) Тарихи-өлкетану музейі бөлген. Қазба барысында Ақтөбенің оңтүстік – шығыс жағынан 35 м х 18 м жер қазылған [15, 1-18 п.].

Қазбаға жергілікті өлкетанушы В.К. Афанасьев, музей қызметкері С.Б. Бисенов, Исмагилов, Гурьев педагогикалық институтының студенттері қатысады. Зерттеуші осы жолы Сарайшыққа барлау-бақылау жасап, оның сумен шайылып жатқанын алға тартады [14, 3-4 п.]. Ғылыми есебінде: «На Сарайчиковском городище, так же как на поселении Актобе взяты анализы на пыльцу и проведены сотрудниками Института водных проблем АН СССР Т.А. Абрамовой и сотрудниками географического факультета МГУ С.И. Варущенко и А.Н. Варущенко геоморфологические исследования (рис. 13), которые показали что в сохранившейся от разушения части городища (см. Стратиграфические наблюдения над береговой линией в отчете з 1976 г.) наблюдается участок, лежащий на высокой пойме (рис.13), который был в XII веке первоначально заселен. Затем по мере повышения наводных

вод и высокого стояния вод Урала он был затоплен и город занял в XIY в. Анализ пыльцы позволил сделать вывод, что в XIII в-XIY вв. на нижнем течении реки Урал наблюдалось значительное похолодание и увлаженность. В спекторе пылцы с поселения Актобе прослеживается увелечение пыльцы культурных растении рис. 13 б., 13 в.» деп көрсетіледі [14, 15-16 п.]. Споро-тозаң талдамасы қорытындысында: «Таким образом, речь в обоих случаях (комплекса III раскопа на городище Актобе и комплекс II на городище Сарайчик) речь идет об одной и той же фазе похолодания и увлажнения климата, имевшей место в начале 13 века (датировка культурного слоя из обнажения II) в Северо-Восточном Прикаспий и характеризовавшейся некоторым смягчением аридности климата и развитием менее ксерофиитизированного растительного покрова региона» деп жазылады [14, 25-42 п.]. Есептің фотосуреттері мен сызбалары, кестелері альбомында Сарайшық жағалауының 4 суреті басылады [16, 6492 а іс]. Л.Л. Галкин 1977 жылы «Археологические открытия 1977 года» атты еңбегінде Алтынорда қалашығын Пицигани картасына сүйеніп Лаэти қаласы деп атайды. Сонымен жаңадан Лаэти атауы пайда болды», - деп еске алады [17, С.56-57].

Ақтөбе қалашығы бүгінгі Атырау қаласы аумағында орналасқан, Томарлы ауылынан небәрі 2 шақырым жерде, кезінде Теңдік совхозының территориясына кірген. Жергілікті қазақтар ол жерді бұрыннан білген және Ақтөбе мекені деп атаған. Жоғарыдағы деректі негізге алсақ Лаэти атауы Ақтөбеге 1977 жылы алғаш рет қосарлана беріліп, ғылымда Ақтөбе-Лаэти атала бастаған. Оған дейінгі ғылыми мақалаларда ол Ақтөбе атауымен жазылған. Мәселен, 1975 жылғы мақалада: «Ақтөбе мекенінің жоғары қабатындағы 42 қоныс зерттелді... табылған материалдар оның XIII-XIY ғасырларда өмір сүргенін айғақтайды... Қолөнершілер ауылы XIY ғасырдың аяғында Темір әскерімен талқандалған», - деп көрсетіледі [18, с.513].

1978, 1979 жылдары Гурьев облысында болған Л.Л. Галкин Ақтөбе, Шер-қала ескерткіші орындарында ғылыми зерттеулерін жүргізеді. Волга-Орал экспедициясы қызметкерлері құрамында болған М.М. Шайхашев, Ж.Т. Касенов, М.Н. Сысунова «Старый Андрей» мекенінен Алтынорданың тұрағын табады. 100х50 шаршы метрді құрайтын аумақтан алтынордалық керамиканы жинап алынады. Аумақтың сызбасы жасалып, суреттері басылады. Ғалым Сарайшықтағы ізденістерін «Волга-Урал экспедициясы» есебінде жазбаған [19].

Ақтөбе-Лаэти қалашығын зерттеуге атыраулық өлкетанушы В.К. Афанасьев те өз үлесін қосты. Ол 1978 жылы Алматы қаласындағы Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтынан Гурьев облысында жүргізілетін археологиялық жұмыстарға бақылау жүргізуге рұқсат алады.

1980 жылғы экспедиция жұмыстары кезінде Л.Л. Галкин Сарайшықта болған. Гурьев облысындағы қазбаға қаржыны облыстағы обаға қарсы станция бөледі. Осы жолы археологтардың зерттеу нысаны ретінде Тайсойған құмын барлау болғанымен, олар барар жолда Сарайшыққа соққан. Қазба есебінде: «Можно с уверенностью утверждать, что при существующих темпах разрушении лет через 50 оставшаяся центральная часть городища будет разрушено и затем в последующие 30-50 лет городище Сарайчик будет смыто водами р. Урал полностью», - деген ойын жазып қалдырады [20, 5-6 п.].

1981, 1982 жылдары Л.Л. Галкин Маңғышлақ облысына келіп, Шевченко қаласының шығысындағы Сенек, Түпқараған, Шерқаланы және Қызылқаланы зерттейді [21].

1981 жылғы зерттеу мақалаларында Л.Л. Галкин Сарайшықты: «береговые обнажения культурного слоя поселения были прослежены на протяжении 700 м. Мощность культурного слоя на всем этом протяжении неоднородна. Он достигает здесь 5 м… Ежегодно береговая линия вместе с культурным слоем разрушается и отступает к западу не менее, чем на 1,5-2 м только небольшой фрагмент паду не менее, чем на 1,5–2 м» деп нақтылайды [22, С.162].

1983 жылғы ғылыми есебінде Л.Л. Галкин алғаш рет Ақтөбе-Лаэти деп нақты жазады. Міне, осыдан бастап «Ақтөбе-Лаэти» атауы тарихқа енгізіледі.

1983 жылы Л.Л. Галкиннің зерттеуі КСРО ҒА Эксперименталды метеорология институты тапсырмасымен «Исследование и археологическое датирование памятников материальной культуры Западного Казахстана для изучения климатов прошлого на этой территории» тақырыбы бойынша Ақтөбе қалашығында жүргізіледі. Экспедиция Ұшқан қалашығында болып, қаланы алтынордалық және италияндық көпестердің картасына сәйкес, Тристарго қаласы деген қорытындыға келеді. Зерттеушілер Сарайшықты барлап жардан құлаған үйдің қабырғасын фотоға түсіреді. Л.Л. Галкин XYI ғасырдағы Сарайшық қалашығы деген сурет салады. Өзі сызған суретін «Профиль золотоордынского жилища в береговом обножении р. Урал» деп атайды [23].

1984 жылы 28 қыркүйекте Л.Л. Галкин өткен жылғы «Исследование и археологическое датирование памятников материальной культуры Западного Казахстана для изучения климатов прошлого на этой территории» тақырыбын жалғастыру үшін қазба жұмыстарына рұқсатты Ш. Уәлиханов институтынан алып, оны ҚазКСР Мәдениет министрлігіне тіркейді. Гурьев, Маңғыстау облыстарындағы зерттеу жұмыстарына Москва мемлекеттік университетінің палеонтология мамандары қатысады. Экспедиция Теңіз ауданындағы Ментек құмында, 1983 жылы табылған Сармат қыстау орнында, Сарайшықта, Ақтөбеде жұмыс жасайды. Зерттеудің қорытынды есебіне Сарайшықтың 5 суретін қосады. Соның ішінде №13 «Сарайчик подъемный материал. Реставрированная кашинная чаша» және «Сарайшықтан табылған өртенген үйдің жоспары» суреттері назар аударарлық деп есептейміз [24, 4 п.].

В.К. Афанасьев 1986 жылы зерттеуін одан әрі жалғасыра түседі. Өлкетанушыға жергілікті тұрғындар тауып алған жәдігерлерді жинауға, тізімге алуға да рұқсат беріледі. Ал 1987 жылы Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты директорының орынбасары тарих ғылымдарының докторы Т.Б. Балақаев В.К. Афанасьевке тікелей Ақтөбе мекеніндегі зерттеу жұмыстарына рұқсат береді. Ақтөбеге берілген рұқсатта: «На основании настоящего Открытого листа тов. Афанасьев В.К. имеет право производить топографическую сьемку (планы, нивелировка), фотографирование и зарисовку древних стоянок, селищ, городищ, могильников, курганов, валов, стариных зданий и других древностей, а также производить вскрытие органиченных участков, связанные с изучением указанных древностей, руководствуясь при осуществлении этих работ и составлении отчетности существующими положениями», - делінген [25, С.13,19-20]. Міне, осыдан кейін өлкетанушының ізденістері аясы кеңейе түседі.

КСРО ҒА Үстірт экспедициясы

1987 жылдың желтоқсан айында КСРО ҒА Археология институты Байте ескерткішін толыққанды зерттеу мақсатында Маңғыстау мен Үстіртте КСРО ҒА «Үстірт экспедициясын» құрады. Экспедиция жұмысы 1988 жылы басталады. Оның жетекшісі В.С. Ольховский болады. Экспедиция құрамынан Л.Л. Галкин Байте мәдени кешенін зерттейді.

Экспедицияға Гурьев облысынан туристік клуб мүшелері, №3 СПТУ студенттері қатысады. Бейнеу-Маңғышылақ теміржолы аралығындағы Байте құдығы түбінде тас мүсіндердің көптігі 1983 жылдан белгілі еді. Дегенмен, зерттеу қорытындысында мәдени қабат анықталмаған. Осы жолы ғалымдар Сарайшық туралы пікір білдірмейді [26]. Экспедиция 1991 жылы З. Самашев басқаратын Қазақстан ҒА Батыс Қазақстан экспедициясы құрамына қосылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Оразов Х. Өлке тану саяхаты // Социалистік Қазақстан. -1950. -30 август

2 Потоцкий Н. Походы юных туристов // Прикаспийская коммуна. -1950. -4 август

3 Афанасьев В.К. Из истории изучения и охраны памятника средневековья Актобе-Лаэти. – Атырау: Издательство Атырауского института нефти и газа, 2013. -40 с.

4 Ресей Ғылым Академиясының архиві (РҒАА) 1869 – қ., «Толстов Сергей Павлович», 1–т., 218 -іс

5 Сагидуллаев Д.З., Яранцева Н.С. История археологического изучения городищ Золотой Орды Северо Восточного Прикаспия //Археология Евразийских степей. -2021. -№5. – С.320-325

6 Средне-волжская экспедиция // Атырау облысының Тарихи-өлкетану мұражайы Негізгі Қор (АОТӨМ НҚ) 2606, С.1-18

7 Мерщиев М.С. Поселения XIII–XV вв. в Западном Казахстане // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана Алма-Ата: Наука, 1969. – 196 с.

8 Куандык С.Р., Мамиров Т.Б. История изучения дюнных памятников в Рын-песках Западного Казахстана // bulletin-history.kaznu.kz›index.php/1-history/… 23.12.2024

9 Китов Е.П., Мамедов А.М Ерте темір дәуіріндегі Батыс Қазақстанның көшпелі тұрғындары. – Кочевое население Западного Казахстана в раннем железном веке. – Астана: Издательская группа ФИА им. А.Х. Маргулана в г. Астана, 2014. – 352 б.

10 Галкин Л.Л. Эпоха бронзы Северо-Восточного Прикаспия // Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – М., 1998. – 375 с.

11 Ким А. Забытый археолог Прикаспия // pricom.kz› Новости. 30.11.2023

12 Галкин Л. Л. Двусторонняя литейная форма 14 в. из Сарайчика. – СА, 1978 г., № 2, С.282-286

13 Ресей Ғылым Академиясының Археология институты архиві (РҒА АИА) №1 қ., 1 бөлім, 1 т., 5668 іс

14 РҒА АИА №1 қ., 1 бөлім, 1 т., 6492 іс.

15 Атырау облысының тарихи-өлкетану музейі архиві (АОТӨМА) Негізгі қор Галкин Л.Л. СВАЭ -77 Гурьевский отряд 2928, 1-18 п.

16 РҒА АИА №1 қ., 1 бөлім, 1 т., 6492 а іс

17 Афанасьев В.К. Реестр Археологических памятников области. – Атырау: Типография АО «Алмаз Инжиниринг», 1996. – С.56-57

18 Афанасьев В., Бисенов С., Галкин Л. Работы в Западном Казахстане // Археологические открытия 1975 года. – Москва: Изд. АНСССР, 1976. – С.513

19 РҒА АИА №1 қ., 1 бөлім, 1 т., 7113 іс, 7113 а іс, 7538 іс, 7538 а іс

20 РҒА АИА №1 қ., 1 бөлім, 1 т., 8464 іс

21 РҒА АИА №1 қ., 1 бөлім, 1 т., 8945 іс, 8965 іс, 8965 а іс

22 Сагидуллаев Д.З. (Уральск, Казахстан) Золотоордынские поселения Северо-Восточного Прикаспия: география, топография, домостроительство // «Поволжская археология». -2022. -№ 2 (40). – С.159-173

23 РҒА АИА №1 қ., 1 бөлім, 1 т., 9849 іс, 9849 а іс

24 РҒА АИА №1 қ., 1 бөлім, 1 т., 10474 іс, 10474 а іс

25 Афанасьев В.К. Из истории изучения и охраны памятника средневековья Актобе-Лаэти. –Атырау:Редакционно-издательский отдел Атырауского института нефти и газа, 2013. - 40 с.

26 РҒА АИА №1 қ., 1 бөлім, 1 т.,.14098 іс, 14099 іс

3.6 З. Самашев басқаратын Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы және оның зерттеулері (1989-1991 жж.)

1989 жылы Қазақстанның солтүстік-шығыс Каспий өңірін және онымен іргелес территориялар (Үстірт, Маңғыстау, Жем өзенінің төменгі ағысы, Сағыз, Жайық және Жайық өзенінің далалық аймағы) аумағын зерттеу мақсатында ҚазКСР ҒА Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы құрылады. Экспедиция жетекшілігіне тарих ғылымдарының кандидаты З. Самашев тағайындалады. Археологтың кейінгі ғылыми зерттеулері Сарайшық ескерткішімен жалғасты.

Сарайшыққа қадам баса отыра, археолог З. Самашев өзіне дейінгі Сарайшықта еңбек еткен зерттеушілердің еңбектерімен мұқият танысады. З. Самашев: «1950 жылы Сарайшық қирандыларын Ә. Марғұлан зерттеді. Міне, осы жұмыстың нәтижелері әлі толық сараланған жоқ, өйткені, Ә. Марғұлан ол кезеңде тұтқынға алынып, қудаланып жүрген болатын. Кейбір керамика үлгілері ғана 1960 жылы Қазақстан археологиялық картасында жарияланды» деп жазады [1].

Белгілі тарихшы т.ғ.д., профессор Г. Халидуллин: «Біз алғашқы кезеңде қаржылық мәселені шешу жолдарын қарастырып, 1989 жылы

сәуір айында З. Самашев екеуіміз Гурьев (бүгінгі атауы Атырау облысы) облысына келіп, Теңіз мұнай кенішінде еңбек ететін Р. Шырдабаевпен кездестік. Ол арқылы Ресейдің Куйбышев қаласына барып ГИПРО «Восток» мекемесіне жол тарттық. Мекемеде Қазақстанға жаны ашитын азамат басшы еді. Ол қолдап қаржы бөлді»,-деп еске алады. Сол жылы З. Самашев басшылығымен Г. Халидуллин, археолог Ж. Таймағамбетов Иманқарада және Сарайшықта қазба жүргізеді.

Нәтижесінде 1989 жылғы ҚазКСР ҒА Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы жұмыстары 1989 жылдың 26 тамызында басталып, 26 қыркүйекте аяқталады. Бұл сапар кезеңінде ғалымдар Гурьев облысы, Маңғыстау облысы, Батыс Қазақстан облысы территорияларындағы тарихи ескерткіштер - молалар, кесенелер, ғимарат қирандылары, обалар, төбелер және тағы өзгелерін аралап, сипаттама жасайды [3].

1989 жылы Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы Арал-төбе – сарматтар дәуіріне жататын археологиялық ескерткішін ашады. Ескерткіш Атырау облысы Жылыой ауданы Аққиізтоғай ауылынан шығысқа қарай Ақмешіт ғибадатханасының оңтүстік-батысында Құлшан ата бейітіне таяу орналасқан.

1989 жылы 7 желтоқсанда Гурьев қаласында Қазақ КСР Ғылым академиясының көшпелі сессиясы ұйымдастырылады. Сессияда «Батыс Қазақстанда өндіріс күштерін дамыту мәселелері және ҚазКСР ҒА міндеттері» күн тәртібіне шығарылады. Сессияға қатысқан тарихшы Г. Халидуллиннің анықтауынша отырысқа 14 академик қатысқан. Кейін ғалымдар Сарайшыққа келіп, ортағасырлық қаланың жай күйімен танысады.

Гурьев қаласындағы Қазақ КСР Ғылым Академиясының көшпелі отырысында Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтының директоры, ҚазКСР ҒА академигі Манаш Қозыбаев «Проблемы истории, археологии и этнологии Западного Казахстана» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада ғалым: «В эпоху средневековья Западный Казахстан был мощным очагом оседлости и городской жизни. Крупным городским центром в XIII-XIY вв. был Сарайчик и ряд других городов Золотой Орды а Прикаспий, пережившие, по словам известного исследователя золотоордынской культуры Г.А. Федорова-Давыдова, «взлет градостроительства и расцвет урбанизма в степи», лежали на караванной дороге «Шелкового пути».

Наличие столь мощных социо-культурных пластов ушедщих цивилизаций на западе республики трудно представлено на фоне изменившихся в сторону ухудшения климатических и ландшафтных условий. Играет свою негативную роль в стирании генетической памяти народа и слабая изученность территории Западного Казахстана вкупе с разрушительной деятельностью самого человека» деп нақтылайды [4].

Көшпелі жиында М. Қозыбаев жоғарыдағы жағдайды алға тарта отыра, институттың Арал-Каспий аралығын тарихи-археологиялық зерттеу бағытындағы кешенді жұмыстардың басталатынын хабарлады.

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтының директоры орынбасары Ю.И. Романов көшпелі сессияға институт ұсыныстарын дайындады. Ол бойынша:

1 1990 жылдан бастап, жоспарлы түрде 2010 жж. дейінгі аралықты қамтитын «Ежелгі және ортағасырлардағы Батыс Қазақстан» тақырыбын зерттеуді қалыптастыру.

2 Археология, антропология тарихы, этнография және архитектура ескерткіштерін зерттеу үшін Батыс Қазақстан кешенді тарихи-мәдени экспедициясын құру.

3 Сарайшық және Ақтөбе қалашықтары орындарында археологиялық қазбалар жүргізу және антропологиялық зерттеулер ұйымдастыру.

4 1990-1991 жж. «Гурьев облысы тарихының очерктері» кітабын дайындау жоспары ұсынылады [4].

Көшпелі жиын дайындығы барысында институттың аға ғылыми қызметкері Н.Н. Мингулов «Город Сарайчик» атты анықтама мақаласын дайындады. Мақаласында: «Сарайчик являлся крупным транзитным торгово-перевалочным пунктом на Великом Шелковом пути связывающим Европу с Азией. Он был основным связующим пунктом караванного пути между западом и востоком. Здесь переходил главный путь из Европы в Азию. Купцы возили свои товары из Сарая на Волге через Сарайчик на Урале и Устюрт в Ургенч: до нас дошли описания и повествования многочисленных купцов и др. путешественников о направлении этого пути, о характере и цене товаров, о способах передвижении и т.д.» дей келе, Сарайшықта Жәнібек ханның, Ноғай аңыздары бойынша Тоқтамыс хан мен Едіге бидің жерленгенін, қаланы 1580 жылы Еділ (Жайық) казактарының қиратқанын жазады. Ол казактардың осы әрекетін қорыта келе: «Думается, что все эти

акты вандализма были связаны с поисками кладов в богатых ханских захоронении. Подтверждением той мысли является отчет Рябинина в «Уральских войсковых ведомостях», - деп тұжырымдайды [4].

1989 жылғы 7 желтоқсандағы Гурьевте өткен сессия қорытындысы бойынша және 1990 жылы 9 наурыздағы ҚазКСР ҒА-ның №143 шешіміне сәйкес Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтына Батыс Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштерін зерттеудің кешенді бағдарламасын жасақтау, оны жүзеге асыру міндеттері тапсырылады. Оған қоса арнайы экспедиция ұйымдастыру және Батыс Қазақстан археология бөлімін құру жүктеледі. Осы тапсырмаға байланысты институттан шаруашылық келісім шарттарымен жұмыс жасайтын Батыс Қазақстан археологиялық бөлімі құрылады.

Сессия тапсырмасына сәйкес арнайы жоспарлар жасалады. «1990-2005 жж. Батыс Қазақстан территориясындағы археология-антропологиялық зерттеулер» кешенді жоспарын жасаған т.ғ.д. Оразақ Исмагулов: «В качестве первого шага в этом отношении следует организовать стационарные археолого-антропологические работы на территории средневекового Сарайчика и его окрестности сроком на 15 лет (1990-2005 гг.). Ответственность осуществления этой работы возложить на Институт истории, археологии и этнографии АН КазССР. Для реализации этого перспективного плана небходимо Институту выделить дополнительные госбюджетные средства на период 1990-2005 гг. Первые предворительные итоги археологических и антропологичесих исследований по западной части Казахстана можно обобщить и издать в 1994 г. в виде монографического труда «Западно-Казахстанские древности (по данным археологии и антропологии)» в обьеме 20 п.л. Аналогичные работы будут осуществлены в последующие годы. Предложение составлено д.и.н. О. Исмагуловым. 20 декабря 1989 г.» деп көрсетеді [4].

1990-2010 жылдардағы Батыс Қазақстанның археологиялық ескерткіштерін кешенді зерттеу бағдарламасын З. Самашев ұсынады. Бағдарламада «Батыс Қазақстан және онымен шектес көршілес территориялар ежелгі және ортағасырларда» атты жаңа бюджеттік тақырып жасақталады. Бұл тақырып бойынша 1990-2010 жж. ғылыми зерттеулер жоспарланады. Жоспар бойынша Батыс Қазақстанның археологиясы мәселелері бойынша іргелі зерттеулер жүргізу, тарих пен мәдениеттің ескерткіштерін іздеу және тіркеу, тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, оларды одақтық (КСРО көлемінде), респуб-

ликалық және жергілікті маңызға қарай бөлу, тарих және мәдениет ескерткіштерін музейлендіру, оларды насихаттау көзделеді. Бағдарламаны орындайтын арнайы топ құрылады. Оның жетекшілігіне т.ғ.к. З. Самашев бекітіліп, құрамына т.ғ.д. К.А. Ақышев, т.ғ.к. А.К. Ақышев, т.ғ.к. Б.А. Грошев, т.ғ.к. Ж. Таймағамбетов, т.ғ.к. О.А. Артюхова, т.ғ.к. А.С. Ермолаева, аға ғылыми қызметкер Н.Н. Мингулов және басқалар енгізіледі. Бағдарламаның маңыздылығын айқындау барысында арнайы анықтама дайындалады. Анықтамада Батыс Қазақстан аймағынан Орал облысында іргелі зерттеулер болғаны, соңғы 20 жылдағы Г.А. Кушаевтың, Ақтөбе облысында Ю.С. Гуцаловтың, М.К. Қадырбаевтың зерттеулерінің нәтиже бергені, ал Гурьев облысында стационарлық жұмыстар жүргізілмегені ерекше атап өтіледі. Ғалымдар: «В Восточном Прикаспий (Гурьевская область) целенаправленные стационарные работы не проводились. Эпизодические исследования проводились А.Х. Маргуланом в конце 40-ых – начале 50-ых годов на средневековом городище Сарайчик. На юге области рекогносцировочные работы проводились сотрудниками Хорезмской экспедиции Института этнографии АН СССР. Несколько лет ведуться работы на сарматском святилище в местечке Байте Институтом археологии АН СССР (Ольховский В.С., Галкин Л.Л.)», - деп сипаттайды [4].

Анықтама Гурьев облысындағы Сарайшықтан өзге тарихи-мәдени ескерткіштер – Құлсары I-IY, Қаратон I, II, Сарқамыс I-IY т.б. тұрақтарын саралап, облыстағы үлкен құрылыстардың археологияға ықпалын атап көрсетеді. Сонымен бірге Сарайшық қалашығының түрлі әсерлермен маңызды бөлігінің жойылғанын атап өтеді. Анықтама: «Специалисты – археологи и антропологи свидительствуют о факте вандализма по отношению к этому историческому памятнику и захоронениями, расположенным на его территории. Это несовместимо с принципами и моралью цивилизованного общества. Крайне агрессивное отношение к памятникам старины может привести к утрате частицы глубинной исторической памяти народа» деп анық жазады [4].

1990 жылы 1 маусымда Гурьев облыстық мәдениет комитеті мен Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнография институты арасында келісім шарт жасалады. Келісім шарттың мәні «Шығыс Каспий маңы аймағының көне мәдениеттерін зерттеу. Сарайшық, Ақтөбе қалаларына қорғау қазбасын салу және кейіннен оларды консервациялау, музейлендіру» тақырыбы бойынша жұмыстар жүргізу. Жұмыстар КСРО-ның 1976 жылғы және Қазақ КСР-ның 11.08.1978 жылғы

«Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және зерттеу туралы» Заңдары аясында іске асырылды.

Бекітілген бағдарламаға, техникалық сипаттамаға сай, ***тарих, археология және этнография институты 1990 жылы тамыз-қыркүйек айларында Жылой, Махамбет және Маңғыстау аудандарында археологиялық ескерткіштерді анықтау, белгілеу және зерттеу мақсатында барлау-іздестіру жұмыстарын жүргізеді.*** Нәтижесінде көптеген обалар, зираттар, неолиттік тұрақтар, тағы өзге де нысандар анықталды. Алтынордалық Сарайшық, Ақтөбе қалаларының орнына қазба жүрді.

З. Самашевтің жетекшілігімен Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы Атырау облысы аумағында «Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасының ескерткіштер жинағы» бағдарламасы аясында жұмыс істеді. Бұл жылдары мұнай-газ кен орындарында, интенсивті игеру аймағында орналасқан ондаған жаңадан анықталған ескерткіштер паспортталды. Сарықамыс, Шаянды, Қаратон, Азғыр құмдарында барлау-іздестіру жұмыстары жүріп, көптеген жаңа археологиялық ескерткіштер табылды. Иманқара тауындағы ерте сармат обалары зерттелді. Ортағасырлық Сарайшық және Ақтөбе ескерткіштерінде қазба-зерттеу жұмыстары жүргізілді.

1990 жылғы Сарайшықтағы зерттеу жұмысында көне қала аумағын бақылау бойынша «В данное время в размыве обрывистого правого берега на протяжении около 800 м видны профили разрушенных стен жилых строений, торчат человеческие кости, черепа из поздних погребений верхнего горизонта, куски керамики и обожженных кирпичей», - деп ғылыми есепке жазба қалдырған екен [5].

Ортағасырлық Сарайшық қаласы ескерткішін сипаттаған археологтар оның бір бөлігін Сарайшық ауылы басып жатқанын, бір бөлігінде мұсылман және христиан зираттары орналасқанын және Жайық өзенінің тасуы көп бөлігін ағызып кеткенін хабарлайды (Сурет 1).

Бұрынғы жылдары жүргізілген қазбаларды тексеру және жарқабақты көзбен шолу арқылы ескерткіштің мәдени қабатының қалыңдығы 3-3,5 м және XII-XVI ғасырлармен кезеңделеді деп жазылған. Мәдени қабат 2 құрылыс деңгейінен тұрады: төменгі (негізгі қабат) – XII-XIII ғасырлар, және жоғарғы – XIV-XV ғасырлар. Жоғарғы мәдени қабатты жерленімдер түгелге жуық бұзған, ал төменгі қабаты жарым-жартылай бұзылғанын көрсетеді. Қазба орнынан 25 жерленім ашылып,

ондағы адам сүйектері антропологиялық зерттеулер үшін материал ретінде алынған екен. Қазбаның көлемі шамамен 120 м² болған. Қазба жасалған жерден 1 бөлме толық, 2 бөлме жартылай ашылған. Басқа жерлері әр түрлі кезеңдердегі жерленімдер қазындыларынан тұрады. Бөлменің ауданы 3х4 м, еденіне шаршы пішінді күйдірілген қыш кірпіштер төселген. Бөлме қабырғалары саман кірпіштен тұрғызылған, көлемі 36-42х22х8-10 см. Бұл бөлмеден ошақтың орны ашылды. Келесі көрші бөлмеде тандыр пеш пен «кан» жылыту жүйесі болған. Тағы бір тандыр пештің қалдығы келесі үшінші бөлмеден анықталған. Тандыр түбінің диаметрі 42 см, биіктігі 28 см, қабырғасының ішкі жағына ирек өрнектер салынған.



Сарайшық тұсындағы Жайық өзенінің жарқабағы. 1990 ж.

Табылған бұйымдардың көпшілігін керамикалар алады, керамиканың 2-2,5% сырлы қыш бұйымдар, басқалары сырланбаған қыштан жасалған. Сондай-ақ монеталар, сүйектен және тастан жасалған заттар бар.

Қазба орны аумағын болашақтағы маусымдық зерттеулерде кеңейтіп, тереңдегі қабаттарын ашу жоспарланған екен. Молырақ археологиялық материалдар жинау, ескерткіштің стратиграфикасы мен кезеңдерін мерзімдеу міндеті алдағы жылдардың несібесіне қалдырылды. Сондай-ақ, Сарайшықтың толық топографикалық сызбасын жасау да жоспарланды.

Сонымен қатар, осы 1990 жылы педагогикалық институт студенттерінің белсенді қатысуымен Е. Исмагулов жетекшілік еткен экспедиция да Сарайшықта жұмыс жүргізгенін өлкетанушы В.К. Афанасьевтің 1992 жылғы ғылыми есебінде жазып қалдырған [6].

1991 жылы Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының ғылыми есебінде қаржының шектеулігіне және маман кадрлардың жетіспеушігінен Сарайшық қаласында зерттеу жұмыстары жүргізілмей қалғаны жазылған. Экспедиция облыс аумағында барлау жұмысымен айналысқан [7].

1991 жылы 1 қыркүйекте академик М. Қозыбаев ҚазКСР ҒА президенті, академик Ө.М. Сұлтанғазинге хат жолдап, шаруашылық келісім шарттар бойынша қаражаттың жеткіліксіздігіне байланысты институтқа жүктелген тапсырманы орындай алмай қалу қаупі бар екенін хабарлайды. Сондықтан Батыс Қазақстан археологиялық бөлімін қалыптастыру үшін ҚазКСР Президиумынан институтқа 5 штат бірлігін – 3 кіші ғылыми қызметкер, 1 ғылыми қызметкер, 1 аға ғылыми қызметкер беруін сұрайды [4].

Бүгінде белді археолог, т.ғ.д., профессор З. Самашевтың Сарайшыққа қатысты маңызды құжаттары, жеке қорындағы материалдарының біразы қазірде Сарайшық музей қорығына тапсырылған. Ал Батыс Қазақстанда жүргізген археологиялық зерттеулерінің құнды құжаттары Астана қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық архивінде сақталған. №277«Самашевтің жеке тектік қоры» 1 тізбеден тұрады. Онда 1989-2003 жылдар аралығындағы Батыс Қазақстанда жүргізілген археологиялық экспедициясындағы зерттеулерінде пайдаланған 174 парақтан тұратын қойын дәптерінде экспедиция кезеңінде жүргізілген археологиялық барлау жұмыстарының жазбасы берілген [8].

Сонымен тәуелсіздік қарсаңында Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы Сарайшықты зерттеудің күрделі мәселелерін көтеріп, республика, облыс басшылары деңгейіне шығара бастады. Ол болашық кешенді зерттелудің бастамасы болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің қосымша қоры (алда - АОТӨМ ҚҚ). № 10682/2

2 Самашев З.С. Работы на городище Сарайчик в 1990 году // Атырауский областной историко-краеведческий музей, 1990

3 Қазақстан Республикасы Ұлттық архиві (ҚР ҰА) 277 қ.,1-т., 9-іс

4 Сарайшық музей-қорығы қорындағы «З. Самашев қорынан»

5 Отчет о работах Института истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова Академии Наук КазССР по договору Гурьевским областным комитетом по культуре. Тема: Исследование древних культур Восточного Прикаспия. Охранные раскопки на городищах Сарайчик и Актобе с последующей их консервацией и музеефикацией. (руководитель работ: заведующий отделом первобытной археологии, кандидат исторических наук З.Самашев). -Алма-Ата, 1990

6 Отчет о работе Гурьевского отряда на раскопках разрушаемой прибережной полосы р.Урала с остатками Золотоордынского городка Сарайджук. В.К. Афанасьев. – Атырау, 1992

7 Отчет об археологических исследованиях 1991 г. в Гурьевской области по хоздоговору с Гурьевским областным комитетом по культуре от 1 июля 1990 г. по теме: «Исследование древних культур Восточного Прикаспия. Охранные раскопки на городищах Сарайчик и Актобе с последующей их консервацией и музеефикацией». -Алма-Ата. 1991

8 ҚРҰА 277 қ., 1 т., 9 іс.

4 ОРТАҒАСЫРЛЫҚ САРАЙШЫҚТЫ КЕШЕНДІ ЗЕРТТЕУДІҢ БАСТАЛУЫ ЖӘНЕ ЕСКЕРТКІШТІ САҚТАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ (1991-2017 ЖЖ.)

4.1 Ел тәуелсіздігі және оның Сарайшықтағы ғылыми зерттеулерге ықпалы (1991-2008 жж.)

Қалың жұртшылықтың қолдауына ие болған Батыс Қазақстан экспедициясы 1989-1991 жылдары сәтті жұмыс жасады. Атырау облысында жүздеген жаңа археологиялық ескерткіштер ашылды, оларды заңды тіркеу жұмыстары қолға алынды, ең бастысы алтынордалық Сарайшық, Ақтөбе қалаларын кешенді зерттеу бағыттары белгіленді.

Елдегі кешенді археологиялық жұмыстар, тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтау, қайта қалпына келтіру мәселелерінің күн тәртібіне шығуы Қазақстанда Археология институын құруға итермеледі. Содан 1991 жылы 28 тамызда ҚазКСР Министрлер кабинетінің № 496 қаулысына және ҚазКСР ҒА Президиумының 1991 жылғы 6 қыркүйектегі № 73 қаулысына сәйкес Ә. Марғұлан атындағы Археология институты құрылды [1, 43 б.]. Сол жылдары Археология институты директоры К. Байпақов Батыс Қазақстан экспедициясы жұмысының нәтижесі ретінде Сарайшық пен Ақтөбе қалаларын қорғау, олардың жойылып кетуінен құтқару, қайта жаңарту мәселелерінің күн тәртібіне көтерілуін атап өтеді.

Дегенмен 90-шы жылдар басындағы қаржылық қиындықтар Батыс Қазақстан археологиялық экспедицияның қарқынды жұмыс жасауына кедергі жасады. Қаржы мәселесі шешілмегендіктен Сарайшықты зерттеуді жергілікті өлкетанушы В.К. Афанасьев жалғастырады.

Ол 1992 жылы Сарайшықта «Мирас» туристік-өлкетану клубы аясында қазба жұмысы жүргізеді. Гурьев облыстық кәсіподақтар кеңесі мен Пионерлер Үйі қаржыландырған «Жас археолог» лагеріне қатысушы балалар экспедиция жұмысына тартылады. Экспедиция қоғамдық негізде, арнайы қаржы бөлінбестен жұмыс жүргізген.

Облыстық өлкетану музейі экспедицияға көлікпен ғана көмектескен. Қазба жұмысы Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының 22.05.1992 жылы берген №54/20-126 Ашық хаты негізінде жүрген.



Өлкетанушы В. Афанасьев туристік-өлкетану клубы мүшелерімен

Өлкетанушы Вячеслав Константинович Афанасьев – 1940 жылы 2 қыркүйекте Атырау қаласында дүниеге келген. Атырау аймағының тарихы, соның ішінде ортағасырлық Сарайшық қаласы туралы көптеген зерттеу жұмыстары бар. 1950-жылдардың соңында В. Афанасьев Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтымен іскерлік ынтымақтастық орнатады. Институттың тапсырмасымен оған Сарайшық ескерткішінің жай-күйін бақылау жүктеледі. В. Афанасьев академик А. Марғұлан, археолог М. Мершиевпен және КСРО Ғылым Академиясы Археология институтының Еділ-Жайық археологиялық экспедициясының отряд жетекшісі Л. Галкинмен тығыз қарым-қатынаста болды. 1992 жылы Ә. Марғұлан атындағы Археология институты Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы құрамындағы Гурьев отрядымен ортағасырлық Сарайшық пен Ақтөбе қаласы орнында археологиялық зерттеу жұмыстарымен айналысты. КСРО ҒА басылымы «Археологические открытие» журналына археолог Л.Л. Галкинмен бірге қазба жұмысының нәтижелері туралы мақалалар жариялады. БАҚ беттерінде де көптеген мақалалары жарияланды. Сарайшық ескерткішін бақылай жүріп көптеген жәдігерлер жинастырып, 1976 жылы облыстық тарихи-өлкетану музейіне


тапсырады. Олардың ішінде әр түрлі мақсаттағы сырлы және сырланбаған қыш ыдыстар, қыш құбырлар, шырағдандар, моншақтар, тиындар, қола айналар, ғимараттың сырлы тақталары т.б. болды (Сурет 2).

В. Афанасьев Сарайшықтағы қазбаны 2х2 м секторларға бөлу арқылы салған. 55 см терендіктен қазбаның батыс бөлігінен қыш кірпіштен салынған, жобасында тік төртбұрышты көрхана ашылды. Көрханада 3 адам жерленген. Көрхананың көлемі 235х260 см, кірпіштерінің көлемі 21х21х6 см. Қабырғалар 45 см биіктікте, 6-7 қатарға дейін сақталған. Оңтүстік-батыс жағында ені 66 см болатын есік орны анықталды.

Көрхананың солтүстік-шығыс қабырғасынан 40 см қашықтықтан қалыңдығы 55 см, ұзындығы 390 см параллель орналасқан тұрғын бөлме қабырғасы ашылды. Ол жер бетінен 70 см тереңдіктен табылған. Шикі саман кірпіштен соғылған, көлемі 40х25х7 см. Кірпіштерді қалыңдығы 2-3 см саз балшық ерітіндімен бекіткен. 8 қатарға дейін қаланды сақталған. Бұл бөлменің оңтүстік-батыс қабырғасы ішкі шығыс жағынан бірнеше қабатты саз сылақпен және ақ бормен ақталған. Қабырға оңтүстікте солтүстік-шығысқа бұрылып бөлме бұрышы жасалған. Әрі қарай бөлме қабырғаларын кейінгі кезеңде салынған көрхана бұзып кеткен. Бұл бөлменің солтүстік бөлігі де Жайықтың су тасуынан бұзылып кеткен. Сақталған оңтүстік-батыс жағындағы қабырғаны бойлай тандыр пеш, кан арналары, мұржа камерасы салынған. Бөлменің батыс, солтүстік, шығыс жағын суфа алып жатқан. Тек оңтүстік бөлігінде сазбен сыланған көлемі 120х55 см еден бөлігі болған. Бірнеше рет сазбен сыланған еденнің қалыңдығы 7-8 см болады. Суфадағы қос кан арналарының ені 14 см болды, аралық қабырғасының ені 20 см. Ал мұржа камерасының көлемі 45х45 см. Тандырдың диаметрі 55-60 см шамасында, қабырғасының биіктігі 55 см. Осы бөліктегі суфаның ені 90 см. Суфа қабырғаларының ені 20 см, саман кірпіштен 7 қатарға дейін қаланған. Кірпіштер көлемі 24х18х6 см. Суфаның еденнен биіктігі 70 см *(Сурет 3.)*.

Бұл бөлменің солтүстік-шығыс жағынан тағы бір бөлме сұлбасы ашылды. Ол бөлменің де солтүстік бөлігі Жайық суына ағып кеткен. Ал оңтүстік жағы көрхана құрылысы салдарынан бұзылған. Алайда бөлмедегі тандырдың орны анықталды. Диаметрі 60 см, қабырғасының қалыңдығы 4-6 см, сақталған биіктігі 30 см. Тандырдың түбінен тиын мен моншақ табылды. Бөлменің орталық бөлігінде тағы екі адамның жеке жерлеу орындары ашылды. Бөлменің солтүстік-шығыс

қабырғасының бөлігі 105 см ұзындықта сақталған. Ені 40 см. Ол қабырғадан шығысқа қарай тағы бір жеке жерлеу орны табылды.



Сурет 3. В. Афанасьев қазбасының сызбасы

Қазба нәтижесінде екі бөлме орны ашылып, бірнеше адам жерлеулері анықталған. Кейінгі кездегі адам жерлеулері тұрғын бөлмелердің құрылысын қиып кетіп отырған. Табылған қыш ыдыстардың сынықтары, сырлы плиталар, ойын асықтары, 20 мыс тиын мен 1 күміс тиын, т.б. жәдігерлер Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейіне тапсырылды [2] *(Сурет 4.).*



Сурет 4. Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің 1990 жылдардағы ескі ғимараты

1993 жылы Археология институты директоры К. Байпақов пен Батыс Қазақстан археологиялық экспедиция жетекшісі З. Самашев Батыс Қазақстандағы соңғы 1989-1993 жылдардағы ғылыми зерттеу жұмыстарын саралап, «Памятники историко-культурного наследия Прикаспия в контексте современных научно-практических проблем» атты баяндамасын даярлады. Баяндамада экспедиция мүшелерінің зерттеу нәтижелерінен өлкедегі туризмді дамытудағы ең маңызды тарихи-мәдени мұраларды – Түпқараған ауданындағы мұралар, Үстірттегі ескерткіштер, соның ішінде Ұлы Жібек жолындағы Хорезмнен Шығыс Европаға баратын керуен жолдары, Ескі Ноғай керуен жолы, Ибн Фадланның Бейнеу-Ұшқан-Қайнар-Иманқара, Қойқара маршруты, Атырау облысындағы Алтынордалық Сарайшық, Ақтөбе қалалары және бірнеше археологиялық нысандар ерекше атап өтіледі [3].

1996 жылы К. Байпақов Сарайшықтағы тоқтап қалған қазба жұмыстарын жандандыру туралы Атырау облысы әкімі Р. Шырдабаевқа хат жолдады. Хатта: «Сіздің облысыңыздың аумағында Қазақстанның ұлттық қазынасын құрайтын және халқымыздың тарихы, оның терең бастаулары туралы куәландыратын, қазақтардың ата-бабаларының әлемдік өркениет қазынасына қосқан үлесі мен мәдениеті туралы баяндайтын жүздеген археологиялық ескерткіштер бар. Олардың ішінде Қазақстанның белгілісі ортағасырлық Сарайджук қаласының көне орыны болып табылатын Сарайшық қалашығын айтуға болады. Ол Жайық өзенінің арғы жағына өтер өткелі болған, Ұлы Жібек керуен жолында орналасқан орталық ретінде өмір сүрген, содан кейін Алтын Орда тұсында тарихи маңызды рол атқарған, кейінірек Қазақ хандығының орталығы болды. Өкінішке орай, қалашық қазіргі заманғы құрылыс жұмыстарымен де, Жайық өзенімен де қарқынды түрде жойылуда, бұл жағалауды шайып, мәдени қабатты бұзады. Тарихи ақпаратты жоғалтпау үшін шұғыл стационарлық археологиялық зерттеулер қажет. Оларды өткізуді биылғы жылы жұмысқа кірісуге дайын ҚР ҰҒА Археология институты өз мойнына алады. Мұндай зерттеулерді Институт қызметкерлері 1990 жылы жүргізді, бірақ бірқатар жағдайларда тоқтатылды.

Сарайшықты зерттеу бағдарламасы ғылыми ізденістер идеясын қолдаған И. Н. Тасмағанбетовпен келісілген. Жоғарыда айтылғандарға байланысты сметаға сәйкес, археологиялық экспедицияны өткізуге қаражат бөлуіңізді сұраймыз», - деген ойын білдірген ғалым [3].

Көп ұзамай Атырау облысы әкімі Атырау облысындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына 1,5-2 млн. теңге қаржы бөлген [6]. Осы кезеңде Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының Шығыс Қазақстан және Батыс Қазақстан экспедициясы басшысы З. Самашевқа Атырау облысы Махамбет ауданындағы Сарайшық қалашығы мен Жылыой ауданында, Шығыс Қазақстан облысындағы Қатонқарағай ауданында тарих және мәдениет ескерткіштеріне қазба жұмыстарын жүргізуге уақытша лицензия беріледі.

З. Самашевтың еске алуынша, 1996 жылдан бастап Сарайшыққа облыс басшылығы тарапынан көңіл бөліне бастаған. Ғалым пікірінше 1996 жылғы Сарайшықтағы қазба жұмыстарына себепші болған И. Тасмағамбетов екен. 1999 жылы археолог: «1995 жылы Иманғали Нұрғалиұлы біздің институтқа келді. «Басқа жерде түрлі жаңалықтар ашылып жатыр, сіздер батысқа неге бармайсыңдар, сондағы Алтын Орданың астанасы – Сарайшық күн өткен сайын жоғалып барады, неге қазбайсыздар» дегені. Маған бұл жай бұрыннан таныс еді, бірақ қаржы мәселесін шешіп берді. Соның арқасында 1996 жылдан бұл жұмысқа түбегейлі кірістік» еске алады [4].

Ғалым осы жылдары Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі басшысы Қ. Жұмалиевпен қоян-қолтық араласқан. Олар бірлесе ортағасырлық Сарайшықты зерттеуді дамытудың жолдарын қарастырады. Араға уақыт өте З. Самашев: «Мен келу жолымда осында мұражайда басшы қызметін атқарып жатқан Жұмалиев Қуанғали атты азаматпен таныстым. Қуекең үйіне апарып, қонақасы беріп жанұясымен таныстырды. Бұл кісі үлкен өнер иесі екен – ән салып, күй тартып берді. Сарайшыққа өзі бастап жүрді. Осылайша қазба жұмысы басталды» деп жазады.

1996 жылы тамыз айында ғана біраз үзілістен кейін Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы Сарайшықта археологиялық зерттеу жұмыстарын жалғастырды. Экспедиция жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің вице-премьері И. Тасмағамбетовтың жеке бастамасымен қолға алынды. Зайнолла Самашевтің жетекшілігімен Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы Жайық өзені жағалауынан 5 жерге қазба салған [4].

Экспедиция Атырау облысы Мәдениет басқармасының басшысы С. Мұхамбетовпен, Ғ. Дүйсенғалиевпен, облыстық музейдің басшысы Қ. Жұмалиевпен, Сарайшық ауылдық округінің әкімі А. Құрманбаевпен, Сарайшық музейімен, басқа да облыстағы әкімшілік құры-

лымдармен тығыз байланыста жұмыс жасады. Сол кездері Атырауда болған Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының Батыс Қазақстан бөлімшесі (Е. Ғилажев) мен облыстық телевидение (А. Нұрғалиев, Ө. Әлімгереев) де экспедиция жұмысына көп көмек берді.

Экспедиция құрамында археологтар: Ю. Мотов, О. Ишманов, Д. Қожақов, М. Қасенов, Л. Галкин, А. Досымбаева, Т. Трифонова, Д. Нәбиев, Л. Ким, топограф А. Антонов, фотографтар: Ю. Черкашин, суретші Ж. Жаңабаев, т.б. болды. Ал, жұмысшылар қатарында Сарайшық ауылының тұрғындары: А. Алпысбаев (Бүгінде Сарайшық музей қорығының бас инспекторы, археолог Айбек Тұраруұлы), Ж. Жаңбырбаев, Т. Жәкиев, Н. Жауынбаев, Ж. Жауынбаев, Ғ. Кенжәлиев, В. Соловьев, А. Соловьев, Б. Намазғалиев, А. Лұқпанов, Ә. Досболаев, Қ. Қорғанов, М. Бөкенбаев, Т. Қабошев, Ж. Мақтымқұлов, М. Чурмантаев, Ж. Хайруллин, Ә. Шұғайыпов т.б. болды.

І қазбаның көлемі солтүстіктен оңтүстікке 8,2 м, батыстан шығысқа 4,6 м. Қазбаны қазу әдісі мынадай: жер бетінің топырағы бір күрек бойына қазылады, топырақты көзбен тексеріп шыққан соң, бос топырақ қазбаның сыртына шығарылады. Мұнан соң күрек бойы қазылған қазбаның беті тегістеліп, мұқият тазаланады. Құрылыс орындары болса қазба бетінде сұлбасы көрінуі тиіс. Әрі қарай анықталған құрылыс орындарына, оның маңына тиіспей, басқа жерлерінде төменге қарай тағы бір күрек қабатына қазыла береді. Құрылыс қабырғалары пышақпен, щетканың көмегімен ашылып, мұқият тазаланады. Барлық қазбаларда жер бетіне жақын қабаттардан құрылыс қабырғаларын табу мүмкін болмады. Олардың бәрін тығыз орналасқан адам жерлеулері бұзып жіберген. Тек төменгі топырақ қабаттарынан қала құрылыстарының орындарын байқауға болады. І қазба бойынша анықталған қабырғалардың үзіктері бір-бірімен байланыспағандықтан қала тұрғын-жайларын анықтау әрекеті тоқтатылды. Бұл жерден отбасылық-топтық және жеке жерлеу орындары мен бірқатар жәдігерлер анықталды. Жәдігерлер ішінде маңызыдысы деп бірнеше мыс тиындар мен сазсырнай немесе сүйектен жасалған жебе ысқырғышын атауға болады. Сырлы тостаған сынығының бетіндегі жазудан арабист В.Н. Настич хижра жыл санауымен 764 (б.ж.с. 1362 жыл) таңбасын оқыған. Шыны түтікше түрде жасалған шүмек бөлшегі де табылған.

ІІ қазбаның көлемі 6х6 м. Ол көлемі 2х2 м болатын секторларға бөлінген. Жоғарғы үш күрек қабатында көптеген жерленімдер кез-

дескендіктен мәдени қабаттар араласып кеткен. Қазбаның орталық бөлігінен күйдірілген қыш кірпіштер мен оның сынықтарынан тұрғызылған сегіз бұрышты көрхана типтес сағана ашылды. Көрхананың күмбезі құлаған. Іргесіне қаланған кірпіштердің көлемі 26,5х26,5х6 см, күмбезіне қаланған кірпіштердің көлемі 22х22х5,5 см. Сондай-ақ 26х12х6 см кірпіштер де кездесті. Көрханадан жерленген 7 адамның сүйегі мен 1 иттің қаңқасы анықталды. Одан басқа қазба аумағынан тағы 3 адамның жерленген орны табылған.

Бұдан төменгі қабаттан шикі саман кірпіштен тұрғызылған тұрғын үй қабырғалары кездеседі. Қабырға биіктігі 40 см-дей сақталған. Қалыңдығы 140 см. Кірпіштерінің көлемі 22х21х6 см. Қабырғаға тақалып ішкі жағынан мұржа қаланып, суфа салынған. Суфа ішімен кан арналары жүргізілген және тандыр пеш орналасқан. Тандыр пештің диаметрі 70 см. Мұржа ішінен түтін тартатын тұрба есебінде қолданылған түбі ойылған көзе тәріздес қызыл қыш ыдыс сынықтары табылды. Оның бір кездерде мұржа ішіне құлап түскені байқалады. Осы қабаттан алты бұрышты ошақтың орны да анықталды. Қабырғалары тік, ішкі жағы қатты күйген. Ошақтың тереңдігі 40 см.

Әрі қарай қазба барысында тұрғын үйлер жерден қазылған жеркепе үстіне салынғаны анықталды. Жартылай қазылған жер үй тік бұрышты пішінде. Ұзындығы шамамен 320 см, ені 180 см. Жер үйдің оңтүстік қабырғасын бойлай аласа суфа мен кан арналары орналасқан. Кан диаметрі 40 см болатын дөңгелек пішінді тандырмен жалғанған.

II қазба орнының стратиграфиясы бойынша, бұл жерде ең алғашқыда жартылай жерден қазылған жеркепе салынған. Біршама уақыттан соң ол үйдің орны шаруашылық шұңқыры ретінде қолданылған. Кейін шұңқыр шикі кірпіш сынықтарымен бітеліп, орнына тұрғын үй салынған екен. Ол тұрғын үй XIV ғасырдың ортасында өрт салдарынан жойылған. Осы тұрғын үйдің бір бөлігі кейінгі жоғарғы құрылыс қабатынан анықталып, салынған тағы бір тұрғын үйдің іргетасы ретінде пайдаланылған. XIV ғасырдың аяғы – XV ғасырдың басында бұл жерге жерлеу ғимараттары орналаса бастаған. Осындай стратиграфия жалпы Сарайшыққа тән боп саналады.

III қазба орны I қазбадан батысқа қарай 15 м жерден салынған. Өзен жарқабағынан қазылған қазбадан 2 тұрғын бөлменің сұлбасы анықталды.

1-ші бөлме 1,4х1,1 м бұрыш түрінде ашылды. Жер бетінен 80 см тереңдікте бөлме едені анықталды. Өрт іздерінен қатты күйгені бай-

қалады. Жарқабақтың шетінде ошақ құландысының орны табылды. Оның суфа ішінде орналасқаны байқалады.

2-ші бөлменің едені 1,2-1,4 м тереңдіктен шықты. Шығыс жақ қабырғасында кеңдігі 1 м болатын есік қуысы орналасқан. Осы бөлмеге жапсарлас 3-ші бөлме де орналасқан.

Бұл бөлмелерден басқа қазбадан 2 жерленім орны анықталды. Бір жерленімдегі әйел адамның кеудесі тұсынан күміс тиын табылды. Тиын 1379 жылы соғылған (С.Юсуповаңың анықтауы бойынша).

IV қазба орны түгелдей жерлеу кешендерінен тұрды. Шамамен 60 шақты жерлеу кешендері ашылды, олар отбасылық көрхана түрінде қызыл қыш кірпіштерден тұрғызылған. Жерлеу орнынан қаланың басқа құрылыстары кездеспегендіктен қазба орны тұмшаланып, әрі қарай жұмыстар бұл жерде тоқтатылған.

V қазба қала орнындағы төбелердің бірінің үстінен қазылды. Төбе көлемі 20х15 м шамасында. Шурф ретінде салынған бақылау қазбасы қала тұрғын үйлерінің шикі кірпішті қабырғасын анықтады. Сондықтан кейінгі экспедиция жұмыстары осы нысанға шоғырланды. Анықталған саман кірпішті қабырға жер бетінен 1,5 м тереңдікке дейін баратынын көрсетті.

Жер бетіне жақын, жоғарғы қабатта, кейінгі кезеңге (XVI-XIX ғасырлар шамасы) жататын іргелі құрылыс орны ашылды. Құрылыс орнынан жылыту жүйесі, түтіндік мұржа табылған. Қабырғасы, едені сыланғаны байқалады.

Бірақ қазбадағы жұмыс төменгі қабаттардағы алтынордалық кезең құрылыстарына назар аудартты. 1,5-2 м тереңдіктегі еден деңгейінен XIV ғасырмен мерзімделетін олжалар табылды. Олар сырлы керамика, сырлы көгілдір плиткалардың түрлері, кірпіш сынықтары болып келеді.

Ең алғашында, қазбадан қаз-қатар орналасқан 4 бөлме ашылды. Бөлме есіктері шығыс бағытқа қараған, кеңдігі 1 м. Қабырғалар саман кірпіштен қаланған, кірпіш көлемі 41х19х22 см. Кірпіштердің қалану тәсілі: «қырымен» және «бойымен» жатқызып, қатарларды кезектестіре байланыстырып қалау. Сыртқы іргелі қабырғаның қалыңдығы 1,3 м. Ішкі қабырғалардың қалыңдығы 60-70 см шамасында. Биіктігі 1,5 м.

Ашылған бөлмелердің көлемі: 1-бөлме көлемі 3,2х2,7 м; 2-бөлме көлемі 3,2х3,4 м; 3-бөлме көлемі 3х3,5 м; 4-бөлме көлемі 3,1х3 м. Бөлмелер ішінен сырлы және сырланбаған қыш ыдыстар сынықтары, ка-

шин керамикасының ұсақ бөліктері, көк сырлы плита бөліктері, бірнеше мыс тиындар табылды.

Қазбаның беткі қабаты кейінгі кезеңдегі адам жерлеулеріне толы болды. Жерлеу шұңқырлары 60 см тереңдікке дейін жетеді. Бөлмелер қабырғалары жер бетінен 50 см тереңдіктен анықталды. 4-бөлмеден басқа бөлмелердің солтүстік қабырғасы бойында тандыр пеш қалдығы мен кан арналары бар. Түтін жүретін арналардың ені 20 см, тереңдігі 15-20 см. Бұл пештер, едендер екінші құрылыс қабаты кезеңіне тиесілі. Осы деңгейде екінші құрылыс қабаты тұрғын-жайларының қабырғалары да анықталды. Бұл қабырға қалыңдығы бірінші құрылыс қабаты қабырғаларынан әлдеқайда жіңішке келген, шамамен қалыңдығы 40 см.

3-бөлменің оңтүстік-батыс қабырғасының оңтүстік бұрышына тақала тік бұрышты ернеулі ошақ салынған. Көлемі 50х40 см, іші қызғылт-ақшыл түсті күлмен толып тұр. Солтүстік жағында ауыз қуысы бар.

Бөлме есіктері орналасқан шығыс қабырғамен параллель тағы бір қабырға орналасқан, сондықтан бұл екі қабырға арасында ұзын «дәліз» пайда болды. Бұл қабырғалар құрылысы бірнеше рет қайта өзгертіліп салынғаны байқалады. Яғни, бірнеше құрылыс қабаттары бар екенін дәлелдейді.

Кейіннен анықталғандай, бұл ортағасырлық ат-көлік тоқтайтын, қонақ қабылдау мақсатында салынған – хан ғимараты деп есептелді. Бастапқыда олар қарапайым баспаналар болса, кейіннен қонақтардың ат-көлігімен бірге тоқтайтын егжей-тегжейлі қамтылған, әдемі безендірілген тұтас кешендерге айналады.

Қазба орындарынан табылған қыш өндірісі бұйымдары жіктелініп, сараланды. Сарайшық қыш бұйым жасаушыларының шеберлігі мен жан-жақтылығына баса назар аударылды. Өндірістің жоғары дамуына Жошы Ұлысы мемлекетіндегі Сарайшықтың экономикалық дербестігі басты роль атқарған. Бұл жазба деректермен құжатталған.

Сарайшық қазбасынан Сарай, Сарай әл-Жәдид, Гүлістан, Азақ, Қажы-Тархан, Хорезм ақша сарайларында соғылған тиындар табылған, олар Тоқты ханнан Тоқтамыс кезеңіне дейінгі хандардың соғылымдары.

Сондай-ақ, алдағы жылдардағы зерттеулерге:

- қала құландыларының тұтастай топономикалық түсірілімін жасау;
- жағалау аймағын түгелдей топырақтан ашу;
- антропологиялық материалдар жинақтау;

- Сарайшық пен оның маңайынан Алтын Орда хандарының жерленген жерлерін іздестіру;

- IX-XI ғасырларға жататын ортағасырлық қорымдарды іздестіру және т.б. жұмыстар жоспарланады.

Қазба жұмыстары барысынан хабар берген журналист О. Легин: «Нынешней осенью возобновились прерванные в 1996 году археологические исследования на средневековом городище Сарайчик... Сейчас здесь работают кроме базового отряда Западно-Казахстанской экспедиции академии наук РК, археологи из Москвы, Астрахани, Донецка, Киева. Главный вопрос, который всегда интересовал ученых на этих раскопках – вопрос о становлении городской культурый в Арало-Каспийском междуморье и взаимодействие культуры городской (времен Золотой Орды и ее распада) с кочевьмы культурами региона. А ответом на этот вопрос, по мнению археологов, может служить все: древние архитектуры, ирригация, кузнечное дело, технология гончарного производства, украшения, предметы быта», - деп баспасөзге жариялайды [6].

1996 жылғы қазба жұмыстары елдегі өлкетану жұмыстарына да қозғау салды. Мәселен, Сарайшық музейі қорығындағы З. Самашев қорынан авторы белгісіз дайындалған жазба ерекше қызықты. Жазбада: «І. Осы орайда 1996 ж. бастап Сарайшық қаласына археологиялық қазба жұмыстарының жүргізіле бастауы, казақ халқының азамат тарихына байланысты біраз мәселелердің бетін ашады. Ең алдымен Сарайшық қаласы Алтын Орда ыдырап әр кезде алып империяның шаңырағын көтерісіп, уығын шаншысқан, ұлыстар мен этностар енші алып, әр жаққа аттанысқан кезде, жас қазақ хандығының алғашқы астаналарының біріне айналды. Әлі де тексерілмеген толық емес деректерге қарағанда, Жошы әулетінің хандарымен ханзадаларының біразы Сарайшықта билік құрып, осында жерленгенге ұқсайды. Олар: Өзбек, Мөңке-Темір, Туда-Мөңке, Тұла-Буйа, Тоқтағу. Қазақ ұлысын Әбілқайыр иелігінен Керей хан екеуі бірінші рет бөліп алып, жеке мемлекет жасаған Әз-Жәнібек хан Сарайшық шаһарын бас қала жасады. Әбілғазы Бахадүр өз жазбаларында «Жәнібек хан ғажайып мұсылман патша болды. Өзі ғұлама, ибалы, ақылды кісі еді. Сарайшық шаһарында таққа отырды», - деп жазады (Әбілғазы. «Түрік шежіресі», 1988, 116-117 бб.). Қазақ мемлекетінің шекарасын бірнеше есе кеңейтіп, Ертістен Еділге дейінгі жерді иеленген - «Қазақтың қасқа жолды Қасым ханы» 1521 жылы Сарайшық қаласында дүние салды. Қазақ-ноғай аңыздарында, Сарайшықта жеті хан жерленген, қаланың

шығыс бөлігіндегі «Ханбейіт», - деген жерге ертеректе тек хан тұқымдары ғана жерленген. 1791 жылы Сырым батыр өлтірген Нұралы ханның баласы Есім Нұралиевтің де мәрмәр құлыптасы 1930 жылға дейін сақталған. Халқымыздың хандарымен атақты адамдарының сүйегі қойылған Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи ғимараты - пантеон десек алғашқы пантеон Сарайшық қаласы болып табылады. Бұл ойды бірінші рет айтқан 1950 жылы қалаға қазба жұмыстарын жүргізген Әлкей Марғұлан (Из истории городов и строительного искусства Казахстана. А., 1953). Демек хандар шежіресін жасау, хандар тарихын зерттеу Сарайшық қаласын зерттеудің ажырамас бір бөлігі болып табылады. Қазан төңкерісіне дейін Ресейде мұсылман халықтарының ішінен ірі әскери шенге жеткен (кавалерия генералы – казіргі армия генералымен теңдес), Жәңгір ханның кіші баласы Ғұбайдулла Шыңғысханның (Жәңгіровтің) өмірі мен қызметі зерттелген емес. Петербургтағы паж корпусын, бас штаб академиясын бітірген Ғ. Жәңгіров 1877-1878 жылдар аралығында орыс-түрік соғысына қатысады, 1900-1902 жж. Ресейдің почта-телеграф министрі қызметін атқарады. 1902 ж. отставкаға шығып, Бақшасарайдағы (Сочи) ағасы полковник Ахметкерейдің поместьесінде тұрады. 1907 жылы қайтыс болып Бақшасарайда жерленген. Қазан төңкерісіне дейін біраз қазақтар Ғұбайдулла Жәңгіровтің моласына барып, тағзым етіп жүрген, сондықтан даңқты жерлесіміздің өмірі мен қызметін зерттеп, мүрдесін табу ұрпақтар алдында қарызымыз.

II. 1. Сарайшық қаласы жөнінде, Қазақстанның Ресейге қосылғаннан кейінгі орыс жиһанкездері мен географтар жазған деректерді Орынбор, Астрахань архивтерінен іздестіру.

2. Ел арасынан Сарайшықта әркез билік құрған Әз-Жәнібек, Асанқайғы, Жиренше т.б. жөнінде аңыз-әңгімелер жинастыру.

3. Сарайшықтың маңайындағы тарихи-топонимикалық атауларды тексеру. Мысалы: орыстар «Воровской вал», Қазақтар «Ұры-төбе» деп атап кеткен жер - Степан Разинның қарақшылары жасырынып, Сарайшық қаласын тонаған уақытты көрсетеді.

4. Жергілікті халықтың үй салу, құрылыс жүргізу дәстүрі, әдет ғұрып, салт-жораларын т.б. жинастырып зерттеу [3].

1997 жылғы Сарайшықтағы археологиялық зерттеулер

1997 жылы Атырау облысы әкімі облыстағы қазба жұмыстарына 2 млн [7], кейін 1997 жылы 3 қазанда қосымша 1 млн теңге бөлінеді.

Сөйтіп барлығы археологиялық қазбаға 3 млн теңге бағытталады. Бөлінген қаржы турасында З. Самашев: «Первоначальная программа работ по договору предусматривала одновременного проведения комплексного исследования памятников савромато-сармато-массагетского этнокультурного массива и более ранних культур Северо-Восточного Прикаспия в контексте выявления механизмов и специфики развития хозяйственно-культурных типов на протяжений последних 4-х тысячелетий и их адаптации к природно-экологическим нишам; генезиса и эволюции древних культур и т.д., однако, крайне аварийное состояние Сарайчика (вызванное отрицательным воздействием режима р. Жаик и антропогенно-техногенных факторов) и недостаточный обьем финансирования потребовало того, чтобы мы все силы и средства направили на раскопки разрушающихся обьектов Сарайчика», - деп түсіндірген [3]. Осылайша қаражат толықтай Сарайшыққа бөлініп, ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Гурьев облыстық «Прикаспийская коммуна» газеті Сарайшықта қазба жұмыстарының басталып, т.ғ.к. М. Касенов бастаған археологиялық отряд құрылғанын хабарлайды [8].

1997 жылғы археологиялық жұмыстар мамыр айынан қарашаның ортасына дейін жүрді. Сарайшықта 9 қазба салынды және олар алдыңғы жылғыдан едәуір ауқымды болды. Негізгі күш V қазбаға жұмсалады, осындағы хан ғимаратының орталық бөлігінен 20 шақты бөлме ашылады. Бұл жұмыстар арқылы ортағасырлық қаланың топографиясынан мол ақпараттар алынды, соның негізінде тораптық нысандардың бөліктері ашыла бастады. Әрі алдағы кезде археологтардың неғұрлым ақпаратты мол беретін нысандарға күш жұмылдыруына жағдай жасады. Ескерткіштің жалпы табиғи-антропогендік жағдайы да ескерілді.

Хан ғимараты көлемі 40х22х8 см шикі саман кірпіштерден қаланған. Қабырғалар қалыңдығы 70-140 м аралығында. Биіктігі кейбір жерлерде 150-200 см-ге дейін жетті. Пішіні төртбұрышты келген, көлемі 7х7 м болатын орталық бөлменің айналасында орналасқан 20-ның үстінде бөлме зерттелді. Орталық бөлменің солтүстік жағында батыстан шығысқа дейін ені 1 м болатын өтпелі дәліз орналасқан. Әр бөлменің кеңістікті реттеудегі жалпыға ортақ қағидаларын сақтай отыра ішкі көрінісін әрлеу мен жылыту жүйесінде кейбір айырмашылықтар бар. Сәулеттік келбетіне, интерьерінің ерекшелігіне, бөлмелер санына және басқа да параметрлеріне қарағанда, бұл Сарайшықтың

шараушылық-тұрғын және мәдени кешені бүкіл Алтын Орданың ең танымал қоғамдық орталықтарының бірі болған болуы мүмкін. Кешен бірнеше рет салынған және кеңейіп отырған.

Өзен жарқабағындағы қазбаның біріндегі құрылыс құландысын топырақтан ашу нәтижесінде саман кірпішті қабырғасы сәулеттік плиталармен қапталған, еденіне көлемі 24х24х5 см-лік қыш кірпіштер төселген ғимарат құландысы анықталды. Еденде суағар арық бар. Арықтың бір шеті еденнен қазылып қыш құмыра орнатылған пайдаланған су жиналатын құдықпен шектелсе, екінші шеті де еденнен қазылған құдыққа тіреледі. Сондай-ақ бөлмеден жылыту пеші мен үлкен қыш ыдыс табылды. Қыш құмыра орнатылған құдыққа жақын тандыр пеш орналасқан. Балама ғимараттарды іздестіре отырып бұл монша болуы мүмкін деп болжалды. Моншаға су өзеннен немесе жақын маңдағы құдықтан алынған болуы мүмкін. Нысан XIV ғасырдың ортасы деп кезеңделді. Моншаның біраз бөлігі Жайық өзені тасқыны салдарынан бұзылса, кейбір жерлерін XV-XVI ғасырлардағы жерлеу шұңқырлары бұзып кеткен.

Екі қазба шартты түрде ортағасырлық мешіт құрылыстары деп аталған нысанға салынды. Бұл жерде колонна табаны болуы мүмкін тік бұрышты ізбестас блогы, еденге төселген кірпіштер және қабырғаға өрілген сәулеттік тақталар сынықтары табылды. Ізбестас блогы көлемі 80х50х25 см, ортасында ойыс шұңқыр бар. Мешіт XIV ғасырмен кезеңделді.

Өзен жағалауы аймағынан мәдени қабаттарды зерттеу үшін тереңдігі 3 м., 2,5 м. және 2 м. болатын стратиграфиялық үш қазба салынды.

Осы жылғы қазбалардың бірінен қыш кірпіштен сатылы пирамида түрінде қаланып, алебастрмен сыланған қабір үсті тасы бар бейіттердің орны табылды. Мәйіттер онша тереңде емес, ағаш табытқа салынған. Бейіттер саман кірпішті мазар ішінде болған. Заттай бұйымдар табылмады. Бұл болжам бойынша ерте ислам кезеңіне жататын жерлеулер деп есептелді.

Бірнеше қазбадан қолөнершілер мекені болуы мүмкін орындар ашылды. Оларды алдағы кезде тыңғылықты зерттеу қажет екені және айтылады.

Қазбалардан көптеген қыш ыдыстар түрлері алынды, 300-дің үстінде мыс және күміс тиындар анықталды. Ақша сарайларының географиясы Қырымды, Солтүстік Иран, Еділ бойы, Хорезм мен Самарқанд аймағын қамтиды. Яғни, Жошы Ұлысы, Құлағулық Иран, Шаға-

тай Ұлысы, Қырым Хандығының ақша қатынасы болғанын көрсетеді. Сарайшықта соғылған тиындар 7 дана болды. Сарайшықта соғылған тиындардың табылуы осы жылғы қызықты археологиялық ашылулардың бірі [9].

1998 жылы экспедиция жұмысына А.С. Пушкин атындағы Батыс Қазақстан Гуманитарлық университеті (қазіргі М.Өтемісов атындағы БҚУ), Н.П. Огарёв атындағы Мордва мемлекеттік университеті студенттері, Ресей ҒА Археология институты және Шығыстану институты қызметкерлері, Бүкілресейлік тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы Астрахань бөлімшесінің мамандары, «Бирлик» ноғай ұлттық-мәдени қоғамы өкілдері қатысты.

Экспедиция алдыңғы жылдардағы қала орнында жүргізілген қазба жұмыстарын сараптай келе, негізінен кешенді сарай ғимараты - хан құландысын зерттеуге басымдық берді. Одан басқа, жағалау аймағынан алыс 2 жерге қазба салынды. Ал қаланың мәдени қабаты кей жерлерде 3 м-ден асып кетті [10].

Хан орнындағы қазба көлемі 50х50 м дейін кеңейді. Қазбаның беткі қабатын тазалау кезінде шағын шаруашылық шұңқырлары мен күлге толы терең емес шұңқырлар анықталды. Одан басқа, дөңгелек келген топырағы қыздырылған орындар бар. Айналадан шыны моншақтар мен шыны, қола бұйымдардың сынықтары, қызыл түсті қыш ыдыстар сынықтары табылады. Осы нышандарға қарап бұл жерде кейінгі кезде киіз үйлер тігіліп қоныстанған деп болжам жасалды. Бұл шамамен XVI ғасырдың II-жартысы - XVII ғасырларға келеді. Соған қарағанда, бұл жерде Сарайшықта тіршілік XVII ғасыр басындағы қалмақтар шапқыншылығынан кейін де жалғаса берген деп саналады.

Бұдан кейінгі қабаттан жерленімдер орындары ашылды. Жалпы саны 150-ден астам адам сүйегі табылды. Барлық мәйіт басымен солтүстік-батысқа бағытталған. Жерленімдерден 3 типті шұңқырда жерлеу түрлері анықталған және төртінші - қыш кірпішті склептер-көрханаларда жерлеу бар. Бұл кездескен жерлеу салты материалдары арнайы зерттеуді қажет етеді. Әрі мол деректер қоры боп табылады. Сол замандағы қала мен даланың, ислам мен исламға дейінгі далалық дәстүрлі сенімдердің, түрлі халық категорияларының қарым-қатынасының картинасын қалпына келтіруге негіз бола алады.

XIV ғасырдың II-жартысымен кезеңделетін ханның былтырғы 1997 жылы ашылған орталық бөлігін қазу жалғасып, барлық бағыттарда, жанама шаруашылық бөлмелері қосылып салынғаны анықтал-

ды. Шығыс жағында осындай көлемі кең 3 бөлме салынған. Ішкі интерьері әдеттегідей, сол кездің дәстүрінде жасалған, суфа, кан жүйесі, тандыр пеш салынған. Бөлмелер көлемі 5х5 м, ортасы қалыңдығы 60 см қабырғалармен бөлінген. Бөлмелерден табылған олжалардан құйылған қола кесе, жылқы бейнесіндегі қола құлыптың жарты бөлігі, темір пышақ, т.б. айтуға болады. Бөлмеден табылған тиындар XIV ғасырдың II-жартысында соғылған, ең кейінгісі Тоқтамыс ханның билігі кезеңіне келеді.

Ханның орталық бөлігінің батыс жағынан да көлемі 5х5 м ауқымды келген бөлмелердің қалдығы табылды. Бөлмелердегі суфаның көлемі 4х3 м болады. Бұл бөлмелерден әрі қарай, батыс бағытқа тағы қосымша бөлмелер немесе шаруашылық ғимараттары орналасқан. Оның бірінде қарапайым жазғы ошақ сақталған. Бұл анықталған бөлмелердің жарты бөлігін өзен сағасы қиып жатыр. Табылған жәдігерлер арасында түрлі түсті кашин кеселер мен вазалардың бөліктері, үзеңгі мен ауыздық сияқты ат әбзелдері, сүйектен жасалған жебенің ұшы, қоламен қапталған темір тоға, қола айнаның сынығы табылды. Шығыр ыдысының да көптеген сынықтары кездеседі.

Солтүстік бөлікте бірқатар кең көлемді бөлмелер ашылып, сонымен кешенді сарай ғимаратының шекарасы анықталды. Бөлмелердің бірінде суфаның сырты қыш кірпішпен қапталған. Тағы бір бөлменің аумағы 8х8 м құрайды, оның ішінде 18 см қалыңдықта мал қиының қабаты түзілген. Шамасы, бұл қыста арық-тұрық ұсақ малды ұстайтын жер болса керек.

Хандағы қазба жұмысы кезінде Сарай-әл-Жәдидте 791 хижра жылы (б.з. 1391 ж.) соғылған тиын мен Хорезмде 782 хижра жылы (б.з. 1382 ж.) соғылған тиын және 1380 жылдары Орда-Муаззамда соғылған тиын табылды. Бәрі де мыстан жасалған. Осы жылы қазбадан 70-тен аса тиындар табылады. Олар берген ақпараттар бойынша археологиялық қабаттардың хронологиясын шығаруға септігі тиді. Әмір Темірдің таңбасы соғылған мыс тиын Каспий маңы аумағынан алғаш рет табылды. Нумизматикалық материалдар бойынша, XIV ғасырдың 60-70 жылдарына дейін соғылған тиындар Еділ өзені бойындағы қалалардан шығып, кейін Сарайшыққа келген. Тоқтамыс ханның билігі кезінде Хорезмде соғылған тиындар саны көбейген. Бұл өзгеріс XIV ғасырдың II-жартысындағы саяси оқиғалардың кейбір сәттерінен хабар береді. Бұл кезде Хорезм Ордадан тәуелсіз саясат жүргізген. Билік басында Қоңырат сопыларынан шыққан әмірлер болған еді. 1372-1374

жылдары Хорезмді Әмір Темір басып алады, 1380 жылдары Алтын Орда ханы Тоқтамыстың қол астына қарайды. Сондықтан да хорезмдік тиындар Тоқтамыс тиындарымен бірге кездеседі. 1391 жылы Хорезм қайтадан Әмір Темірге қарады, сол кезден бастап оның атымен соғылған тиындар Сарайшықта пайда бола бастаған.

XIV, XV, XVI ғасырларда Қырымда соғылған тиындар (Меңлі-Герей, т.б. хандар) Сарайшық қазбасынан үздіксіз кездесіп отырды, бұл Қырым хандығы мен Сарайшық билігі арасындағы қарым-қатынас еш тоқтамағанын, өзара байланыста болғанын айғақтайды.

Осы маусымда XV-XVI ғасырлардың мәдени қабатынан свастика тәріздес таңбасы бар мыс тиындар кездесті. Оларды Ноғай Ордасы хандары шығарған болуы мүмкін деген жорамал бар. Бұл тиындардағы мөрдің толық мағынасын ашу Ноғай Ордасы өмірінен жаңа мәліметтер береді деп ойлаймыз.

Тағы бір маңызды иа ерекше олжа - оңтүстік елдерде өсетін миндал жаңғағының табылуы.

Қазбадан табылған керамикалық ыдыстар үш түрлі боп келген. Бірінші қызыл түсті қыш ыдыстар: көзелер, шығырлар, азық-түлік сақтайтын үлкен ыдыстар, табақша, шырағдан т.б. жасалған. Кейбір ас үйлік ыдыстар түрлі түсті сырлы бояумен салынған ою-өрнектермен безендірілген. Ыдыстардың екінші түрі, ақ түсті кашин балшығынан жасалған, сырты сырлы бояумен көмкерілген. Әр түрлі ою-өрнектер салынып жылтыр глазурьмен қапталған кесе, құмыра, ваза тағы басқа да ыдыстар осы материалдан жасалған. Үшінші түрі - сұр түсті балшықтан жасалған қыш ыдыстар, сырты қалыппен басылған түрлі кескіндегі өрнектер және құс, балық, жұлдызша, өсімдіктер мен геометриялық фигуралар секілді суреттермен безендірілген.

Табылған қыш ыдыстар сынықтары арасынан Қара теңіз жағалауы қалаларының сырлы ыдыстары үлгілері кездеседі. Олар керуен теңдері мен кеме трюмдері арқылы Сарайшыққа келген болуы мүмкін. Басқа бір болжам бойынша, олар Сарайшықтың өзінде Қырымнан келген шеберлердің қолынан жасалуы да мүмкін.

Қыш ыдыстан басқа шыны бұйымдар, оның ішінде түрлі түсті жүзіктердің көздері, шыны ыдыстардың мойыны, түбі, қапталы, т.б. бөліктері және түсті терезе әйнектерінің бөліктері табылды. Бұл бұйымдардың әртүрлі болуы олардың басқа жақтардан әкелінген заттар екенін байқатады. Бірақ шыны бұйым тасымалдауға қиын, сынғыш келеді. Сондықтан бірқатар бұйымдар қаланың шеберханаларында

жасалған болуы мүмкін. Алдағы кезде осы шеберханалардың орнын анықтау керек. Әзірге жергілікті жерде жасалған шыны моншақтар мен дайындамалар ғана табылғанын айта кетуіміз керек.

Темір және қоладан жасалған түрлі бұйымдар қала тұрғындарының шаруашылық өмірінің кейбір қырларынан хабар береді. Мысалы, темірден соғылған ұстатқыш қайықтың тақтайларын бекітуге қолданылған. Тағы бір табылған ерекше жәдігер туралы да айта кеткен жөн. Бұл қыш кірпіш бетіне салынған суретте: шауып бара жатқан жылқы бейнесі сызылған, жылқының сол күйінде дәрет сындырып бара жатқаны бейнеленген. Әрі араб шрифтімен көркем жазу арқылы түсіндірме қалдырған. Суретті бала салған болуы мүмкін. Бұл ерекше туынды сол кездегі Сарайшықтың жас буыны арасында сауаттылықтың кең таралғанын байқатады.

1998 жылғы Жайық өзенінің көктемгі су тасуы Сарайшықтың тұсында мәдени қабаттың 3-5 м шамасындай жағалау аумағын ағызып әкеткен. Ал оңтүстік-батыс шетінде өзеннің тасуы мәдени қабатты 30 м. дейін жойып кеткен.

Қазба орындарын көріп тамашалаушылардың тым көбеюі себепті, қала өмірінің элементтерімен таныстыру үшін белгілі бір нысандарды реставрациялау, туристер үшін экспозициялық алаңдар жасау мәселесі туындады. Патриоттық тәрбие беру, тарихымызға деген құрмет пен қызығушылық тудыру мақсатында қайта қалпына келтіру шараларының болашақ үшін маңызы зор еді. Сарайшық қаласы ескерткіші негізінде мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорық құру аса қажет, сол арқылы музей-қорыққа осы аймақтағы Сарайшықтан басқа да көне мәдениет ескерткіштерін кіргізу археологтар жетекшісі З. Самашевтің тарапынан ұсынылады. Ол музей-қорық жұмысы мен базасы болашақ гуманитарлық сала кадрларын дайындауға, халықты Отанға деген сүйіспеншілікте тәрбиелеуге негіз бола алады деген пікірде болған. Батыс Қазақстан аймағының тарихын көршілес және басқада шетелдік мемлекеттердің мәдени және туристік ортасында лайықты таныстыру үшін ақпараттық-экономикалық міндеттерді шешу музей-қорықтың жұмысы болуы тиіс деген қорытындыны ұсынады.

1999 жылы да зерттеу қазба жұмыстары негізінен хан шаруашылық-тұрғын кешенінде жалғасты. Сонымен қатар шартты атауы II, III, XII-қазба орындарында да жүрді. Ескерткіштің солтүстік бөлігінде геодезиялық жұмыстар жүргізіліп, топографиялық түсірілімдер жасалды. Бойлық, ендік бағытта 10х10 м секторларға бөлінді.

Хан моласы орналасқан V-қазба орнына қарасты және оның маңындағы тұрғын-жайлар ашылып, 45-тің үстіндегі бөлмелердің сипаттамасы жазылды. Бөлмелер құрылысы мен ішкі интерьерінде айтарлықтай өзгешелік жоқ. Тандыр пеш, суфа, кан жүйесі кездеседі. Гипс күйдіретін пеш құландысы да табылған.

II-қазбада екі құрылыс қабатынан тұратын көп бөлмелі ғимарат ашылған. Онда 7 бөлме мен 1 дәліз анықталды.

Ал, III-қазбада қыш кірпіштен тұрғызылған кесене құландысы ашылды. Кесене бұрышы гүлдестемен бекітілген. Одан басқа қазбадан 1 көрхана топырақтан ашылды. Қызыл қыш кірпіштен салынған көрхана ішіне ер адам мен әйел адам жерленген боп шықты.

XII-қазба бойынша айтар болсақ, мұнда XIV ғасырдың басына және ортасына сәйкес келетін 2 құрылыс қабатынан тұратын ғимарат топырақтан ашылған [11].

Экспедицияның жұмысына Атырау облысының сол кездегі әкімі И. Тасмағамбетов тікелей жетекшілік етті. Сонымен 1999 жылы 3 қыркүйекте Сарайшықта тұрғызылған жаңадан музей ғимараты, «Хан ордалы Сарайшық» мемориалдық кешені ашылады.

Музей-қорықтың 3 қыркүйекте ашылуы қарсаңында Сарайшықта археолог З. Самашев бастаған археологиялық экспедиция жұмысын жалғастыруда еді. Экспедицияға қатысқан мамандар қатарында В. Плахов (Астрахань), М. Дарменов (Астрахань), Е. Гончаров (Мәскеу), Л. Галкин (Мәскеу), Ә. Марғұлан атындағы археология институтының қызметкерлері: Д. Талеев, Т. Лошакова, Б. Әділгереев, Д. Қожақов, С. Дормина, А. Оңғар, Ғ. Қиясбек, Ю. Черкашин, А. Антонов, Г. Жолашарова, Т. Досжанова, Ж. Жаңабаев, В. Соболев тағы басқалары болды.

Археолог З. Самашев 1999 жылы 6 қазанда музей қорық директоры М. Бердімұратовқа жолдаған хатында экспедиция қорытындысы бойынша Атырау облыстық өлкетану музейінде 10-20 қазан аралығында арнайы көрме өткізетінін хабарлап, музей-қорық ашылар сәтте уақытша 38 тапсырған жәдігерлерді кейін қайтаруды сұрайды. З. Самашев осы мақсатта Сарайшыққа әдейі астрахандық археолог В. Плаховты жібереді [12, 38 б.].

З. Самашев 1999 жылы 1 қарашада М. Бердімұратовқа келесі бір хатын жолдап, археологиялық қазба орындарын қорғау қажеттігін көтереді. Ғалым хатында: «В связи завершением исследовании на городище Сарайчик в сезоне 1999 г. обращаюсь к Вам с просьбой не нап-

равлять группы организованных посетителей и частных граждан на огражденные участки археологических раскопок. Они пока являются объектами научных исследований, не музеефицирована, официально не являются объектами туристическо-экскурсионных посещений. После создания соответствующих технических и материальных условий – проведения дорожек, смотревых площадок, закрепления специальными составами стен и интерьеров помещений, полной консервации и реставрации эти раскопки будут доступны всем. В настоящее время, до полной сдачи объектов органам госохраны историко-культурного наследия, запрещается производство не согласованных фото-видеосьемков. Материалы экспедиции Вам будут переданы в апреле 2000 года», - деп қазба орнындағы күрделі мәселені көтереді [12, 38 б.].

2000 жылы қазба 5 орында жүргізілген. Олар: V, XII-қазба орындарында зерттеу жұмыстары жалғасты, ал жаңадан X, XI, XIII-қазба орындары белгіленіп қазыла бастады. X-қазба V-қазбаның батыс жағында белгіленді. Ал, XIII-қазба V-қазбаның оңтүстік-шығыс жағынан қазылды. XI-қазба зираттың оңтүстік-шығыс шетінен қазылды. V қазбадағы бөлмелер қайта сипатталып, тереңдете қазылды. Сонымен қатар, осыннан анықталған шаруашылық шұңқырлары мен құрылыс бөліктеріне де сипаттама берілді.

X қазба бойынша үш құрылыс деңгейі анықталған. Бірінші деңгейде көрханалар мен жерлеу шұңқырлары ашылды. Екінші құрылыс деңгейінде бір-бірімен байланыспайтын, үзік-үзік қабырға бөліктері табылды. Тандыр пеш, ошақ орындары да бар. Үшінші құрылыс қабаты жер бетінен 65-70 см тереңдікте ашылды. Мұнда қазбаның шығыс бөлігінен 3 бөлмеден тұратын Г-тәріздес жобалы құрылыс орны орналасқан. Бөлмелер едені нығыздалып сыланған. Суфа, кан арналары, тандыр ашылды [13].

1999-2000 жылдары Атырау облысын И.Н. Тасмағамбетов басқарған кезеңде Сарайшық қалашығын зерттеу жаңа белеске көтерілді. Ол тек музей қорықтың салынуымен ғана емес, сонымен бірге археологиялық жұмыстардың жандануымен көрінеді.

2003 жылы екі жылдық үзілістен соң Сарайшықта авариялық-құтқару мақсатында археологиялық қазба жұмыстары қайта қолға алынады. Жұмысты Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының археологы З. Самашев бастаған бір топ ғылыми қызметкерлері атқарған. «Хан ордалы Сарайшық» КМҚК жетекшілік етуі-

мен басталған қазбаның басты шарты барлық табылған олжаларды жергілікті музейдің қорына қабылдау болған.

Қазба барысында хан кешенді ғимараты астында тағы бір ғимараттың бар екені анықталды. Ханды тұрғызған кезде ол ғимараттың әлсіз қабырға бөліктері бұзылып тасталған, мықты қабырғалары ханға іргетас ретінде қызмет атқарған. Бұл қабырғалар төртбұрышты пахса блоктарынан тұрғызылған. Бөлмелерде тандырлар мен кандар жасақталған. Кейбір бөлмелерде тік бұрышты ошақтар болған. Ал кейбір бөлмелерде үлкен көлемді тандыр пештер салынған. Оларға отынды үстінен салатын болған, жанында отын салатын қуысы болған жоқ. Әдетте, осындай тандыр пештер оңтүстікке, Жетісу өңіріне тән боп келеді.

Хан ғимараты маңындағы өзен бойының жағалауы аймағы ең алғашқы алтынордалық құрылыс қабаттары кезеңіне дейін ашылды. Ашылған үйлерді сипатына қарай екі түрге бөлуге болады. Біріншісі, 2-4 бөлмелі саман кірпіштен тұрғызылған үйлер. Бөлмелердің көлемі 4х5 м, үш қабырғаны бойлай суфа салынған. Екінші түрге блоктардан тұрғызылған көпбөлмелі қоғамдық мақсаттағы үйлер жатады. Блоктар шығыстан батысқа ұзынынан жатыр. Пахса блоктардың көлемі 70х50х20 см. Оларды бекіткен балшық ерітіндісі арасында алебастр қиыршықтары бар. Бөлмелерді ортасынан фахверк қабырғалармен бөлген. Суфалар бір, кейде екі қабырғаны бойлай орналасады. Бұл ғимараттар сипатына қарағанда жатақхана типтес келген [14].

Қазба материалдарын Жошы Ұлысының тарихымен сабақтастыра отырып сараптар болсақ, Сарайшық Жошы Ұлысының алғашқы онжылдықтарынан бастап қала ретінде салына бастаған. Оған дейін шағындау қоныс болған қолайлы жерге салынған қалада XIII-XIV ғасырларда қолөнершілердің, көпестердің өзге де еркін тұрғындардың баспаналары салынғанын қазба жұмыстары көрсетеді. Олардың қызметі трансконтинентальды керуен жолының қалыпты өмірін қамтамасыз ету болды. Еуропа елдерінен Хорезмге, Иранға, Үндістан мен Қытай қалаларына жүретін және кері бағытта жүретін сауда керуендері аялдап тынығу, күш толықтыру үшін осы қазба жүргізілген жердегі нысандар пайдаланылған.

1312 жылы Мұхаммед Өзбек ханның билік басына келуімен Сарайшықта күшті экономикалық дүмпу болғанын байқауға болады. Қазба орны басқа қалалардан келген адамдар тұруы үшін әдейі арналған жер болса керек. Кейін Жәнібек ханның билігі тұсында (1342-1357 жж.) сауда-қолөнер орталығы ретінде Сарайшықтың өркендеуі жалғаса берді, қала кеңейіп, ауданы өсе түсті.

Жәнібек ханның өлімінен кейін империяда күшті билігі болмаған хандар бірінен соң бірі ауысып, тәртіп ретке келмеген. Жошы Ұлысындағы орталық биліктің беделі түскен кезде Сарайшық тағына Жайық өзені мен Ертіс өзені аралығы аумағын басқарған Ақ Орда хандары таласа бастады. «Ұлы дүрбелең» деп аталған аралықта қазба зерттеу аймағы еш өзгеріс көрмеген. 1380 жылдары Ақ Орда ханы Орыс хан билікке келуімен зерттеу аумағында айтарлықтай қайта құрылыс жұмыстары басталғаны байқалады. Құрылыс жүргізген шеберлер ханның өз ұлысынан шақыртылған болса керек, өзгеше құрылыс тәсілін өздерімен бірге әкелген, яғни, Орта Азияда кең тараған пахса блоктарын қолданған. Кейіннен Тоқтамыс ханның билігі тұсында (1380-1396 жж.) кешен қанатын кеңге жайып ірі орталыққа айналған. Ақырында кешеннің қаңырап қалуына Тоқтамыс пен Әмір Темір арасындағы қарым-қатынасқа байланысты оқиғалар әсер еткен болуы мүмкін деп жорамалдауға да болады. 1391 жылы екеуінің ара қатынасы жауласу мен соғысқа ұласты.

Қазба материалдарын зерделеу барысында нумизматикалық тиындарға, керамикалық бұйымдар түрлеріне, остеологиялық материалдар мен сүйек бұйымдарға кең көлемді сипаттама берілген. Кешенде бес құрылыс кезеңі болғаны анықталды. Жерлеу нысандарын зерттеу қала мен даланың, ислам мен дәстүрлі көне сенімдердің, халықтың әлеуметтік топтары арасындағы қарым-қатынасты көруге мүмкіндік берді *(қараңыз: 5-сурет, 333-бет).*

2003 жылғы қазба жұмыстарынан соң З. Самашев: «Основным условием заказчика явилось полная передача всех найденных в результате раскопок на городище артефактов в фонды местного музея в с. Сарайчик, что и сделано исполнителем. Однако выяснилось, что музей не в полной мере располагает соответствующими стандартам помещениями, фондохранилищами, оборудованиями и другими необходимыми элементами, составляющими понятия «музей», за исключением экпозиционного зала и двух небольших комнат для сотрудников» деп музей жағдайын толық баяндайды [15, с.3].

2004 жылы Қазақстан Республикасында қабылданған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасында Сарайшық қаласы орнында археологиялық зерттеулер жүргізу жұмысы қаралды. Бағдарлама аясында Сарайшық қаласының зерттеуі жүргізіліп, қазба жұмыстары жалғасты. Қазба жұмыстары Жайық өзенінің су тасқыны шайып, құртып жатқан жағалау белдеуінде авариялық-құтқару

мақсатымен өтті. Экспедиция жетекшісі археолог З. Самашев, орындаушы мамандар В. Плахов, О. Кузнецова, Т. Досжанова, Т. Лошакова, А. Тұраруұлы, Я. Лұқпанова, Ю. Черкашин, А. Антонов болды.

Қазбасы жалғасқан хан типті сарай кешені тік бұрышты келген, оңтүстіктен солтүстікке созылыңқы пішінде, көлемі 20х25 м шамасында. Саман кірпіштен салынған, қабырға қалыңдықтары 80 см-ден 160 см-ге дейін жетеді, биіктігі 200 см болды. Іргетасының деңгейі 1330-1360 жылдарға жататын мәдени қабатпен жабылған. Кейіннен, жанама құрылыстар салу есебінен ғимарат 40х40 м көлемге дейін кеңейген [16].

Ғимараттың шығыс бөлігі оңтүстік-солтүстік бағытта қатар орналасқан 4 бөлмеден тұрады. Бөлмелердің ішкі көлемі 3х5 м. Олар қоғамдық мақсатта қолданылған. Шығыс жағымен ұзын дәліз арқылы жалғасады. Олардың құрылысы жобасында қазіргі кездегі мектеп немесе қонақ үй тәрізді салынған, өтпелі ұзын дәліздан бөлмелерге кіретін болған. Бөлмелер интерьерінде жатын суфа, ішті жылытуға арналған кан арналары, тандыр пеш бар. Тандыр аузына жақын жерде ташнау орналасқан. Ташнау - жуынып-шайынуға арналған гигиеналық шұңғылша, дискі пішінді бір жағына қарай ойыс келген, ұлутастан жасалған. Диаметрі 1 м шамасында, ортасында су ағуға арналған ойық тесігі бар. Барлық ташнаулардың бірдей болуы, ғимарат иесінің ташнауларды бір жерден тапсырыс бойынша жасатқанын көрсетеді. Ташнаулар жиынтығын жасатуға қаражаты жеткілікті болғанын да байқатады. Сірә, бірнеше жүздеген шақырым алыстағы тас қашаушы орындардан жеткізілген болса керек.

Ғимараттың солтүстік бөлігі 4 бөлмеден тұрады. Көлемі 4х5 м. Бөлме интерьері шаруашылық мақсатта қолданылғанынан хабар береді. Олардан қабырғасы саман кірпіштермен өрілген шаруашылық шұңқырлары, ірі көлемді тандырлар, тамақ сақтауға арналған шұңқырлар табылды. Шұңқырлардың бірінен тары дәндері анықталды. Ғимараттың бұл бөлігі азық-түлік сақтауға және көп мөлшерде тамақ дайындауға арналғаны анық.

Ханның батыс бөлігіндегі қазба бөлмелерді анықтаған жоқ. Алынған деректерді сараптасақ, ғимараттың функционалды мақсаты саяхаттаушы жұрттың (саудагерлер, саяхатшылар, бишікештер, зиярат етушілер, т.б.) уақытша паналауына арналған кең ауласы бар кешенді бөлмелерден тұрады. Ғимараттың алдында 20х30 м шамасында алаң бар. Ал, оңтүстік-батыс жағында тұрғын үйлер бөлмелері ашылды.

Тұрғын үйлердегі шаруашылық шұңқырларының бірінен қара түсті жапсыру әдісімен жасалған қыпшақ керамикасының бөлшегі табылды. Басқа маңызды жәдігелерден қорғасыннан құйылған асық бейнесін, 19 алтын жапсырма пластинкалардан тұратын сәндік әшекейлер бар. Әйел адамның киіміне жапсыратын нәзік, көркем бедерлі көпкүлтелі гүл композициясы бейнеленген сәндік бұйым жергілікті зергерлердің қолынан шыққан болса керек. Қызғылт түсті маржан Қызыл теңіз жағалауынан әкелінген. Халцедон моншақтар Үндістаннан, тальк тас қазандары Хорезмнен, жылтыраған люстр қыш ыдыстары Иранннан, фарфор тектес селадон ыдыстары Қытайдан келген. Түрлі түсті шынылар Сарайшыққа Сирия мен Түркістаннан келетін болған. Бұның өзі ортағасырлық Сарайшық қаласының Ұлы Жібек жолындағы бірнеше керуен жолдарының торабы болған, саяси-экономикалық жағынан дамыған іргелі қалалардың қатарында болғанын айғақтай түскендей.

2005 жылы да «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында зерттеулер жалғасты. Сарайшық қаласы тұсындағы Жайық өзені жағалауы аумағында монша құландысы, қыш күйдіру пеші, тұрғын үй орамы зерттелді. Зират аумағынан кейінгі ортағасыр кезеңіне жататын склеп орны анықталды.

Жайық өзенінің оң жағалауындағы жарқабақты бақылау барысында көп көлемде қыш кірпіштер жиналған орын анықталды. Сондай-ақ бір жақ қырында алебастр сылағы бар, цементтелген ерітіндімен бекітілген қыш кірпіш қаландылары түріндегі архитектура детальдары табылды. Қыш құбыр сынықтары мен темір қазан сынықтары да бар. Жарқабақты тігінен тазалаған кезде қыш кірпіш қаландылары ашылды. Осы жарқабақ үстіне 400 м² аумаққа қазба салынды. Бұл қазба орны хан ғимаратынан оңтүстік-батысқа 200 м жерде орналасқан.

Жобалауы, құрылыс ерекшеліктері, архитектуралық детальдарын зерттеу бойынша және алтынордалық, оңтүстік Қазақстандағы, Орта Азиядағы қалалар қазбаларындағы монументалды ғимараттар мен архитектуралық ескерткіштермен салыстыра отырып, ашылған қазба нысаны монша деп есептелді. Өкінішке орай, моншаның көп бөлігін өзен тасқыны шайып құлатқан. Қазба барысында сақталған оңтүстік-шығыс бөлігі топырақтан тазартылды. Осы бөліктің өзінен жуыну бөлмесі, от жағу бөлмесі және ауыз бөлмесі айқындалып тұр.

Моншаның оңтүстік-шығыс қабырғасы азимуты 215°, солтүстік-шығыстан оңтүстік-батыс бағытта 15 м-ге созылған. Қалыңдығы 95-100 см. Көлемі 42х20х6, 46х22х6 см-лік ашық сары, ашық сұр түсті қыш кірпіштерден қаланған. Кірпіштер саз балшықты ерітіндімен бекітілген. Қаланды 7 қатарға дейін сақталған, биіктігі 65 см. Қабырға сыртынан сабан аралас саз балшықты сылақпен сыланған. Қабырғаның сыртқы беттері тұтас кірпіштерден қаланса, ортасына сынық кірпіштер салынған. Монша іргесі қазіргі жер беті деңгейінен 120-140 см тереңде жатыр *(қараңыз: 6-сурет, 333-бет.).* Оңтүстік-батыс қабырғасы 90 см ұзындықта сақталған, қалыңдығы 64 см. Кірпішінің көлемі 24х24х5-6 см. 13 қатар кірпіш қаландысы сақталған, биіктігі 84 см болды. Оңтүстік-шығыс қабырғамен бұрыш жасап қиюласқан. Бұл қабырғада тік түтін шығатын арна қалдығы сақталған. Ол бұрыштан 55 см қашықтықта 24 см қуыс ретінде қабырғаға кірігіп тұр. Қуыс іші күйеленген.

Жуыну бөлігі қатар орналасқан екі бөлмеден тұрады. Ортасы қалыңдығы 50 см қабырғамен бөлінген, қабырға түгелге жуық бұзылған, қалдығы 27 см ғана бұрыштан шығып тұр. 11 кірпіш қатары 71 см биіктікте сақталған. Бөлме едені астымен жылыту жүйесі жүргізілген. Онда тереңдігі шамамен 60 см-дей болатын қазаншұңқыр қазылған.

2 жуыну бөлмесінің солтүстік-шығысында ауыз бөлмесі орналасқан. Мұнда суфа бар. Суфа ішімен үш арналы кан жүргізілген.

Қазбадан шыққан кірпіштерді сұрыптау барысында: тесігі бар трапеция пішінді, кіші шаршы пішінді, ірі шаршы пішінді, жартылай сопақ пішінді қыш кірпіштер алынды. Одан басқа осы қазбадан табылған кашиннен жасалған көгілдір түсті глазурі бар сәулеттік әшекейді де айта кеткен жөн. Оның бетіне геметриялық фигуралар, гүлді өрнектер сызылған, көк, сары, қызыл түспен әшекейленген, кейбір жерлерінде алтын жалатылған бояу бар *(қараңыз: 7-сурет, 334-бет.).* Көлемі 7,5х6 см. қалыңдығы 2,5 см. Моншаның сырты осындай сәулеттік қаптамалармен безендірілсе керек.

Моншаның уақытын анықтау бойынша ауыз бөлмесінің сырт жағынан табылған тиындар көмбесі пайдалануға болады. 84 тиыннан тұратын көмбедегі тиындар бір-біріне жабысып қалған. Тиындар сыртында мата қалдығы сақталған, бұл олардың мата қалташаға салынғанын білдіреді. Ең ерте тиын Абдоллаһ ханның билігі кезінде соғылған тиын, хижра жыл санауы бойынша 766 жыл (қазіргі жыл санауымыз

бойынша 1366-67 жж.). Осы бойынша моншаның тұрғызылған және қызмет еткен уақытын XIV ғасырдың I-жартысына жатқызды [17].

Қалада монша мен тahаратханалардың пайда болуы ислам дінінің кең жайылуымен тікелей байланысты болса керек. Орта Азияда моншалардың құрылысы VIII ғасырдағы араб жаулап алуларынан кейін пайда болған. Сарайшық Алтын Ордадағы ислам орталықтарының бірі болғаны көптеген дереккөздерден белгілі. Мұнда Берке хан мен оның бауыры Тоқай Темір ислам дінін қабылдаған. Ибн Батута жазбаларында завия – оңашада діни рәсімдер орындайтын орын туралы айтылған.

Кейін З. Самашев пен М. Қожа Сарайшықтан табылған моншаны саралап: «Құрылыстың жоспарын, құрылымдық ерекшеліктерін және архитектуралық бөлшектерін зерттей келе және оларды Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияның орта ғасырлық қалаларымен салыстырғанда бұл ескерткіштің моншаның орны екендігі анықталды. Монша Сарайшықтың батыс шетінде, қаланың оңтүстік шекарасынан 10 м және мазардан солтүстік-батысқа қарай 60 м, әрі қаланың маңызды құрылысы болған «ханадан» 200 м жерде орналасқан» деген қорытындыға келеді [18].

Хан ғимаратының маңынан қазба кезінде қыш күйдіру пеші табылды. Күйдіру камерасының радиусы 50-60 см, камераның сақталған биіктігі 50 см. Камера қабырғасы қатты қызудан балқыған, соның әсерінен шыңылтырланып жасыл түске айналған. Камера қабырғасының қалыңдығы 12-16 см.

2006 жылы да 3 жылдық «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы жұмыстар жалғасын тапты. Соның ішінде 1999 жылы жүргізілген III-қазба орны тазаланып, кеңейтілген қазба жүргізілді. Бұрын гүлдесте деп есептелген құрылыс нысаны зерттеулер барысында колонна типтес екені анықталды. Қазбаны кеңейту арқылы тағы екі колонна ашылды, олардың диаметрлері 85-90 см. Колонналар саны - 3. Олар алебастр ерітіндісімен бекітілген, сырты жұқа сылақпен сыланған. Колонналар түбі жер беті деңгейінен 90 см тереңдікте. Бұл колонналардың солтүстік-шығыс жағынан қыш кірпішті ғимараттың оңтүстік және шығыс қабырғалары ашылды *(қараңыз: 8-сурет, 334-бет.)*. Ғимарат 21х21,5х5 см-лік қыш кірпіштерден қаланып, сыртқы беті ақ алебастрмен сыланған. Кірпіштер саз балшық ерітіндісімен бекітілген. Бұл ғимараттың жарты бөлігі қазіргі күнге дейін ашылған жоқ, өз зерттеулерін күтуде [19].

1999 жылы ашылған көрхананың қасында орналасқан тағы бір көрхана топырақтан ашылды. Бұл көрханалардың оңтүстік-шығыс жағынан саман тастан тұрғызылған қабырға анықталды. Саман тастан тұрғызылған қабырға көрханалардан ерте салынған. Алаңды құландылардан ашу барысында 12х8 см көлемдегі алебастр сылақ бөлігінде араб графикасы әріптері жырылып жазылған жазу байқалды. Мұндағы «лям» және «х» әріптері анық байқалғандықтан, жазу «Аллах» сөзі болуы мүмкін. Бұл қазбадан табылған сырлы және сырланбаған қыш ыдыс бөлшектері негізінен XIV-XV ғасырларға жатады. Қазба стратиграфиясы мен табылған нумизматикалық материалдар (Қырым ханы Меңлі-Герейдің 1480-1490 жылдары соғылған мыс тиыны мен XV ғасыр соңындағы Алтын Орда тиыны) колонналар мен көрханаларды Сарайшықтың ноғай-қазақ кезеңдерімен сәйкестендіреді. Дөңгелек колонналар мешіт құрылысы деп саналды, көпшілікке арналған немесе орда мешіті болуы мүмкін. Ресей архивтерінде 1564 жылы жазылған ноғай мырзасы Тінәлидің «Сарайшықта мешіт тұрғызу үшін» жүз сомдық жалақы алу туралы арызы сақталған. Сондай-ақ, архив деректері 1562 жылы ноғай билеушілерінің Сарайшықта «би сарайын» тұрғызу ниеті барын айғақтайды. Мешіт айналасында жерленімдердің болуы да жиі кездесетін жағдай.

2006 жылғы ғылыми есепте қыш бұйымдарға ауқымды сараптама жүргізіліп, сипаттамасы егжей-тегжейлі жазылған. Осы бастапқы материалдар негізге алынып, кейіннен 2008 жылы баспадан «Сарайшықтың қыш бұйымдары» еңбегі басылып шығады. Авторлары: З. Самашев, О. Кузнецова, В. Плахов [20].

Осы жылы Сарайшықтың археологиялық нысандарына консервациялау жұмыстары III қазбада жүргізілді *(қараңыз: 9-сурет, 334-бет, 10-сурет, 335-бет.)*.

2007 жылы да негізгі қазба жұмыстары V-қазба орнында, хан ғимаратында жүргізілді. Шамамен 300 м² аумақ қазылды. Хан маңының тез суға шайылып бара жатуы кесірінен нысанның архитектуралық кезеңдерін зерттеу жүргізілді. Төрт құрылыс кезеңі бар екені анықталды. Бірінші құрылыс кезеңіне XV ғасырдың II-жартысы мен XVII ғасырға жататын жерлеу құрылыстары кіреді. Бұл құрылыстар жер бетінен 40-70 см-ге дейін тереңдікте анықталды.

Екінші құрылыс кезеңі құрылыс қалдықтары, шұңқырлар, от жағылған орындардан тұрады, тереңдігі 140-160 см-ге дейін. Үшінші құрылыс кезеңі хан тұрғызылғанға дейінгі төмен орналасқан құрылыс-

тар. Кейбір құрылыс ғимараттары төртінші құрылыс кезеңінде де қолданыста болғанын атап өткен жөн. Төртінші құрылыс кезеңіне XIII ғасырға жататын барлық құрылыстар кіреді. Осы маусымда табылған қыш бұйымдар жіктеліп, түрлерге бөлініп, сипаттамасы берілді [21].

2008 жылы Сарайшықтағы қазба 500 м² көлеміндей ауданда V-қазба орнында өтті. Жұмыс нәтижесінде XIII ғасырдың II-жартысы - XIV ғасырдың I-жартысымен кезеңделетін тұрғын және шаруашылық бөлмелері зерттелді *(қараңыз: 11-сурет, 335-бет.).* Қаланың мәдени қабаттарында осы кезеңнің қарқынды оқиғаларына куә болар материалдық дәлелдер көп кездесті. Сонымен қатар, Сарайшықтың қалалық мәдениеті оның маңайы Еділ бойының, Хорезмнің синхронды мәдениеттерімен салыстырғанда терең далалық түп-тамырлары бар, Дешті Қыпшақпен тығыз байланысты көрсететін өзіндік ерекшелікке ие. Зерттеушілер Сарайшықта зерттеуді жалғастыру Алтын Орданың құрылуы мен ыдырауының тарихи салдарын бағалауда жаңа көзқарас тұрғысынан маңызды екеніне тоқталады. Сарайшықтың дәуірлеуі, өшуі және күйреу тарихы қазақ мемлекеттілігі қалыптасуының бастапқы кезеңіндегі оқиғалармен және оның этникалық аумағының қалыптасуымен тікелей байланысты екенін атап өткен жөн [22].

З. Самашев: «қазіргі уақытта Сарайшықтың мәдени қалдықтарын сақтау проблемалары аса өзекті, Жайық өзені тасуы салдары қаланың мәдени қабаттарын жойып кетуде», - деп дабыл көтерді. Бірегей ескерткішті сақтау және музейлендіру үшін шұғыл шаралар қабылдау қажет екенін тиісті органдар алдын мәселе ретінде көтерді.

Сонымен 1991-2008 жылдар аралығында ортағасырлық Сарайшықта жоспарлы түрде қазба жұмыстары жүргізілді, оның алғашқы нәтижелері ғылыми айналымға енгізілді, ол арқылы алтынордалық қаланың болашақта сақталуына, зерттеле түсуіне нақты қадамдар жасалды. Сол жылдардағы ғылыми ізденістерді басқарған З. Самашев: «1999 жылы басталып, 2008 жылы тоқтаған қазба жұмыстарының қайта жандануын тарихи бір кезең деп атауға тұрарлық», - деп еске алады [23].

Кейін З. Самашев 2004-2007 жылдардағы қазба жұмыстарын тағы бір сын көзбен саралайды. Ғалым: «Мощный толчок в проведении мероприятий по исследованию, сохранению и популяризации исторического прошлого края дала Государственная программа «Культурное наследие», в ходе реализации которой в 2004-2007 гг. исследовалось и городище Сарайчик. Именно в этот период проводились полномасш-

табные работы по изучению древнего города. В этот период исследовался комплекс погребальных сооружений (корхана), остатки бани, печь для обжига поливной керамики, городские жилые постройки, архитектурный комплекс общественной постройки «хана». Применение тогда методик комплексного исследования памятника позволило получить интересные материалы по питанию и жизнеобеспечению средневекового населения города, выявить особенность технологии гончарного производства, денежного обращения, архитектурные особенности формирования древнего города», - деп жасалған жұмыстарға бағасын береді [24].

Қорыта келгенде, Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы ортағасырлық Сарайшық қаласы ескерткішінде, шамалы үзілістерді есептемегенде, 1990-2008 жылдар аралығында жүйелі зерттеу жұмыстарын жүргізді. Экспедиция жұмысының нәтижелері Сарайшықтағы ғылыми зерттеу жұмыстарын жаңа деңгейге көтерді. Экспедиция жетекшісі археолог З. Самашевтің БАҚ беттерінде көптеген сұхбаттары республикалық ескерткішке көптің назарын аударды. 2001 жылы И. Тасмағамбетов пен З. Самашевтың, 2006 жылы З. Самашев, Р. Бурнашева, Н. Базылхан, В. Плаховтың, 2008 жылы З. Самашев, О. Кузнецова, В. Плаховтың «Сарайшықтың қыш бұйымдары» монографиялары жарық көрді [25].

1990-2008 жылдардағы Сарайшықтағы қазба жұмыстарын профессор М.Елеуов «З. Самашевтың басшылығымен Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының Сарайшықта 1989-2008 жылдар аралығында жүргізген зерттеулері тікелей осы қаланың материалдық және рухани тарихына байланысты, Алтын Орда және оған көршілес мемлекеттерде орын алған этно-әлеуметтік және мәдени үрдістерді зерделеуге мүмкіндік беретін бірден бір тыңғылықты материал қорын жасады», археолог Е. Смағұлов «Қазіргі таңда Сарайшық қаласының орнында археологиялық қазба зерттеулері пәрменді түрде жүргізіле басталды, болашақта жаңа нақты материалдар табылары анық [26]. Ол жаңа материалдар да Қазақстанның орта ғасырлық тарихына байланысты ғылыми маңызды мәселелерді шешуге айтарлықтай септігін тигізері сөзсіз», - деп бағалады [26].

Экспедиция анықтаған қазба нысандарының ішінде айырықша көзге түсетіні, әрине, «хан» кешенді сарай ғимараты. Осындай ауқымды құрылыс нысаны барлық қалалар қазбасында кездесе бермейді. Одан басқа да мешіт, монша бөліктері, тұрғын үйлер мен жерлеу

орындары, шеберханалар секілді нысандардан алынған ақпараттар қаланың қайнаған тыныс-тіршілігінің куәсі, гүлденген мәдениеттің ошағы болғанын байқатады.

Қазбалардан табылған жәдігерлер еліміздің көптеген музейлерінің қорларына алынды. Олар Сарайшық шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдардың әлем базарларынан өз орнын ойып тұрып алғанын көрсетеді. Табылған бұйымдардың географиялық таралу аймағы Сарайшықтың кең ауқымды алыс-беріс саудаға қатысқанына дәлел болады. Қытай, Үндістан, Иран, Қырым, Византиямен жанданған сауда жүргізілгені анық.

Экспедиция жетекшісі З. Самашевтің ғылыми зерттеу жұмыстары арқылы алтынордалық Сарайшықты сақтау, насихаттау жұмыстарын жаңа даңгейге көтерді. Бұл мақсатта көп ұзамай кешенді жұмыстар басталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстанның тарих ғылымы: Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының 60-жылдығына арналады. – Алматы: «МерСал» баспа үйі, 2005. - 600 б.

2 Афанасьев В.К. «Отчет о работе Гурьевского отряда на раскопках разрушаемой прибрежной полосы р.Урала с остатками Золотоордынского городка Сарайджук» -Атырау, 1992

3 Сарайшық музей-қорығы қоры. З. Самашев қорынан

4 Самашев З. Сарайшық қазақ тарихының алтын діңгегі. // Атырау. -1999. - 16 қараша

5 Самашев З. Отчет о работах Западно-Казахстанской археологической экспедиции в 1996 году по теме: «Восточный Прикаспий в древности и средневековье. Проблемы трансформации и взаимодействия культур» по договору с Атырауским областным управлением культуры. – Алматы, 1996

6 Легин О. Пласт древней культуры // Прикаспийская коммуна, 1996. - 3 октябрь

7 Султанова Л. Спасти свидетельства прошлого // Прикаспийская коммуна. -1997. -14 августа

8 Афанасьев В. Раскопки начались // Прикаспийская коммуна. -1997 год, 11 сентября

9 Отчет о работах Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МН - АН РК на городище Сарайчик 1997 году по договору с Атырауским областным Управлением культуры. Тема: «Восточный Прикаспий в древности и средневековье. Проблемы трансформации и взаимодействия кочевых и оседлых культур». – Алматы, 1998

10 Отчет о работах Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МН - АН РК на городище Сарайчик 1998 году по договору с Атырауским областным Управлением культуры. Тема: «Восточный Прикаспий в древности и средневековье. Проблемы трансформации и взаимодействия кочевых и оседлых культур». –Алматы, 1998

11 Отчет о работах Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МОН РК на территории Атырауской области РК в 1999 году. -Алматы. 2000

12 Мұқтар Ә., Диярова Ж. Сарайшық музей қорығы тарихы (1963-2019 жж.). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2019. -192 б.

13 Отчет о работах Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МОН РК в 2000 году по теме: «Памятники историко-культурного наследия Атырауской области. Проблемы изучения, сохранения и музеефикации» по договору №50 от 27 мая 2000 года с Атырауским областным комитетом культуры. III-VII том. – Алматы, 2001

14 Отчет об аварийно-спасательных археологических работах на городище Сарайчик в 2003 году. – Алматы, 2004

15 Отчет по договору с РГКП «Хан Ордалы Сарайшык» по теме «Археологические раскопки аварийно-спасателного характера на городище Сарайчик» в 2003 году. – Алматы, 2004. – Т.1. -189 с.

16 Отчет о работах Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МОН РК по программе «Научно-прикладные исследования в области археологии – Культурное наследие. Раздел «Городище Сарайчик» в 2004 году». – Алматы, 2005. – Т. I-II

17 Отчет о работах Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МОН РК по программе «Научно-прикладные исследования в области археологии – Культурное наследие. Раздел «Городище Сарайчик» в 2005 году». – Алматы, 2006

18 Самашев З., Кожа М. Элитный культовый комплекс Сарайчика // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. № 1.- Уральск., 2007.- С.236- 257

19 Отчет о работах Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МОН РК по программе «Научно-прикладные исследования в области археологии – Культурное наследие. Раздел «Городище Сарайчик» в 2006 году». – Алматы, 2007

20 Самашев З., Кузнецова О., Плахов В.В. Сарайшық қыш бұйымдары. – Алматы, 200

21 Отчет о работах Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МОН РК по программе «Научно-прикладные исследования в области археологии – Культурное наследие. Раздел «Городище Сарайчик» в 2007 году». – Алматы, 2008

22 Отчет о работах Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МОН РК по программе «Научно-прикладные исследования в области ар-

хеологии – Культурное наследие. Раздел «Городище Сарайчик» в 2008 году». - Алматы, 2009

23 Сарайшықты жандандыру қажет // Айқын. 2017. -14 қараша.

24 Отчет об археологических работах по теме: «Исследование средневекового городища Сарайчик (Ортағасырлық Сарайшық қаласының зерттелуі)». – Атырау, 2017. – Т.1. -171 с.

25 Тасмағамбетов И., Самашев З. Сарайшық. – Алматы, 2001. -320 б.; Самашев З., Бурнашева Р., Базылхан Н., Плахов В. Монеты Сарайчика. - Алматы, 2006. -184 б.; Самашев З., Кузнецова О., Плахов В.В. . Сарайшық қыш бұйымдары. – Алматы, 2008

26 МӘДЕНИ МҰРА ғылыми журнал КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ научный журнал CULTURAL HERITAGE science journal. ISSN: 2708-3365» журналында жарияланды. - 2022. -№ 4 (99). -32-41 б.

4.2 Сарайшықты сақтап қалу жұмыстары, олардың нәтижелері

Бұл жылдары ортағасырлық Сарайшықты Жайық өзенінің көктемгі өр суынан сақтап қалу мәселесі ерекше көтеріле бастады. Оны көтерушілердің алдыңғы қатарында ел азаматтары, З. Самашев бастаған ғалымдар тұрды. 2013 жылы қыркүйек айында З. Самашев Сарайшықта қазба жұмыстарын жүргізу ісі көптен бері тоқтап қалғанына қынжылыс білдіріп, баспасөзге берген бір интервьюінде: «Атырауда ешкім қозғалмағандықтан былтыр осы Сарайшыққа байланысты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция Ақтауда өтті. Көптеген ғалымдар қатысты. Мен де барып баяндама жасағанмын. Неге екенін білмеймін, Атыраудан бірде-бір тарихшы қатыспады. Конференция барысында бірқатар маңызды мәселелер қозғалды. Енді бір он шақты жылдан соң Сарайшықтан мүлдем айырылып қаламыз ба деп қорқам», - деп күрделі мәселені баспасөз бетінде көтереді [1].

Архив құжаттарында 2013 жылғы З. Самашевтың Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі М.А. Құл-Мұхаммедке жолдаған хаты сақталған. Ғалым хатында: «Қадірлі Мұхтар Абрарұлы! Биылғы жылдың 13-ші маусымында «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы аясында өткен Қоғамдық кеңестің отырысындағы Елбасының баяндамасында ерекше аталып, үкіметке арнаулы тапсырма ретінде қарастырылған мәселенің бірі – Сарайшық қалашығын сақтап қалу жөнінде болғаны өзіңізге аян. Осыған сәйкес, мен 1989 жылдан бері сол қаланы зерттеумен шұғылданып жүрген маман ре-

тінде, алдағы 2009-2011 жылдарға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасына Сарайшық қалашығының орнында арнаулы археологиялық құтқару қазба жұмыстарын кең көлемде одан әрі жалғастырудың жоспарын енгізуді сұраймын. Ал негізгі шара – Жайық өзенінің жағалауын бекіту, немесе оны ескі арнасына қайта бұру болғандықтан, бұл мәселеменен Атырау облысының әкімдігі шұғылдануға тиісті деп есептеймін. Кезінде осы жоба бойынша әртүрлі жергілікті ұйымдар шұғылданған болатын. Соның ішінде 2006 жылы «Толқын» ЖШС-і екі-үш жоба ұсынған. Бірақ та, олар да мәселені түбегейлі шеше алмады. Сондықтан бұл істі Министрлік пен жергілікті әкімшіліктің бірлескен комиссиясын құру арқылы шешкен жөн деп есептейміз», - деп жазады. Осындай мәтіндегі хат Қазақстан Республикасы Президент әкімшілігінің ішкі істер бөлімінің меңгерушісі Е. Қаринге де жолданады.

Міне, осыдан соң 2013 жылы 11 қыркүйекте министр М. Құл-Мұхаммед Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Б.Сағынтаевқа арнайы хат жолдайды. Хатта: «Құрметті Бақытжан Әбдірұлы! Мәдениет және ақпарат министрлігі Сіздің республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші – Сарайшық қалашығын сақтап қалу мәселесіне қатысты тапсырмаңызды мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе қарап, төмендегіні хабарлайды. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Су ресурстары комитетінің мамандарынан арнайы жұмыс тобын құрып, мәселені Сарайшық қалашығының басында қарады. Нәтижесінде екі нұсқада ұсыныс жасады. Атап айтқанда: 1. Жайық өзенінің ағысын апатсыз өткізу үшін жер жұмыстарын жүргізу арқылы өзеннің қазіргі арнасын Сарайшық ауылының жоғарғы және төменгі бөліктерін бөгей отырып, ағысты ескі арнаға өзгерту;

2. Жайық өзенінің қазіргі арнасын өзгертпей, Сарайшық қалашығының орналасқан жерінде ұзындығы 1500 текше метр құрайтын жағалауға бекіту жұмыстарын жүргізу. Ал Атырау облысының әкімдігі ортағасырлық Сарайшық қалашығын сақтап қалу бойынша жүргізілетін жұмыстардың бағытын анықтау үшін республикалық деңгейдегі комиссия құруды ұсынады. Мәдениет және ақпарат, Өңірлік даму және Ауыл шаруашылығы министрліктері Атырау облысының ұсынысына қолдау білдіреді. Ал Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі өз құзыретіндегі мәселелерді қарауға дайын екенін жеткізеді. Осы ұсыныстарды саралай келе, түпкілікті шешім қабылдау мақсатында ведомствоаралық арнайы комиссия құрып, оның отыры-

сын объектіде ұйымдастыруды жөн деп санаймыз. Тапсырманы орындау тәртібінде енгізіледі», - делінеді. Көп ұзамай министрлік Атырау облысымен бірлесе арнайы жұмыс тобын құрады.

2013 жылы 5 желтоқсанда «Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші – «Сарайшық» қалашығын сақтап қалу мәселесін талқылау жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы отырысы Атырау қаласында ұйымдастырылады. Отырысқа комиссия төрағасы, Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитеті төрағасы Т. Қышқашбаев, комиссия мүшелері Шәкімов, Мұқан, Әбілдинова, Әбілда, Қияшев, Төлеков, Самашев, Қуанов, Агитаев, Сарин, Кенжеғалиевтер қатысады. Отырыс барысында Сарайшық мәселесін жете зерттеп жүрген археолог З. Самашев мәжіліске қатысушылар назарына өзінің 1989 жылдан бері жинаған деректерінің нәтижесінде көне қаланы құтқарып қалу шараларына арналған екі жобасын атап өтеді. Оның алғашқысы – Жайық өзенінің жағасын бекіту, екіншісі – 1942 жылы болған су тасқыны салдарынан су астында қалған қала орнын ашып алу. Ғалымның бұл сөзіне Жайық-Каспий бассейндік су инспекциясының басшысы Бисен Қуанов: «Екінші нұсқа шығыны көп және нәтижесі неғайбылдау, сондықтан тек бірінші нұсқаны ғана бағытқа алған жөн. Сарайшықтың негізгі бөлігі Жайық өзенінің сол жақ бетінде орналасқан. Қазір жағаны бекіту жұмыстарын қолға алмасақ, ертең кеш болады. Біз көп қаржы кетеді екен деп бұл жұмысты кейінге ысыра бермеуіміз керек. Егер қазірден бастап қолға алсақ, бір жылдың ішінде Сарайшықтың орнын аман сақтап қалар едік. Атырауға алыс-жақын шетелдерден, еліміздің әр аймағынан келетін туристер саны артып келеді. Сарайшықтың қазіргі орнын сақтап, жаңа технологиямен жағалауды бекітіп, жарықтандырсақ, ұялмай көрсететін орынға айналар еді», - деген пікірін білдіреді. Отырыс соңында толтырылған хаттамада төмендегідей шешімдер қабылданады.

1. Атырау облысы әкімінің орынбасары Ш. Мұқанның, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті төрағасының орынбасары Ә. Әбілдинованың, археолог З. Самашевтің республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші – ортағасырлық Сарайшық қалашығының қазіргі жай-күйі және оны сақтап қалу мәселесі туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Су ресурстары комитетінің «Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспек-

циясы» РММ-нің бастығы Б. Қуановтың ұсынымдары назарға алынсын;

1) Сарайшық қалашығы аумағынан айналып өту үшін Жайық өзенінің ағысын түзету;

2) Жайық өзенінің Сарайшық қалашығының аймағы жағалауын бекіту.

Ведомствоаралық комиссияның көшпелі мәжілісінің қорытындысы бойынша «Ұсыным» беріледі:

1. Атырау облысының әкімдігі заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес Жайық өзенінің жағалауын бекіту үшін ТЭН және ЖСҚ әзірлеуге қажетті қаржылық шығыстарды қарастырсын.

2. ҚР ҚОСРМ Су ресурстары комитеті жағалауды бекіту жұмыстары бойынша ұсынылған нұсқаларға қорытынды берсін.

3. Атырау облысының әкімдігі Сарайшық қалашығының іргелес аумағынан жер тілімін бөлуге мораторий жариялассын.

4. ҚР БҒМ, Атырау облысының әкімдігі, ҚР МАМ көне Сарайшық қалашығының тарихи-мәдени маңыздылығы және шекарасын анықтау үшін археологиялық іздестіруді жүргізу мүмкіндіктерін қарастырсын [2, 47-50 б.].

2015 жылы 27 қаңтарда Самашев ОКҚ брифингісінде «Алтын Орда кезеңінде пайда болған Сарайшық қалашағы жедел араласу шараларын қажет етіп тұр. Бұл Қазақ хандығының тарихымен етене аралас орын. Бұл мәселенің шешілуіне жергілікті билік араласуы керек. Бұл мәселе бірде көтеріліп, бірде қозғалмай отыр, оны шешіп соңына дейін жеткізу қажет», - деп өз ойын ашық білдіреді.

Араға уақыт сала 2017 жылы 23 ақпанда Атырау облысында ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Сарайшық қалашығын сақтау мәселесі бойынша кеңейтілген отырыс өткізеді. Кеңейтілген отырысқа депутаттар, танымал қоғам қайраткерлері, жергілікті атқарушы билік өкілдері, жетекші тарихшылар мен археологтар қатысады. Олардың қатарында ғалымдар З. Самашев, К. Байпақов, Б. Аяған, Б. Кәрібаев болатын. Мәселе орнынан қозғалады. Отырыста З. Самашев: «Қаланың нақты аумағын белгілеу қажет. 1997 жылы орталық бөлігін анықтадық, одан бері де біраз уақыт өтті, көп нәрсені су шайды. 1989 жылдан бері қарай 60 метр жер Жайыққа жұтылып кетті. Қанша тарихи жәдігерлерімізді жоғалтып алдық? «Хан ордалы Сарайшық» кешеніндегі музейді кеңейту мәселесі де ұмыт қалмағаны жөн. Туристік-музейлік инфрақұрылымды дамыту керек» деген ойларын білдіреді [3].

2017 жылы 3 сәуірде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі және Атырау облысының әкімдігі Астана қаласында «Сарайшық: ұлы қала тарихы» тақырыбында халықаралық ғылыми конференциясы ұйымдастырылды. Конференция барысында З. Самашев: «Сарайшықтың нақты орны 100 гектар деп көрсетіліп жүр. Одан үлкен болуы да мүмкін. Қаланың су шайған орнына келсек, өкінішке қарай, біраз мұра келмеске кетті. Тіпті, өзім қазба жүргізген кезде ашқан үлкен сарай бар еді. Ол жағалаудан 20 метр жерде орналасқан болатын. Кейін жағалау құлап, сол ғимарат суға кетті. Қаланың бір жағындағы керуен сарайлар, шеберханалар, моншалар және басқа да ғимараттар су астында қалды. Бірақ, қаланың келесі бөлігінде де сондай ғимараттар болуы мүмкін. Ол жағы белгісіз, қазба жұмыстары жүргізілген жоқ. Қалада теңге сарайы болған. Соның орны әлі бар тәрізді. Сонымен бірге, Қасым хан жерленген орын қаланың бір бұрышында сақталып қалды ма, жоқ әлде сумен шайылып кетті ме, ол жағы әзірге белгісіз болып тұр. Зерттеу жасалуы керек. Үмітіміз бар. Біз қазба жұмыстарын жалғастыра береміз, ал, реставраторлар мұраларды қалпына келтіре береді. Осылай келістік. Реставраторлар біздің ізімізді ала жүріп отыратын болады. Сонда ғана қаланы сақтап қана қоймай, ашық аспан астынадағы музейге айналдыра аламыз», археолог К. Байпақов: «Бүгінгі жиын тек Сарайшық қаласының тарихи-мәдени маңызына ғана арналды десек, қателесеміз. Жайық-Каспий өңірінде көптеген Жалпақтас, Ақтөбе-Лаэети сынды қалалар бар. Қазба жұмыстары соларға да жүргізіліп, зерттелуі керек. Тек Атырау ғана емес, Маңғыстауда да талай мұра жатыр. Батыс Қазақстанда да солай. Бәрі үлкен туристік бағдардың құрамына кіріп, халықаралық және ішкі туризмнің нысандарына айналуы керек. Екіншіден, Сарайшықты су шайып кетуден сақтау үшін өзен арнасын бекіту жұмыстары мені айырықша қуантты. Бұл тарихи мұраны консервациялаудың басы деп білемін. Енді археологиялық жұмыстармен қатар консервация да жалғаса береріне сенемін. Салалық министрліктің бұл қалаға көңіл аударуы да – құптарлық іс» десе, ал Ресей ғалымы А. Ковалев: «Сарайшық – бәріміз үшін қымбат. Өйткені, Алтын Орда көбіміздің мемлекеттілігіміздің бастауында тұр. Сондықтан, Сарайшық қаласын сақтап қалу ісін құптаймын», - деген болатын [4].

Кейін З. Самашев: «Біз қазғанда судан бері қарай 20 метр болған. Қазір сол арадағы көне ғимараттарды түгел су шайып кетті. Сонда қараңыз, 1996 жылдан бері қарай Сарайшық қаласының 20-30 метр

учаскесі судың астына кетіп қалды. Ал оның алдында сонау 1937 жылы алғашқы қазба жұмыстарынан бастап шаһардың 100-150 метр жерін су шайып кетуі әбден мүмкін. Сол кезде негізгі үлкен сарайлар, жақсы ғимараттар, керуен сарайлар, моншалар, мешіттері болған. Содан кейін кірпіш пен құмыра жасайтын пештер - бәрі-бәрі судың астына кетті», - дей келе мәселенің уақыт күтпейтіндігін тағы бір ескертіп, әкімдік алдына үлкен мәселе қояды [5].

Осылайша, 2017 жылы Атырау облысы әкімдігі қолдауымен Жайық жағалауындағы 1,5 шақырым жер толық бекітіледі, тасқын суға бөгет салынады *(қараңыз: 12-сурет, 335-бет).*

2017 жылы 23 ақпанда ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Атырау қаласында Сарайшық қалашығын сақтау мәселесі бойынша кеңейтілген отырыс өткізеді. Кеңейтілген отырысқа депутаттар, танымал қоғам қайраткерлері, жергілікті атқарушы билік өкілдері, жетекші тарихшылар мен археологтар, атап айтқанда, ғалымдар З. Самашев, К. Байпақов, Б. Аяған, Б. Кәрібаев, философ Ғ. Есім, зиялы қауым өкілдері Е. Раушанов, М. Құлкенов және өзгелері қатысады. Отырыс барысында ҚР Мәдениет және спорт министрі: «Біздің басты мақсатымыз – көне Сарайшық қалашығының табиғи бұзылуын тоқтату. Біз бұл бірегей мәдени ескерткішті сақтап қалып, болашақ өскелең ұрпаққа табыстау үшін бар күшімізді салуымыз қажет. Бұл жерде әкімдікке жағалауды бекіту жұмыстары бойынша қабылданған шаралар үшін алғысымды білдіргім келеді. Бекіту жұмыстарын жүргізгеннен кейін археологиялық зерттеулер өз жалғасын табатын болады. Археологиялық қазбалардан кейін бірден реставрациялық жұмыстарға көшетін боламыз», - деп өз жоспарымен бөліседі [6]. Сонымен отырыс алдағы үлкен шаруаларға жол ашады.

2017 жылы 3 сәуірде Атырау облысының әкімдігі ел назарын аудару мақсатында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігімен бірлесе, Астана қаласында «Сарайшық: ұлы қала тарихы» тақырыбында халықаралық ғылыми конференция өткізеді. Оған 40-тан аса отандық және шетел ғалымдары арнайы шақырылады. Халықаралық конференцияда Атырау облысы әкімі Н. Ноғаев: «Сарайшық Атырау облысы тұрғындарының немесе осы саламен айналысатын ғалымдар, тарихшылар, археологтардың айтатын әңгімесі ғана емес, Сарайшық — біздің мақтанышымыз. Біз осыны түсініп, білуіміз керек», Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Ақадемиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор археолог

К. Байпақов: «Бүгінгі жиын тек Сарайшық қаласының тарихи-мәдени маңызына ғана арналды десек, қателесеміз. Жайық-Каспий өңірінде көптеген Жалпақтас, Ақтөбе-Лаэти сынды қалалар бар. Қазба жұмыстары соларға да жүргізіліп, зерттелуі керек. Тек Атырау ғана емес, Маңғыстауда да талай мұра жатыр. Батыс Қазақстанда да солай. Бәрі үлкен туристік бағдардың құрамына кіріп, халықаралық және ішкі туризмнің нысандарына айналуы керек. Екіншіден, Сарайшықты су шайып кетуден сақтау үшін өзен арнасын бекіту жұмыстары мені айырықша қуантты. Бұл тарихи мұраны консервациялаудың басы деп білемін. Енді археологиялық жұмыстармен қатар консервация да жалғаса береріне сенемін. Салалық министрліктің бұл қалаға көңіл аударуы да – құптарлық іс», Ресей ғалымы, тарих ғылымдарының докторы А. Ковалев: «Сарайшық – бәріміз үшін қымбат. Өйткені, Алтын Орда көбіміздің мемлекеттілігіміздің бастауында тұр. Сондықтан, Сарайшық қаласын сақтап қалу ісін құптаймын. Бірақ, мені алаңдататын дүние басқа. Ол – «қара археология» мәселесі. Археологиялық жұмыстар жүргізілген жерлерден табылған дүниелерді саудалаушылар бар. Заңдарымыз осал. Мәселен, Ресейде 100 жылға жетпейтін тарихы бар дүниелерді археологиялық мұра деп бағаламайды. Сарапшылардың бірі «мұның тарихи-мәдени құны жоқ» деген бір жапырақ анықтама берсе болды, қалаған адам ел мұрасын шет елге алып кетуі мүмкін. Сондықтан, заңнамалық тұрғыда археологиялық, тарихи мұраларды сақтау мәселесін реттеу қажет» деп Сарайшықтың әлемдік тарихтағы орнын тағы бір айшықтады [7]. Осылайша, алғаш рет ел астанасында халықаралық деңгейде өткен конференция Сарайшық қалашығын сақтап қана қоймай, оны туристік орталыққа айналдырудың нақты жолдарын көрсетті. Мәселенің түйіні 2017 жылы 26 сәуірде ел президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласымен бекітіле түсті. Нәтижесінде республика бойынша жасалған қасиетті жерлердің 2-ші тобы «Археологиялық ескерткіштер және орта ғасырлық қалалық орталықтар» тізіміне Атырау облысынан – Сарайшық қалашығы енгізіледі. Мұның өзі Сарайшық бағытындағы жұмыстарды жандандыруға тікелей себепкер болады. Облыс әкімдігі Жайық жағалауын бекіту жұмыстарына қаржы бөліп, археологиялық қазбаға қаржы бағыттады.

2017 жылдың жазында З. Самашев бастаған археологтар қазба жұмыстарына кіріседі. Ол турасында облыстағы «Ақ Жайық» газеті 11 қазанда арнайы мәселе көтереді. Қазбаға қатысқан Орыс геогра-

фиялық қоғамының толық мүшесі, Астрахандағы тарихи-сәулет музей-қорығының археология секторының меңгерушісі В. Плахов: «Астрахан облысының аумағында Еділ бойында ондаған көне қалалар бар. Алайда, Иван Грозный заманында және одан кейін тонауға ұшырап, әрбір кірпіші бөлшектеліп қалғандықтан тарихтың кейбір қойнауын қалпына келтіру мүмкін болмай отыр. Сарайшық секілді қалашықтар көп жылдар бойына ғалымдарға тыныштық бермей келе жатқан көптеген құқпиялардың сырларын ашады» дей келе, «Сарайшықта бір кездері құрметті, әйгілі шеберлер өмір сүргенін, шәкірт ұстап, оларға өздерінің кәсіби құпияларын сеніп тапсырғанын әңгімелейді. Оның анықтауынша «Сарайшықта жасалған саз құмыра Қытайдан әкелінген немесе тіпті, бірнеше шақырымдағы әлдебір көрші қаладан әкелінген құмырадан ерекшеленеді. Бір елді мекен шеберлерінің негізгі сурет тақырыбы бір (сарайшықтық шеберлер құстарды бейнелеген), бір түс гаммасы, тіпті, бұйым құрамы бірдей болған, - деп, ғалым еңкейіп жерден жаңа ғана қазылып алынған ескі ыдыс сынығын алып көрсетті. – Қазір, тіпті, заманауи технологиялар мен білім болса да, мынадайды дәл жасау мүмкін емес. Неліктен? 21 ғасырдың шебері сурет салу кезінде бояуды араластыру үшін қандай өсімдіктің шырыны қолданылғанын қайдан білсін? Иә, ол төңіректегі бүкіл өсімдікті жинап, мың қайтара одан сығынды жасап көруі мүмкін. Бірақ қажетті түс немесе қоюлық шығу үшін оларды қандай маусымда жинау керектігін ол қайдан біле алады? Оның сырлары көп: желім, илем, температура... Бұл ешқашан ашылмайтын мәңгілік құпия болып қалады. Бірақ осы сынықтардың негізінде тарихтың басқа элементтерін толықтыра аламыз. Мәселен, керуендер қайдан бастап шыққан және олардың жету нүктесі қандай болған? Олардың жолында қандай ұсақ аралық «станциялар» болған? Мұның бәрін Жібек жолындағы керуендердің саудагерлері айырбас жасаған және сатқан осындай артефакттерден анықтауға болады». Осы жолғы қазбада археолог М. Қасенов ұзындығы шамамен 20 сантиметр, іші қуыс, екі жағы тегіс өңделген, ортасы ойылған және жоғарғы жағында екі кішкентай және төменде бір тесігі бар сүйекті тапқан. Археолог оны әріптестеріне, жергілікті тұрғындарға: аңшыларға, балықшыларға, қариялар мен әйелдерге де көрсеткенімен оған нақты жауап таба алмаған.

Ол сонымен бірге кіп-кішкентай қытай вазасын тауып, «Фарфор құмыраның кесегі шамамен 14 ғасырға тиесілі. Ноғай сұлуының қола айнасы, оның келесі жағына жүгіріп бара жатқан киіктер мен түлкі-

лердің бейнелері соғылған. Арабша өрме жазумен басылған қырық дана Сарайшық монетасы және сансыз сазды пазлдар. Сенбейтін шығарсыздар, алайда, осы сынықтарда дәмдеуіштердің нәзік иісі сақталып қалған...

Ал осы жазда табылған ең бағалы олжа – қамалды қорғап тұрған және жақын маңдағы тұрғын поселкеге қарай созылатын бекініс қабырғасының бірі бөлігі» деп қорытады [8]. 2017 жылғы археологиялық қазба жұмыстарының қорытындылары 2017 жылы 8 қараша айында Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде облыс әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен «Ибн Баттутаның Ұлы Жібек жолымен саяхаты: мәдениеттер арасындағы диалогты алға бастыру» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында шығарылады. Түрік Республикасы Анкара университетінің профессоры Гондугдуй Абдуллах, Әзірбайжан Ұлттық Академиясынан тарих ғылымдарының кандидаты Исмайлзаде Пирага, Қазақстаннан белгілі тарихшылар Б. Ермұханов, З. Самашев, Ә. Мұқтар, М. Сдықов, «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы Б. Әбдіғалиұлы, «Халық қазынасы» ғылыми зерттеу орталығының басшысы А. Оңғаруұлы, филология, мәдениеттану салаларының ғалымдары, көршілес Ресейдің Астрахань облысының музей қызметкерлері, өлкетанушыларқатысқан конференцияда облыс әкімдігі мен Мәдениет және спорт министрлігі арасына жасалған «Ортағасырлық Сарайшық қаласының зерттелуі» жобасының іс жүзіне аса бастағаны белгілі болды және осы жылғы археологиялық қазбаның қорытындылары жарияланды [9, 8-9 п.]. Конференция тағы да барша жұртшылықтың назарын Сарайшыққа аударды. 2018 жылы 23 ақпанда Сарайшық қаласын мұражайға айналдыру жұмыстары барысымен танысу мақсатында ҚР Мәдениет министрлігі өкілдері тағы да арнайы Сарайшыққа келді. Кейін әлеуметтік желіде «Жобалық-сметалық құжаттар 2015 жылы жасалып, одан кейінгі жылдары №3 археологиялық қазбаны сақтап қою және №5 қазбаның үстіне қалқан құру жұмыстары жүргізілді. 2016 жылдың аяғында мұнда қаланың мәдени қабаттары бар жағалауды су тасқынынан қорғау мақсатында дамба салу жұмыстары басталған болатын. 2017 жылы Жайық өзенінің жағалары бекітіліп, Атырау облысында орналасқан тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау аймағы айқындалды, тарихи-мәдени мұра нысандарын іздестіру үшін дала экспедициялары ұйымдастырылды, Сарайшық қаласының айналасын қоршау жұмыстарының жобалық-сметалық құжат-

тар дайындалды. Сарайшық қаласындағы жұмыстар Атырау облысы әкімдігі бөлген қаржыға және облыс әкімі Н. Ноғаевтың бастауымен жүргізілуде. Жұмысты орындаушылар ретінде Ресей Федерациясынан, Астана, Алматы, Орал қалаларынан ғалымдар мен мамандар шақырылды. Сарайшық ескерткішіндегі ғылыми және қайта жаңғырту жұмыстары жалғаса береді, бұл – ашық аспан астында мұражай жасауға мүмкіндік туғызады», - деп жазылды [10].

Атқарылған жұмыстар нәтижесі 2018 жылы шілде айында Сарайшықтағы Жайық жағалауын бекіту жұмыстары толық аяқталды. 2016-2018 жылдар ішінде құрылысшылар биіктігі 3,6 м, ұзындығы 1,5 км қорғаныс бөгетін салып бітірді *(қараңыз: 13-сурет, 336-бет).*

2018 жылы ортағасырлық Сарайшықы туризм аймағына айналдыру мақсатында Сарайшықта Сапар орталығын салу мәселесі күн тәртібіне шығып, шешімін тапты. Ол турасында Атырау облысы әкімі Нұрлан Ноғаев халыққа есеп беру жиынында: «Жобаға сәйкес, бұл орталық туристер мен келушілер үшін барлық жағдай жасаған толық кешен болады. Мұнда әкімшілік ғимарат, қонақүй, шаруашылық-тұрмыстық үйі сынды бірнеше ғимарат салынады деп күтілуде. Қос қабатты әкімшілік ғимарат ішінде экспозициялық-көрме залдары, қор қоймасы, 100-150 орындық конференц-зал, зертханалық және қалпына келтіру үй-жайы, кітап қоймасы мен электронды мәліметтер базасы бар кітапхана орналасады. Бұдан бөлек, кешен аумағында лекция өтетін алаңдар, ашық аспан астындағы музей мен этноауыл болады», - деп нақтылады.

Сарайшықтағы кешенді жүргізілген шешімдер музей қорық жұмыстарының аумағының кеңеюіне, іргелі зерттеуледі ұйымдастыруды жоспарлауына әкелді. Алда жаңа мақсат-міндеттер күн тәртібіне шықты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Зейнолла Самашев: «Сарайшықты сақтаудың екі жолы бар» https://atr.kz/qogam/zeynolla-samashevsarayshyi-tyi-sa-taudyi

2 Мұқтар Ә., Диярова Ж. Сарайшық музей қорығы тарихы (1963-2019 жж.). Алматы: Арыс» баспасы, 2019. -192 б.

3 Сарайшыққа қаржы бөліне бастады // Егемен Қазақстан. https://egemen.kz › article ›

4 Сарайшықты зерттеу кезеңі басталды // https://atr.kz/zhanalyqtar/sarayshyi-tyi-zertteu-keze-i-bastaldyi/

5 Ежелгі Сарайшықты күзде тамашалай алатын шығармыз https://www.inform.kz › ezhel...

6 Сарайшық қалашығы ашық аспан астындағы музейге айналуы мүмкін // bnews.kz/kz/news/amuhamediuli_... копия

7 Сарайшықты зерттеу кезеңі басталды. // atr.kz. Жаңалықтар, 2018. Пайд. уақыты: 20.03.2024

8 Көне Сарайшық жаңалықтары // azh.kz/kz/news/view/29150 копия 27.01.2019.

9 Сарайшық музей қорығы қосымша қоры

10 Сарайшық қаласын мұражайға айналдыру жұмыстары барысымен таныстырды // zakon.kz/4905601-a-m-hamedi-ly-... копия.

5 ЖОШЫ ҰЛЫСТЫҚ САРАЙШЫҚТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ (2018-2023 ЖЖ.)

5.1 «Хан ордалы Сарайшық» музей-қорығының республикалық мекемеге айналуы және алдағы жаңа міндеттер

Сарайшық музей-қорығының замана талабына сай даму кезеңі Атырау облысына Н. Ноғаевтың Атырау облысы әкімі болып тағайындалуымен тұспа-тұс келді. Облыс әкімдігі ҚР мәдениет және спорт министрлігімен бірлесе Сарайшық мәселелерін мемлекеттік деңгейге көтереді.

2018 жылы 4 сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 162 қаулысы жарияланады. Қаулы бойынша «Атырау облысы Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Атырау облысы мұражай қорығы «Хан Ордалы – Сарайшық» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – РМҚК) болып қайта құрылады. Ол турасында «Қасиетті Қазақстан» өлкетануды дамыту орталығының директоры Б.Әбдіғалиұлы «Осы орайда, республикалық деңгейде үш қорық ашылды. Бұл үлкен жетістік. Оның ішінде, алғашқысы – Сарайшық, екіншісі – жылқы малы алғаш қолға үйретілген жер екенін бүкіл әлем мойындаған Солтүстік Қазақстандағы Ботай. Үшіншісі – Бозоқ» дей келе, жобаның тұңғыш рет жалпыұлттық деңгейде іске асырылғанын атап өтті. Ол жобаның мақсатын «Киелі жерлер арқылы ел өз-өзін тану, тарихын, дәстүрін танудың маңызын түсінеді. Туристік сапармен сол жерлерді аралап шыққанда батыстағы ағайындар шығыстағы қасиетті жерлерді білсе, шығыстағы ағайындар оңтүстіктегі жерлерді білсе, сөйтіп, бүкіл Қазақстандағы қасиетті жерлер бәріне бірдей белгілі болса, бұл елдің басын қосады» деп анықтады. Үкімет қаулысы бетбұрысты қадамдардың бастамасы болды.

Қаулыдан соң 1999 жылы ашылған Атырау облысы музей қорығы «Хан Ордалы - Сарайшық» коммуналды мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны аталып, мүліктік кешен ретінде республикалық меншікке Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі қарамағына қабылданады. Міне, осыдан соң оның арнайы Жарғысы бекітіледі. Ал 2018 жылы 27 қыркүйекте ҚР Мәдениет және өнер істері департаментінің ұсынысы бойынша тарих ғылымдарының докторы, профессор Ә.Мұқтар музей-қорық директорының міндетін атқарушы болып тағайындалады. Сарайшық музей-қорығында жаңадан ұйымдастыру жұмыстары басталады.

Сарайшық музей-қорығының маңызды мәселелерін шешу барысында алдымен аудан, облыс әкімдігімен байланыс жолға қойылады. 2018 жылы 26 қазанда Махамбет ауданы әкімі Ж.Ахметовпен кездесу ұйымдастырылады, өзара жоспар жасалады. Музей жұмысын одан әрі жандандыру мақсатында 2018 жылдың 22 қарашасында Атырау облысы әкімі Н. Ноғаевқа арнайы хат жолданады. Хатта: «Құрметті Нұрлан Асқаруұлы! Сіздің қай уақытта да облысымыздың рухани дамуына барлық жағдайды жасап келе жатқаныз барша жұртшылыққа аян. Оған өзіміз еңбек ететін Сарайшық ортағасырлық қалашығы үшін жасаған қыруар жұмыстарыңыз куә. Тікелей қолдауыңызбен 2017-2018 жылдары Сарайшық қалашығын Жайықтың тасқын суынан сақтап қалу жобасы жүзеге асырылып, жағалау толық бекітілді, қалашыққа археологиялық қазба жұмыстарына қаржы бөлінді, реставрациялық жұмыстар басталды, өлкеде туризмді дамыту үшін жаңа Сапар орталығына жер бөлініп, жобалық-сметалық құжаттары жасала бастады. Осындай игі істердің жалғасы ретінде қыркүйек айында «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК құрылды. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығының алдына қойылған басты міндеті - көне Сарайшық қалашығын туристік орталыққа айналдыру, ол арқылы халқымыздың бай мұраларын әлемдік деңгейде насихаттау. Оған Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласы жаңа серпін берді. Мемлекеттік басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында музей-қорыққа қазіргі таңда кәсіби мамандар тартылып, жаңа даму концепциясы әзірленді, археологиялық және реставрациялық жұмыстарға лицензия алу бағытындағы шаралар қолға алынды. Бүгінде Сарайшық - қазақ

халқының ғана емес, сонымен бірге барша түркі жұртының, әлем жұртшылығының назары ауған ортағасырлық қалашық. Ол Жошы Ұлысы, Ноғайлы мен Қазақ Хандығының астанасы болуымен емес, керісінше, әлемге жоғары рухани-мәдени байлықтарымен, гүлденген экономикасымен, коммуникациялық жаңалықтарымен сол замандағы ақ белгілі болды. Ендігі мақсат оны лайықты көрсете білуде болып тұр. Ал бұл тұрғыда көптеген шешімін таппаған мәселелер баршылық. Біріншіден, бүгінге дейін көне Сарайшық қалашығының территориясы нақты белгіленбеген. Оның заңды құжаттары жасалмаған. Нәтижесінде, қорғалуы тиіс аумағы ашық-шашық жатыр. Жаяу жүргінші, мал, автокөліктер Жайық өзені жағалауын әбден бүлдірген. Ал қалашыққа келіп-кетушілерге, тіпті, «жабайы» археологтарға есік әрдайым ашық. Оның үстіне, Қазреставрацияның Қазақ бейіті қорымы ішінде және Жайық өзені жағалауында жасалған археологиялық қазбалар алаңындағы темір торлы қоршауды бүгінде түбірімен кесіп алып кеткен. Бұл жөнінде облыстық Ішкі Істер басқармасына қыркүйек айында облыстық мәдениет басқармасы басшысы С.Сабыр хат жолдаған болатын. Әзірге еш нәтиже жоқ. Ол жүзеге аспағасын мен қызметке тағайындалған соң 19 қарашада Махамбет ауданы әкімі Ж. Ахметовке хат жолдадым. Ендігі басты мақсат мүмкіндік болса, облыс бюджетінен қаржы бөліп тез арада көне Сарайшықты қоршау аса маңызды шаруа болып тұр. Мұнсыз археологиялық зерттеулер ретке келмейтіні ақиқат. 2017 жылы Атырау облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекциясы қалашықты қоршау жұмыстарына жобалық-сметалық құжаттамасын дайындаған. Екіншіден, қалашықтың цитаделі саналатын қазақ бейіті шоғырланған қорымға жергілікті халық бүгінгі күнге дейін қайтыс болған адамдарды жерлеуді жалғастырып келген. Бұл сорақылықты жақында ғана тоқтатқандай болдық. Үшіншіден, Өзіңіз білетіндей, Жайық жағалауынан Сапар орталығына 2 га жер бөлінген. Ендігі жағдайда Музей-қорық пен хандар кесенесінен көне қалашық орнына, Қалашық орнынан Сапар орталығы аралығы арасына туристер жүретін инфрақұрылымдарды да ойластырған орынды болмақ. Өкінішке орай, ол аралықта тұрғын үйлер орналасқан. Төртіншіден, Сарайшық қалашығына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуге ұзақ мерзімді жыл сайын облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, арнайы жоспар жасалса орынды болар еді. Бұл - жұмыстың кешенді жүргізілуін қамтамасыз етеді және қалашықты қалпына келтіру жұмыс-

тарын жеделдетеді. Біздің есебіміз бойынша қазба жұмыстарының шығыны 2019 жылы шамамен 50 млн. теңгені құрайды. Бесіншіден, музей-қорықтың материалдық-техникалық базасы мүлдем сын көтермейді. Бұл арада археологиялық экспедицияға қажетті - темір іздеуіш детектор, әуеден аэро фото-видео түсірілім жасайтын дрон аппараты, кәсіби фотоаппарат, видеокамера, жер сканерлейтін георадар аппараты және өзге де арнайы құрылғылар қажет-ақ. Бұған қоса мекеме 2019 жылы республика, шет елдер деңгейінде көрме жасауды жоспарлауда. Құрметті Нұрлан Асқаруұлы! Елбасымыз «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласы арқылы барша қоғамымызға жаңа міндеттер жүктеді. Оны іс жүзіне асыру және Сарайшық қалашығының жаңа келбетін жасау кім-кімге де абырой», - деген жолдарды оқуға болады [1].

2018 жылы 5 желтоқсанда Атырау облысы әкімі Н. Ноғаев «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі Б. Бабашпен кездесіп, «Атырау елі – тарихи, мәдени мұралары берік сақталған өңір. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақстанның киелі жерлері географиясы» жобасына облыстан 7 нысан енді. Соның ішінде Сарайшық қалашығы да бар. Көне Сарайшықты жаңа заманға сай жаңғырту мақсатында тағы қандай жоспарлар бар?» деген сұрағына: «Ұлы даланы мекендеген халқымыздың жалпыұлттық қасиетті саналатын орындарын зерделеу бағытындағы «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасының төл тарихымызда алар орны ерекше. Сондықтан жобаға енетін нысандардың құндылығын анықтау мақсатында тарихшы, өлкетанушы, музей, архив және қоғамдық ұйым өкілдерінен облыстық жұмысшы тобы құрылды. Нәтижесінде, Қазақстанның жалпыұлттық деңгейдегі 100 қасиетті нысанының тізіміне өңірден 7 нысан енді. Олар: Сарайшық қалашығы, Махамбет Өтемісұлының жерленген жері, Ақмешіт және Ұшқан ата қорымы, Аралтөбе қорғаны, Құлшан ата жер асты мешіті, Иманқара үңгірі. Биыл республикалық маңызы бар макро нысандар тізіміне Индердегі Тұзбұлақ кешені секілді 17 орынды ұсынып отырмыз. Сарайшыққа келсек, ол – қазақ халқының ғана емес, сонымен бірге барша түркі жұртының, әлем жұртшылығының назары ауған ортағасырлық қалашық. Ол әлемге жоғары рухани-мәдени байлықтарымен, гүлденген экономикасымен, коммуникациялық жаңалықтарымен сол заманда-ақ белгілі болды. Ұлы Жібек жолындағы тарихи маңызы бар көне Сарайшық қалашығын сақтап қалу мақсатында Жайық өзенінің жағасын бекіту бойынша облыс

әкімдігіне ұсыныстар енгізіліп, 2017 жылы Атырау облысы әкімдігі мен Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің бірлескен ведомствоаралық отырысы өтіп, екі жақты меморандум жасақталды. Меморандумға сәйкес, Сарайшық қалашығын Жайық өзені арнасының шайып кетуінен сақтап қалуға 1,6 млрд теңге бөлініп, жағаны бекіту жұмыстары жүргізілді. Қала орнына археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, оған Зейнолла Самашев бастаған белгілі ғалым археологтер тартылды. Бұл жұмысқа да жергілікті бюджеттен 40,0 млн. теңге бөлінді. Ал министрлік тарапынан қазба орнын реставрациялау және консервациялау жұмыстары іске асты. Әрине, аталған шаралар келер жылдары да жалғасын табады. Тарихи ескерткішті сақтаумен қатар оны жаңғырту, туризмді дамыту басты мақсаттардың бірі. Биыл «Хан Ордалы Сарайшық» музей қорығын республиканың меншігіне ұсындық. Сарайшық қазба орны мен музей-қорықтың жаңа даму концепциясы дайындалып, кәсіби мамандар тартылуда. Сонымен қатар Сарайшықта Сапар орталығын салу жоспарда тұр. Қазір Сапар орталығына жер телімі бөлініп, жобалық-сметалық құжаттары жасақталуда. Құжаттар аяқталып, мемлекеттік сараптамадан келісім алғаннан кейін құрылыс жұмыстары басталады», - деп алдағы жоспарымен бөліскен болатын [2]. Бұл арада Сапар орталығы туристер мен келушілер үшін барлық жағдай жасалған толық кешен болуы нақтыланды. Кешен ішінде әкімшілік ғимарат, қонақүй, шаруашылық-тұрмыстық үй болмақ. Екі қабатты әкімшілік ғимарат ішінде экспозициялық-көрме залдары, қор қоймасы, 100-150 орындық конференс-зал, зертханалық және қалпына келтіру үй-жайы, кітап қоймасы мен электронды мәліметтер базасы бар кітапхана орналасып, оның аумағында лекция өтетін алаңдар, ашық аспан астындағы музей мен этноауыл болады. Яғни, елдегі осындай игі жоспарлар Сарайшықтың жаңа келбетін қалыптастыра бастады.

2019 жылы 9 қаңтарда «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығында Ғылыми кеңесі құрылды. Кеңестің басты мақсаты, біріншіден, ортағасырлық Сарайшық қалашығының туристік орталыққа айналу бағытындағы мемлекеттік саясатты іс жүзіне айналдыру, екіншіден, музей-қорықтың материалдық-техникалық базасын нығайту, үшіншіден, музей-қорықтың одан әрі дамуына ықпал ету болса, негізгі міндеті, музей-қорық қызметінің мәдениет саласындағы ғылыми-зерттеу, мәдени-білім беру және танымдық-туристік қызметі үрдісіндегі негізгі мәселелері бойынша шешім қабылдау, мемлекеттік

бағдарламалардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету болып белгіленеді. Сол күні Сарайшық ауылындағы орта мектепте Ғылыми кеңес өз жұмысын бастады. Кеңес құрамына Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің тарихшы ғалымдары Ж. Мұстафин, Қ. Сүндетұлы, Л. Бердіғожин, Ұ. Ахметова, Семей мемлекеттік университетінің профессоры А. Исин, заң ғылымдарының кандидаты А. Бекжанов енгізіледі. Кеңеске арнайы шақырылғандар қатарында аудандық Мәдениет бөлімі мамандары және БАҚ өкілдері болды. Мәжіліс барысында 9 мәселе - Ғылыми кеңес құрамын бекіту, кеңес орынбасарын бекіту, кеңестің ғылыми хатшысын бекіту, Ғылыми кеңестің жұмыс және музей-қорықтың жылдық жоспарын бекіту, «Музей-қорықтың 2018 жылғы қорытындылары және алдағы міндеттері», музей-қорықтың 2018 жылғы қаржылық есебі, Музей қорықтағы жәдігерлерді тексеру қорытындылары, «Сарайшық Қазақ Хандығының астанасы» сериясымен музей қызметкерлері дайындаған брошюраларды баспаға ұсыну, «Сарайшық музей қорығы сайты» презентациясы талқыға шығарылды *(қараңыз: 14-сурет, 336-бет).*

Музей қорық үшін үлкен мәселе «Ортағасырлық Сарайшық» жобасына жер алу болды. Атырау облысы Махамбет аудандық әкімдігі 2017 жылғы 9 маусымда №182 «Сарайшық ауылы жерінен «Ортағасырлық Сарайшық» жобасы үшін жер учаскені резервке алу туралы» қаулысына сәйкес 8 га жерді «Ортағасырлық Сарайшық» жобасына бөледі. Кейін, 2018 жылы ақпан айында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі А.Мұхамедиұлының арнайы Сарайшыққа келіп резервке қойылған жермен танысып, болашақ салынатын Сапар орталығын туристерге тартымды болу үшін Жайық жағалауына жақын бос жерлерге көшіру туралы мәселені қозғады. Одан әрі 2019 жылы 6 сәуірде Махамбет аудандық құрылыс, сәулет, қала құрылыс бөлімшесінің басшысы А. Қуанғалиев шешімімен бүгінгі ескі Сарайшықтағы №1 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы артындағы Жайық жағалауына жақын жерден 2 га жер беріледі. Мұны есепке алған музей қорық басшылығы 2019 жылы 21 қаңтарда Махамбет ауданы әкімі Ж. Ахметовке: «Бүгінде Өзіңіз білетіндей, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК осы мақсаттағы жұмыстарды қайта жаңғыртып бұрынғы берілген 8 га жерді Жайық жағалауында бір аймақта болуын маңызды санап отыр. Өйткені, туризм объектілері тұтастай кешен ретінде салынбақ және Сапар орталығы өзге салынатын этно объектілермен бірге болуы тиісті» деген

мәтінде хат жолдайды. Мақсат туризм кешенінің бір бағытта болуын қамтамасыз ету болатын. Уақыт өте Жайық жағалауындағы жердің табиғи-географиялық қолайсыздығы белгілі болады. Мұның өзі Сапар орталығы құрылысының кешеуілдеуіне әкелді.

2018-2019 жылдары музейге арнайы келетін ғалымдар саны арта түсті. Мәселен 12 қыркүйекте Токио қаласындағы Риккио университетінің профессоры, Жошы ұлысы, Алтын Орда тарихының маманы Йоккаичи Ясухиро, 26 қазанда Түрік Республикасы Анкара университеті профессоры Абдуллах Гюндогду, 27 қазанда белгілі ноғайтанушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әнес Сарай, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қ. Мұхамбетқалиев, 1 қарашада Назарбаев университеті түркітану кафедрасының оқытушысы, археология және этнология магистрі А. Жүнісханов, 19 қарашада Атырау мемлекеттік университетінен ф.м.ғ.к., профессор Ж. Джумамухамедов, Түрік Республикасы Ниде университетінен профессор Аднан Горюр, 27 қарашада Алматыдан филогогия ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Әнес, Москвадан Ресей Ғылым академиясы Тарих институтынан тарих ғылымдарының докторы, профессор Д. Аманжолова арнайы келді. Мұндай кездесулер әрдайым пайдалы. Мәселен жапон Йоккаичи Ясухиро ортағасырлық керамика саласынан, Ә. Сарай ноғайтану мәселелерінен, соның ішінде Сарайшықта жерленген Мамаш хан туралы, түрік Абдуллах Гюндогду ортағасырлық сауда жолдары, Астрахандық археолог В.Плахов Сарайшықта жасалған керамика ерекшеліктері туралы кеңес берді.

2018 жылдың соңында Атырау облысында Ноғай халқының мәдениет күндері ұйымдастырылды. Арнайы келген делегация және «Ибн Батуттаның Ұлы Жібек жолымен саяхаты: мәдениеттер арасындағы диалогты алға бастыру» II халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысып, 25 желтоқсан күні Сарайшыққа Анкара университетінен тарих ғылымдарының кандидаты, PhD Серхан Чынар, Ресей ғылым академиясы Дағыстан Республикасының тарих, археология және этнография орталығының профессоры, тарих ғылымдарының докторы Даниял Кидирниязов, Семей мемлекеттік университетінен ноғайтанушы ғалым А. Исин келіп, ортағасырлық қаланы ғылыми зерттеу мәселелерімен ойларын бөлісті.

2019 жылы қаңтар айында музей-қорық Сарайшықта жерленген Қазақ Хандығының ханы Қасым ханның мәңгілік мекенін табу экспе-

дициясын қолға алады. Оның құрамына бас инспектор Ф. Байдаулетов, археолог А.Тұраруұлы, археолог М. Әбдіғали, топограф С. Мираш енгізіледі. Олар 1861 жылғы топограф Алекссев картасымен жұмыс жасап, ортағасырлық Сарайшықтың цитаделі орнын және Қасым ханның жерленген орнын шамамен анықтайды. Экспедиция нәтижесіне сүйене отыра, музей-қорық Атырау облысы әкімі Н. Ноғаевқа Атырау-Орал трассасы бойында Сарайшық ауылы тұсында еңселі ескерткіш орнатуды ұсынады. Облыс әкіміне жолданған хатта: «Ортағасырлық Сарайшық қаласы XVI ғасырдың бас кезінде Қазақ Хандығының астанасы болып, елдің іргесінің бекуіне және болашақ бүгінгі Қазақ мемлекетінің территориялық тұтастығын айқындауда маңызды саяси орталығы болды. Оның басында сөз жоқ, Керей және Жәнібек хандардың сарабдал саясатын батыл жүргізген, өзінің даналығымен әлемге мәшһүр болған Қасым хан тұрды. Тарихи деректер Қасым хан тұсында қазақ халқының саны 1 млн-нан асып, әскері 300 мыңға жеткенін айғақтайды. Қасым хан өзі билік жүргізген жылдары қазақ қоғамындағы құқық-нормаларды реттеу мақсатымен алғашқы қазақ заңы «Қасым ханның қасқа жолын» жарыққа шығарды.

Қасым хан 1523 жылы Сарайшықта қайтыс болып, мәңгілікке өзі туын тіккен Ел астанасында жерленді. Оны сол заманда өмір сүрген Мұхамед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыри еңбектері, 1861 жылғы Алексеевтің картасы мен ел ішіндегі аңыз-әңгімелер дәлелдейді. Қасым ханның тарихи қызметіне ешкім шек қоймайды, алайда, біз оның тарихи қызметін толығымен бағалап, ел жадында мәңгі сақтанарлық еңбек еттік деп айту ерте. Өйткені, осы уақытқа дейін Қасым ханның есімі кең байтақ Қазақстанның бірде-бір елді мекеніне, оқу орнына берілген жоқ, еліміздің қалалары мен ауылдарында бірде-бір ескерткіш орнатылған жоқ. Осыны ескере келе, Атыраулықтар бірінші болып қазақтың атын әйгілеген атақты ханы Жәнібекұлы Қасым құрметіне бір кезеңде өзі Ел астанасы еткен, мәңгілік мекені болған Сарайшық ауылы тұсындағы Атырау-Махамбет тас жолы жанына еңселі ескерткіш тұрғызуы қажет деп есептейміз. Бұл шара еліміздегі «Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалалар аясында атқарылар аса маңызды шара болары сөзсіз. Ол бүгінгі ұрпақтың парызы. Осыған орай, Сізден Қасым ханға ескерткіш салу мәселесінің жүзеге асуына ықпал етуіңізді сұраймыз» деген жолдармен мәселе көтерген болатын. Көп ұзамай Атыраулық ғалымдар да өз ойларын облыс әкіміне жолдап, музей-қорық ұсы-

нысына қолдау білдіреді. Хатқа тарих ғылымдарының докторлары А. Сарсенов, Л. Бердіғожин, У. Ахметова, ғылым кандидаттары Ж. Мұстафин, Г. Қайырғалиева қол қояды [3].

Көтерілген ұсыныс 2019 жылы 4 ақпанда Атырау облысы қоғамдық кеңесінің мәжілісіне шығарылады. Мәжіліс төрағасы М. Өтешов, Атырау облысы мәслихаты хатшысы А. Зейнуллин қатысқан жиын Сарайшық музей-қорығының ұсынысын бірауыздан қолдайды.

2019 жылы 17 маусымда Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі болып тағайындалған А. Райымқұлова да Сарайшық музей-қорығы мәселелерімен жете таныс болатын. Ол вице министр кезінде-ақ Сарайшықта бірнеше рет болған-ды. А. Райымқұлова министрліктің игі бастамаларын жалғастырып, Сарайшықта жерленген қазақтың атақты ханы Қасым ханға арнап түсірілетін фильмнің еліміз үшін маңыздылығына назар аударды. Министр: «Жақын арада біз 75 сериялы Қасым хан туралы фильмді түсіруді бастаймыз, Елбасының арнайы шақыруымен келген, фильмге сценарий жазған танымал түрік режиссері Гюнай Метин тарихи орындарды аралады. Осы картинаның арқасында біздің ежелгі Түркістан, Отырар, Сарайшық, Сауран және басқа да жерлеріміз орасан зор танымалдылыққа ие болып, миллиондаған туристер келетін орынға айналатынына сенімдімін», -деп ойын жеткізген болатын [4]. Мұның барлығы Сарайшық музей қорығының жұмысын жандандыра түсті.

Сарайшық музей қорығы республикалық мекемеге айналған соң басты мәселелердің бірі - ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру болды. Осы мақсатта 2018 жылы желтоқсан айында республика көлемінде тарихи-мәдени ескерткіштерге ғылыми-реставрациялық, археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу лицензиясына ие болды. Мұның өзі музей қорыққа археолог ғалымдарды тартуға, олармен жылдың төрт мезгілінде археологиялық экспедициялар ұйымдастыруға жол ашты.

2019 жылы музей қорық 31 шілдеде Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттелді. Ғылыми кеңес қолдауымен ғылыми зерттеулерге ортағасырлық Сарайшық қаласы тарихының білгірлері археологтар: т.ғ.д., профессор Зайнолла Самашев, т.ғ.д., профессор Мадияр

Елеуов, Семей мемлекеттік университетінің профессоры, т.ғ.к., ноғайтанушы Амантай Исин, Алматылық ғалым, т.ғ.к., профессор, ортағасырлар тарихының маманы Нұрлан Атығаев, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, т.ғ.д. Ұлжан Ахметова, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің географ ғалымы, PhD докторы Эдуард Имашев ғылыми кеңесші ретінде белгіленді *(қараңыз: 15-сурет, 336-бет).*

Сарайшықтың ғылыми зерттеу жұмыстарына республикадағы белді ғалымдардың тартылуы болашақ ізденістерге жағдай жасады. Елімізде жарияланатын іргелі және қолданбалы зерттеулерге қатысуға мүмкіндік жасалды, түрлі археологиялық, этнографиялық экспедицияларды ұйымдастыруға жол ашылды.

2019 жылы Сарайшық қаласы мен көне Үргеніш қаласы арасындағы керуен жолдары бойындағы ескерткіштерді анықтау, барлау жүргізу үшін және Алтын Орда қалаларының өзара байланысын зерттеу мақсатында «Сарайшық – Бату Сарай – Берке Сарай – Сарайшық» бағыты арнайы жоба дайындалды. Нәтижесінде 2019 жылдың 1-5 қазан аралығында «Жошы ұлысы – Алтын Орда астаналарының ізімен: Сарайшық- Сарай Бату – Сарай Берке» халықаралық ғылыми – зерттеу экспедициясы жолға шықты. Экспедицияның мақсаты – Алтын Орда тарихына қатысты ғылыми зерттеулер жүргізу, РФ жетекші ғылыми орталықтарымен байланыстар орнату, тәжірибе алмасу *(қараңыз: 16-сурет, 337-бет).*

Экспедицияға музей-қорық қызметкерлері, ҰҒА корреспондент мүшесі, г.м.ғ.д., профессор Н. Сеитов, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, суретші О. Кендір, т.ғ.д., Сапанов, т.ғ.д., А. Ахмет, М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің географ ғалымы, магистр А.Тұрғанбаев, Батыс Қазақстан облысы бойынша «Егемен Қазақстан» газеті тілшісі Қ. Құттымұратұлы, «Хабар» агенттігі журналисті Б. Әлирақым, «Қазақстан-Атырау» телеарнасының журналисті Ө. Жаңабаев, Махамбет ауданы Мәдениет бөлімінің басшысы Н. Аруев қатысты. Экспедиция нәтижесінде ғалымдар Сарай Бату, Сарай Берке құландылары орындарында болып, сол жерлердің географиялық орналасу жағдайымен, жер бетінде жатқан тарихи-мәдени мұраларымен танысты. Осы жолы экспедиция мүшелері Астрахан, Волгоград музейлерінде болып, алтынордалық ескерткіштер жәдігерлерімен Сарайшық мұраларын салыстыруға мүмкіндік алды *(қараңыз: 17-сурет, 337-бет).*

2019 жылы 10 қазанда Атырау қаласында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Атырау өңірлік «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі, А.Яссауи атындағы ХҚТУ Евразия ғылыми-зерттеу институтымен бірлесе «Жошы ұлысы және Сарайшық – Қазақ мемлекеттілігінің бастауында» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді. Алтын Орданың 750 жылдық мерейтойын мерекелеу іс-шаралары аясында өткізілген конференция алтынордалық кезеңнің жарқын ескерткіші – Сарайшық қаласы орнының туристік мүмкіндіктерін саралап, ғылыми-зерттеушілік ізденістерді дамыту мақсатында ұйымдастырылған. Конференцияға Қытай, Түркия, Германия, Ресей елдерінен және Қазақстанның әр өңірінен Алтын Орда кезеңін зерттеуші ғалымдар қатысты *(қараңыз: 18-сурет, 337-бет).*

Конференцияның алқалық мәжілісінде т.ғ.д. Али Риза Яглы (Гиресун университеті, Түркия Республикасы), т.ғ.д. Әбділәшім Дүйсенәлі (Орталық Ұлттар университеті Пекин, Қытай Халық Республикасы), з.ғ.к. Роман Почекаев (Ұлттық зерттеу университетінің экономика жоғарғы мектебі, Санкт-Петербург, Ресей Федерациясы), т.ғ.д. Нұрлан Кенжеахмет (Бонн университеті, Германия), PhD докторы Абдулла Гюндоғды (Анкара университеті, Түркия Республикасы), Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінен т.ғ.к. Амантай Исин, ҚазҰАУ-дың профессоры, т.ғ.к. Нұрлан Атығаев, профессор Ә. Мұқтар баяндама жасады.

Музей қорық тарихында басталған осындай кешенді жұмыстар Сарайшықты зерттеудің, оны сақтап насихаттаудың жаңа беттерін қалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Сарайшық музей қорығы қосымша қоры

2 Ноғаев Н. Ұлттық құндылықтарды ұлықтау – парызымыз // EGEMEN QAZAQSTAN. -2018. -5 желтоқсан.

3 Сарайшық музей-қорық архиві

4 Қасым хан туралы 75 сериялы фильмді түсіру басталады // lenta.inform.kz/.../kasym-han-turaly-75-seriyaly-fil-mdi-tusi...

5.2 Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің Сарайшықтағы зерттеулері (2017, 2019 жж.)

2017 жылы тамыз-қазан айларында Атырау облысының әкімі Н.А. Ноғаевтың бастамасымен, ортағасырлық Сарайшық қаласында далалық зерттеулер қайта қолға алынды. Қазба жұмыстарын жүргізу Атырау облысы тарихи-өлкетану музейіне жүктелді. Қазба жұмыстарына ғылыми жетекшілік етуге З. Самашев шақырылды. Осы кезде ортағасырлық қала орнын Жайық өзенінің тасқыны жоюы салдарынан жағалауды бекіту жұмыстары басталған болатын. Сарайшықтың сақталған бірқатар бөліктерін музейлендіру, қазіргі заман талаптарына сай келетін туристік инфрақұрылым құру жоспарланды. Сондықтан археологиялық зерделеу, қазбада ашылған бөліктерді консервациялау, музейлендіру жұмыстарын құру мәселесі күн тәртібінде тұрды.

2017 жылғы археологиялық жұмыстарға өзен жағалауы аумағынан көлемді қазба алаңдарын ашып, қаланың бірсыпыра құрылыстарын қайта қалпына келтіру мүмкіндігі және консервациялау жұмыстары міндеті қойылды.

Сонымен қатар, 2008-2017 жылдар аралығында көктемгі су тасуы әсерінен үштен бір бөлігі жойылған кешенді сарай ғимараты «ханды» жете зерттеуге күш жұмылдырылды. Өйткені, бұл ғимарат Тоқтамыс билік құрған кезден бізге дейін жеткен алтынордалық сәулет өнерінің сирек кездесетін нысаны болатын. Қазбадан ғимараттың қабырғаларын тұрғызу сипаты бойынша қосымша мәліметтер алынды. Соның бірі ғимараттың бүкіл алаңы астына ірі көлемдегі пахса блоктарын қалау. Кейбір бөлмелердің ішкі көрінісі құрылымының өзгергені анықталды. Мысалы, бөлмелердің бірінде еденге топырақ төгіп тегістеу жасалып, суфа ішіндегі тандыр пештің төрттен бір бөлігі бөлменің қабырғасына ойып кірігіп орналасқан әдіс анықталды. Дәл осындай жүйедегі канның бірінен дәрілік майларға арналған ерекше қыш ыдыс – альбарелло табылды *(қараңыз: 19-сурет, 338-бет).* Ыдыс түрі бойынша Қырымда италиялық технология бойынша жасалатын ыдыстарға сәйкес келеді. Сарайшықта қыш бұйымдар дайындаудың бірден-бір күшті орталығы болғанын ескерер болсақ, бұл ыдысты жергілікті шеберлер жасауы мүмкіндігі де жоққа шығарылмайды [1].

Хан - сарай кешені бөлмелерін топырақтан аршу кезінде пахса блоктары деңгейінен төмен көптеген бөлмелер жүйесі анықталды. Бұл бөл-

мелер қабырғалары саман кірпіштерден, ал, кейбірі шикі балшықты ағаш қалыпқа құю әдісін қолдану жолымен тұрғызылған. Осындай бір қабырғаны зерттеу кезінде қабырға астында қамыстан төселген төсеніш қалдығы бар боп шықты. Дуал қабырғасы деп есептелген үйінді үстіне салынған қазбадан мұнара іргесі мен оның алдынан қазылған терең ор анықталды. Мұнара қалдығы жобасында тік бұрышты, көлемі 4х6 м болады, шикі саман кірпіштен қаланған. Қазба кезінде анықталғаны солтүстік және батыс қабырғасы 1 м-ден жоғары биіктікте сақталған, қабырғалар қалыңдығы 120 см болады. Құрылыстың оңтүстік-батыс бұрышында ұзындығы 50 см күйдірілген кірпіштерден тұрғызылған пилон болған. Құрылыстың жанынан ені 5 м, тереңдігі 1,5 м болатын ордың бөлігі ашылды. Осы маңда ашылған тұрғын жай бөлмелері мұнарадан ертерек тұрғызылған. Тұрғын бөлмелер көлемі 5х4 м және 3,5х4 м. Қабырғалары саман кірпіштен соғылған, әрі одан бұрын салынған тұрғын үйлердің осындай қабырғалары тірек, іргетас болғаны байқалады. Ал, бұрынырақ тұрғызылған қабырғалардың уақыты нумизматикалық материалдар бойынша 1340-1350 жылдармен кезеңделеді. Бөлмелердің ішкі көрінісі бірдей, қабырғаларды бойлай кан арналары өткізілген суфа орналасқан. Айырмашылық от жағу жүйесінде ғана, төменгі қабатта орналасқан бөлмелерде тандыр пеш болған болса, жоғары қабатта от жағу камерасы тік қаланған шикі кірпіштерден ошақ түрінде жасалған. Жоғарғы қабаттан Жәнібек, Хызыр хандардың соғылымдары кездесті. Төменгі қабат бөлмелерінің бірінен оюлы өрнек басуға арналған қола қалып пен Өзбек хан тұсында соғылған тиындар табылды [1].

Хан сарай кешенінен солтүстік-шығысқа қарай қазылған IV қазбада көптеген жерлеу кешендері анықталды. Қазбаның көлемі (СО-БШ) 28х15 м. Жерлеулерден төменгі қабаттарда орналасқан шикі саман тастан салынған ғимараттар түгелдей бұзылған. Бұл ғимараттар қалдығы маңынан табылған тиындарға қарағанда XIV ғасырдың соңы – XV ғасырдың басымен кезеңделді. Жылыту жүйесінің ошақтары алдыңғы мұнара құрылысы маңынан ашылған жоғарғы қабаттағы бөлмелер пешіне ұқсас келген. Қазбаның бір бөлігінде пішіні бойынша жеркепеге ұқсас шұңқыр қазылды. Бұл шұңқырдан сұр түсті, қалыптау арқылы көркем жасалған қыш ыдыстың сынықтары мен Хорезм үлгілеріне ұқсас сырлы кесе табылды.


Қазбадағы жерлеу шұңқырлары қазіргі жер бетінен шамамен 15 см тереңдіктен бастап 120 см тереңдікке дейін қазылған. 59 жерлеу орны

мен 2 көрхана анықталды. Барлық мүрде шығыс-батыс бағытында шалқасынан жатқызылып, жүзі батысқа қаратылып жерленген.

Сүйектердің орналасу тәртібіне қарап мынадай жерлеу салттарына бөлуге болады.

-Аздап оң бүйірге бұрып, жүзін оңтүстікке қарату.

-Шалқасынан созыла жатқызып, жүзін солтүстікке қарату. Қолдары жанына жинаулы қойылған.



Штамп өрнекті қыш ыдыстың сызба суреті

-Шалқалай созыла орналастырып, жүзін жоғары қарату. Қолдарын жанына жинап қойған. Бұл мүрделерден ағаш жамылғы мен астында қамыс тоқыма қалдығы болғанын кездестіреміз.

-Табытқа салынған, шалқалай созыла орналастырып, жүзін жарым-жартылай оңтүстікке қаратқан. Қолдары денесінің жанына жиналған. Табыт қақпағы тақтайларының үстінен қамыс тоқыманың қалдығы

-Ағаш жәшікке немесе табытқа салынып, қабырғасы шикі кірпіштен өрілген шұңқырға жерлеу.

-Шұңқырдың оңтүстік жағына жанама жерлеу, жанама шұңқырын сатылай қалау.

-Шұңқырдың оңтүстік жағына жанама жерлеу, жанама шұңқырын шикі кірпішпен тігінен қалау.

-Сондай-ақ зорлықпен өлтіру іздері бар жерленімдер де кездесті. Бір мүрде де шекесін ұрып тескен болса, тағы бірін мойын омыртқасын сындыру арқылы, келесісінде омыртқасын қирата өлтіру салдары байқалады [2].

Қазбаның оңтүстік бөлігіндегі екі көрхана қыш кірпіштен төбесі күмбезді түрде тұрғызылған. Бұл жерлеу түрі негізінен ноғайлардың жерлеу жораларына жататын болса керек. Жаңа өлген марқұмдарды жерлеуге бірнеше мәрте пайдаланылып тұрған. Бірқатар жерлеулер көрхана құрылысын қиып кетіп, бір жерлеу мәйіті келесі біріне еніп кететін жағдайлар да кездеседі. Жерлеу материалдары Сарайшық тұрғындарының этникалық алуандығын және демографиялық ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді деп ойлаймыз. Ноғай Ордасы ыдыраған нан кейін тұрғындар қалдырып кеткен қала бөліктері зират орны-

на айнала бастаған болса керек. Жұрт көшіп кеткен аудандар көптеген молалардың астында қалған.

IV қазбаның солтүстік бөлігінде, жоғарғы мәдени қабаттан, шамамен XVI ғасырдың II-жартысында тұрғызылған екі құрылыс ғимаратының іргетасы анықталды. Олар көлемі 25х25х5 см болатын алтынорда кезеңінің қыш кірпіштерінен соғылған. Өйткені олардың құрылысына алтынорда кезеңіндегі ғимараттардың алебастр мен ізбес ерітіндісі арқылы бекітілген кірпіштері пайдаланылғаны байқалады. Бұл ғимараттардың кірпіштері саз балшықты ерітіндімен бекітілген. Олар бір-біріне тақала орналасқан. Ғимараттар бір уақытта салынбаған. Екеуінің ішіне де адам жерленген. Көлемді мазар ішіне жерлеу салтының пайда болуы, бұрын Сарайшықта кездескен жерлеулерден басқаша болуымен өзіндік бір қызығушылық тудырды.

Оңтүстік ғимарат жобасында тік төртбұрышты келген, көлемі (СО-БШ) 7х7 м. Сақталған қабырғалар қалыңдығы 75 см, биіктігі 1 м шамасында. Қаланды жіктері кей жерлерде ақ алебастрмен кестеленгені байқалады. Солтүстік-шығыс бұрышы гүлдесте құландысы анықталды, бұл ғимарат бұрышын бекітуге арналған төрттен үш бөлігі шығыңқы келген колонна типтес құрылыс. Ғимараттың батыс және солтүстік қабырғалары түгелдей бұзылып алынған *(қараңыз: 20-сурет, 338-бет).*

Ортада бірнеше жерлеу орнының табы бар. Дәл орта тұсына бір мәйіт жерленген, негізгі жерлеу осы болса керек. Оның қабір шұңқырының қабырғасы, қабір үсті тастары шикі кірпіштен қаланған. Бұл мәйіттің аяқ жағында, оңтүстік қабырғаға қарай тағы 4 адам қатар жерленген. Мәйіттің бірі 5-7 жасар баланікі болып шықты. Бұлардың да жерлеу шұңқырларының қабырғасы және үсті саман тастан қаланған. Барлық мүрде солтүстік-батыс – оңтүстік-шығыс бағытында шалқасынан жатқызылған, жүзі оңтүстік-батысқа қарап жерленген. Олардың ешқайсысынан жерлеу кезінде қойылатын мүліктер табылмады [3]. *(қараңыз: 21-сурет, 338-бет).*

Солтүстік ғимарат кейінірек оңтүстік ғимараттың қасынан бой көтерген. Ол да қайтара пайдаланылған қыш кірпіштерден қаланған. Бұл ғимарат іргетасының деңгейі біріншісіне қарағанда 15 см биік орналасқан. Көлемі (СО-БШ) 8х6 м. Ішке кіретін есігі оңтүстік қабырғаның дәл ортасында орналасқан, ені 80 см. Онда пештак пилонының іргетасы, табаны бар. Шығыс жағындағы тәуірлеу сақталған пештак тіреуінің көлемі (СО-БШ) 1,5х2 м, биіктігі 4 қатар кірпіш

түрінде сақталған. Есік тұсында құлаған арка элементтері сақталған. Ғимарат қабырғалары сауытты қалау тәсілімен қаланған, яғни сыртқы бетіне бүтін кірпіштер қалап, ортасы сынық кірпіштер бөліктерімен толтырылған. Қабырғаның қалыңдығы 75 см. Солтүстік қабырғаның ортасы түгелдей бұзылып алынған. Қабырға бүтін және сынық кірпіштерден тұрғызылған, саз балшық ерітіндісімен ұстатылған, 5 кірпіш қатарына дейін биіктікте сақталған. Ғимараттың оңтүстік-батыс және солтүстік-батыс бұрыштарына ашық сұр түсті құмтас блоктар қойылған. Олардың көлемі 90х70х30 см. Бұл блоктар астына бір қатар кірпіштер төселген. Кірпіштер мен құмтас блок арасына төсеніш ретінде кірпіштің уақ сынықтары аралас топырақ салынған. Ашылған құрылыстың ортасынан бір жерлеу шұңқырының дөңгелек пішінді ізі анықталды. Жерлеу шұңқыры топырақтан ашылған жоқ [3] *(қараңыз: 22-сурет, 339-бет).*

Тағы бір қазбадан шикі саман кірпіштен тұрғызылған көлемі 4,5х4,5 м болатын мазардың орны ашылды. Мазардың оңтүстік қабырғасында есігі бар. Ішінде қыш кірпіштен қаланып алебастр сылақ жағылған екі қабірүсті тасы орналасқан *(қараңыз: 23-сурет, 339-бет).*

Зерттеу жұмыстары барысында табылған нумизматикалық материалдардан ең ерте тиындар 1310 жылдары Сарай қаласында Өзбек ханның тұсында соғылған. Кейінгісі XV ғасырда Сарайшықтың өзінде соғылған. Тиындар соғылған орындар қатарында Баржын, Сарай-әл-Жәдид, Хорезм және Самарқан қалалары бар.

Табылған тиындардың жалпы саны 75, олар 21 түрлі үлгіде соғылған. Ең көп кездесетін тиындар Өзбек хан мен Жәнібек хан соғылымдары. Сонымен бірге Хызыр хан, Әмір Темір, Тоқтамыс билігі тұсындағы тиындар, Тұлынбике ханым мен Барақ, Орыс хандардың тиыны кездесті.

2019 жылы араға бір жыл үзіліс салып, Сарайшықта далалық зерттеу жұмыстары жалғасын табады. Бұл жұмыстарды да Атырау облыстық әкімдігі қаржыландырып, Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі іске асырады. Қазба жұмыстарының ғылыми жетекшісі т.ғ.д., профессор Ә. Мұқтар болды. Қазба орындары Жайық өзенінің жағалау аймағынан белгіленді. II қазбаны В. Плахов, III қазбаны А. Рамазанова мен М. Әбдіғалиев, IV қазбаны А.Тұраруұлы жүргізді. Антропологиялық материалдарды зерттеумен антрополог А.Райсова айналысты.

II қазбада XIV ғасырдың II-жартысы – XV ғасырға тиесілі үй-жайлар анықталды. Жоғарғы мәдени қабатта XV-XVI ғасырларға тиесілі жерленімдер кездесіп зерттелді. Қазба алаңында 17 адамның жеке жерлеуі болды. Сонымен бірге, 1 түйе мен 1 жылқы жерленген орын табылды.

Қазбаның оңтүстік-батыс бөлігінде кесене құландысы ашылды *(қараңыз: 24-сурет, 340-бет).* Кесененің ішкі өлшемі (СО-БШ) 5х3,5 м. Шығыс қабырғасының азимуты 15°. Кесене қабырғалары сұрғылттау келген шикі саман кірпіштен тұрғызылған, кірпіштер саз балшық ерітіндісімен бекітілген. Кірпіш көлемі 32х19х6 см. Қабырғаның қалыңдығы 60 см, 50 см биіктікте сақталған. Кесене жердің беткі қабатынан 40 см тереңдіктен ашылды. Кесененің бұрышы диаметрі 70 см болатын дөңгелек контрфорс – гүлдестемен бекітілген. Гүлдесте де шикі саман кірпіштен қаланған. Ортасында диаметрі 12 см, тереңдігі 10 см болатын тесік бар, бұл арқаулық бағана орнынан қалған болса керек. Оңтүстік қабырғаның орта тұсында ені 85 см болатын есігі анықталды. Есікте сарғыш кірпіштерден төселген ені 21 см, биіктігі 6 см болатын табалдырық бар.

Кесене ішінде солтүстік қабырғадан оңтүстікке қарай 80 см жерде кірпіштен қаланған қабірүсті тасы орналасқан. Ол батыс қабырғадан 80 см, шығыс қабырғадан да 80 см қашықтықта жатыр. Қабірүсті тасының ені түп жағында 60 см, ұзындығы 190 см. Көлемі 21х21х5 см, 22х35х5 см, 26х35х5 см күйдірілген қыш кірпіштерден тұрғызылған. Қабір тасы сыртқы жағынан қалыңдығы 1 см-лік ұнтақталған алебастр сылағымен сыланған. Қабір тасының оңтүстік шетінен есікке қарай еденге кірпіштер төселген. Қабірүсті тасының кірпіштері сияқты бұл кірпіштерде қайта қолданыста болған, өлшемдері 21х21х5 см, 22х22х5 см, 32х26х5 см [4].

Сонымен қатар, қаланың алтынордалық кезеңіне жататын тұрғын үйлер құрылысы анықталып, олар өзен саласы бұзып кеткен көшеге, яғни, есігі батыс бағытқа қараған. Бөлмелер екі ұзын қабырға арасына орналасқан, көлемдері 4,3х5,1 м, 4,3х2,5 м, 4,3х3,2 м. Оңтүстік қабырғаның азимуты 295°, шығыс қабырғаның азимуты 20°. Қабырғалар қалыңдығы – 80-40 см аралығында. Көлемі 23х37х7 см саман кірпіштерден қаланған. Бөлмелерде суфа, кан, тандыр пештер бар. Бөлмелер едені жер беті деңгейінен 130 см тереңдікте анықталды. Еден 2 см қалыңдықтағы саз балшықпен сыланған. Бөлме қабырғалары бұдан ертерек кезеңде тұрғызылған басқа бөлме қабырғаларының үстіне салынған.

Қазбадан 41 мыс тиындар мен басқа да метал бұйымдар, өңделген сүйек бұйымдар бөліктері және көптеген қыш ыдыс сынықтары табылды.

Ал, 2020 жылы бұл нысандарға консервациялау жұмыстары жүргізіліп, ашық аспан астындағы экспозициялық алаң жасақталды *(қараңыз: 25-сурет, 340-бет).*

III қазбаның аумағы алғашқыда 10х10 м көлемінде қазылды. Қазбаның оңтүстігінде беткі деңгейден 10 см тереңдікте көрхана құландысы анықталды. Пішіні текше тәріздес, күмбезді келген көрхана күйдірілген қыш кірпіштен қаланған. Көрхананың шығыс бетінен 8 дана мыс тиыннан тұратын көмбе табылды. Көрхана ішінде 4 адам жерленген.

Қазбаның солтүстік-батыс бұрышында 10 см тереңдікте шикі кірпіштен қаланған қабырға анықталды. Осы жерден 14 дана ойын асықтары, 1 дана мыс тиын, диірмен тасының немесе ташнаудың бөлшегі болуы мүмкін қатты жынысты тас бөлігі, белемнит бөлігі, күкірт кесегі табылды. Күкіртті дәрілік мақсатта қолданған болса керек.

Қазбаның солтүстік-батыс жағында жоғарғы мәдени қабаттан 4 көрхана анықталды. Олар ертерек уақытқа жататын тұрғын және басқа құрылыстардың едәуір бөлігін бұзып жіберген. Барлық көрханалар түрлі өлшемдегі күйдірілген қызыл қыш кірпіш фрагменттерінен тұрғызылған. Бүтін кірпіштердің өлшемдері 23х23х5 см және 20х21х5 см. Кірпіштер саз балшық ерітіндісімен бекітілген, қалыңдығы 1,5 см. Көрханалар қабырғаларының қаландысы 8-13 қатарға дейін сақталған. Барлық көрханаларда басы батысқа бағытталған 3 немесе 4 адам сүйегі жерленген. Отбасылық жерлеу орны болғандықтан ер мен әйел және балалар сүйектері бар *(қараңыз: 26-сурет, 340-бет).*

Осы жерден жұмыс барысында тандыр пештер мен кан жүйелері анықталды. Ал бөлме қабырғаларын көбіне жерлеу шұңқырлары қиып жойып жіберген. Жәдігерлерден қыштан жасалған іші қуыс ядро, биіктігі 80 см болатын ірі құмыра, күмістен соғылған екі тиын және көптеген мыс тиындар табылды *(қараңыз: 27-сурет, 341-бет).*

IV қазбаның көлемі 26х17х15х20 м, ауданы шамамен 390 м². Қазбада 3 тұрғын үй бөлмесінің фрагменттері, 5 көрхана құрылысы және 45 ерлер мен әйелдердің жеке жерлеу орындары анықталды. Барлық жерленгендердің басы батыс бағытқа қаратылып жерленген. Қазба аумағындағы барлық жеке жерлеу орындары XVI-XVII ғасырларға жатады. Жерленімдер жер бетінен 40-110 см тереңдік аралы-

ғында табылды. Атап айта кетер бір жайт, анықталған бір жерлеу орны өзінің айрықша жерлеу салт-жораларымен назар аударуға тұрарлық. Кәдімгі жерлеу шұңқырында 10-12 жас шамасындағы қыз бала қаңқасы орналасқан, оның басы кесілгені анықталды. Ал, бұл бастың орнына жас шамасы 30-35 жасар әйел адамның басы кесіліп әкеп қойылған. Бас сүйек сол қырымен жатқызылып, беті солтүстікке қаратылған. Мұндай жерлеу жоралары өте сирек кездеседі және жарияланымдарда бұл ғұрып туралы этнографиялық деректер табылмады.

Сондай-ақ, аңшылық мақсаттағы тазы тұқымдас 3 иттің арнайы жерленген орны белгілі болды және 1 иттің бас сүйегі анықталды. Бұл иттер жерленімдері маңында бірде-бір адам жерленімдері орналаспаған. Иттердің жерлеу шұңқырының тереңдігі жер бетінен 78-120 см шамасында. Иттердің орналасуы бірыңғай емес. Бірінде басы оңтүстікке қараса, бірінде солтүстікке қарайды, бірде оң жағымен, ал бірде сол жағымен жатқызған [5] *(қараңыз: 28-сурет, 341-бет).*

Қазба қабаттарын тазарту барысында XV ғасырдағы тұрғын үйжай қабырғаларының үзік бөліктері кездесіп тұрды. Оларды бірнеше жерлеу шұңқырлары қиып өткен. Үзік қабырға бөліктері бір жүйеге келмеді. Қабырғалар фрагменттерінен белгілі болғандай, олардың қалыңдығы 80-40 см аралығында. Көлемі 21х37х6 см болатын сарғыш түсті шикі саман кірпіштен тұрғызылған. Кірпіштер саз балшық ерітіндісімен бекітілген. Бөлмелерде суфа, тандыр орналасқан. Тандырдан екі кан арнасы шыққан. Сазбен сыланған еден учаскесі сақталған. Бір тандырдың от жағар жерін тазалау барысында қызыл қыш көзе табылды.

Қазба орнының оңтүстік жағынан топырақ арасында жақсы сақталған ат бейнесінде жасалған қола құлып *(қараңыз: 29-сурет, 341-бет)* және 5 данадан тұратын мыс тиындар көмбесі табылды. Қазбадан табылған барлық тиындардың саны - 14.

Паста моншақтың бірінде басқа бір моншақтың дәнекерленген бөлшегі жабысып қалған, бұл Сарайшықтың өзінде әйнек пастасы мен түрлі-түсті әйнектерден моншақ жасау шеберханасы болғанын көрсетеді. Сондай-ақ, төменгі қабаттан ерте темір кезеңі айнасының жарты бөлігі табылған. Өңдеу процесіндегі сүйек бұйымдар мен сүйектен жасалған дайын бұйымдар жинап алынды. Жылтыратылған шүмектер мен қанжар, пышақ тәрізді заттардың көп қырлы етіп жасалған сүйек тұтқасы бар [5] *(қараңыз: 30-сурет, 342-бет).*

Қазба жұмыстарын қорытындылар болсақ, қазбада екі құрылыс деңгейі болғанын көрсетті, ол сәулеттік құрылыс ғимараттары мен жәдігерлер түріндегі материалдармен дәлелденіп отыр. Анықталған жерлеу орындары этникалық ерекшеліктері, діни түсініктері бойынша топтасқан, Сарайшық тұрғындарының әр түрлі топтарға жататынын байқатады. Әр түрлі жерлеу рәсімдерінің болуына қарағанда, Сарайшық тұрғындары көп ұлтты болған секілді. Сонымен қатар, бұл жерлеулердің ешқайсысы православие діни ғұрпына сай келмейтінін айта кеткен жөн. Антропологиялық зерттеулер III, IV қазбалардан алынған 35 индивидке жүргізілді. Олардың жыныстық және жас ерекшеліктерін анықтау бірнеше стандартты әдістерді біріктіре отырып, кешенді түрде жүргізілді. Одонтологиялық талдауға негізделген жас деректері мен посткраниальды қаңқа деректері арасындағы өзара байланыстар тіркелді [4].

Нумизматикалық материалдар Алтын Ордадағы сауда-экономикалық қатынаста Сарайшықтың ролі үдемелі түрде артып келе жатқанын, саяси дербестікке ұмтылуын айғақтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Самашев З., Плахов В., Касенов М., Харипова Р., Тұраруұлы А., Қиасбек Г., Чотбаев А., Рахманкулов Е., Бирюков П. Новые исследования на городище Сарайчик. «Ибн Баттутаның Ұлы Жібек жолымен саяхаты: мәдениеттер арасындағы диалогты алға бастыру» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. Атырау, 2017. -8-13 б.

2 Отчет об археологических работах по теме: «Исследование средневекового городища Сарайчик (Ортағасырлық Сарайшық қаласының зерттелуі)». – Атырау: Сарайшық, 2017

3 Тұраруұлы А. 2017 жылғы Сарайшық қаласының қазбасындағы жерлеу ескерткіштері // «Ұлы Жібек жолы бойындағы ортағасырлық қалалар» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. – Түркістан, 2018. -271-272 б.

4 Отчет об археологических работах по теме: «Исследование средневекового городища Сарайчик (Ортағасырлық Сарайшық қаласының зерттелуі)». – Атырау, 2019

5. Тұраруұлы А., Плахов В. 2019 жылғы Сарайшықтағы археологиялық зерттеулер // «Қасым хан және Сарайшық: Қазақ мемлекеттілігі тарихында» Республ. ғыл.-тәж. конф. м-ры жинағы (Атырау қ., 13–15 қазан 2021 ж.)/ Жауапты ред. Мұқтар Ә. Атырау-Сарайшық: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, 2021. -196-203 б.

5.3 Сарайшықтағы «Хан моласы» және оны зерттеу мәселелері (2020-2022 жж.)

Ортағасырлық Сарайшық қалашығы аумағында жерленген Жошы Ұлысы, Қазақ Хандығы хандары туралы ақпараттар қай кезеңде де елдің назарында болды. Оны XV ғасырдан соң қолданысқа енген тарихи деректер нақты айғақтайды. Дегенмен ел билеушілері арасынан біз үшін қазақ ханы Қасым Жәнібекұлының алар орны ерекше.

Қасым ханның Сарайшықта жерленгені туралы алғашқы деректі қалдырған Қадырғали Жалайыри болды. Ол 1602 жылғы «Шежірелер жинағы» еңбегінде: «Оның хикаясы әр жерде айтылады, сондықтан мәлім, мәшһүр болды. Ақырында Сарайшықта дүние салды. Бұл күндері оның қабірі Сарайшықта жатыр» деп Қасым хан туралы жазады [1, 121 б.]. Қадырғали бидің жазбасы ғылыми ортада еш талассыз мойындалған. Би өзі жазғандай, оның аталары және өзі де Қасым ханның немере інісі Ондан сұлтанның баласы Ораз-Мұхаммедтің аталарына қызмет жасап: «Ораз-Мұхаммед Ондан сұлтан ұлы, Шығайханұлы, Жәдікханұлы, Жәнібекханұлы, Барақханұлы, Құйыршықханұлы, Ұрұсханұлы туралы дастан. Ораз-Мұхаммед ханның барлық атабабалары, туыстарымен бір дастанда жазылды. Себебі, Ұрұс ханнан Жәнібек ханға дейін төртінші буын еді» деп анықтаған болатын [1, 121 б.].

Міне, осындай ортағасырлық деректен соң Қасым ханның Сарайшықта жерленгені XIX ғасырдағы орыс зерттеушісі В.В. Вельяминов-Зерновтың [2], кеңестік тарихшы А.П. Чулошниковтың еңбектерінде нақтыланады. А.П.Чулошников 1925 жылы: «Хана Касима в это время не было живых, он умер еще за несколько лет до этого (около 1518-20 гг.), в г. Сарайчике, где и был похоронен, уже как повелитель и Дешт-Кипчака» дей келе, түсініктемесінде «мы говорим Дешти-Кипчака – имея в виду пространство от среднего течения реки Урала до такового же р. Сыр-Дарья. Ибо в более широком смысле Дешти-Кипчаком называлась вся степь от самого Дуная. Еще в начале XVII в. в г. Сарайчике можно было видеть гробницу хана Касима», - деп жазады [3, С.127]. Ғалымның пікірін М. Тынышпаев: «По киргизским преданиям он похоронен в Сарайчике» [4, С.133], Әлкей Марғұлан 1950 жылы тамыз айында Сарайшықтағы археологиялық қазбадан соң: «Жазба қайнар көздерінен байқауымызша, XV-XVI ғасырлардағы тамаша сәулет ескерткіштері қазақ хандары Жәнібек пен Қасымханға

Сарайшықта тұрғызылды... 1524 жылы Сарайшықта қазақ ханы – Қасымның қаза тауып, жерленгені қайнар көздерінен белгілі», - деп жоғарыдағы пікірлерді қолдайды [5, 404, 406 б.].

Сонымен жазба деректердегі Қасым ханның Сарайшықта жерленгені туралы тұжырымдар қазақ ханының Сарайшықтағы ел билеушілері – Жошы Ұлысы хандары, Ноғай Ордасы билері пантеоны туралы тарихи деректерімен де толық үндеседі. Сарайшықтағы ел билеушілері пантеоны 1475 жылғы венециялық монах Фра Мауроның сызба картасында Жайықтың оң жағалауында көрсетіледі. Италиялық картограф оны күмбезбен белгілеп, «Билеушілер қабірстаны» деп анықтайды [6, С.510]. Картадағы деректі XVIII ғасырда П.И. Рычков: «Сей город, по обьявлению яицких казаков, бывал нагайских татар. Там еще поныне в земле находят многие палатки: видно, что бывали они кладбища знатных людей, ибо во многих находят гробы и кости. Сказывают, что на строение Гурьева городка кирпича много взято из сих развалин. Да и ныне яицкие казаки, около сего места на форпостах находящиегося, на дело печей и на другие потребности кирпич из оных развалин и из тех палаток выбирают» [7, С.134] деп, П.С. Паллас: «Могилы, которых здесь очень много, были раскладены кирпичом, и в них находят иногда достойные внимания вещицы» [8, С.37-38] деп, XIX ғасырда А.И. Левшин: «Как ни много их вывезено, но некоторые казаки и поныне, при новых постройках, достают их, находя неглубоко от поверхности земли еще не разрушенные круглые выходы или своды, внутри которых обычно находят человеческие кости, иногда оружия, монеты, ожерелья, кольца и прочие. Подражая казакам, два дня рыл с ними погреби в развалинах. Мои страния были вознаграждены находкой двух татарских монет» [8, С.44] деп, 1834 жылы 14 мамырда Сарайшықта қазба жұмыстарын жасаған К.Ф. Гебель: «После некоторых напрасных исследований, мы нашли еще нетронутное погребение. Копнув на полтора аршина (10 аршын 7,11 метр) в глубь, мы столкнулись со стенами, и после того, как почва была отсеяна, мы распознали в руинах хранилище, с выделяющимся камнем в центре, который закупоривал маленькое квадратное отверстие в полстопы в ширину. Не без труда мы его расширили до полутра аршинов в диаметре, для чего мне и нескольким казакам пришлось спуститься» [8, С.48] деп, 1861 жылы топограф А.Е. Алексеев: «Первое, что мне бросилось в глаза, были неправильные возвышения городского вала и развалившиеся остатки когда-то бывшей тут цитадели. Местность здесь совершенно

ровная и имеет грунт солонцеватый, перемешанный с обломками кирпича, камня и разной посуды. Поверхность этого неприветливого пустыря не оживляется никакой растительностью и только в двух местах виднеются деревянные с перилами ограды, сделанные в 1846 году, татарами-торговцами, по распоряжению бывшего хана Букеевской орды, Джангира, Ограды эти построены над склепами, где по словам казаков, есть несколько кирпичных гробов, залитых известью», «В западной части развалин города есть цитадель, стены которой гораздо выше описанного вала. Фигуру цитадель имеет неправильную, длина ее 200 сажень, а ширина 100 сажень. Внутри цитадели есть признаки развалившихся построек и склепов, которые, как видно, были сделаны из хорошего жженого кирпича и изразца. Из склепов сохранился только один, который называют «ханской могилой». Внутри есть гробницы, сделанные из кирпича, и имеющие шесть вместилищ, два больших и 4 маленьких, так что можно полагать тут похороненным целое семейство. Подобных еще два склепа есть в восточной части города» [8, С.55] деп нақтылай түседі.

Орыс ғалымдарының пікірлерін саралай отыра, Сарайшықта 1937 жылы алғашқы кешенді археологиялық қазба жүргізген археолог Н. Арзютов ғылыми есебінде: «4) сбор антропологического материала, последний пункт работ – это отыскание усыпальниц золотоордынсих ханов в окресностях, примыкающих к Сарайчику, так как, и по сушествующим теперь преданиям, и по указаниям источников, район Сарайчика был местом погребения золотоордынских ханов (Карта Пипиогене конца XIV в.)» [9, 93 б.] деп, 1950 жылы Сарайшықтағы қазба жұмыстарына қатысқан Г.И. Пацевич: «Сарайшықты Жошы ұлысының астанасы және алғашқы Алтын орда хандарының жерленген орны болғандай» деп болжам жасайды [8, 105 б.].

Сонымен, ортағасырлық Сарайшықта ел билеушілерінің пантеоны болғаны дау туғызбайды. Дегенмен, онда жерленген Жошы Ұлысы хандарын нақтылау ыждағатты ізденісті қажет етеді. Әсіресе, Қазақ хандығының ұлы билеушісі Қасым ханның Сарайшықта жерленгені тарихи шындық.

1521 жылы қайтыс болған Қасым Жәнібекұлының Сарайшықта жерленгені туралы жоғарыдағы Қадырғали Жалайыридың пікірін бүгінгі ғалымдар да толық қолдайды. Оны қазақстандық археолог ғалымдар З.Самашев [9, С.57-58], М.Б. Қожа [10, 29 б.], Д.А.Талеев [11, 45 б.],

М. Қасенов [12, 36 б.], этнограф А. Тоқтабай [13, 36 б.] зерттеулері дәлелдей түседі.

Осындай дәлелді тарихи деректер мен пікірлерді қорыта келе, «Сарайшық» музей-қорығының ғалымдары 2020 жылы «Хан моласы» орнын іздеуді қолға алды. Алдымен, бұрын ғалымдар қолына түспеген 2018 жылы ғана ғылыми айналысқа түскен әскери топограф А.Е. Алексеевтің топографиялық сызбасы сараланады. Сызбада цитадель ішіндегі «Әулие склеп» орны анық көрсетілген және жазба астына «1846 жылы татар саудагерлері Бөкей ордасы ханы Жәңгірдің тапсырмасы бойынша ағаштан қоршау тұрғызған» деп жазылған. А.Е. Алексеев цитадель ішіндегі құрылыстар туралы «Склептерден тек қана біреуі, хан моласы аталыныны ғана сақталған. Оның ішкі жағы киіз үйге ұқсаған, шығысқа қараған бір есігі бар және батыс, солтүстік, оңтүстік жақтарында үш терезе бар. Ішінде кірпішпен қаланған 6 орын: 2 үлкен, 4 кіші қабір бар. Осында тұтас бір жанұя жерленгендей», - деп сипаттама жазады [8, 51, 54 б.].

Топографиялық сызба 1999 жылы З. Самашев бастаған Сарайшықтағы экспедиция тұжырымымен толық сәйкес келеді. Осы экспедиция хандар жерленген зираттың орнын анықтады және оның шамамен схемасын сызды. 1999 жылғы қазбаға қатысқан белгілі археолог З. Самашев, Д.А.Талеев: «Көптеген ғылыми проблемалардың көлеңкесінде көрінбей келген мәселенің бірі сол хандар жерленген көне қорымды тауып зерттеу еді» дей келе, «Бір айға созылған іздеу жұмыстарының нәтижесінде хандар жерленген зираттың орналасқан территориясын анықтау мүмкіндігі туды», деп жазған болатын [11, 16 б.]. Қазба есебінде қалашықтың қазбалар көрсетілген жобасында «Хандар зираты» сызылған. Кейін осы сызба бойынша «Хандар зираты» арнайы қоршалды *(қараңыз: 31-сурет, 342-бет).*

Топографиялық сызбадағы «Әулие склеп» «Хандар зираты» сызбасының оңтүстік батысында белгіленген. Осы белгі бойынша музей-қорық 2020 жылы наурыз-сәуір айларында цитадель ішіндегі қорымға, бейіттердің орналасуына ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, шамамен «Әулие склеп немесе хан моласы» орнын анықтады. Экспедиция мүшелері жергілікті тұрғындардан мәліметтер іздестірді. Олар Ескі Сарайшықта тұрған ел зиялылары Мырзағали Қаржауов туралы, оның баласы Шоқан Қаржауовтың Қасым хан туралы естеліктерін хабарлады. Сұрастырып білгеніміздей, Мырзағали Қаржауов XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының бірі, Халел Досмұхамедов-

пен бірге өсіп, оқып, елде басшылық қызметтер атқарған, ал баласы Шоқан Қаржауов облыстың білім саласын ұзақ жылдар бойы басқарған белді тұлға. Өткен ғасыр соңында Шоқан Қаржауовтан этнограф А. Тоқтабай Сарайшыққа келіп естелік жазып алған, ол 1998 жылы «Егемен Қазақстан» газетіне «Сарайшықтағы Аққу көлі» атты мақалада жарияланған. Ғалымның мақаласында атыраулық қоғам қайраткері Ш. Қаржауов: «Әкем Мырзағали 1937 жылы қайтыс боларда мені хан бейітіне, Қасым ханның жанына жерлеңдер, бейіттің жанында мешіт болуға тиіс деп өсиет етті. Әкемнің өсиетін орындайын деп мәйітін Гурьевтен (Атыраудан) Сарайшыққа әкелдім. Сұрастыра жүріп 90-ға келіп қалған бір ноғай шалына кездестім. Ол Қасым хан бейітінің баспалдақпен түсетін жартылай жер асты мешітінде екендігін айтты. Мешіттің бір қабырғасы түгелдей шымылдықпен жабулы тұр, ары қарай хан бейітінің үстінен шығасың. Әкемді сол жерге жерлеп моласын соқтық» деп еске алады [8, 20 б.]. Бұл ақпаратты белгілі журналист, өлкетанушы Ө. Әлімгерей де толық растайды. Ө. Әлімгерей 90-шы жылдардың соңында Атырау телеарнасының тапсырмасымен Сарайшыққа келіп, Жайық жағалауында Ш. Қаржауовтан сұқбат алған. Сұқбат барысында ақсақал Қасым ханның Сарайшықтағы ескі қорымда жерленгенін хабарлаған. Өкінішке орай, ол бейнесұхбатты табу мүмкін болмады.

Жақында жоғарыдағы пікірлерді дәлелдейтін Ш. Қаржауовтың 1997 жылы жарияланған еңбегі қолға түсті. Ол еңбегінде: «Атам М. Қаржауов 1937 жылы 12 қаңтарда Бақсай ауданы, Таңқы орталау мектебін басқарып, 77 жасында қайтыс болды. Оны өсиеті бойынша 1523 жылы 70 жасында қайтыс болған Қасым хан жерленген Сарайшықтағы хан қорымына жерледім», - деп жазады [9, с.9; «Сарайшық» музей-қорығы архивінен].

2020 жылы сәуір айында Сарайшық ауылының тұрғыны, Мырзағали қарттың жиені, Жанипа Құралбаева мен Ақжар ауылында тұратын Мырзағали қарттың немересі, тарихшы Серік Мырзағалиев музей-қорыққа келіп, «Атамыз Мырзағалидан бізге Қасым ханның жерленген орны аманатталған. Хан 8 метр тереңдікте жатыр. Оны сіздер табуларыңыз керек. Біз атамызды, оның айналасындағы аналарымызды, бауырларымызды жаңа бейітке көшіруге толық келісеміз» деп мәлімдеді. Содан олар музей-қорық қызметкерлерін ескі қорымға ертіп апарып, Мырзағали қарттың жерленген орнын көрсетті. Зират басында құлыптасы сақталған екен. Осы жолы

С. Мырзағалиев музей-қорыққа Мырзағали қарттың фотосуреті мен жазбаларын тапсырды *(қараңыз: 32-сурет, 343-бет).*

Осылайша Сарайшықтағы 1999 жылы сызылған «Хандар зираты», 2017 жылы табылған топографиялық сызба, картадағы «Әулие склеп», топограф А.Е. Алексеев жазбасындағы «Хан моласы», 2020 жылғы «Хан моласын» анықтау бағытында жүргізілген археологиялық қазбаның алғашқы қорытындылары, ел ішіндегі фольклорлық деректер бірін-бірі толықтыра түсті. Ең қызығы, картадағы «әулие склеп» орны М. Қаржауов жерленген орын шамасында екені анықталады. Қорытындысында М. Қаржауов жерленген жер маңынан белгіленген «Әулие склеп-Хан моласына» қазба жұмыстарын бастау үшін Сарайшықта арнайы жиналыс ұйымдастырылды. «Әулие склеп-Хан моласы» маңында жерленген құлыптасы бар тұлғалар ағайындарынан оларды жаңа «Құлметен» бейітіне көшіру туралы арнайы қолхат алынды, хаттама толтырылды.

2020 жылы маусым айында басталған қазба барысында жер бетінен 1,20 м тереңдіктен ортағасырлық қабірхананың бір бұрышы анықталды. Ендігі жағдайда толыққанды қазба жұмыстарын жүргізу үшін алдымен оның үстіне, жанына жерленген мәйіттерді көшіру мәселесі туындады. Ол жұмыстар 2021 жылы қолға алынып, Атырау облысы әкімдігінің қолдауымен 20 адамның мәйіті «Құлметен» зиратына көшірілді. Оның ішінде 7 марқұмның есімдері белгілі боп, олардың ағайын-туыстары табылды. Ал қалған 13 мәйіттің аты-жөндері белгісіз, ағайын-туыстары анықталмады. Қабір үсті белгілері жоқ мәйіттердің көпшілігі қазба жұмысы барысында табылды. Есімдері және ағайындары белгілі болған қабірлер Беріш-Жайық руынан Мырзағали Қаржауов және оның әйелі Бадиғұл, анасы Хамила, ұлдары Нығмет пен Шоқан Қаржауовтар. Сонымен бірге Ысық руынан Ерсарыұлы Наушабай мен оның ұлы Наушабайұлы Құбаштың қабірлері еді. Олардың барлығы ағайындарының қатысуымен, мұсылмандық салт бойынша жерленді. Төменде көшірілген мәйіттердің қабірі орны көрсетілген [14, 3 б.] *(қараңыз:33-сурет, 343-бет).*

Осыдан кейін толыққанды қазба жұмыстары басталды. «Әулие склеп-Хан моласы» атауына ие болған нысанда жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде күмбезді төбесі толық бұзылған, үш бұрышы сақталған көрхана (қабірхана) ашылды. Ал, төртінші бұрышы, өкінішке орай, толығымен бұзылып тасталған. Көрхананың ішкі көлемі 4х4 м-ге тең. Қыш кірпіштердің көлемі 22х22х5, 23х23х5

см. Көрхана аузы дромос тәріздес, ұзын дәліз түрінде салынған. Ұзындығы 3,70 м.

Осы үлгідегі көрхана «Әулие склептен» оңтүстік-шығысқа қарай 50 м жерде, 1999 жылы ашылған болатын. 1999 жылы ашылған көрхана кірпіштерінің өлшемі де 22х22х5, 23х23х5 см болған. Осы қазбаны 2006 жылы жалғастырған ғалымдар аумақтың стратиграфиясын және табылған тиындарды есепке алып көрхананы ноғай-қазақ кезеңіндегі жерленім үлгісі және бұл «элиталық» жерлеу кешені деген қорытынды жасайды. Ғалымдар оның бұрын Сарайшықтан кездескен көрханалардан тағы бір ерекшелігі, қаланған күйдірілген қыш кірпіштердің бүтін екенін атап өтеді [15, С.12]. З. Самашев пен Д.Талеев көрхана атауымен келіспей, оны «жер асты жерленімі» деп атайды. Олардың анықтауынша, көрхана еденіне көлемі 25х25х5 қызыл қыш кірпіш төселген және есігі солтүстікке қараған. Ғалымдар зерттеуі соңында «біз қазған жерленім кешені екі құрамдас бөлімнен тұрған. Біріншісі, – жерленім астында орналасқан қайтыс болған кісіні, немесе кісілерді қоюға арналған жер асты қабірі. Екіншісі, оның үстіне салынған кесене, яғни осында жерленген кісілерге келіп, оларды еске алып, оларға бағышталған құран оқуға арналған ғимарат. Өкінішке орай, қабірде ешқандай жерлеу заттары сақталмағандықтан ескерткіштің этникалық тегі жайлы дөп басу қиын. Кесененің түп тегі жайлы зерттеу оның сәулеткерлік ерекшеліктері тұрғысынан жүргізілуде. Хандар жерленген зират табылған жерден жазба деректерде аттары аталатын хандардың қабірлерінің орналасқан жері анықталған жоқ. Сондықтан келешекте бұл мәселеге қайтып оралуымыз мүмкін» деп қорытады [11, 21 б.] *(қараңыз: 34-сурет, 343-бет).*

2021 жылғы қазбада 2 көрхананың орны ашылып, «Хандар зиратындағы» 1999 және 2006 жылғы зерттеулер нәтижелерін толықтыра түсті. Көрханалар көлемі, қаланған материалдар - кірпіштер, ішкі жағының сылануы, еденге кірпіш төселуі оларды қайталайды. Тіпті көрханадан ағаш табыттың қалдықтары да шықты *(қараңыз: 35-сурет, 344-бет).*

Ал екінші көрхана жобасында тік төртбұрышты. Бұрыштары жоғары қараған жебе тәріздес күмбезделген. Оның еденіне кірпіш төселмеген, алебастр ұнтақтары салынып нығыздалған. Оның да ұзын дәлізі бар. Дәліз кірпіштері саз балшықты ерітіндімен бекітілген. Дәліз бен көрхананың қосылған жерінде кірпіштер байланыспаған, соған қарағанда дәліз кейінірек салынған болса керек. Мұның өзі де ойланарлық.

Сонымен, «Сарайшық» музей-қорығы қазбасынан табылған 2 көрханада қандай ерекшеліктер бар.

Біріншіден, көрханалардың есігі алдында ұзын дәлізі бар.

Екіншіден, екі көрханада да адам сүйектерінің өте көп табылуы. Әрқайсысынан 10-15-тен аса адам сүйектері алынды.

Үшіншіден, осы жолы екі көрхананың есіктері оңтүстік-батысқа қараған (1999, 2006 жылдары ашылғандарда солтүстікке қараған).

Төртіншіден, 2021 жылы ашылған көрханалар айтарлықтай тереңнен, 1,20 м тереңдіктен ашылды. Көрхана табаны жер бетінен 2,20 м төмен *(қараңыз: 36-сурет, 344-бет).*

Бесіншіден, екі көрхананың да ішкі қабырғасы ақ алебастрмен сыланған. Кірпіштерді бекіткен ерітінді де алебастрдан дайындалған.

Алтыншыдан, көрханалар ішінен түймелік бекітпе (заклепка) тәріздес мыс бұйымдар, темір белдік тоғасы, қалпақты шегелер, т.б. метал бұйымдар қалдықтары табылды.

Жетіншіден, 2021 жылы ашылған көрханалардағы тағы бір ерекшелік, мұндағы адам сүйектерінің анатомиялық тәртібі бұзылған. Сүйектер жан-жаққа шашылып жатыр. Яғни, көрханаларды тонаған. Тонаушылар кірпіштерін де бұзып әкеткені анық.

2021 жылы көрхана фотосуреттерін беделді археологтар М. Қожа, ресейліктер В. Плахов, В. Пигаревке жібердік. Материалдармен танысқан белгілі археолог, 2000 жылдары Сарайшықтағы археологиялық қазбаларға қатысқан, көрханаларға ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген Ахмет Яссауи атындағы Қазақ-Түрік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Мұқтар Қожа: «Раскапываемый 2020-2021 гг. на территории участка современного кладбища с. Сарайшык сотрудниками музея средневековый корхана отличается от исследованных на участках городища в конце XX - нач. XXI века склепов. Размеры подземного сооружения (4х4 м), устройство специального коридора ведущего в склеп и наличие алебастровой штукатурки на внутренних стенах внутри корханы, свидетельствуют, скорее всего, об особом статусе заказчика. По размерам он приближается к склепам степной элиты на городище Туркестан вблизи мавзолея Ходжа Ахмеда Ясави. Так внутренние стены склепа мавзолея Рабиги Султан Бегим покрыты цветным ганчем, имеется вход в виде сводчатого коридора» деп бағалады. Белгілі ресейлік археолог, ортағасырлық Сарай-Бату қаласын зерттеумен айналысқан маман Е. Пигарев: «...Посмотрел, присланные вами, материалы. Красивые, насыщенные

раскопы! У нас гурханы есть, но очень не много. Что касается мавзолея. Действительно, очень качественное сооружение. Даже по фото и видео видно на сколько качественно и профессионально сложены стены конструкции. Очень четкие прямые углы и углы переходов. Использование известкового раствора говорит о прочности сооружения. Вероятнее всего было достаточно высоким купольным сооружением. Наличие кирпичного пола, качественно оштукатуренных стен – говорит о высоком профессиональном уровне строителей. Очень интересен входной длинный коридор. Качество строительных методов и внутренней отделки, архитектура сооружения (его планировка, отличающаяся от обычных склепов типа гурхана) может говорить о высоком статусе погребенного в мавзолее человека. Вероятно, этот мавзолей может являться центральным захоронением на этом участке кладбища. А вокруг него (как вокруг священного места) могли устраиваться погребения более позднего времени. Еще раз повторюсь, строительные и отделочные приемы свидетельствуют о высоком статусе погребенного» деп, «Можно с полной уверенностью говорить о том, что мавзолей построен не ранее середины XV в и относится к постзолотоордынскому периоду» деп өз ойын бекіте түседі.

Қазба барысындағы фотолар мен видеоны мұқият саралаған астрахандық археолог В. Плахов: «Я внимательно посмотрел материалы, которые Вы прислали. Из фотографий видно, что курхана была прорублена поздней ямой под захоронение. Части стен были выбраны. Такая ситуация стандартна и не раз встречалась в предыдущие сезоны. Вызвано это было видимо тем, что над курханами не ставили надмогильных памятников. За весь период предыдущих раскопок каких-либо стел или остатков иных конструкций над курханами не встречено. Не встречались они и в Нижне Волжском регионе. Курхана хороша тем, что имеет длинный коридор входа – дромос. Такие длинные входные коридоры характерны для ногаев Крыма. К тому же, к северу от этого участка были зафиксированы серебряные и медные монеты Крыма 1480-1490 годов. Выделяющаяся отделка интерьера предполагает родовой склеп, возможно семьи мангытского аристократа.

Известно, что мангытские бии не связаны с династией Чингиз хана. А вот казахские ханы являются его потомками. Поэтому по установившейся в Золотой Орде традиции над ними ставились в обязательном порядке мавзолеи. И хотя иногда под поминальным залом встречаются подземные склепы схожие с курханами, но наличие мавзолея обя-

зательно. ...Иначе говоря, «ханская могила» представляло собой надземное сооружение в виде мавзолея или кесене с мастабами. Схожие с описанием Алексеева, остатки таких сооружений мы встречали в 2019 и 2018 годах на раскопах №2 и №4. Они, видимо приходятся на первую половину XVI в. и относятся к казахскому периоду на городище. Пока нет примеров, чтобы они пересекали курганы. Под мастабами (надгробиями) в схожих объектах золотоордынского периода находятся вытянутые по длине мастабы кирпичные прямоугольные камеры со скелетами. В каждой камере по одному скелету. На Сарайчике в начале 1990 годов несколько таких камер было раскрыто, но отчеты по их исследованию я не встречал.

Раскрытый Вами объект очень важен, так он впервые указывает на прямую связь Сарайшыка с Крымом и показывает роль археологии в этнических процессах на постзолотоордынском евразийском пространстве. Причем при тщательном исследовании и настойчивости можно определить по политическому раскладу тот времени предположительно какой из ногайских аристократов имел отношения с казахскими ханами перед смертью. Это следует из того, что курхана не была потревожена мавзолеем хана Касыма или иным сооружением, ибо о ней знали. А остатки возможного мавзолея хана Касыма можно, думаю, определить по сохранившимся участкам фундамента и наличию, видимо, остатков скопления изразцов от мастабы. Но вход у него должен быть на восток» деп жазады.

Сонымен, қазбаның алғашқы нәтижелері мен жоғарыдағы ғалымдардың пікірлері көрханалардың ерекшелігін ғана емес, сонымен бірге оның маңыздылығын дәлелдейді. Осы айтылғандарды ескере отыра, біз көрханалар табылған адам сүйегіне радиокөміртегі әдісімен жасын анықтау үшін Литва Республикасының Вильнюс қаласындағы лабороторияға жүгіндік. Ол зерттеуден алынған қорытынды бойынша сүйектің жасы XV ғасырдың ортасына сәйкес келеді (ықтималдығы 95,4% - 1413-1474 жылдар аралығы). Радиокөміртек жасы - 457 ±30. Одан басқа, сүйектерге генетикалық сараптама жүргізу үшін зертханаларға ғылыми үлгілер жіберілді. Оның нәтижелері әзірге дайын емес.

Қазба жүргізілген екінші көрханадан мата қалдығы табылып, оны Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің «Margulan centre» ғылыми-археологиялық орталығында мата реставраторы Тетяна Крупа зерттеуден өткізді. Зерттеу нәтижесінде бедерлі

барқыт матасы екені белгілі болды. Таза жібектен алтын жалатылған күміс түсті жіптер пайдаланылғаны анықталды. Т.Крупаның болжамы бойынша, мата XV-XVI ғасырларға жататын Осман империясы өндірісінің өнім болуы мүмкін. Мата сол кездегі әлемдік трендке сәйкес келеді, әсіресе еуропалық сәнге тән болған екен. Әрине, осындай тоқыма түрінен тек бай, беделді адамдар ғана киім тіктіре алған. Табылған жәдігер Сарайшықтағы «Хан моласы» сағананың ерекше мәртебесін көрсетеді және элиталық статусына сай келеді. Дегенмен, А.Е. Алексеевтің сызбасы мен жазбасындағы «Хан моласының» сипаттамасы мен бұл көрханаларды салыстырар болсақ, әлі де дәл келетін фактілер жеткіліксіз. Сондықтан ізденістер алға жалғаса береді деген ойдамыз *(қараңыз: 37-сурет, 344-бет).*

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы. –Алматы: Қазақстан, 1997. -128 б.

2 Вельминов-Зернов В.В. Исследования о Касимовских царях и царевичах. Ч.2. – СПб.,1864. – С.145.

3 Чулошников А.П. Очерки по истории Казак-Киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Часть первая древнее время и средние века. – Оренбург: Киргизское государственное издательство, 1924. - 291 с.

4 Тынышпаев М. История казахского народа. Составители и авторы предисловия проф. Такенов А.С. и Байгалиев Б. –Алма-Ата, «Қазақ университеті», 1993. -224 с.

5 Марғұлан Ә. Көп томдық шығармалар жинағы / Шоқан Уәлиханов. – Алматы: «Толағай групп», 2010. - Т.9

6 Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. / Отв. ред. М.А.Усманов. 2-изд., испр. идоп. – Казань: Издательский дом «Казанская недвижимость», 2016. -764 с.

7 Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. – Уфа: Китап, 1999. - 312 с.

8 Сарайшық - бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер / Құр. Ж.К. Жұмабаева, М.Қ. Кипиев / Ғыл. ред. Ж.К.Жұмабаева. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. -224 б.

9 Тасмагамбетов И., Самашев З. Сарайшық. – Алматы: ОФ «Берел», 2001. - 320 с.

10 Самашев З., Кожа М. Элитный культовый комплекс Сарайчика. Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. -2007 (1). - С.236-257

11 Талеев Д.А., Самашев З. Сарайшықтағы хандар зираты // Актуальные проблемы и истории, археологии, этнологии. -Астана, 2001. 14 б.

12 Қасенов М. Сарайшық қаласының тарихы. – Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы АМУ баспасы, 2007. -80 б.

13 Тоқтабаев А. Сарайшық аққу көлі // Егемен Қазақстан. 21 наурыз, 1998 жыл.

14 Сарайшық зиратындағы «Хан моласы» қазбасы маңында жерленген бейіттерді «Құлметен» зиратына көшіру жұмысының есебі. –Сарайшық, 2021

15 Отчет о работах Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МОН РК «Научно-прикладное исследования в области археолого-культурное наследие. Раздел «Городище Сарайчик» в 2006 году. –Алматы, 2007

5.4 2022-2023 жылдардағы №1 қазба нәтижелері

2022 жылдың шілде айында Атырау облысы Тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы мекемесінің тапсырысы бойынша Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Сарайшық қалашығында №1 қазба орынында археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Қазба жұмысының мақсаты – ескерткіш орнында Алтын Орда, Ноғай Ордасы, Қазақ хандығы дәуірінде өмір сүрген этникалық топтардың әлеуметтік-экономикалық құрылысын және мәдени-шаруашылық байланыстарын анықтау болып табылды. Қазба жұмыстары жүргізілген алаң Сарайшық қорымынан солтүстік батысқа қарай 30 м Жайық өзенінің жағалауында орналасқан. Жалпы аумағы 600 м² аумақты құрайды. Қазба алаңы 20 секторға бөлінген, әр сектордың аумағы 4,5х4,5 м. *(қараңыз: 38-сурет, 345-бет).* Секторлар латын әрпімен белгіленген [1, 20 б.].

Археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген аумақ осы уақытқа дейін, ортағасырлық Сарайшық қалашығы аумағында жүргізілген жерлерден кейбір ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Атап айтқанда, ортағасырлық Сарайшық қаласында аумағында жиі кездесетін ноғай дәуірінің, одан кейінгі кезеңдердегі және орыс-казактарының жерлеу орындарының кездеспеуі немесе өте нашар сақталуы. Сонымен қатар мәдени қабаттың салыстырмалы түрде алғанда терең орналасуын баса көрсетуге болады. Мысалы, А, В, С, Е секторларынан басқа секторларда мәдени қабат 70-80 см тереңдіктен кездесе бастаған. Оның өзі өте нашар сақталған.

Дегенмен, бұл жоғары қабаттарында мәдени қабат болмаған дегенді білдірмейді. Қазба жұмыстары барысында байланыссыз шашыра-

ған шикі және күйдірілген кірпіштер, керамика фрагменттері, тұрмыстық қалдықтар, әсіресе мыс тиындар жиі кездесіп отырды.

Археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген аумақта назар аудартатыны жоғарғы бетінде, 70-100 см тереңдікке дейін, тұрмыстық қалдықтар, күл-қоқыстың өте көп шоғырлануы. Яғни, бұл жер қаланың шеті болғандықтан, тұрғындар тұрмыстық күл-қоқыстырын осы жаққа қарай шығарып тастап отырған болса керек. Топырақ арасында қыш ыдыстар сынықтары, азыққа пайдаланылған мал сүйектері, темір бұйымдар қалдығы кездеседі.

Археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде ортағасырлық Сарайшық қаласының шамамен XIV ғ. II жартысына сай келетін құрылыстары ашылды.

Төрт бөлменің сұлбасы ашылып, бір бөлме жартылай ашылған. Бірақ бөлмелер есігі қай бағытта екені көрсетілмеген.

Солтүстік секторда ашылған бөлмеде бұрыштан ташнау анықталды. Ташнауға ірі құмыраның түп бүлігін пайдаланған. Түбіне су ағып кету үшін арнайы ойықтар жасалған. Тағы бір еденге қыш ыдыстар төселген ташнау анықталды. Кірпіштердің жігіне ақ алебастр жағылып кестеленген, кірпіштерді бір-біріне бекіту үшін алебастр ерітіндісі қолданылған. Ташнаудың орта бөлігінде кірпішке су ағып кететін ойық жасалған. Ташнаулар маңынан ерекше құрылыс ұзындығы 240 см болатын қыш кірпіштен қаланған бір арналы кан мен ошақтың табылу болды (2-сурет). Ошақ қыш кірпіштен тігінен қаланған, алты қырлы дөңгелек келген, диаметрі 70 см. Қыш кірпішті канды үстіне су жылыту үшін пайдаланылса керек. Осыған байланысты бұл құрылыстар дәрет алатын орын – дәретхана болуы мүмкін *(қараңыз: 39-сурет, 345-бет).*

Қазба нәтижесі бұл аумақта ортағасырлық тұрғын жай орналасқанын көрсетті. Жоғарғы қабаттағы қоқыстар қабаты айтарлықтай нәтиже бермеді. Сақталуы жақсы құрылыстар 1 м-ден терең қабаттан ашылғаны қазба орнын алдағы кезде тереңдете қазып зерттеу керек екенін көрсетеді.

2023 жылы бұл қазба орнын зерттеуді Атырау облысы Тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы мекемесінің тапсырысымен «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының археологтары жалғастырды. Қазба аумағы 800 м²-ге кеңейтілді *(қараңыз: 40-сурет, 345-бет).*

Алдымен секторлар арасындағы кескін жалдар алынды. Қазба жұмыстары барысында мыңға тарта бұйымның арасынан ішіндегі

сырланғандығы, бетіндегі өрнегі, құлағы, ернеуі, түбі, бүйірлері, қабырғаларының ерекшелігіне қарай 140 бұйым сұрыпталып алынып, арнайы сипатталды.

Күл-қоқысты қабаттан шыққан ірі қара мал сүйектерінің жалпы саны – 463. Олар: жілік сүйектері, жақ сүйектері, асық, қабырға сүйектері, бас сүйектерінің бөлшектері, жауырын сүйектері, жамбас сүйектері, омыртқа сүйектері деп ажыратылып бөлінді. Уақ мал сүйектерінің жалпы саны – 800. Олар да: жамбас сүйектері, жауырын сүйектері, жақ сүйектері, бас сүйектері, жілік сүйектері, қабырға сүйектері, омыртқа сүйектері деп жіктелді.

Қазбаның солтүстік шетінде бір бөлігі №2 қазбаға қарай кетіп жатқан, әзірше балық өңдеу цехы деп болжанып отырған, ғимараттың орны ашылды. Ол жерде іші балық сүйектеріне толған бір қазан және екі қыш ыдыс, 8 дана балық ұстайтын ау тоқуға арналған құралдар табылды. Екі қыш ыдыстың бірінде балықтың қалдықтары анық сақталған. Ау тоқитын құрал деп болжанып отырған жәдігер – төртбұрышты, шетіне қарай тесіктер ойылған өңделген сүйек бұйымдар.

Үй-жай. Сақталған қабырғаларына қарағанда, бөлменің ауданы 700×400 см болған. Ұзын қабырғалар батыстан шығысқа, шеткі қабырғалар солтүстік-оңтүстік бағытына бағытталған. Бірнеше қатарға салынған қабырғалар жақсы сақталған. Қабырғалар саз балшықты блоктардан тұрғызылған, қабырғалардың қалындығы 50 см.

Ғимараттың ішінде үлкен сыйымдылықтағы үш құмыра тазартылды, олардың біреуінің диаметрі 120 см-ге жетеді *(қараңыз: 41-сурет, 346-бет).* Бірінші, ең көлемді құмыра бөлменің солтүстік-батыс бұрышында анықталды, екінші құмыра ыдысы қарама-қарсы оңтүстік-батыс бұрыштан табылды, оның диаметрі 90 см. Үлкен сыйымдылығы бар үшінші құмыра бөлменің оңтүстік-шығыс бұрышында орналасқан. Ол құмыра толықтай құлаған қабырғалар үйіндісі астынан табылды. Көшеден кіретін шығыс жағынан есік анықталды, ені 120 см. Бөлменің функционалды мақсаты шаруашылық қоймасы (азық-түлік сақтауға) болса керек [2, 37 б.].

Қазба барысында нумизматикалық материалдар, қала тұрғындарының көптеген тұрмыстық заттары табылды. Керамика өсімдік және зооморфты ою-өрнектермен безендірілген ыдыстар тұрінде (тұтас және бөлшектелген құмғандар, орташа құмыра, тостағандар, шығыр, көзе, шырағдандар, түбектер, кеселер) кездеседі.

Үй-жайлардың ішкі көрінісі бөлменің үштен бір бөлігін алып жатқан, ошақ, пештері, кан арнасы бар П-тәрізді суфа түріндегі құрылыстың болуымен сипатталады. Көше жағында айван тәрізді құрылыс, ал жаны көрші үйлерге жапсарлас боп келеді. Үй-жайдың құрамына азық-түлік сақтайтын бөлімдері бар бір немесе бірнеше қойма кіреді. Үйлер негізінен бір-екі бөлмелі, көп бөлмелілері де кездеседі.

№1 қазбадан табылған маңызды жәдігерлер арасында: ашық көк түсті сырлы қыш ыдыс *(қараңыз: 42-сурет, 346-бет)*, түбек, орташа көлемді құмыра, ядроның бөлігі, ұршық басы, сырлы ыдыс түптері, өңделген сүйек бұйымдар, мыс тиындар, моншақтар, сырлы қыш жапсырмалар, сфероконустың бөлігі, қайрақ тастар табылған.

Тағы бір айта кетер ерекшелігі қазбадан 2022 жылы 400-дей күміс тиындар көмбесінің табылуы *(қараңыз: 43-сурет, 346-бет)*. Табылған тиындардың басым бөлігі Еділ бойындағы қалаларда соғылған, Хорезмде соғылған 8 дана, Қырымда соғылған 1 дана дирхем бар. Уақыты бойынша ең көп тиындар 1340-1350 (х.ж.с. 740-750) жылдары соғылған [3]. Осы деректерді пайдаланып қазбадағы нысандардың өмір сүрген уақыты XIV ғасырдың орта кезі деп санауға негіз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Сарайшық қалашығына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының ғылыми есебі // Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ, 2022. – 131 б.

2 Сарайшық қалашығына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының ғылыми есебі //«Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК, 2023 ж. – 140 б.

3. П.Н. Петров, У.Т. Ахметова, А.Ж. Жумабаев. Нумизматические находки в средневековом городе Сарайчук по результатам археологических исследований. Ч.II // Материалы по археологии и истории античного и средневекового Причерноморья. – Нижневартовск, 2023. №15. – С.845-860

5.5 Сарайшық музей қорығының 2021-2023 жылдардағы III қазба орнындағы археологиялық жұмыстар және ашылған қоғамдық ғимарат

«Сарайшық» музей-қорығы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2021-2023 жылдарға арналған бағдарламалы-нысаналы қаржыландыруы бойынша «Қазақстанның батыс

өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасын орындады. Бағдарлама жетекшісі т.ғ.д., профессор У.Т. Ахметова болды. Ал қазба жұмыстарын археолог А. Тұраұлы, А. Жұмабаев, Ж. Байгалиев және астрахандық В. Плахов жүргізді. Бағдарламаға сай ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Қазба жұмысының мақсаты - ортағасырлық қаланың Ұлы Жібек жолындағы атқарған ролін жаңа деректермен толықтыру болатын [1;2;3].

Ескерткіш үстіне 2019 жылы салынған III қазба орнында зерттеу жұмыстары жалғасты. Бұл жердегі алғашқы жұмыстарды Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі 2019 жылы жүргізген [4, С.93]. Қазбаның жоғарғы мәдени қабатынан жалпы саны 9 отбасылық жерлеу орындары – көрханалар және ондаған жеке жерленімдер, 5-6 тұрғын және шаруашылық бөлмелердің бөліктері ашылды. Қазбаның жоғарғы мәдени қабаты XV-XVI ғасырлармен мерзімделген.

Жұмыстар қазба алаңының жоғарғы мәдени қабатында 2019 жылы анықталған жерленім, тұрғын үй, шаруашылық құрылыстарының қалдығын тазартудан басталды. Қазбаның солтүстік бөлігінен төменгі мәдени қабаттардан солтүстік-оңтүстік бағытында созылған екі ұзын параллель қабырғалардың ортасынан қатарласа салынған тұрғын бөлмелер ашылды. Солтүстіктен оңтүстікке қарай қатар орналасқан 11 бөлме анықталды және бірнеше дәліздер бар. Одан басқа оңтүстікке қарай ғимараттың шығыс және батыс қанаттарында тағы да көптеген бөлмелер жапсарласа салынғаны анықталды. Ғимарат қабырғалары шикі саман кірпіштен, кей жерлерде саз балшықты блоктардан құйылған. Қазбаның оңтүстік шетінде ғимарат әлі де жалғасып жатыр. Яғни, ғимараттың оңтүстігі әлі де түгелдей топырақтан ашылған жоқ.

Ғимараттың солтүстік қабырғасының қалыңдығы 85 см. Шығыс жағында қабырға үстіне басқа жоғарғы қабаттағы үйдің қабырғасы қаланған, сондықтан биік боп сақталған. Солтүстік қабырғаның батыс шетіне қарай 73 см солтүстікке шығыңқы қабырғаның қалдығы бар. Оның қалыңдығы 36 см. Бұл ғимараттың батыс қабырғасымен байланысты болған болса керек. Батыс қабырғаның сыртқы жағынан тақала тағы бір бөлек қабырға қаланған, ол кейінгі құрылыс қабатында ғана салынғаны анықталды. Жер бетінен 55 см тереңдіктен қаланды басталған, одан төмен күл аралас топырақ қабаты жатыр, кірпіш

қаландылары жоқ. Қабырға ұзындығы 320 см, қалыңдығы 70 см. Осы қабырғаның сыртынан қатар орналасқан екі тандыр пеш ашылды. Бұл тандыр пештер көлемі үлкен боп келген. Диаметрлері 60 см, биіктіктері де 60 см. Екі пештің бір-бірінен арасы 20 см. Олар Оңтүстік Қазақстан, Жетісу өңірлеріне тән нан пісіретін тандырға ұқсайды. Тандыр пештердің солтүстік және батыс жағында айқын емес қабырғалар сұлбасы байқалады. Яғни, тандыр пештер бөлме ішінде орналасқан болуы мүмкін. Ғимараттың солтүстік қабырғасының сырт жағынан шаруашылық мақсатта қазылған шұңқыр ішінен қыш ыдыс сынықтары, мал сүйектері және дөңгелек ойықтар ойылған қойдың 9 дана жауырын сүйектері табылды *(қараңыз: 44-сурет, 347-бет).*

Ғимараттың солтүстіктегі бөлмелеріне батыс қабырға бойындағы дәліз арқылы кіретін болған. Дәліздің ені 100 см. Бөлмелердің шығыс жағы көше жағы деп саналды. Батыс қабырғасы бойындағы дәлізден солтүстік қабырға арқылы ішке кіретін есігі болған. Ол кейін саман кірпіштермен қаланып бітелген, қаланған кірпіштер қабырғадан ішке қарай 35 см шығыңқы боп келген. Осы есіктен кіріп дәліз бойында орналасқан ғимараттың солтүстік бөлігіндегі 3 бөлмеге кіретін болған. Үшінші бөлме есігі тұсында дәліз аяқталады.

Ғимараттың солтүстік шетінде солтүстік қабырға мен 1 бөлме арасында ені 70 см, ұзындығы 4 м болатын тағы бір дәліз бар. Бұл дәліз батыс жағында батыс қабырға бойындағы дәлізбен қосылады. Дәліздің шығыс жақ шетінде тандыр пеш орналасқан. Пештің диаметрі 38 см, тереңдігі 15 см-ге сақталған. Ауыз қуысы батысқа қараған. Дәліздің оңтүстігіндегі 1 бөлмемен арадағы қабырғасы ағаш қаңқалы жасалған, яғни фахверкалы қабырға, қалыңдығы 25 см.

Ғимарат солтүстік бөлігіндегі 3 бөлменің көлемдері (СО-БШ) 290х360 см, 320х360 см, 510х360 см, қабырғаларының қалыңдығы 75-50 см аралығында, батыс жіңішке қабырғасы 25 см шамасында. Қаланған саман кірпіштердің көлемі 38×22×6 см. Бөлмелер қабырғасы бірнеше рет саз балшықпен сыланған. Бірінші бөлмеге оңтүстік жағынан екінші бөлме арқылы кірген, есіктің ені 90 см. Есік қабырғаның дәл ортасында орналасқан. Екінші бөлме қабырғалары ақ бормен сыланған. Бөлмелер ішінде суфа, тандыр пеш, кан орнатылған *(қараңыз: 45-сурет, 347-бет).* Едені саз балшықпен сыланған. Үшінші бөлме есігінің ені 65 см. Бөлмені топырақтан тазалау барысында еден деңгейінен сүйектен жасалған шашқыстырғыш, моншақтар, қола сақина, мыс тиындар, темір бұйымдар қалдықтары табылды.

Ғимараттың шығыс қабырғасында 7-ші бөлменің оңтүстік шетінен есік орны ашылып, ені 140 см болатын дәлізбен жалғасады. Бұл дәліз батыс бағытта 530 см-ге созылып, солтүстік бағытқа бұрылады. Әрі қарай 7-ші бөлменің батыс жағымен 650 см ұзындыққа созылған, ені 100 см дәліз 6-шы бөлмеге апарады *(қараңыз: 46-сурет, 347-бет).* Бұл бөлме холл тәріздес, көлемі (СО-БШ) 370х510 см. Шығыс қабырға қаландыларынан қабырғаның бірнеше құрылыс кезеңдерінен тұратынын, қабырғада жөндеу жұмыстары жүргенін байқай аламыз. Әсіресе, қара сұр түсті балшықтан бірнеше қабат құйылған қабырға бөлігі айқын көрінеді. Бөлменің ішкі көрінісінде ештеңе орнатылмаған. Едені саз балшықпен сыланған. Бұл бөлме арқылы есіктері бір-біріне қарама-қарсы орналасқан солтүстіктегі 5-ші бөлме мен оңтүстіктегі 7-ші бөлмеге өте аламыз. Бөлменің солтүстік-батыс бұрышындағы есік арқылы тағы бір ені 100 см дәліз ғимараттың батыс қабырғасы бойымен созылған. Солтүстік жағындағы 4-ші бөлме есігіне дейін жетеді. Ол бөлменің көлемі (СО-БШ) 200х270 см, қабырға қалыңдығы 50 см. Батыс қабырғасындағы есік ені 80 см. Бөлме ішкі көрінісінде ешқандай құрылыс элементтері анықталған жоқ. Бөлме ішін топырақтан ашу кезінде қола қоңырау табылды [1, 37 б.].

Келесі оңтүстігіндегі 5-ші бөлме көлемі 340х360 см, қабырғалар қалыңдығы 50 см. Бөлменің есігі оңтүстік қабырғада, ені 80 см. Бөлмедегі еден көлемі 180×170 см, басқа жердің бәрін суфа алып жатыр. Шығыс қабырғасына тақала тандыр пеш салынған. Тандырдан шыққан кан арналары бөлменің оңтүстік-батыс бұрышында салынған мұржаға жалғасқан. Екінші тандыр пеш батыс қабырға бойына салынған екен. Ол кейін бұзылып орны тегістелген. Бұл бөлменің жоғарғы мәдени қабатынан күміс дирхемдер көмбесі табылды. Тиындардың жалпы саны – 35 дана. Күміс тиындар Өзбек және Жәнібек хандар соғылымы. Аталған күміс тиындар көмбесі туралы нумизмат П.Н. Петров, У.Т. Ахметова, А.Ж. Жумабаевтың «Нумизматические находки в средневековом городе Сарайчук по результатам археологических исследований. Ч. II» мақаласы және У.Т. Ахметова, А. Тұраруұлы, А. Жумабаевтың «Ортағасырлық Сарайшықтағы 2021 жылғы археологиялық қазба жұмыстары» атты мақаласы Scoups тізіміне енетін журналдарда жарық көріп, ғылыми айналымға қосылды [5, 6].

7-ші бөлме есігі 6-шы бөлмеге қараған. Бөлме көлемі (СО-БШ) 400х310 см. Бөлме қабырғаларының қалыңдығы 70 см, батыс қабырғасы қалыңдығы 50 см. Қабырға саз балшықпен сыланған. Сылақ қалыңдығы 2 см.

Бөлмеде П-тәріздес суфа, тандыр пеш, еден деңгейінен қазылған қамба шұңқыры бар *(қараңыз: 47-сурет, 348-бет).* Бөлме іші жұқа керме – шымылдықпен бөлінген, еденде содан қалған ор ізі сақталған. Бөлме есігінің ені 70 см. Табалдырығының биіктігі 5 см, қалыңдығы 30 см. Бөлмеден мыс тиындар, жылқы бейнесіндегі құлып, 2 шырағдан табылды.

Шығыс қабырғадан кірер дәліздің оңтүстік жағында 8-ші бөлменің есігі орналасқан. Бұл алдыңғы бөлмелерден жоғары мәдени қабатта анықталды. Сондықтан уақыты бойынша кейінгі кезеңдегі тұрғын бөлме деп есептелді. Бөлменің көлемі (СО-БШ) 475х575 см. Есігінің ені 98 см, табалдырығының биіктігі 7 см, қалыңдығы 23 см. Бөлмеде суфа, тандыр пеш, кан арналары, қабырғаға ойып жасалған тік мұржа бар. Бөлме қабырғалары қалыңдығы 60-50 см шамасында, сарғылт түсті шикі кірпіштерден қаланған. Оңтүстік қабырғасынан екі құрылыс кезеңдерін көреміз. Төменгі қабаттағы қабырға қара-сұр түсті блоктан соғылған, жоғарғы қабатта сарғылт түсті кірпіш қаландылары бар. Еден саз балшықпен сыланған. Еденде ағаштан құрылған керме - шымылдық секілді интерьер бөлшегінің ізі – ор бар *(қараңыз: 48-сурет, 348-бет).*

9-шы, 10-шы бөлмелерге ғимараттың батыс жағындағы есіктен кірген. 10-шы бөлмеге батыс жақтағы есіктен еніп, солтүстік қабырғасында ашылған ені 60 см есік арқылы 9-шы бөлмеге өткен. 9-шы бөлме көлемі (СО-БШ) 480х470 см. Бөлме жоғарғы мәдени қабатта ашылған. Батыс қабырға қалыңдығы 70 см. Оңтүстік және шығыс қабырғалар қалыңдығы 55 см, бірнеше қабат сазбен сыланған, ақ бормен әктелген ізі байқалады. Бөлме іші классикалық түрде, суфа, тандыр, кан салынған. Бөлменің едені оңтүстік бөлігінде, беті нығыздалып, үсті сазбен сыланған *(қараңыз: 49-сурет, 348-бет).*

10-шы бөлме көлемі (СО-БШ) 430х465 см (7-сурет). Қабырғалары әлденеше рет сазбен сыланған, бормен әктелген. Оңтүстік қабырғасы батыс жағында ғана 1 м ұзындықта сақталған. Қабырғаның қалған бөлігін кейінгі кезеңде салынған көрхана бұзып кеткен. Бөлме қабырғаларының ені 65-50 см шамасында. Бөлменің есігі осы батыс қабырғадан ашылды, ені 80 см. Есік алдына еденге қарай төмен түсетін баспалдақ қаланған. Бөлмеде суфа, тандыр пеш бар. Қан арналары оңтүстік қабырғамен бірге бұзылып кеткен. Есік алдындағы баспалдақтан төмен еден бөлігі ашылды. Еден 9-шы бөлме есігіне дейін созылған. Бөлменің шығыс қабырғасына тереңдігі 5 см, ені 10 см болатын жоға-

рыдан төмен қарай тік ойық жасалған. Ол солтүстік-шығыс бұрыштан оңтүстікке 1 м қашықтықтан анықталды.

Ғимараттың орталық бөлігінде қазбаның оңтүстік шетінде анықталған 11-ші бөлменің солтүстік бөлігі ғана топырақтан ашылды *(қараңыз: 50-сурет, 349-бет).* Бөлме батыстан шығысқа дейін 350 см, солтүстік қабырғадан қазбаның оңтүстік шетіне дейін 340 см болды. Бөлме қабырғаларының ені 50 см болады. Шығыс қабырға оңтүстікке 240 м-ге дейін созылып кесілген. Әрі қарай қабырға бұзылған. Бөлменің солтүстік-батыс бұрышына таман тандыр пеш анықталды. Оның кан арналары шығыс бағытқа созылған. Ал, солтүстік-шығыс бұрышта кан арналарының қалдығы мен мұржа орны бар. Бөлменің шығыс қабырғасына тақала қазылған шұңқыр орны бар. Көлемі 90х45 см. Іші күл-қоқыс, кірпіш, қыш сынықтарына толған. Қазбаның оңтүстік шетінен солтүстікке бағытталған 120 см ұзындықта қабырға бөлігі шығып тұр, ені 65-70 см шамасында. Ол батыс қабырғадан шығысқа 70 см жерде батыс қабырғаға параллель орналасқан. Екі қабырғаның арасы дәліз боп қалды. Бөлменің солтүстік, шығыс, оңтүстік қабырғалары бойына суфа салынған. Еден бөлігі тек батыс жағында болған. Бұл бөлмеге сырттан кірер есік оңтүстік жағында болса керек.

Орталық бөліктен басқа ғимараттың батыс және шығыс қанатынан да жапсарласа салынған бөлмелер анықталды. Шығыс бөлікте 1 тұрған бөлме мен тағы 2 бөлменің сұлбасы ашылды *(қараңыз: 51-сурет, 349-бет).* Бөлмелер ғимараттың екі параллель ұзын қабырғаларының шығыс жағындағы қабырғасына жапсарластырып салынған. Оңтүстік жағында ашылған тұрғын бөлме қабырғалары мықты қаланған. Көлемі (СО-БШ) 370х410 см. Бөлменің қабырғаларының қалыңдығы 50-45 см. Бірақ оңтүстік қабырға сыртынан қалыңдығы 45 см болатын тағы бір қабырға тақала қаланған. Ол қабырға шығыс бағытқа, қазбаның шетіне дейін 6,5 м-ге созылған, қалыңдығы 50 см. Бөлме қабырғалары бірнеше қабат саз балшықпен сыланып, ақ бормен әктелген. Есік солтүстік қабырғасының шығыс шетіне салынған, ені 60 см. Есік орны шикі саман кірпіштермен қалап бекітіп тастаған. Одан бөлек, шығыс қабырғадан оңтүстік-шығыс бұрышқа тақап тағы бір есік ойылған. Бұл есіктің де ені 60 см. Бөлме ішіне суфа, тандыр пеш, кан салынған. Бөлме есігінің табалдырығында солтүстік-шығыс бұрышта баспалдақ ретінде кірпіштен салынған блок бар.

Басқа екі бөлме қабырғалары жіңішке, әрі түзу емес. Олар тұрғын бөлменің солтүстік жағында. Көлемі (СО-БШ) 300х500 см екіншісі-

нің пішіні тік бұрышты трапеция тәріздес. Оның бастырма ретінде пайдаланған қосалқы құрылыс болуы мүмкін. Екінші бөлменің батыс қабырғасы түбіне қабырғаны бойлай қойылған қайың бөренеңің қалдығы табылды. Оның діңі шіріп, тек қабығы ғана сақталған. Бұл бөлме ішінде еш құрылыс орны байқалмады. Соған қарағанда бұл қойма, қора, т.б. мақсатта салынған құрылыс болса керек.

Ғимараттың батыс жағында жоғарғы құрылыс деңгейінен моншаның орны және бірнеше қабырғалар үзінділері, пеш орындары анықталды *(қараңыз: 52-сурет, 349-бет).* Бұл жерлерде көптеген адам жерленімдері болып, олардың шұңқырлары, көрханалар ғимарат қабырғаларын бұзып кетіп отырған. Сақталған қабырға кесінділерінен бөлмелердің жобасын ғана шамалауға болады. Бұл жақта бірнеше бөлмелер орны анықталды. Бөлмелерде қабырға бойлап орналасқан суфалар, олардағы кан арналары, қыш кірпіштер тігінен орнатылған ошақ пештер бар. анықталды. Есіктердің орнын анықталған жоқ, тек қай бағытта екенін болжауға болады. Қабырғалары ені 60-70 см шамасында болған. Пішіні сопақша көлемді пеш, қабырға мен еденге қыш кірпіштер төсеп, сырты қоршалған ташнауға ұқсас құрылыс анықталды. Шаруашылық шұңқырлары тазаланып, ішінен қыш ыдыстар сынықтары, қыш кірпіштер сынықтары, мал сүйектері, балық қабықтары, т.б. заттар шықты.

Қазбаның батыс шетінен біршама жақсы сақталған монша ашылды. Көлемі (СО-БШ) 450х530 см. Оның солтүстік және оңтүстік қабырғаларын көрханалар құрылысы бұзып кеткен. Одан басқа екі жеке жерлеу орны монша ішінен ашылды. Моншаның батыс қабырғасы қазбаның шетімен сәйкес келіп тұр, ол қабырғаның тек ішкі, шығыс жақ беті ашылды.

Моншадан екі пеш орны анықталды. Бірі ошақ пеш түріндегі пеш құрылысы, қыш кірпіштерден тігінен дөңгелене салынған. 7 кірпіштен құралған, диаметрі 50 см. Ауыз қуысы алдына қыш кірпіштер төселіп ташнау жасалған, көлемі 125х95 см. Ташнау суағарына қызыл түсті үлкен қыш құмыра қойылған. Құмыраның ернеуінің диаметрі 24 см. Құмыра ернеуі үстінен ортасы тесіктері бар қыш кірпішпен жабылған. Екінші солтүстік қабырғадағы пеш еден деңгейінен анықталды. Тандыр пеш диаметрі 65 см, сақталған биіктігі 20 см. Ауыз қуысының алдына, батыс қабырғаға дейінгі 90х90 см алаңға қыш кірпіш төселіп, үсті алебастрмен сыланған. Солтүстік-батыс бұрыштағы бұл жерге кірпіштердің төселуі пештен ыстық су алуға келген адамға ыңғайлылық үшін болса керек. Осы алаң мен тандыр пештен оңтүстік қабырғаға

дейін, шығыстағы ташнаудан батыс қабырғаға дейінгі көлемді жердің еденіне қыш кірпіш төселіп, кірпіштердің арасы алебастрмен жиектеліп бекітілген. Қыш кірпіш төселген еден көлемі (СО-БШ) 240х270 см. Дәл ортасына суағар жасалған, оның ернеуінің диаметрі 20 см. Суағар шұңқыры қабырғасына қыш кірпіштер қаланған. Еденге төселген кірпіштің көлемі 22х22х5 см. Еден уақыт өте келе кейбір жерлері төменге отырып, шөгіп кеткен. Яғни, еден тегістігі бұзылған. Еденнің оңтүстік жақ шетіне адам жерлеу үшін шұңқыр қазылған, еден төсенішін бұзған *(қараңыз: 53-сурет, 350-бет).* Сонымен бірге қабырға мен еденнің шетін бойлап тігінен орналасқан қыш кірпіштер қойылған. Бұл монша ноғай-қазақ кезеңіне қатысты, жеке үй-жайлық монша саналады.

Орталық бөліктегі 11-ші бөлменің батыс жағынан тағы 1 тұрғын бөлме мен 1 дәліз тәріздес бөлме орны анықталды. Бөле классикалық үлгіде суфа салынып, ішіне тандыр пеш пен кан арналары жүргізілген. Көлемі (СО-БШ) 380х320 см *(қараңыз: 54-сурет, 350-бет).* Бөлме қабырғалары мен суфа қабырғасы саз балшықпен сыланып, ақ бормен ақталған. Батыс қабырға мен оңтүстік қабырға арасы қосылмаған, ені 65 см ашық есік орны бар. Бұл оңтүстіктегі келесі бөлмеге кіру үшін жасалған болса керек. Ал бөлмеге кіретін есік солтүстік қабырғаның батыс шетінде, ені 85 см. Бөлмеге солтүстік жақтағы дәліз бөлмесі арқылы кірген. Бұл дәліздеп 10-шы бөлмеге де кіреді, сондай-ақ, батыс қанаттағы бөлмелерге де осы дәліз арқылы кірген болуы мүмкін.

Қорыта келгенде бұл қазбада ғимарат бөлмелерінің іші әктелген. Ғимараттың әр бөлігіне бірнеше есіктері арқылы кіретін болған. Тұрғын бөлмелермен қатар қосалқы шаруашылық бөлмелері де анықталды. Бұл толық жабдықталған ірі кешенді құрылыс. Барлық тұрғын бөлмелер тандыр пешпен жылытылатын болған. Осы қазбаға жақын маңда 1996-2008 жылдары З.Самашев жетекшілік еткен экспедиция ашқан кешенді сарай ғимараты (хан) орналасқанын ескерсек, қаланың бұл ауданы керуеншілер, саяхатшылар, жолаушылар, зиярат етушілердің түнеуі үшін салынған, жалға берілетін ғимараттардан тұрады. Бұл ғимаратта сондай мақсатта қолданылған деп есептейміз.

Бөлмелер еденін тазалау барысында тиындар, қыш ыдыстар сынықтары, моншақтар және темір бұйым қалдықтары кездесіп тұрды. Қыш ыдыстар ішінде хорезмдік сұр қыш ыдыс сынықтары кездеседі. Әдеттегідей басым бөлігін қызыл түсті қыш ыдыстар алады. Сырлы қыш ыдыс бөліктері де кездеседі. Құмыраның иық тұсына суда жүзетін құстар – үш үйрек салынған сырлы ыдыстың аналогтарын іздесті-

ру арқылы Византиялық керамика екені анықталды. Суда жүзетін құс бейнесіндегі қыш жапсырманы да ерекше атап өтуге болады. Табылған жәдігерлердің бірқатары, тиындар, кір тасы, керуен қоңыраулары, т.б. саудагерлер, саяхатшылар тоқтаған орын деуге негіз береді.

2023 жылы қазба жұмыстары нәтижесінде нумизматикалық материалдардан 2 күміс дирхем, 50-ден астам мыс пұлдар табылды. Пұлдардың ішінде 5 дана Сарайшықта соғылған тиындар бар. 2 дана Самарқандта соғылған тимуридтік фельстар, 5 дана Хорезмде соғылған тиындар бар. Басқа тиындардың бәрі Еділ бойы қалаларында соғылған. Олар табылған бөлмелердің қызмет атқарған уақыты Өзбек, Жәнібек хандардың билігі кезіне келеді. Тиындардың басым бөлігі осы хандар атынан соғылған. Өзбек ханның кезі Жошы Ұлысының ең өркендеген, гүлденген шағы. Бұл кезде империяның қуаты артып, саудасы, экономикасы өрледі. Керуен жолдары қалпына келтіріліп, сол заманға сай жетілген инфрақұрылыммен жабдықталды.

Қазба жұмыстары бұл ғимараттың көлемді екенін көрсетті. Солтүстіктен оңтүстікке ұзындығы 50 м асады. Оңтүстік шеті әлі топырақ астында жатыр. Ғимараттың шығыс қанаты 6,5 м-ге, батыс қанаты 8 м-ге созылып, қазба шетіне тірелген *(қараңыз: 55-сурет, 350-бет).* Қазбаны нысанын толық зерттеу үшін болашақта оңтүстік, батыс және шығыс бағыттарда кеңейтіп қазу қажет етіледі. Ғимаратты көлемі бойынша әзірге Сарайшықта ашылған ең ірі нысан деп санауға болады. Ортағасырлық Сарайшық қаласының ғимараттары алдынала ойластырылған жоспар бойынша, түзу көше, қаз-қатармен салынғанын көре аламыз. Бұл Ұлы Жібек жолы бойындағы қаланың құрылыстары стихиялы түрде емес, астаналық қалалар секілді алдын-ала сызылған жоспармен басқарылып салынғанын көрсетеді. Сондықтан қазба нысанын зерттеу жалғасуы тиіс, сонымен қатар оны сақтап, қалпына келтіру де аса маңызды. Қоғамдық ғимараттың қызметі мен маңызы, сәулеттік-жобалық шешімдер, белсенді қызмет уақыты терең зерттеулерді қажет етеді. Әзірге, алынған деректер Өзбек ханнан бастап Тоқтамыс хан кезіне дейінгі Алтын Орда империясының гүлдену, құлдырауы дәуірінен хабар береді. Қазба материалдарын сол кезеңнің саяси оқиғаларымен байланыстыра қарастырамыз *(қараңыз: 56-сурет, 351-бет).*

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Ахметова У.Т. «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер

(XIII-XV ғғ.)» ғылыми жобаның 2021 жылға арналған жылдық есебі.– Сарайшық: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, 2021. – 165 б.

2 Ахметова У. «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» ғылыми жобаның 2022 жылға арналған жылдық есебі. -Сарайшық: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, 2022. – 191 б.

3 Ахметова У. «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» ғылыми жобаның 2023 жылға арналған жылдық қорытынды есебі. - Сарайшық: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, 2023. – 200 б.

4 Отчет об археологических работах по теме: «Исследование средневекового городища Сарайчик (Ортағасырлық Сарайшық қаласының зерттелуі)». – Атырау: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, 2019. – 206 с.

5 Петров П.Н., Ахметова У.Т., Жумабаев А.Ж. Нумизматические находки в средневековом городе Сарайчук по результатам археологических исследований. Ч. II // Материалы по археологии и истории античного и средневекового Причерноморья. – Нижневартовск, 2023. №15. С.845-860

6 Ахметова У., Тұраруұлы А., Жұмабаев А. Ортағасырлық Сарайшықтағы 2021 жылғы археологиялық қазба жұмыстары // Қазақстан археологиясы. - 2022. -№ 2 (16). – С. 111-120

5.6 2019-2023 жылдардағы далалық зерттеулердің нәтижелері

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК 2021-2023 жылдары «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасын іске асыру бойынша керуен жолдарын іздеу, зерттеу, есепке алу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу мақсаты - Қазақстанның батыс өңіріндегі көне керуен жолдарын зерттеу арқылы олардың өзара байланысын, Ұлы Жібек жолындағы орнын анықтау.

Зерттеушілер Сарайшық қаласынан Еуропа жақ тарапқа 4 жол шыққан деп есептейді [1, 11 б.]. Оның біріншісі солтүстікке бағытталып, Жайық өзенін жоғары жағалап жүрсе, екіншісі Жайықтың ағысымен оңтүстікке, Каспий айдынына бағыт алатын теңіз жолы болған. Үшінші жол Нарын құмының оңтүстігін жағалай отырып Қажы-

Тарханға баратын құрлық жолы болса, төртіншісі, Сарай-әл-Жәдид пен Сарай-әл-Махрұсса қалаларымен арадағы жол, ол Нарынның жал-жал құмдарын кешіп өтеді. Соңғы айтылған жол Алтын Орда кезінде ең маңызды болғанымен, құмның қатал, әрі құрғақ табиғаты бұл ауданда қала, қоныстардың дамуына кері әсерін тигізсе керек. Соған қарамастан кезінде бұл жолдағы құдықтар мен керуен-сарайлар саудагерлердің еш кедергісіз жүруін қамтамасыз етіп отырған. Өйткені, ортағасырлық жазбалардың бәрінде керуендердің бұл аралықты өте қысқа уақыт ішінде, шамамен 8-12 күнде өтіп шығатынын жазған.

Сарайшықтан батысқа қарай Еділ бойындағы алтынордалық қалаларға баратын, яғни, Жайық өзенінің Еуропа бетіндегі керуен жолдарды іздестіру нәтижесінде бұрын анықталмаған - Канал тұрағы, Ащысай 2 тұрағы, Бурабай тұрағы, Есмахан тұрағы, Көздіқара тұрағы, Ешім ата тұрағы, Жорғатай тұрағы, Сарыөзек 1, Сарыөзек 2, Сарыөзек 3 тұрақтары және Ащысай, Қарағайлы мекендері анықталды [2, 44 б.]. Ал, Жайық өзенінің Азия бетінен археологиялық барлау нәтижесінде Күліш құдығынан шығысқа 10 км жерден жаңа археологиялық ескерткіш - керуен-сарай орны анықталды [3, 115 б.].

Анықталған нысандарды сипаттасақ:

Канал тұрағы. Махамбет ауданы, Сарайшық ауылының батысында 1,5 км қашықтықта орналасқан.

Тұрақтың шығыс жағымен жер суару каналы өткен болса, солтүстік-шығыс жағында 200 м жерде Жайық өзені ағып жатыр. Ортағасырлық Сарайшық қалажұртына дейінгі қашықтық 3 км-ге жуық. Жердің беткі қабатында қызыл түсті қыш ыдыс сынықтары шашылған. Қыш шашылған аумақ 700х250 м. Керамика сынықтары шашылған аумақ арнайы металіздегіш құрылғы арқылы тексерілді. Қыш ыдыстардың бәрі көзе шарығында жасалған. Кейбірінің сырты ангобталған, ирек, тік сызықты өрнектермен безендірілгені табылады. Сонымен бірге темір сынықтары да кездеседі.

Бұл жерде көлемі 50х50 см, тереңдігі 1 м шурф қазылды. Жердің беткі 3 см-дей жамылғысы қара топырақты келген, одан төменге қарай саз топырақты қабат кетеді. Ол жерде күшті мәдени қабат анықталмады. Бұл жерлер XX ғасырдың 70-жылдарына дейін егістік ретінде пайдаланылды. Жер жырту кезінде тұрақтың жіңішке мәдени қабаты жойылып кеткен болу керек. Табылған жәдігерлерге қарап бұл жерде болған тұрақтың уақыты XIV-XVI ғасырлар деп есептелді.

Ащысай мекені. Махамбет ауданы, Сарайшық ауылынан батысқа 13 км қашықтықта. Ащысай (Солянка) өзегінің сол жағында орналасқан.

Көлемі шамамен 300х700 м. Жердің беткі қабатында қыш ыдыс сынықтары, мал сүйектері, метал сынығы шашылып жатыр. Өте көп мөлшерде қызыл балшықты қыш ыдыс сынықтары кездеседі *(қараңыз: 57-сурет, 351-бет).* Қызыл қыш ыдыстар сыртына тік сызықты, ирек сызықты өрнектер салынған.

Шығыр ыдыстарының бөліктері бар, шамасы бұл жердің тұрғындары өзектен су шығарып, егіншілікпен айналысқан болса керек. Қызыл балшықты қыш ыдыспен қатар, сырлы қыш ыдыстар да қолданыста болған. Сырлы ыдыстарда көк түс көп қолданылған екен. Олар кашин балшығынан қалыпталған. Сұр балшықты қалыпталған қыш ыдыс сынығы да кездесті. Қыш ыдыстар, көзе шарығында жасалған. Анықталған қыш ыдыс сынықтары Алтын Орда мәдениетіне тән. Сонымен қатар, 17 мыс тиын мен темір қармақ, т.б. көптеген метал, сүйек қалдықтары табылды. Табылған бір мыс тиынды нумизмат П.Н. Петров Өзбек ханның атынан, Сарай қаласында 1321-1322 жылдары соғылғанын анықтады. Табылған олжалар қатарында қызыл түсті жүзіктің көзі бар. Диаметрі 1,1 см, шық түрінде жасалған. Және бір жәдігер – төлкелі, үшқанатты қола жебе табылды. Сармат тайпалары кезіне тән бұл жәдігер бойтұмар ретінде пайдаланылған болуы мүмкін деп есептейміз *(қараңыз: 58-сурет, 352-бет).* Ескерткішке бірнеше шурф салынды. Мәдени қабат ескерткіштің орта тұсында 50 см шамасында екенін анықтады. Уақыты XIV-XVI ғасырлар деп есептелді.

Есмахан тұрағы. Махамбет ауданы, Есмахан ауылынан шығысқа 5,8 км қашықтықта, Ащысай өзегі бойында орналасқан. Сарайшық ауылынан батысқа 13 км қашықтықта.

Тұрақ көлемі солтүстіктен оңтүстікке 400 м, батыстан шығысқа 100 м. Ортағасырлық қыш ыдыс сынықтары көп кездеседі. Қыш ыдыстың негізгі бөлігін қызыл түсті қыш ыдыстар сынығы алады. Аз мөлшерде сұр түсті қалыпталған қыш сынықтары бар. Шығыр сынықтары көп кездесті. Қыш ыдыстар сыртында тік сызықты, ирек сызықты, нұқу әдісімен салынған өрнектер бар. Ескерткіш аумағында темір бөліктері, күйген шлактар, қыш кірпіш сынықтары табылды. Сондай-ақ, шыны пастадан жасалған моншақ пен қыш тиынсауыт табылды. Тұрақ уақыты XIV-XVI ғасырлармен кезеңделеді.

Ащысай 2 тұрағы. Махамбет ауданы, Сарайшық ауылынан оңтүстік-батысқа 15 км қашықтықта. Ащысай (Солянка) өзегінің жағалауында орналасқан.

Тұрақ өзек жағалауына ұзына бойына орналасқан. Көлемі 400х60 м. Бұл жердің бетінде қыш ыдыстың сынықтары шашылған. Темір және қола бұйым қалдықтары да табылды. Қыштан күйдірілген ау батырғысы, қайрақ бөлігі, шақпақ тас та кездесті. Қыш ыдыстар сипатына қарағанда, көзе дөңгелегінде жасалған ортағасырлық қызыл қыш басым. Аздаған мөлшерде ерте темір кезеңінің қыш ыдыс сынықтары да кездеседі. Бұл жерді адамдар ерте темір кезеңінен ортағасырларға дейін қоныстанған болса керек.

Бурабай тұрағы. Махамбет ауданы, Таңдай ауылынан оңтүстік-батысқа 4 км қашықтықта. Тұрақ Бурабай қорымынан батысқа 150 м жерде. Тұрақтың солтүстігінде қазіргі кезде құрғап қалған жайылма су - көлдің орны жатыр. Тұрақ орнында ортағасырлық көзе шарығында істелген қызыл түсті қыш ыдыс сынықтары шашылған. Көлемі 400х50 м. Ау батырғысы сынықтары табылуына қарағанда балық аулау кәсібімен шұғылданған тәрізді. Тұрақ XIV-XVI ғасырлармен мерзімделеді.

Көздіқара тұрағы. Махамбет ауданы, Көздіқара ауылынан оңтүстік-батысқа 0,5 км. Бұғылөзек өзені бойынан мәдени қабаты бұзылған тұрақ орны анықталды. Барлау нәтижесінде қызыл түсті қыш ыдыс сынықтары, мал сүйектері шашылғаны анықталды. XX ғасырдың 70-жылдары шөп өсіру мақсатында жасанды көлтабан жасау кезінде тұрақ орны күреліп кеткен. Табылған қыш құмыраның түп жақ бөлігінен ыдыстың көзе доңғалағында жасалғанын байқаймыз. Түбі тегіс, сырты ангобталған.

Тұрақтың солтүстік-шығыс жағында құлап жатырған құлпытас табылды. Құлпытас тұтас құмды ізбестас блогынан жасалған, 1886 жылы қайтыс болған адамға қойылған. Құлпытас онша биік емес, төртбұрышты, жұмырланып аяқталатын баған түрінде. Тегістей бедерлеу және кескіндей қашау техникасымен өңделген. Бетіне эпитафиясы қазақ тілінде араб эпиграфикасымен жазылған. Жазулар тік орналасқан 6 рама-картуш ішіне орналасқан. Тұрақ XIV-XVI ғасырлармен мерзімделеді.

Қарағайлы мекені. Ащысай өзегінің қазіргі кезде кеуіп қалған арнасының бойынан ірі елді мекен анықталды. Сарайшық ауылынан 20 км, Таңдай ауылынан 15 км жерде орналасқан.

Ескерткіштің аумағы шамамен 1000х700 м. Беткі қабаттан мыс тиындар, моншақтар, қызыл, сұр балшықты, сырлы қыш ыдыстар сынықтары көп кездесті *(қараңыз: 59-сурет, 352-бет).* Мал сүйегі мен метал, шыны қалдықтары да көп шашылған.

Шамамен 4-5 ғимарат орны төбешік күйінде байқалады. Шығыр ыдысы сынығы өзектен су шығарумен айналысқанын көрсетеді. 2 қыш ыдыс тұтқасынан оны жасаған шебердің «айқыш» таңбасы анықталды. Сырлы қыш ыдыс сынықтарының ою-өрнегін безендіру «резерв» әдісімен салынғаны байқалады.

Сонымен қатар осы арадан тас еңбек құралдары жаңқалары да кездесті. Аумағы, мәдени қабаты бойынша біраз халық тұрғаны байқалады. Уақыты XIV-XVI ғасырлар *(қараңыз: 60-сурет, 353-бет).*

Ешім ата тұрағы. Махамбет ауданы, Талдыкөл ауылынан батысқа 9 км жерде.

Тұрақ аумағы 50х60 м. Қазір құрғап қалған Ақтікенсай тармақтары бойында орналасқан. Бұл жерде трангуляциялық белгінің қалдығы анықталды. Осы жерде екі бейіттің қоршауы бар. Оның бірінде «Ешім Ата руы Есентемір бөлімі Көн қырғыз» деп жазылған тас тақтасы бар. Қасында жаңартылған тақтатаста «Руы Есентемір Көн Дәуіт ұлы Есімғали 1831-1925» деген жазу жазылған. Тақтатастарды ұрпақтары қойған. Екінші бейіттің үстіне қызыл түсті кірпіштен қабіртасы қаланған. Оның тақтатасында «Руы Есентемір Көн Қадырбай қызы Зейнеп...» деген жазу бар. Тұрақ бетінде ортағасырлық қызыл түсті қыш ыдыстар сынықтары шашылған. Одан бөлек, 2-3 сырлы кашин керамикасы сынықтары табылды. Ыдыс сынығында өсімдік тәріздес өрнектер салынған. Тұрақтың солтүстік-шығыс жағында қыш кірпішті ғимараттың орны байқалады. Уақыты XIV-XVI ғасырлар.

Жорғатай тұрағы. Атырау қаласы Алмалы ауылынан батысқа 7 км. Тұрақ аумағы шамамен 200х100 м. Сарыөзектің ескі арнасының батыс жағында орналасқан тегіс алаңда XIX-XXI ғасырға жататын бейіттер бар. Бұл зират Жорғатай зираты деп аталады. Одан солтүстік-батысқа қарай қызыл түсті қыш ыдыс сынықтары шашылған. Ыдыстардың тұтқасы лента тәріздес жасалған. Ернеулері тік келген, кескінінен қарағанда сопақша келген. Ақшыл түсті ангобпен қапталған ыдыс сынықтары бар. Ыдыстардың күйдірілуі бірқалыпты, кейбірі қатты күйгеннен қара түске енген. Оларды сыртынан қызыл ангобпен қаптаған. Сыртында тек тік сызықты өрнектер кездесті. Қыштан бөлек паста

моншақтар, қола айна сынығы, мыс тиын табылды. Тұрақта кейінгі жерлеу ғимараттарынан басқа ғимарат орындары кездеспейді. Уақыты XIV-XVI ғасыр.

Сарыөзек 1 тұрағы. Атырау қаласы Алмалы ауылынан солтүстік-батысқа 3 км жерде. Батыс жағымен Атырау – Орал автокөлік жолы өтіп, өзек үстіне көпір салынған. Тұрақ аумағы 200х120 м. Сарыөзек арнасының оңтүстік жағында орналасқан. Тұрақтан оңтүстікке қарай егістік жерлер бар. Аумақта қызыл түсті қыш ыдыс сынықтары шашылған. Сырты өрнектелмеген. Шығыр сынықтары кездеседі. Сондай-ақ тұрақта беті ашылып қалған адам сүйектері, яғни жерленімдер бар. Уақыты XIV-XVI ғасыр.

Сарыөзек 2 тұрағы. Атырау қаласы Алмалы ауылынан батысқа 5,3 км жерде. Тұрақ аумағы 100х60 м. Сарыөзектің ескі арнасының батыс жағасында орналасқан. Тұрақтың батыс жағымен егістікке су жүйесі салынған. Оны салу барысында тұрақтың бір бөлігін бұзып кеткен секілді. Тұрақта бір ғимараттың орны байқалады. Қызыл, сұр түсті қыш ыдыс сынықтары шашылған. Лента тәріздес ыдыс тұтқалары кездеседі. Қызыл қыш ыдыс сынығы сыртында тік, ирек сызықты өрнектері бар. Ернеуі тік, кескінінен қарағанда дөңгелек келген. Сырлы ыдыстың ұсақ сынықтары да кездеседі. Қыштың күйдірілуі бірқалыпты, жақсы. Мал сүйегі, шыны бөлшектері бар. Тұрақтан паста моншақ пен екі тиын табылды. Оның біреуінде тиынның ортасы әдейі тесілген. Сондай-ақ, төртбұрышты келген ғимарат ізі байқалады. Уақыты XIV-XV ғасыр.

Сарыөзек 3 тұрағы. Атырау қаласы Алмалы ауылынан оңтүстік-батысқа 5 км жерде. Тұрақ төбелі биік келген жерде орналасқан, аумағы 130х130 м. Сарыөзек арнасы тұрақты солтүстік және батыс жағынан айналып өтеді. Төбенің оңтүстік жағында қыш ыдыс сынықтары көп жинақталған. Қыштан жасалған ау батырмаларының сынықтары да кездеседі. Шығыр ыдысы сынығы да бар. Тұрақ орналасқан төбенің үсті ауыр техниканың күшімен күреліп, мәдени қабаты бұзылған. Шығыс жағында Атырау – Орал тас жолы өтіп жатыр. Уақыты XIV-XV ғасыр.

Күліш керуен-сарайы. Жайық өзенінің сол жақ бетіне жүргізілген археологиялық барлау нәтижесінде Күліш құдығынан шығысқа 10 км жерден жаңа археологиялық ескерткіш анықталды *(қараңыз: 61-сурет, 353-бет)*. Ескерткіш барлық сипаттамасы бойынша сауда керуендерінің жолындағы стандартты керуен-сарай ғимаратына сәйкес келеді. Ортағасырлық Сарайшық қаласы орнынан солтүстік-шығыс – шығыс бағытқа 22 км жерде орналасқан. Керуен-сарайдың

солтүстік-шығыс жағымен далалық жол өткен. Биіктігі 30-50 см, пішіні төртбұрыш тәріздес, айналамен салыстырғанда биіктеу төбешік. Керуен-сарай құрылысы шикі саман кірпіштен тұрғызылған. Көлемі шамамен 42х38 м. Төбе үстінде, айналасында қыш ыдыс сынықтары шашылған. Қызыл балшықты қыш ыдыс сынықтары басым келеді. Сұр және сырлы ыдыстар сынықтары аз кездеседі. Ескерткішке геомагнитті түсірілім арқылы керуен-сарай қақпасы оңтүстік-батыс қабырғасының бойында болғаны анықталды. Қақпаның екі жағында бір-бірден бөлмелер орналасқан. Батыс және шығыс қанаттарында алты-алтыдан тұрғын бөлмелер бар. Барлығы 14 бөлме. Ал, артқы солтүстік жағында екі қатар ұзынша келген шаруашылық, қоймалар бөлмелері байқалады. Ортасында көлемі 20х20 м аула орны ойыстау боп ерекшеленген. Керуен-сарайдың оңтүстік жақ бұрышында көлемі 12х8 м болатын аумақта тереңдігі 40-50 см шұңқырлар қазылған. Керуен-сарайдың солтүстік-шығыс жағымен далалық жол өткен. Батыс жағында онша терең емес сай бар, оның жағасында 50-70 шақты жерден қазылған құдықтардың орны бар. Олар керуен-сарай құрылысы үшін кірпіш құюға саз балшық алынған жерлер болса керек. Керуен-сарайға Күліш атауы беріліп, Күліш керуен-сарайы деп аталды.

«Қалаларды, ежелгі керуен жолдары мен керуен-сарайларды іздеу, тіркеу және зерттеу және археологиялық нысандарды зерттеу» археологиялық барлау эскпедициясы нәтижесінде анықталған археологиялық ескерткіштерді бір сызық бойымен қосқан кезде Сарайшықтан батысқа екі тармақ және оңтүстікке тағы бір жол, яғни, нақты үш жол тармағы анықталды. Оның бірі тура Сарай-Бату бағытына қарай болса, екіншісі Нарын құмының оңтүстік шетімен Қажы-Тархан бағытына қарай жүрген, үшінші жол оңтүстікке, Каспий теңізіне қарай бағыт алған. 2021-2023 жылдары экспедиция аясында бұрын анықталмаған алтынордалық 10 тұрақ, 2 мекен, 1 керуен-сарайдың есепке алынды. Зерттеу жұмысының басты жетістігі, ортағасырлық Сарайшық қаласына, жаңадан ашылған Ащысай, Қарағайлы мекендеріне, Канал тұрағына және Күліш керуен-сарайына археолог Зайнолла Самашевтың қолдауымен Шығыс Қазақстан тарихи-өлкетану музейінің Бестерек филиалы ғылыми-зерттеу бөлімінің маманы, т.ғ.к. А. Пушкаревтың геомагниттік зерттеу жұмысын жүргізуі деп айтуға болады. Магниттік зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Қарағайлы мекенінде құрылыс ғимараттарының орындары анықталды. Күліш керуен-сарайына жүргізілген магниттік зерттеу жұмысы керуен-сарай қақпасының ор-

нын дәл анықтап, екі қанатында бөлмелердің жобасын көрсетті. Бағдарлама аясында жалпы ауданы 29 064 шаршы метр - 2,9 га аумақ геомагниттік түсірілім арқылы зерттелді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Самашев З., Кузнецова О., Плахов В. Сарайшықтың қыш бұйымдары. – Алматы, 2008. -264 с.

2 Ахметова У.Т. «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» ғылыми жобаның 2021 жылға арналған жылдық есебі. – Сарайшық: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, 2021. – 165 б.

3 Ахметова У., Мұқтар Ә., Қасенов М., А. Тұрарұлы, А. Жұмабаев. Батыс Қазақстандағы Алтынорда қалалары, керуен сарайлары және керуен жолдары (XIII-XYI ғғ.). Монография. – Алматы: «Болат медия» мекемесі, 2023. - 158 б.

6 САРАЙШЫҚ НУМИЗМАТИКАСЫ

«Сарайшық нумизматикасы» тақырыбы мәселенің тарихнамасын, Сарайчук (қазірде археологиялық ескерткіштің атауы Сарайшық, ортағасырларда қала «Сарайчук» атауына ие болған) ақша сарайы соққан өнімдердің нақты нумизматикалық каталогқа енуі және осы ортағасырлық қала аумағындағы ақша айналымы тарихы қамтылған.

Мәселенің тарихнамасы және Сарайшық ақша сарайының жұмысы

Сарайшық тиындарының алғашқы жарияланымдары XIX ғасырға, көрнекті шығыстанушы-нумизмат, шығыс нумизматикасының негізін салушы Христиан-Мартин Френнің (04.06.1782 – 16.08.1851) қаламына тиесілі [1]. Х.М. Френ қайтыс болғаннан кейін, оның әріптесі, әрі ғалымның талантына табынушы А.Б. Дорн Х.М. Френнің шығармаларының екі томдығын басып шығарады және олардың бірінде «Recensio numorum muhammedanorum» еңбегіне сілтеме жасай отырып, сипаттамасы берілмеген тағы бір Сарайшық тиынын атап өтеді [2]. Бізді қызықтырған ақша сарайы таза каталогтық сипаттамалары мен тиындар ескертпелерінде ғана емес, оның өнімдері көмбелер сипаттамасында да кездеседі. Мысалы, Қазан губерниясынан табылған Тетюш көмбесінің (1856), сондай-ақ Екатеринослав губерниясы Александровский уезі даласынан табылған Екатеринослав көмбесінің (1851) құрамында Сарайшық дангтары бар, бірақ, өте аз мөлшерде берілген [3, С.175, 178-179]. 1896 жылы А.К. Марков құрастырған «Император Эрмитажының инвентарлық каталогында» қорда сақталған осы ақша сарайының тиындары туралы мәліметтер кездеседі [4, С.477, 480,497, 502].

Сарайшық тиындарының табылуы туралы мәліметтердің жинақталуы XX ғасырда да жалғасты. Тиындар туралы олардың егжей-тег-

жейлі сипаттамасы мен суреті жоқ мәліметтер де бар екенін ерекше атап өткен жөн. Мысалы, Г.А. Федоров-Давыдов 1884 жылы Крапивненск уезі Казачьи станицасынан табылған көмбе құрамында Сарайшықта соғылған Бек-Пуладтың тиыны бар екені туралы [5, С.163] және Дәулет-Берді хан Сарайшықта соқтырған бірлі-жарым тиын Биляр қаласынан табылғанын хабарлайды [6, С.198]. Дәл осындай ақпараттық сілтемелер, мысалы, көмбелер құрамында Тоқтамыстың 782 х.ж. шығарылған тиындарында, дәл Сарайшықта 775 х.ж. соғылған Ильбак дангыларында және Полад ханның соғылымдарында бар [7, С.56, 57, 59, 62]. Мұндай ақпарат бұл тиындардың қай аймақтарға тап болғанын және олардың қаншалықты жиі кездесетінін бағалауға мүмкіндік береді, бұл олардың таралу бағытын анықтау үшін өте маңызды. Көне қалалар мен жергілікті көмбелердегі бірлі жарым олжалар өте сирек кездеседі және олардың ол жерлерге кездейсоқ тап болғанына айғақ болады *(қараңыз: 62 және 63-суреттер, 354-355-беттер).*

Қазірде XXI ғасырда Сарайшықтың жаңа тиындары табылып, олар атрибутталуда. Олар: 1. Мыс пұлдар - Мүрид ханның 763 х.ж./1361-1362 жж. соғылған [8, С.10; 9, С.456,494], «алты жапырақты розетка» типті [8, С.12; 10; 11,С.40; 12, 161, 11-12; 9, С.466], 2. Күміс дангтар - Олжай-Тимурдің күміс дангы -77[0] х.ж. рабиғ ʿ әл-әууәл айы = 14 қазан – 12 қараша 1368 жыл [13, С.174-176]. Дегенмен тиындарды атрибуциялаудың маңыздылығын алға тартсақ, оларды мұқият зерделеу қажеттігі алға шығады. Сондықтан зерттеушілер оған ерекше мән беруі керек [14].

Қолда бар деректерге қарағанда, Сарайчук ақша сарайындағы ең ерте тиын 763 х.ж./1361-1362 жылдар аралығында соғылған Мүрид хандікі, ал ең соңғысы – Тоқтамыстың тиындары. Мұнда Тоқтамыс хан билік құрған тұсына сәйкес келетін жылы соғылмаған пұлдар да шығарылды, әйтсе де, олар нақты бұл эмитентпен соғылмауы да мүмкін. Сондай-ақ, ортағасырлық Сарайшықтың ақша өндірісі Сарай әл-Жәдид атауының «тасасында» соғылған пұлдар болуы да мүмкін екенін атап өткен жөн, өйткені, ол ұзақ уақыт бойы мемлекет астанасының экономикалық ықпалы аймағында болды. Бірақ, бұл алдағы кезеңдегі, келесі деңгейдегі нумизматикалық зерттеулердің мәселесі деп ойлаймыз. Бұл жерде тиындардың атрибуциясын нақтылау мақсатындағы штемпель бойынша талдануы қажет деп есептейміз. Соңғы жылдары ақша сарайы өнімдерін штемпель бойынша талдау нумизматиканың әртүрлі салаларындағы зерттеушілер арасында танымал-

дыққа ие болуда. Оның мәні мен маңыздылығы шығыс нумизматикасы мәселелерін шешуде үшін жақсы оң пікірлерге ие болуында. Нәтижесінде жылы көрсетілмеген тиындардың немесе жыл цифрлары бұрмаланған шығарылымдардың соғылған жылын, штемпельдер жұмысындағы кезектілік ретін және олардың қызмет еткен ұзақтығын нақтылайтын жинақталған тізбектері мен кестелері бар тамаша еңбектер пайда болды. Кей жағдайда, көптеген тиындарда шыққан жері көрсетілмеген кезде, оны шығарған ақша сарайының атауын анықтауға болады. Соған қарамастан дәл осы штемпель кестесі әдісі тиын соғудағы ерекше бір кездерді анықтады, штемпельдер кестесінде мысалы, Азақ, Орду, Қажы-Тархан, Маджар және тағы өзгелері ақша сарайлары Тоқтамыс хан тұсында Сарай әл-Жәдидтің, Сарай әл-Махрустың тиын өндірісінің атауымен шыққан кіріктірілген «мөртаңбалар» (бұл жерде біз штемпельдердің өзі туралы емес, олардың тиындардағы бедері туралы айтып отырмыз) болды [15, С.43]. Бұл дерек бақыланған құбылыстың себептері туралы таластар мен әртүрлі жорамалдарды тудырады. «Бөтен» штемпельдердің пайда болуының көптеген себептері болуы мүмкін және ақша сарайларының ресми құжаттарымен расталмай, оларды әрбір нақты жағдайда бір мәнде анықтау мүмкін емес. Дегенмен әр түрлі жорамалдар құрудың да мағынасы жоқ шығар. Бұл штемпель кестесін талдаудың ең осал жері, назар аударарлық тұсы.

Ортағасырлық Сарайшықтағы ақша айналымы

Ақша айналымын бағалау әрқашан осы археологиялық ескерткіштің нумизматикалық нысандарындағы олжалар негізінде жүзеге асады. Нысандардың екі санаты белгілі - тиындардың жалғыз-жарым табылғандары және көмбедегі олжалар. Ескерткіштен табылған жалғыз-жарым олжалар кешені қаланың бүкіл өмір сүрген уақытындағы ақша айналымының ерекшеліктерін сипаттайды. Ал тіпті кері жағдайда, қала өмірінің кейбір кезеңдерінің тиындары табылмауы да, оның экономикалық жағдайындағы белгілі бір процестердің сипаты болып табылады. Көмбе – нысандардың мүлде басқа санаты. Көмбелер белгілі бір уақыт кезеңінде және оны жинақтау сәтіне дейін болған ақша айналымын сипаттай алады. Тиындар көмбелеріне көбінесе оларды кейіннен алып кету мақсатында әдейі жасырылған ақшалар ғана емес, сонымен бірге кездейсоқ жоғалған «әмияндар», жерлеуден алынған тиындар жинақтары және тағы басқалары жатады. Негізінде,

қаланың ақша айналымының сипаты мен динамикасын талдау үшін жасырын тиын жинақтары мен бір себептермен жоғалған тиындар арасында ешқандай айырмашылық жоқ, өйткені, мұның бәрі бірдей – айналымнан шығу боп саналады. Ал егер бұл тиындар қазіргі кезде табылған болса, онда бұл бұрынғы замандағы ақша айналымының шығынға ұшырағанын көрсетеді. Дәл осы шығындар уақыт өте келе күміс тиындардың қосымша жеткізілімін немесе олардың тұрақты (жыл сайын) қосымша соғылып тұруын нарықта қажет етеді. Ал көмбе жасыру белгілі бір уақытта белгілі бір елді мекенде айналымдағы қаражаттың артық болуымен байланысты ма, әлде ырық бермейтін оқиғалармен (соғыс, эпидемия) немесе басқа да себептермен байланысты ма, маңызды емес.


Қазба жұмыстарының нумизматикалық материалдары бірнеше рет жарияланды [11;8;12;16;17;18]. Оның ішінде 2019-2022 жылдары табылғандары да бар. Алдымен жеке нумизматикалық олжаларды және олардың құрамын талдауды қарастырайық.

Сарайшықтан табылған ең ерте тиын – 694 х.ж./1295 жылғы Хорезм дирхемі [8, С.9]. Одан кейнгі табылған XIII ғасырдың соңындағы Тоқты заманында тибет әріптерімен жазылған аңызда, Үкекте соғылған тағы бір күміс тиынды айтуға болады. Бұл тиындардың айналыстан шығуы XIII-XIV ғасырлардың тоғысында болған. Біз осы ғасырлар тоғысында Сарайшықтағы ақша айналымының басталуы туралы айта аламыз.

П.Н. Петров, Н.А. Атыгаев, Ж.Е. Белтеновтің соңғы монографиясында Сарайшық қалашығынан табылған тиындар кешенінің хронологиялық құрамының жиынтық бағасы әр түрлі археологиялық маусымда табылған 467 дара тіркелген тиындарды біріктіреді [17, С.161]. Шамасы, қазбаларда олардың саны көп болған, ескерер жәй, бұл еңбекте тек шыққан уақытына қатысты атрибутталған даналары ғана ескерілді, олар авторларға қолжетімді болған, әрі өздері зерттеген. Нәтижесінде, бұл тиындар массасының хронологиялық құрамы келесідей гистограммада берілген:

Гистограмма №1. Сарайшық археологиялық ескерткішіндегі тиындар кешенінің хронологиялық құрамы.

Есепке алынғаны – 467 тиын (100%).



2023 жылы Сарайшықта ескерткішті археологиялық зерттеу жұмыстары жалғасты. Бірыңғай нумизматикалық олжалар да табылды және жоғарыда келтірілген интегралды деректерді 2023 жылғы археологиялық маусымның деректерімен салыстыру қызықты болады. Бұл жылы №3 қазба орнында жұмыстар жалғасты. Қазбадан табылған тиындар жиынтығының құрамы 1-ші кестеде берілген.

1 кесте

2023 жылғы археологиялық жұмыстар барысында Сарайшық қалашығындағы №3 қазбадан табылған тиындардың құрамы

№	Салмағы, грам	Ақша сарайы	Эмитент	Жылы х.ж.с.	Саны, дана	Ескертпе
Ж О Ш Ы Л Ы Қ Т А Р						
1	1,29	Көрсетілмеген	аноним	[702-712]	1	АЕ. Пұл. (Л. 2008, 470 б., сур. 27 №108/1б.)
2	1,56	Сарай	Өзбек	717-718	1	AR данг. Тип (Л. 10/3). О-Ш бөлме, 2 қабат.
3	1,47	Сарай	аноним	[712-720]	1	АЕ. Пұл. Тип «Барыс».
4	1,01	Сарай	аноним	726	1	АЕ. Пұл. Тип «сұңқар»
5	0,91	Сарай	аноним	726	1	АЕ. Пұл. Тип «сұңқар»
6	1,24	Сарай	Өзбек	[731]	1	АЕ. Пұл. Беткі қабат.
7	1,34	Сарай әл-Жәдид	аноним	[743-751]	1	АЕ. Пұл. Тип «екі басты құс». Беткі қабат
8	1,39	Сарай	аноним	[743-751]	1	АЕ. Пұл. Тип «екі басты құс». Оңтүстік жиек бойынан табылды. 4 қабат.
9	1,50	Сарай әл-Жәдид	аноним	[743-751]	1	АЕ. Пұл. Тип «екі басты құс» Беткі қабат
10	1,14	Сарай әл-Жәдид	аноним	[743-751]	1	АЕ. Пұл. Тип «екі басты құс»
11	0,65	Сарай әл-Жәдид	аноним	[743-751]	1	АЕ. Пұл. Тип «екі басты құс» Беткі қабат
12	1,62	Хуаризм	Жәнібек	749	1	АЕ. Пұл. Беткі қабат

13	1,21	Сарай әл-Жәдид?	аноним	Өшіп кеткен [шамамен 750]	1	АЕ. Пұл. Тип «розетка». Қатты тоттанған. 10 бөлме, суфаның маңы, 4 қабат
14	0,80	Сарай әл-Жәдид?	аноним	Өшіп кеткен [шамамен 750]	1	АЕ. Пұл. Тип «розетка». Қатты тоттанған. Зират аумағынан табылды. Беткі қабат
15	1,35	Сарай әл-Жәдид	аноним	752	1	АЕ. Пұл. Тип «розетка».
16	1,13	Сарай әл-Жәдид	аноним	75(2/6?)	1	АЕ. Пұл. Тип «розетка». Тоттанған. Оңтүстік жиек бойынан табылды. 4 қабат.
17	1,90	Сарай Әл-Жәдид	аноним	75х	1	АЕ. Пұл. Тип «розетка».
18	2,67	Сарай әл-Жәдид	Хызр	762	1	АЕ. Пұл. Беткі қабат
19	2,27	Сарай әл-Жәдид	Хызр	762	1	АЕ. Пұл.
20	2,50	Сарай әл-Жәдид	Хызр	[762]	1	АЕ. Пұл.
21	2,79	Хуаризм	Хызр	көрсетіл-меген [762]	1	АЕ. Пұл. Беткі қабат
22	2,78	Сарайчук	Мүрид	[763]	1	АЕ. Пұл. 9 бөлме.
23	2,65	Сарайчук	Мүрид	[763]	1	АЕ. Пұл. 10 бөлме
24	2,83	Сарайчук	Мүрид	[763]	1	АЕ. Пұл.
25	2,09	Сарайчук	Мүрид	[763]	1	АЕ. Пұл. Беткі қабат
26	2,81	Сарай әл-Жәдид	Хайыр-Пулад	764	1	АЕ. Пұл. Беткі қабат
27	2,05	Хуаризм	аноним	766	1	АЕ. Пұл. Ф.Д. №18.
28	1,20	Хуаризм	аноним	771	1	АЕ. Пұл. Ф.Д. №22
29	2,10	Хуаризм	аноним	772	1	АЕ. Пұл. Беткі қабат Ф.Д. №23
30	1,06	Өшіп кеткен	-	77х	1	АЕ. Пұл. Тип анықталмады.

31	1,73	Қажы-Тархан	аноним	[780-е]	1	АЕ. Пұл. Тип «астау маңындағы аңдар»
32	2,05	Сарайчук	аноним	[780-е]	1	АЕ. Пұл. Тип «алты сәулелі розетка».
33	1,45	Сарай	аноним	[787]	1	АЕ. Пұл. Тип «секира».Л. 21/16а. оңтүстік жиектен табылды. 2 қабат
34	1,91	Сарай әл-Жәдид	аноним	[790]	1	АЕ. Пұл. 9 бөлме. 4 қабат
35	1,01	[Сарай]	Тоқтамыс	[798]	1	**AR. Данг.** Сынған. Беткі қабат.
36	1,72	-	-	798?	1	АЕ. Пұл.
37	1,02	көрсетіл-меген	Тоқтамыс	көрсетіл-меген	1	АЕ. Пұл. Тип «розетка».
38	2,19	...? әл-Жәдид	өшіп кеткен	өшіп кеткен		АЕ. Пұл. Оңтүстік жиек 2 қабат
39; 40; 41; 42; 43; 44; 45; 46; 47; 48; 49; 50	1,96; 1,23; 0,93; 0,99; 1,62; 0,95; 1,66; 1,47; 0,58; 0,80; 1,33; 1,03	Атрибуциясы анықталмады	-	-	12	АЕ. Пұл. №46 және 49 – беткі қабаттан. 43-45 және 47 – қазба топырағынан табылды
ТИМУРИДТЕР						
51	1,12	[Самарқанд?]	Әмір Темір	[шамамен 780 жылдар]	1	АЕ. Фулус. Беткі қабат.
52	4,01	[Самарқанд?]	Әмір Темір	[784-786]	1	АЕ. Фулус. 10 бөлмеден, суфа маңынан табылды. 4 қабат

Кейбір тиындар табылған жерлерді атап өтуге болады: 10 бөлмедегі суфаның жанынан (4-ші күрек қабаты) – 784-786 х.ж. және 750-ші х.ж-дары; 9 бөлме (4-ші күрек қабаты) – 790 х.ж.; 9 және 10 бөлмелер – 763 х.ж. Хижра жыл санауының 750 - 790-шы жылдары тиындар бөлмелердің мәдени қабатына бірдей уақытта және 790-шы х.ж-дары/1388-1396 жылдар мен одан кейін, яғни, Тоқтамыс ханның тұсында

түскен деп болжаймыз. Дегенмен біржақты қорытынды жасау қиын. Осы уақытқа дейін үй-жайлардың топырақпен көмілуі хижраның 770-ші жылдары болды деп болжанған. Бұл бағытта археологиялық қазба кезеңінде аса мұқияттылықты қажет етеді.

Келесі №2 қазбадан табылған тиындардың құрамы 2-ші кестеде берілген.

2 кесте

2023 жылғы археологиялық жұмыстар барысында Сарайшық қалашығындағы №2 қазбадан табылған тиындардың құрамы

№	Салмағы, грамм	Ақша сарайы	Эмитент	Жылы х.ж.с.	Саны, дана	Ескертпе
Ж О Ш Ы Л Ы Қ Т А Р						
1	1,28	ас-Сарай	аноним	көрсетілмеген [~712-720]	1	АЕ Пұл. Тип солға бағыт алған аң, құйрығы үшында айдаһар бейнеленген. «Құтлұғ болсун / йанги пұл / Сарай» (Л. 20/11 -а-1; Z/205934)
2	0,77	Сарай	аноним	көрсетілмеген [~712-720]	1	АЕ Пұл. Солға бағыт алған аң. «Құтлұғ болсун / йанги пұл / Сарай» (Л. 20/11 -а-1; Z/205934)
3	1,21	Сарай	аноним	[737]	1	АЕ Пұл. Тип «арыстан мен күн»
4	1,07	Сарай	аноним	[737]	1	АЕ Пұл. Тип «Лев и солнце».
5	0,90	Сарай	аноним	[737]	1	АЕ Пұл. Тип «арыстан мен күн»
6	1,99	Қырым	аноним	[744]	1	АЕ Пұл.
7	0,82	Сарай әл-Жәдид	аноним	[743-751]	1	АЕ Пұл. Тип «екі басты құс»

8	0,94	Сарай әл-Жәдид	аноним	[743-751]	1	АЕ Пұл. Тип «екі басты құс»
9	1,31	Сарай әл-Жәдид	аноним	[743-751]	1	АЕ Пұл. Тип «екі басты құс»
10	2,66	Сарай әл-Жәдид	аноним	[743-751]	1	АЕ Пұл. Тип «екі басты құс»
11	1,25	Сарай әл-Жәдид	аноним	[743-751]	1	АЕ Пұл. Тип «екі басты құс»
12	3,51	Хуаризм	Жәнібек	[751, 756-757]	1	АЕ Пұл.
13	1,55	Сарай әл-Жәдид	аноним	75(2/4?)	1	АЕ Пұл. Тип «розетка».
14	1,51	Сарай әл-Жәдид	аноним	[752-762]	1	АЕ Пұл. Тип «розетка».
15	0,91	жойылған	аноним	[752-762]	1	АЕ Пұл. Тип «розетка».
16	2,21	Сарай әл-Жәдид	аноним	[752-762]	1	АЕ Пұл. Тип «розетка».
17	1,23	жойылған	аноним	[752-762]	1	АЕ Пұл. Тип «розетка».
18	1,55	Сарай әл-Жәдид	аноним	[752-762]	1	АЕ Пұл. Тип «розетка».
19	1,21	Гүлістан	Құлпа	760	1	**AR Данг.**
20	2,19	Гүлістан	Хызр	722 (=762)	1	АЕ Пұл.
21	2,07	Сарай әл-Жәдид	Хызр	[762]	1	АЕ Пұл.
22	2,91	Сарай әл-Жәдид	Хызр	762	1	АЕ Пұл.
23	2,40	Сарай әл-Жәдид	Хызр	[762]	1	АЕ Пұл.
24	3,00	Хуаризм	Хызр	Көрсетіл-меген [762]	1	АЕ Пұл.
25	2,50	Гүлістан	Хызр	[762]	1	АЕ Пұл.
26	1,82	Сарайчук	Мүрид	[763]	1	АЕ Пұл.
27	1,93	Сарайчук	Мүрид	[763]	1	АЕ Пұл.
28	1,95	Сарайчук	Мүрид	[763]	1	АЕ Пұл.
29	2,43	Сарайчук	Мүрид	[763]	1	АЕ Пұл.
30	1,13	Сарайчук	Мүрид	[763]	1	АЕ Пұл.
31	2,15	Сарай әл-Жәдид	Әзиз-Шейх	[767]	1	АЕ Пұл.
32	1,14	Хуаризм	аноним	[771]	1	АЕ Пұл. Ф.Д. №22.
33	1,99	Хуаризм	аноним	[772]	1	АЕ Пұл. Ф.Д.№23.


34	1,38	анық емес	аноним	780 жылдар?	1	AE Пұл. Тип анық емес, «алты сәулелі картуш ішіндегі өрме».
35	1,30	Хуаризм	аноним	783	1	AE Пұл. Тип «розетка». Z/207877
36	1,71	ас-Сарай	аноним	Көрсетілмеген [~790 жылдар]	1	AE Пұл. Тип «розетка». (Л. 25/21б).
37	1,62	көрсетілмеген	аноним	Көрсетілмеген [780 – 790 жылдар]	1	AE Пұл. Тип «екі балық» және легендасында «ун алты / пул данг» жазуы (Л. 114/7, а).
38	0,85	-	өшіп кеткен	x77(?)	1	AE/AR Күміс дангке ұқсатылған
39	2,29	-	-	-	1	AE Пұл. Тип «солға бағыт алған аң». Беті қатты тоттанған. Тип анық емес.
40, 41, 42 , 43, 44, 45	0,89; 0,85; 3,65; 0,93; 1,24; 2,04	-	-	-	6	AE Пұл. Атрибуциялау мүмкін емес

Ф.Д. – [19, С.179-224];
Л. – [20, С.415-486];
Z/№ - www.zeno.ru. дерекқорындағы ұқсас тиынның нөмірі [21];

Бұл ретте, әрбір жеке қазбада (№2 және №3) табылған тиындардың аздығына байланысты, беткі қабат материалын ескере отырып, №2 және №3 қазбалардан табылған тиындар кешенінің хронологиялық құрамының жиынтық гистограммасын зерттеу дұрыс болып көрінеді.

Гистограмма №2. 2023 жылғы археологиялық маусымдағы Сарайшық археологиялық ескерткішіндегі тиындар кешенінің хронологиялық құрамы

Барлығы 77 дана есепке алынды - 100%.



Графикті құруда тек уақыт мерзімі көрсетілген тиындар даналары ескерілді.

Егер біз хижраның 780-790-шы жылдардағы опциясын онжылдықтарға бөлетін болсақ, хижраның 780-ші жылдардағы тиындар санының біршама өскенін және келесі онжылдықта төмендегенін бұрынғы жылдардағы археологиялық қазбалардан табылған 467 тиынның деректері бойынша құрастырылған №1 гистограммадан көре аламыз [17, С.161].

№2 гистограммадағы 2023 жылғы қазба жұмыстары барысында табылған тиындар санының, оларда көрсетілген шыққан жылы бойынша хронологиялық бөлінуін №1 гистограммамен салыстырар болсақ, онда біз олардың арасындағы кейбір айырмашылықты байқаймыз.

2023 жылғы қазбадағы тиындардың ең көбі 750 хижра жылдары емес, 760 хижра жылдарына (1360-шы жылдарға) келеді. Әртүрлі бөлмелерде табылған тиындардың хронологиялық тығыздығының табиғи ауытқуы, ол тиындардың кездейсоқ жағдайларға байланысты айна-

лыстан шығып қалуынан деп есептейміз. Сонымен бірге, біз №1 жалпы гистограммаға немесе №2 гистограммаға қарамастан, 740-760 хижра жылдары /1340-1360 жылдар/ аралығындағы тиындар ескерткіштен табылған тиындардың жалпы санының 60%-дан астамын құрайтынын көреміз (көмбеден табылғандарын есепке алмағанда). Сонымен бірге, алынған тәуелділіктің сипаты есептелген нумизматикалық артефактілер санының көбеюіне байланысты, туындайтын тәуелділікке өзгермейтіні маңызды. Яғни, тиындар жиынтығының өсімі (негізінен мыс тиындар) бірте-бірте жоғарылап, 750-760 х.ж. /1350-1360 жылдары/ жоғары өсім мөлшеріне жетіп, одан кейінгі онжылдықта күрт төмендеген деп айта аламыз. Сондай-ақ, хижранын 770 жылдары /1370 жылдары/ соғылған тиындардың біздің дәуірімізге жетуінің күрт төмендегені (тіпті, жетуінің тоқтатылғаны) Маңғыстау түбегінде байқалды. Бұл процестердің динамикасына қарағанда, олар өзара байланыста болған. Мұндай құлдыраудың көптеген тарихи себептері болды, әйтсе де, бір ғана салдар бар – тауар-ақша қатынастарының күрт қысқарғаны, яғни, сауданың қысқаруы. Ескерткіште XIV ғасырдың соңғы екі онжылдығына қатысты табылған тиындардың біртіндеп көбеюі хижраның 750-760 жылдарының деңгейіне (ортағасырлық Сарайшықтағы сауда белсенділігінің жоғарғы шегіне) жете алмайды.

Бұған дейін «Сарайшық ақша сарайының белсенді жұмыс жасағаны, онда Олжай-Тимур хан 770 х.ж. /1368 жылы, Полад-Қожа мен Ильбак хандар 775 х.ж. /1373-1374/ жылдары өз аттарынан күміс дангтар соға бастағаны...», - жазылған, ал осы уақытқа дейін бұл эмитенттердің, «Сарайшықта өз ақша сарайының күміс тиындарының әзірге бірде-бір данасы табылмағаны» айтылады [18]. 2023 жылдың археологиялық маусымында №12 қазбадан Олжай-Тимурдың күміс дангы табылды. Бұл Сарайшықта көп жылдар бойы жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде бірінші рет табылып отырған ақша.

Е.Ю. Гончаров ортағасырлық Сарайшықтағы ақша айналысының динамикасын бағалаған еңбегінде 770 х.ж-дары /1370 жылдары/ Хорезм ақша сарайының мыс өндірісі сандық жағынан Төменгі Еділ бойындағы ақша сарайларының пұлдарынан асып түсетінін атап өтеді [8, С.11]. 2023 жылы №2 және №3 қазбалардан табылған тиындарды талдайтын болсақ, онда осы онжылдыққа тек Хорезм пұлдары жатады. Мыс тиындардың елеулі жинағын талдау көрсеткендей, 750 – 770 хижра жылдарында Сарайшық базарларына Хорезм тиындары шамамен біркелкі жеткізілген. Сарай ұлысынан келетін пұлдардың азаюы

өз алдына Хорезм пұлдарының жергілікті нарықтағы үлесін арттырады. Яғни, Хорезм тиындарының жеткізілімінде ешқандай өсім болған жоқ. **Оның үстіне, Хорезмде соғылған күміс тиындар 750–760 х.ж. /1350–1360 жылдары/ да, кейінгі онжылдықта да Сарайшыққа жаппай келген жоқ. «Сондықтан 770-ші х.ж-дарында экономикалық ықпалдың Сарайдан Хорезмге қарай өзгеруі туралы айту ертеректеу», - бұлайша айту, тіпті дұрыс емес [18, С.857-858].** Е.Ю. Гончаровтың еңбегі бүгінгі күнге дейін Сарайшықтың ақша айналымын зерттеудегі өте маңызды кезең болып табылады және автордың зерттеуіне негіз болған – жоғарыда аталған еңбегінде табылған тиындардың егжей-тегжейлі тізбесі айқын берілмеуіне қарамастан, оның тұжырымдары осы кезеңге дейін өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ [8].

Табылған тиындардың екінші құрамдас бөлігі - көмбелер. Көмбелердің тізімі мен олардың құрамын және Сарайшықтағы қазбалардың қысқаша сипаттамасын жарияланған болатын. Зерттеу барысында 8 дана Сарайшық көмбесіне талдау жасалып, олардың сандық құрамы (№0 көмбеден басқасы) толық болмауы мүмкін екендігі атап өтілді [18, С.855]. Сонымен бұрын жасалған негізгі қорытындыларды қысқаша жинақтасақ:

1. «Зерттелген көмбелердің құрамына қарап, ортағасырлық Сарайшық жай ғана хан иелігіндегі экономикалық мүдделер аясында болған жоқ, ол (шамасы, әкімшілік жағынан) Сарай ұлысының құрамына кірген деп сеніммен айтуға болады...»;

2. 760-шы хижра жылдарына жататын зерттеудегі күміс көмбелер құрамында Бердібек, Құлпа, Наурыз, Хызыр, Әзиз-Шейх сынды эмитенттерден көп мөлшерде күміс тиындар күтуге болады. Жергілікті нарықта 760-шы х.ж-дары күміс тиындар ағынының айтарлықтай төмендеуі байқалады;

3. «Тіркелген көмбелердің ең көп саны 750 – 760 х.ж-дарындағы / 1350 - 1360 жылдардағы көмбе жинақтау кезеңін көрсетеді [8 көмбенің 5-і (~63%)]»;

Сарайшық археологиялық ескерткішінің ең ірі №7 тиын көмбесінің құрамын жариялау маңызды, өйткені, ол бұрын мұндай егжей-тегжейлі нұсқада жарияланбаған.

Көмбе 2022 жылы 7 шілдеде Сарайшық қалашығы орнындағы №1 қазбадан табылды. Тиындар қапшыққа ұқсас, шіріп кеткен матаға оралған. Көмбе құрамына қысқаша талдау 2023 жылғы ғылыми мақалада жарияланды [18, С.851-853]. Көмбенің нумизматикалық басы-

лымдардағы ұқсас тиындар түрлері берілген егжей-тегжейлі құрамын одан әрі зерттеу едәуір қызығушылығымызды тудырды. Сондықтан мұнда тиындар кейбір фотосуреттерімен қоса беріледі.

Барлық тиындар XIV ғасырдың күміс дангтары. Агрессивті, өте тұзды топырақ көптеген тиындарға айтарлықтай зақым келтірді, тиын металының иілімділігі аз (сынғыштығы жоғары) екені байқалады. Тиындарды тазалау кезінде олардың бетінде өте жұқа күміс жабынды қабат пайда болды (немесе жай ғана анықталды), ол дақты ойылмалы тот басқаннан қатты зақымданған металдың беткі қабатына ұқсайды (фото №7/376). Әйтсе де, бұл беткі қабат кейбір шектеулі шағын жерлерде қабыршақтанып кететіні байқалады, ал астынан зақымданбаған металл көрінеді (фото №7/393 және 395). Эксперимент түрінде бұл жабынды қабатты лимон қышқылының ерітіндісінде сәтті кетіруге болатынын анықтадық. Сарайшықтан табылған күміс тиындарда мұндай жұқа жабынды қабат біршама кездеседі және біздің тәжірибеміз реставраторлар үшін оны кетіруде көмек бола алады.

Көмбелердің құрамы XIV ғасырдағы Сарайшықтағы тиындар айналымы динамикасының сипаты туралы, жалғыз-жарым табылған тиындарды зерттеудің нәтижелері бойынша жасалған тұжырымды растайтыны қазірдің өзінде атап өтілді. «Сарайшықтағы тиындар жиынтығындағы мұндай өзгеріс динамикасы, біздің ойымызша, Қырым-Қытай транзиттік саудасымен ғана емес, сонымен қатар аймақаралық саудамен де байланысты. Оның тауар айналымындағы үлесі өте маңызды болса керек, егер 760 х.ж-дары /1360 жылдары/ обадан көптеген адамдар өлген, мемлекетте «ұлы бұлғақ» кезеңі орын алған және бірнеше жыл бойы Қырым мен Поволжьеде ашаршылық болған кезде тауар-ақша қатынастары қарқындылығы төмендегенін байқаймыз, бірақ ол толық тоқтаған емес. Неліктен, мысалы, мыс тиындардың айналым қарқындылығы төмендегені туралы айтуымыз керек... Дағдарыс жағдайында мыс тиын тез құнсыздана бастады, сондықтан халыққа ол өте көп мөлшерде қажет болды. Біздің бақылауымыздағы 1360 жылдары Сарай мен Гүлістанда түрі жыл сайын дерлік өзгеріп отыратын көптеген пұлдардың соғылуы инфляциялық процестердің дәлелі болып табылады. Соған қарамастан табылған мыс тиындар санына қарап, біз тіпті, инфляция «шұңғылының» қаншалықты терең болғанын бағалай алмаймыз. Бұл онжылдықта сауданың тоқтамағаны маңызды, ал тиындардың ағыны Еділ бойынан да, Хорезмнен де келгенін байқаймыз [17, С.200-201].

№7 көмбенің құрамын зерделесек, оның бір бөлігін (шамамен, едәуір ауқымды бөлігін) ғалым нумизмат П.Н. Петров анықтады. Фото кестелерде көмбедегі кейбір тиындар көрсетілген. Олар 3 кестедегі нөмірімен сәйкес белгіленген.

3 кесте

2022 жылы Сарайшық қалашығындағы №1 қазбадан табылған №7 көмбедегі Жошы Ұлысы күміс тиындарының құрамы

Аверс. – эмитенттің атауы көрсетілген беті;

Реверс – аверске қарсы беті;

«Тек реверс.» – тиындардың тек реверс беті В.П. Лебедевтің нөміріне сәйкес келеді;

(-) – сызық, дангтың екі жақ бетінің жай-күйіне байланысты түрін анықтау мүмкін емес;

Л. – [20].

Z/№ - www.zeno.ru. дерекқорындағы ұқсас тиынның нөмірі.

Әдебиеттерге және zeno.ru сайттарына сілтемелер тек тиын беттері үйлесімінің кейбір ерекшеліктерін ескере отырып тиынның түрін ғана көрсетеді (түр өлшемі ретінде тиынның әр бетіндегі жазулардың мазмұны, сандар мен әріптердің орналасуы бір үйлестікте алынады).

№	Салмағы, г	Диаметрі, мм	Ақша сарайы	Жылы, х.ж.с.	Эмитент	Ескертпе
1	1,08	17	Сарай әл-Махрус	710	Тоқты	Шеті сынған ~1/4. бөлігі
2	1,11	15	Хуаризм	өшіп кеткен	Тоқты бек	Шеңберлене кесілген. Айналым барысында тозған
3	1,18	16,5-15	Сарай	717	Өзбек	Л. 10/3.
4	1,17	15,9	Сарай	[717-718]	Өзбек	Л. 10/3. Шеті аздап сынған
5	1,26	16,1-15,5	Сарай	[717-718]	Өзбек	Л. 10/3. Шеті зақымданған
6	1,23	15,9-15	Сарай	[717-718]	Өзбек	Л. 10/3.

7	1,45	16-14,5	Сарай	[717-718]	Өзбек	Л. 10/3.
8	0,82	15,9-15	Қырым әл-Махрус	[720]	Өзбек	-
9	1,32	17,1-16,5	Сарай	722	Өзбек	Л. 11/4. Шеті сынған
10	1,41	15,5	Сарай әл-Махрус	722	Өзбек	Л. 11/4.
11	1,26	17,1-14,9	Сарай әл-Махрус	722	Өзбек	
12	1,44	17,1-15,7	Сарай әл-Махрус	722	Өзбек	Л. 11/4. Сынған. Үстін тот басқан
13	1,21	15,5-14,5	Сарай әл-Махрус	722	Мұхам-мад Өзбек	Л. 11/4.
14	1,44	15,8	Сарай әл-Махрус	722	Өзбек	Л. 11/4.
15	1,29	16,6-15,2	Сарай әл-Махрус	[722]	Өзбек	Л. 11/4.
16	1,26	16-14,9	Сарай әл-Махрус	[722]	Өзбек	Л. 11/4.
17	1,49	16	Хуаризм	730	Өзбек	-
18	1,44	15,8-15,1	Сарай	734	Өзбек	-
19	1,44	15,6-16,6	Сарай	[734]	Өзбек	Л. 13/6.
20	1,42	15-15,5	Сарай	[734]	Өзбек	Л. 13/6.
21	1,40	16-14,5	Сарай	[734]	Өзбек	Л. 13/6.
22	1,21	15,8-14,2	[Сарай]	[734]	Өзбек	Л. 13/6. Жазулар тек аверсінде өте әлсіз көрінеді
23	1,01	14,9-13,8	[Сарай]	[734]	Өзбек	Л. 13/6. Қиылған ФОТО
24	1,42	16-16,2	Сарай	[734]	Өзбек	Л. 13/6.
25	1,26	15,5-14,4	Сарай	[734]	Өзбек	Л. 13/6.
26	1,39	16-14,9	Сарай	[734]	Өзбек	Л. 13/6.
27	1,45	15-14,5	Сарай	[734]	Өзбек	Л. 13/6.
28	1,42	14,9-14,7	Сарай	[734]	Өзбек	Тип Л. 13/6.
29	1,52	15,7-14,6	Сарай	73[4]	Өзбек	Л. 13/6.
30	1,31	15-13	Сарай	[734]	Өзбек	Л. 13/6.
31	0,79	12	Сарай	[734]	Өзбек	ФОТО
32	1,41	15,5-14,7	Сарай	[734]	Өзбек	Л. 13/6.
33	1,46	16,2-14,1	Сарай	[734]	Өзбек	Л. 13/6.
34	1,28	15-13,6	Сарай	[734]	Өзбек	Л. 13/6. Шеті жарылған

35	1,35	14,9-13,9	Сарай	[734]	Өзбек	Л. 13/6.
36	1,42	15,1-14,9	Сарай	[734]	Өзбек	Л. 13/6.
37	1,39	15,9-14,6	Сарай	739	Өзбек	Л. 15/8.
38	1,45	15,5-15	Сарай	739	Мұхам-мад Өзбек	Л. 14/7 – 15/8.
39	1,39	16,5-14	Сарай	740	Өзбек	Л. 15/8. Штемпелді айналдыра қос соққы жасалған.
40	1,43	16-14,6	Сарай	740	Өзбек	Л. 15/8.
41	1,46	16-14	Сарай	740	Өзбек	Л. 15/8.
42	1,40	15-14,5	Сарай	740	Өзбек	Л. 15/8.
43	1,45	15,5-14,4	Сарай	[739-740]	Өзбек	Л. 15/8.
44	1,24	15-13,6	Сарай	[739-740]	Өзбек	Л. 15/8.
45	1,40	15-14	Сарай	[739-740]	Өзбек	Л. 15/8.
46	1,22	15	Сарай	[737-740]	Өзбек	Л. 14/7 – 15/8.
47	1,37	15,1	[Сарай]	[737-740]	Өзбек	Л. 14/7 немесе 15/8.
48	1,37	15	Сарай	[737-740]	Өзбек	Л. 14/7 – 15/8. Қиылған.
49	1,45	15,5-15	Сарай	[737-740]	Өзбек	Л. 14/7 – 15/8.
50	1,40	15,5-14	Сарай	[737-740]	Өзбек	Л. 15/8.
51	1,50	15,6-14	Сарай	[737-740]	Өзбек	Л. 15/8.
52	1,43	14,5	Сарай	[737-740]	Өзбек	Л. 15/8. Шеті зақымданған
53	1,24	15-14	Сарай әл-Жәдид	742	Махмұд Жәнібек	Л. 28/2.
54	1,51	16,1-15,1	Сарай әл-Жәдид	742	Махмұд Жәнібек	Л. 28/2.
55	1,39	16-15,5	Сарай әл-Жәдид	742	Махмұд Жәнібек	Л. 28/2.
56	1,49	15,5	Сарай әл-Жәдид	742	Махмұд Жәнібек	Л. 28/2.
57	1,38	15,8-15	Сарай әл-Жәдид	742	Махмұд Жәнібек	Л. 28/2. ФОТО
58	1,32	15,5-16,4	ас-Сарай әл-Жәдид	742	Жәнібек (ұйғ.)	Л. 30. Тот жойып жіберген
59	1,44	15,9-15	ас-Сарай әл-Жәдид	743	Жәнібек (ұйғ.)	Л. 30.
60	1,41	16,3-15	ас-Сарай әл-Жәдид	743	Жәнібек (ұйғ.)	Л. 30.

61	1,43	16-15	ас-Сарай әл-Жәдид	743	Жәнібек (ұйғ.)	Л. 30. Тот жойып жіберген
62	1,12	13,5-14,7	ас-Сарай әл-Жәдид	743	Жәнібек (ұйғ.)	Л. 30. Тот жойып жіберген
63	1,46	17-15	ас-Сарай әл-Жәдид	743	Жәнібек (ұйғ.)	Л. 30.
64	1,39	16	ас-Сарай әл-Жәдид	743	Жәнібек (ұйғ.)	Л. 30. Шеті жарылған
65	1,40	14,6-16,2	ас-Сарай әл-Жәдид	743	Жәнібек (ұйғ.)	Л. 30.
66	1,45	17-16,6	ас-Сарай әл-Жәдид	743	Жәнібек (ұйғ.)	Л. 30.
67	1,30	15,9-14,5	ас-Сарай әл-Жәдид	743	Жәнібек (ұйғ.)	Л. 30. Реверсі тот басқаннан зақымданған
68	1,37	16	ас-Сарай әл-Жәдид	743	Жәнібек (ұйғ.)	Л. 30.
69	1,13	15,4-14,9	ас-Сарай әл-Жәдид	743	Жәнібек (ұйғ.)	Л. 30.
70	1,43	17,9-16,5	ас-Сарай әл-Жәдид	743	Жәнібек (ұйғ.)	Л. 30.
71	1,40	16-15	ас-Сарай әл-Жәдид	743	Жәнібек (ұйғ.)	Л. 30.
72	1,44	16	ас-Сарай әл-Жәдид	743	Жәнібек (ұйғ.)	Л. 30.
73	1,47	16,5-15	ас-Сарай әл-Жәдид	743	Жәнібек (ұйғ.)	Л. 30.
74	1,37	16	ас-Сарай әл-Жәдид	743	Жәнібек (ұйғ.)	Л. 30.
75	1,49	16,2-14,1	Сарай әл-Жәдид	[742-743]	Махмұд Жәнібек	Реверсі теріс штемпельмен қайта соғылған
76	1,48	16,5-15,8	Сарай әл-Жәдид	[742-743]	Махмұд Жәнібек	Л. 28/2.
77	1,48	16,5-15,8	Сарай әл-Жәдид	[742-743]	Махмұд Жәнібек	Л. 28/2.
78	1,19	15	Сарай әл-Жәдид	[742-743]	Махмұд Жәнібек	Л. 28/2. Шеті жарылған. Реверсі қатты зақымдалған

79	1,39	16	Сарай әл-Жәдид	[742-743]	Махмұд Жәнібек	Л. 28/2.
80	1,51	15-15,8	Хуаризм	744	Жәнібек	-
81	1,09	15,1-15	Хуаризм	744	Жәнібек	Айналдыра кескен іздері бар
82	1,16	15	Хуаризм	744	Жәнібек	Айналдыра қиылған
83	1,45	16,4-15,6	ас-Сарай әл-Жәдид	744	Махмұд Жәнібек	Л 31/5. Тоттанған
84	1,55	15,5-15	ас-Сарай әл-Жәдид	745	Махмұд Жәнібек	Л 31/5. Тоттанған
85	1,31	15,6-14,4	ас-Сарай әл-Жәдид	[74]5	Махмұд Жәнібек	Л. 31/5.
86	-	15	ас-Сарай әл-Жәдид	[745]	Махмұд Жәнібек	Л. 31/5. Сынған
87	1,44	16-16,5	ас-Сарай әл-Жәдид	[745]	Махмұд Жәнібек	Л. 31/5.
88	1,46	15,2	ас-Сарай әл-Жәдид	[745]	Махмұд Жәнібек	Л. 31/5.
89	1,43	16,1-15,1	ас-Сарай әл-Жәдид	[745]	Махмұд Жәнібек	Тип Л. 31/5.
90	1,48	16,6-15,1	ас-Сарай әл-Жәдид	[745]	Махмұд Жәнібек	Тип Л. 31/5.
91	1,48	15,5	ас-Сарай әл-Жәдид	[745]	Махмұд Жәнібек	Тип Л. 31/5.
92	1,42	14,4	ас-Сарай әл-Жәдид	[745]	Махмұд Жәнібек	Z /284247.
93	1,42	15,5	ас-Сарай әл-Жәдид	7[45]	Махмұд Жәнібек	Z /284247.
94	1,44	16	ас-Сарай әл-Жәдид	745	Жәнібек (ұйғ.)	Л. 30.
95	1,42	15,5	ас-Сарай әл-Жәдид	7[45]	[Махмұд Жәнібек]	Z /284247.
96	1,45	15,5-15	ас-Сарай әл-Жәдид	745	Махмұд Жәнібек	Z /284247. Реверсінде төменде – «шабан?» сөзі жазылған
97	1,26	15,5-16,1	ас-Сарай әл-Жәдид	745	Махмұд Жәнібек	Z /284247. Реверсінде төменде – «шабан?» сөзі жазылған

98	1,51	16,5-14,9	ас-Сарай әл-Жәдид	?	Махмұд Жәнібек	Реверсінде төменде – «шабан?» сөзі жазылған
99	1,40	15,5-16	ас-Сарай әл-Жәдид	?	Махмұд Жәнібек	Реверсінде төменде – «шабан?» сөзі жазылған ФОТО
100	1,43	14,9-14,4	ас-Сарай әл-Жәдид	74х	Махмұд Жәнібек	Аверсінің төменгі бөлігінде сөзбен «700» деп жазылған
101	1,41	15,7-15	ас-Сарай әл-Жәдид	745	Махмұд Жәнібек	Z /284247.
102	1,37	15,5	ас-Сарай әл-Жәдид	[745]	Махмұд Жәнібек	Z /284247.
103	1,53	15,7-14,6	ас-Сарай әл-Жәдид	[745]	Махмұд Жәнібек	Л. 31/5.
104	1,44	16-15,5	ас-Сарай әл-Жәдид	[743-745]	Махмұд Жәнібек	Л 31/5. Күйік шалған
105	1,46	17,1-16	ас-Сарай әл-Жәдид	[743-745]	Жәнібек (ұйғ.)	Л. 30. Тот басқан
106	1,51	16,5	ас-Сарай әл-Жәдид	[743-745]	Жәнібек (ұйғ.)	Л. 30. Тот басқан
107	1,46	15,9-14,9	[ас-Сарай әл-Жәдид]	[743-745]	Жәнібек (ұйғ.)	Л. 30. Тот басқан. Күйік шалған
108	1,42	15,6-15	ас-Сарай әл-Жәдид	[743-745]	Жәнібек (ұйғ.)	Л. 30.
109	1,48	16,1-15,7	ас-Сарай әл-Жәдид	[743-745]	Жәнібек (ұйғ.)	Л. 30.
110	1,00	16-14,8	ас-Сарай әл-Жәдид	74[3-5]	Жәнібек (ұйғ.)	Л. 30. Тот басқан. Жұқарған
111	1,50	15,6-14,1	Сарай әл-Жәдид	746	Жәнібек	Z /216683.
112	1,45	15,1-15	Сарай әл-Жәдид	746	Жәнібек	Л. 32/6.
113	1,50	15,5-15	Сарай әл-Жәдид	746	Жәнібек	Л. 32/6.
114	1,43	15,9-14,9	Сарай әл-Жәдид	746	Жәнібек	Л. 32/6.

115	1,40	16,9-15,9	Сарай әл-Жәдид	746	Жәнібек	Л. 32/6.
116	1,27	14,5-13,9	Сарай әл-Жәдид	746	Жәнібек	Л. 32/6. Қиылған
117	1,41	16-15,1	Сарай әл-Жәдид	746	Жәнібек	Z /296219.
118	1,57	15,5-15	Сарай әл-Жәдид	746	Жәнібек	Л. 32/6.
119	1,32	15,6-14,5	Сарай әл-Жәдид	746	Жәнібек	Z /151209. Аверсі тоттан жойылған
120	1,43	15	Сарай әл-Жәдид	746	Жәнібек	-
121	1,35	16-15	Сарай әл-Жәдид	746	Жәнібек	Л. 32/6.
122	1,53	15,5-14	Сарай әл-Жәдид	746	Жәнібек	Л. 32/6.
123	1,50	16-14,7	Сарай әл-Жәдид	746	Жәнібек	Л. 32/6.
124	1,21	14,8-13,2	Сарай әл-Жәдид	746	Жәнібек	Л. 32/6. ~1/5 бөлігі сынған
125	1,44	16,4-14,5	Сарай әл-Жәдид	746	Жәнібек	Z /139635.
126	1,42	16,4-15,5	Сарай әл-Жәдид	746	Жәнібек	Л. 32/6.
127	1,34	15	Сарай әл-Жәдид	746	Жәнібек	Л. 32/6.
128	1,46	16-14,3	Сарай әл-Жәдид	746	Жәнібек	Л. 32/6-ге ұқсас, тек «4» жоғарылау орналасқан
129	1,45	15,5-15	Сарай әл-Жәдид	746	Жәнібек	Л. 32/6.
130	1,32	14,8-14	Сарай әл-Жәдид	746	Жәнібек	Л. 32/6.
131	1,43	16-14,4	Сарай әл-Жәдид	[746?]	Жәнібек	Сегментте сөздермен жылы жазылған, алаңда жоғары жағында жұлдызша, төменде алтықырлы өрнек

132	1,26	15-14,8	Сарай әл-Жәдид	[746?]	Жәнібек	Сегментте сөздермен жылы жазылған, аланда жоғары жағында жұлдызша, төменде сәулелі алтықырлы өрнек
133	1,36	15,6-14,5	Сарай әл-Жәдид	74[6]	Жәнібек	Л. 33/7а.
134	1,15	14-13,5	Сарай әл-Жәдид	[74]6	Жәнібек	Л. 32/6.
135	1,59	16,3-15	Сарай әл-Жәдид	[746]	Махмуд Джанибек	Л. 22 (тек реверсі).
136	1,46	15,9-15,4	Сарай әл-Жәдид	746	Махмұд Жәнібек	Z /228876.
137	1,29	15-14,4	Сарай әл-Жәдид	746	Жәнібек	Z /216683.
138	1,49	15	Сарай әл-Жәдид	746	Жәнібек	Z /216683.
139	1,52	15,1-14	Сарай әл-Жәдид	746	Жәнібек	Л. 32/6.
140	1,26	15-14,5	Сарай әл-Жәдид	842 (=746)	Жәнібек	Л.-2. 16.
141	1,34	16,5-15,9	Сарай әл-Жәдид	742 (=746)	Жәнібек	Z /288675.
142	1,56	15,5-13,5	Сарай әл-Жәдид	842 (=746)	Жәнібек	Л.-2. 16.
143	1,53	14,5	Сарай әл-Жәдид	824(=746)	Жәнібек	Л.-2. 16.
144	1,43	15,6-14,6	Сарай әл-Жәдид	428(=746)	Жәнібек	Л.-2. 16.
145	1,32	15,4-14,5	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Л.-2. 20.
146	1,25	15,2-15	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Л. 33/7а.
147	1,24	15,9-15,5	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Л. 33/7а.
148	1,22	15,7-13	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Л. 33/7а
149	1,47	15,5	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Z /151208.

150	1,45	16-13,7	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Z /159594.
151	1,53	16,5-14,6	Сарай әл-Жәдид	[74]7	[Жәнібек]	Тип Л. 33/7б. Соғылмаған.
152	1,39	15,9-15,1	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Л. 33/7б.
153	1,53	15,9-15,1	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Л. 33/7а.
154	1,19	17-14,5	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Z /151208.
155	1,37	15,9-15,7	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Z /178887.
156	1,43	16-15,6	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Л. 33/7а.
157	1,48	17,9-15,2	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Z /151208.
158	1,42	16,5-15,5,	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Л. 33/7а. Шеті сынған
159	1,33	16-15,2	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Z /278167. Шеті жарылған
160	1,50	16,2-14,5	Сарай әл-Жәдид	747	Махмұд Жәнібек	Z /103485.
161	1,37	16,9-14,6	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Z /151208. Шеті жарылған
162	1,23	16,4	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Z /234553. ~1/4 бөлігі сынған
163	1,46	16-15,5	Сарай әл-Жәдид	747	Махмұд Жәнібек	Z /103485.
164	1,49	16,7-15	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Z /278167.
165	1,43	16-15,1	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Z /278167.
166	1,50	16,1-15,4	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Z /151208.
167	1,44	15,4-15	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Z /278167.
168	1,42	16-14,5	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Л. 33/7а.
169	1,42	16,5-14,5	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Л. 33/7б.
170	1,38	17,2-15,2	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Л. 33/7б.

171	1,40	15,1-15,5	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Л. 33/7а.
172	1,51	16,3-15,5	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Л. 33/7а.
173	1,08	15,8-14,5	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Z /278167.
174	1,19	15,1	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Z /278167.
175	1,46	15,9-15	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Z /278167.
176	1,25	16-15,5	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Z /278167.
177	1,47	16,9-14,3	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Z /278167.
178	1,52	16-15	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Л. 33/7а
179	1,50	15,5-15	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Л. 33/7а.
180	1,46	16-15,4	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Л. 33/7а.
181	1,39	16,7-15,2	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Л. 33/7а.
182	1,52	14,5-15,5	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Л. 33/7а.
183	1,31	15,3-14,9	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Z /178496.
184	1,43	15-15,4	Сарай әл-Жәдид	747	Жәнібек	Л. 33/7а.
185	1,45	16-15	Сарай әл-Жәдид	74[7-8]	Жәнібек	-
186	1,42	14,5	Сарай әл-Жәдид	[74]7	Жәнібек	- Соғылмаған
187	1,42	16,5	Сарай әл-Жәдид	74[7]	Жәнібек	Z /185241.
188	-	15,1	Сарай әл-Жәдид	74[7?]	Жәнібек	Л. 33/7а. сынған
189	1,50	16-15,1	Сарай әл-Жәдид	74[7?]	Махмұд Жәнібек	Z /186746.
190	1,26	15,5	Сарай әл-Жәдид	[74]7	Жәнібек	-
191	1,42	17-15	Сарай әл-Жәдид	[747]	Жәнібек	Л.-2. 17.

192	1,53	17-14	Сарай әл-Жәдид	74[7]	Жәнібек	Л. 33/7а.
193	1,33	15,5-14,4	Сарай әл-Жәдид	74[7]	Махмұд Жәнібек	Z /104967
194	1,45	16-15,6	Сарай әл-Жәдид	7[4]7	Жәнібек	Z /159594.
195	1,30	17-14	Сарай әл-Жәдид	[74]7	Жәнібек	Л. 33/7б.
196	1,32	15,7-15,5	Сарай әл-Жәдид	[74]7	Жәнібек	Л. 33/7а.
197	1,87	17-15,4	[Хуариз]м	[746-747]	Жәнібек	Z / 98128. Күйік шалған ФОТО
198	1,43	16,5-14,9	Сарай әл-Жәдид	74[7/8]	Жәнібек	Z /278167.
199	1,44	17,5-15,3	Сарай әл-Жәдид	74[7/8]	Жәнібек	Z /278167.
200	1,35	17,2	Сарай әл-Жәдид	748	Жәнібек	Шеті сынған
201	1,46	16,2-14,3	Сарай әл-Жәдид	748	Жәнібек	Z /278169.
202	1,53	17-15,5	Сарай әл-Жәдид	748	Жәнібек	Л. 34/8б.
203	1,44	16,6-15,2	Сарай әл-Жәдид	748	Жәнібек	Беткі қабаты тоттанған
204	1,33	15,5-15	Сарай әл-Жәдид	748	Жәнібек	Л.-2. 22.
205	1,25	15,5-14,5	Сарай әл-Жәдид	748	Жәнібек	ФОТО
206	1,20	15,5-14,5	Сарай әл-Жәдид	748	Жәнібек	Z /238219.
207	1,45	16,5-16	Сарай әл-Жәдид	748	Жәнібек	Z /35441.
208	1,48	16,4-16,2	Сарай әл-Жәдид	748	Жәнібек	Z /35441.
209	1,20	16,2-13,8	Сарай әл-Жәдид	748	Жәнібек	Л.-2. 22. ФОТО
210	1,20	16,1-15,5	Сарай әл-Жәдид	748	Жәнібек	Z /167538.
211	1,32	16-15,8	Сарай әл-Жәдид	748	Жәнібек	Z /246834.
212	1,65	15,1-14	Сарай әл-Жәдид	748	Жәнібек	Z /246834.

213	1,39	16-14	Сарай әл-Жәдид	[748]	Жәнібек	Z /137997.
214	1,46	17,8-15,3	Сарай әл-Жәдид	7[48]	Жәнібек	Z /235337.
215	1,17	14,9-13,9	Сарай әл-Жәдид	74[8]	Жәнібек	Z /268079.
216	1,42	16-14,2	Сарай әл-Жәдид	[748]	Жәнібек	Z /268079.
217	1,44	15,3-14,9	Сарай әл-Жәдид	7[48?]	Жәнібек	өрме ішінде «әл-жәдид» сөзі бар
218	1,17	X-15	Сарай әл-Жәдид	[748]	Махмұд Жәнібек	Z /170-146. Сынған.
219	1,42	17-14,2	Сарай әл-Жәдид	74[8]	Жәнібек	-
220	1,25	16,9-15	Сарай әл-Жәдид	74[8]	Махмұд Жәнібек	Реверсі Л.-2. 22-ге ұқсас
221	1,45	16,7-15,1	Сарай әл-Жәдид	[74]8	Махмұд Жәнібек	Л. 34/8б.
222	1,48	16,8-14,9	Сарай әл-Жәдид	[7]48	Махмұд Жәнібек	Z /177460.
223	1,54	17,5-15,6	Сарай әл-Жәдид	[7]4[8?]	Жәнібек	Л. 34/8б.
224	1,24	17,5-14,9	Сарай әл-Жәдид	[748]	Жәнібек	Л. 34/8б.
225	1,51	16-15	Сарай әл-Жәдид	864 (=748)	Жәнібек	ФОТО
226	1,26	15,1-15	Сарай әл-Жәдид	[747-748]	Жәнібек	Шетінде микрожарық бар
227	1,42	17-15,8	Сарай әл-Жәдид	74[7-8]	Жәнібек	Тип Л. 33/7а.
228	1,25	16,3-15,1	Сарай әл-Жәдид	7[47-48]	Жәнібек	Жұқарған
229	1,53	16-15,5	Сарай әл-Жәдид	7[47-48]	Жәнібек	Л. 33/7б.
230	1,29	16	Сарай әл-Жәдид	74[7-8]	Жәнібек	Z /228364. Сынған
231	1,29	16-14,6	Сарай әл-Жәдид	74[7-8]	Жәнібек	Жұқарған
232	1,39	16,5-15,5	Сарай әл-Жәдид	74[6-8]	Жәнібек	ТипZ /30055.
233	1,34	18-15,2	Сарай әл-Жәдид	74[6-8]	Жәнібек	-

234	1,46	15,5-15	Сарай әл-Жәдид	[746-8]	Жәнібек	Л. 33/7а.
235	1,43	15,9-15	Сарай әл-Жәдид	74[6-8]	Жәнібек	Реверсінде алтықырлы картуш
236	1,53	15	Сарай әл-Жәдид	74[6-8]	Жәнібек	Л. 33/7а.
237	1,12	15,8-14	Сарай әл-Жәдид	74[6-8]	Жәнібек	-
238	1,37	16,2-15	Сарай әл-Жәдид	749	Жәнібек	Z /129765.
239	1,37	15,6	Сарай әл-Жәдид	749	Жәнібек	Z /132948.
240	1,66	15,4-15	Сарай әл-Махрус	749	Махмұд Жәнібек	Z /138752.
241	1,29	15,5	Сарай әл-Жәдид	749	Жәнібек	2 сыныктан құралған
242	1,45	15,2-14,3	Сарай әл-Жәдид	749	Жәнібек	Z /122592.
243	1,43	14,5-16	Сарай әл-Махрус	[749]	Махмұд Жәнібек	Z /138752.
244	1,32	16,1-15,5	Сарай әл-Жәдид	[749]	Махмұд Жәнібек	Z /295531.
245	1,53	17-13,9	Сарай әл-Жәдид	749	Махмұд	Л. 16/9.
246	1,40	16,3-15,9	Сарай әл-Жәдид	[749?]	Жәнібек	Л. 27/1.
247	1,40	17,2-15,2	Сарай әл-Жәдид	[749]	Жәнібек	Z /138576
248	1,37	17,4-14,2	Сарай әл-Жәдид	74[9]	Махмұд Жәнібек	Z /295531.
249	1,12	14,5	Сарай әл-Жәдид	749	Жәнібек	Z /30789.
250	1,39	14	Сарай әл-Жәдид	[749?]	Жәнібек	- нашар жағдайда
251	1,12	16-14,8	Сарай әл-Жәдид	749	Жәнібек	Z /132948.
252	1,59	15,5-14	Сарай әл-Жәдид	74x	Махмұд Жәнібек	-
253	1,32	15-14,3	Сарай әл-Жәдид	750	Жәнібек	Z /95830.
254	1,52	15,5-14,5	Сарай әл-Жәдид	750	Жәнібек	Z /95830.

255	1,46	16,9-15,9	Сарай әл-Жәдид	750	Жәнібек	Z /95830.
256	1,25	17,5-14,2	Сарай әл-Жәдид	750	Жәнібек	Z /95830.
257	1,40	16-15	Сарай әл-Жәдид	7[50]	Жәнібек	Z /95830.
258	1,48	16-14,9	Сарай әл-Жәдид	[750]	Жәнібек	Z /230819.
259	1,36	16,5-15	Сарай әл-Жәдид	[750]	Жәнібек	Z /95830.
260	1,51	16-14,8	Сарай әл-Жәдид	[7]50	Жәнібек	Z /95830.
261	1,45	17,5-15	Сарай әл-Жәдид	[750]	Жәнібек	Z /95830.
262	1,29	16,4-16	Сарай әл-Жәдид	[750?]	Жәнібек	Z /95830.
263	1,20	15	ас-Сарай әл-Жәдид	751	Махмұд Жәнібек	Z /140026. 1/3 бөлігі сынған. Қабыршақтанып түсіп жатыр
264	1,46	16-14,9	ас-Сарай әл-Жәдид	751	Жәнібек	Z /178814.
265	1,11	15,1-14, 6	ас-Сарай әл-Жәдид	751	Жәнібек	Z /238838.
266	1,46	17-14,6	ас-Сарай әл-Жәдид	[751]	Жәнібек	Z /159530. ФОТО
267	1,45	16,9-14,9	ас-Сарай әл-Жәдид	[751]	Жәнібек	Z /178743. ФОТО
268	1,50	16	ас-Сарай әл-Жәдид	[751]	Жәнібек	Z /178820.
269	1,22	15-14,5	ас-Сарай әл-Жәдид	[751]	Жәнібек	Л. 37/11.
270	1,39	17,1-15,8	ас-Сарай әл-Жәдид	751	Жәнібек	Z /147171.
271	1,60	15,5-14,5	ас-Сарай әл-Жәдид	[751]	Жәнібек	Л. 37/11
272	1,43	17,1-15,6	ас-Сарай әл-Жәдид	[751]	Жәнібек	Л. 37/11.
273	1,18	16,2-14	Сарай әл-Жәдид	[751]	Жәнібек	Z /159530.
274	1,38	17-15	ас-Сарай әл-Жәдид	[751]	Жәнібек	Z /178819.

275	1,41	15	ас-Сарай әл-Жәдид	[751]	Жәнібек	Z /178820.
276	1,45	17-15	ас-Сарай әл-Жәдид	[751?]	Жәнібек	(жоғарғы сегменттегі картушта – Сарай сөзінің «й» әріпі орналасқан!)
277	1,41	15,9-14,8	ас-Сарай әл-Жәдид	[751?]	Жәнібек	-
278	1,13	15-14	ас-Сарай әл-Жәдид	[751?]	Жәнібек	-
279	1,09	15,5-14,8	ас-Сарай әл-Жәдид	715 (=751)	Жәнібек	ФОТО Хан атының астына жылы жазылған
280	1,49	17,4-15,3	Гүлістан	257 (=752)	Жәнібек	Z /87896.
281	1,46	15,5-15	Гүлістан	25[7] (=752)	Жәнібек	Z /248007.
282	1,53	15	Гүлістан	752	Махмұд Жәнібек	Л. 84/1.
283	1,28	16,9-15,1	Гүлістан	752	Махмұд Жәнібек	Реверсі Л-2. 32-ге ұқсас, бірақ жылы басқа және аверсі Л-2. 27-ге ұқсас. Айналдыра қиған іздері бар
284	1,47	16,5-16	Гүлістан	752	Жәнібек	Л.-2. 30.
285	1,41	16-15,5	Гүлістан	752	Махмұд Жәнібек	Л. 38/12.
286	1,49	16,4-15,2	Гүлістан	752	Жәнібек	Л.-2. 30.
287	1,45	16-15,4	Гүлістан	752	Махмұд Жәнібек	Л. 84/1.
288	1,46	16,3-14,2	Гүлістан	752	Махмұд Жәнібек	Z /296218.
289	1,49	15,9-14,8	Гүлістан	752	Махмұд Жәнібек	Л. 84/1.
290	1,46	16,4-15,5	Гүлістан	752	Махмұд Жәнібек	Л. 84/1.
291	1,42	16,1-15,9	Гүлістан	752	Жәнібек	Аты – айналық кескінде
292	1,34	15,5-16	Гүлістан	752	Махмұд Жәнібек	Л. 84/1.
293	1,15	15	Гүлістан	[752]	[Жәнібек]	Сынық

294	1,30	16,1-15,8	Сарай әл-Жәдид	752	Махмұд Жәнібек	Л. 38/12.
295	1,45	17,9-15,4	Сарай әл-Жәдид	752	[Жәнібек]	Z /110713.
296	1,53	15	Сарай әл-Жәдид	752	Махмұд Жәнібек	-
297	1,50	16-14,5	Сарай әл-Жәдид	752	Махмұд Жәнібек	Л. 38/12.
298	1.44	16-15	Сарай әл-Жәдид	752	Жәнібек	Шеткі бөлігі үгітілген
299	1,46	16-15,9	ас-Сарай әл-Жәдид	752	Махмұд Жәнібек	Z /157001.
300	1,44	17-15	Сарай әл-Жәдид	752	Махмұд Жәнібек	Z /154485.
301	1,50	15,5-14,2	Сарай әл-Жәдид	752	Махмұд Жәнібек	Z /154485.
302	1,34	16,5-15,9	ас-Сарай әл-Жәдид	752	Махмұд Жәнібек	Л. 39/13.
303	1,47	16,6-15,9	Сарай әл-Жәдид	752	Жәнібек	Л. 40/14.
304	1,46	16,1-15	Сарай әл-Жәдид	752	Жәнібек	Z /216687.
305	1,50	16-15,1	Сарай әл-Жәдид	752	Жәнібек	Z /146281. ФОТО
306	1,34	18,1-13,9	ас-Сарай әл-Жәдид	752	Махмұд Жәнібек	Z /148707; Л. 39/13.
307	1,39	16,5-16,2	Сарай әл-Жәдид	752	Махмұд Жәнібек	Z /167845.
308	1,41	16,2-15,5	ас-Сарай әл-Жәдид	752	Махмұд Жәнібек	Z /285154.
309	1,41	16,4-15	Сарай әл-Жәдид	[752]	Махмұд Жәнібек	Л. 38/12. Тот басқан
310	1,57	15,5	Сарай әл-Жәдид	[752]	Махмұд Жәнібек	Л. 38/12.
311	1,34	16,6-15,2	Сарай әл-Жәдид	[752]	Жәнібек	Тип Z /158698.
312	1,13	15,3-14,6	ас-Сарай әл-Жәдид	[752]	Махмұд Жәнібек	Z /179094.
313	1,25	16,1-15,1	Сарай әл-Жәдид	[752?]	Жәнібек	Реверсі Л.-2. 26 типтес, аверсі – басқа.
314	1,32	16-15	Сарай әл-Жәдид	753	Жәнібек	Z /110714

315	1,28	15,5-14,5	Гүлістан	753	Махмұд Жәнібек	Z /173063.
316	1,50	16-14,5	Гүлістан	753	Махмұд Жәнібек	Z /173063.
317	1,15	15,8	Гүлістан	753	[Жәнібек]	Л.-2. 32. ½ бөлігі сынған
318	1,39	18-16,8	Гүлістан	753	Жәнібек	Л. 85/2. Шеті жарылған
319	1,43	16,7-14,9	Гүлістан	753	Жәнібек	Л-2. 32.
320	1,20	15,9-15	Гүлістан	753	Жәнібек	Л.-2. 32.
321	-	15,5	Гүлістан	75[3]	Жәнібек	Z / 18819. Сынған
322	1,48	16-15,3	Гүлістан	[753]	Жәнібек	Z /153221.
323	1,52	16-14,5	Гүлістан	75[2-3]	Жәнібек	Л. 30.
324	1,40	17,5-15,6	Сарай әл-Жәдид	753	Жәнібек	Z /110714
325	1,41	15,7-14,9	Сарай әл-Жәдид	753	Жәнібек	Z /151025.
326	1,24	16-14,2	Сарай әл-Жәдид	753	Жәнібек	Л. 41/15.
327	1,47	16,9-15,1	Сарай әл-Жәдид	753	Жәнібек	Л. 41/15.
328	1,51	15,8-15,4	Сарай әл-Жәдид	75[3?]	Жәнібек	Л. 41/15.
329	1,47	15,5-14,5	Сарай әл-Жәдид	75[3?]	Жәнібек	Л. 41/15.
330	1,46	15-14,4	Сарай әл-Жәдид	75[2-3]	Жәнібек	Z /292284.
331	1,26	15,9-15	Сарай әл-Жәдид	[752-753]	Жәнібек	Z /296284. Кесілген
332	0,99	14,5	ас-Сарай әл-Жәдид	[751-753]	Махмұд Жәнібек	Тип Л. 39/13. Кесілген
333	1,38	16,8-14,5	ас-Сарай әл-Жәдид	[751-753]	Махмұд Жәнібек	Z /179094.
334	1,54	15,2-14	Сарай әл-Жәдид	[751-753]	Махмұд Жәнібек к	Z /184538.
335	1,40	16,5-15,1	Гүлістан	457 (=754)	Жәнібек	Z /147162.
336	1,16	16	Гүлістан	457 (=754)	Жәнібек	Z /147162. ¼ бөлігі сынған
337	1,52	16,5	Гүлістан	457 (=754)	Жәнібек	Z /147162.
338	1,45	16,9-16,5	Гүлістан	457 (=754)	Жәнібек	Z /139644.
339	1,53	16	Гүлістан	457(=754)	Жәнібек	Л.-2. 33
340	1,49	17-15,2	Гүлістан	754	Жәнібек	Z /225835.

341	1,48	16,5-15,3	Гүлістан	75[4]	Жәнібек	Z /193147.
342	1,40	17,8-15,8	Гүлістан	75[4]	Жәнібек	Л2. 33.
343	-	-	Гүлістан	754	Жәнібек	Л-2. 33. Бөлініп қалған
344	1,45	15,9-15,2	Гүлістан	754	Жәнібек	Z /225835.
345	-	15,3	Гүлістан	[7]54	Жәнібек	Z /142616.
346	1,37	16,2-15,5	Гүлістан	75(2/4)	Махмұд Жәнібек	Z /193147 типтес.
347	-	-	Гүлістан	75[2-4]	[Жәнібек]	Ұсақ сынық
348	1,26	15,8	Сарай әл-Жәдид	457 (=754)	Жәнібек	Z /296287 типтес.Сынған, үгітілген
349	1,51	16,2	Гүлістан	756	Жәнібек	Л.86/3.
350	1,31	16,8-15,5	Гүлістан	756	Жәнібек	Л-2. 34.
351	1,51	16,9-16,4	Гүлістан	756	Жәнібек	Л. 86/3
352	1,36	16	Гүлістан	756	Жәнібек	Л. 86/3. Шеті сынған
353	1,50	15,9-14	Гүлістан	756	Жәнібек	Z /283150.
354	1,53	16,2-15,6	Гүлістан	[752 или 756]	Жәнібек	Тип Л. 85/2.
355	1,52	16,1-15,3	Гүлістан	[752 или 756]	Жәнібек	Тип Л.-2. 30.
356	1,41	16,8-15,8	[Сарай әл-Жәдид]	[757]	Жәнібек (!)	Л. 41/15. Реверсі түгелдей жойылған
357	1,46	14,8-15	Гүлістан	[75x]	Жәнібек	Тип Л. 85/2.
358	1,50	17-15,5	ас-Сарай әл-Жәдид	75x	Жәнібек	ФОТО
359	1,19	1,52	Сарай әл-Жәдид	көрсетіл-меген	Жәнібек	Реверстегі жазуы кәсіби түрде жасалмаған ФОТО
360	1,42	16,6-15,1	[Сарай] әл-Жәдид	жойылған	Жәнібек	-
361	1,31	16-16,9	Сарай әл-Жәдид	жойылған	Жәнібек	-
362	1,42	16,2-14,9	ас-Сарай әл-Жәдид	жойылған	Жәнібек	-
363	1,46	17-14	[Сарай] әл-Жәдид	жойылған	Жәнібек	-
364	1,48	16,2-14,9	[Сарай әл-Жәдид]	жойылған	Жәнібек	-

365	1,42	15,6-15	ас-Сарай әл-Жәдид	жойылған	Махмұд Жәнібек	Беткі қабатын тот жойған
366	1,38	16,4-14,5	Сарай әл-Жәдид	жойылған	Махмұд Жәнібек	- (Картушта – ішке қарай алтықырлы өрнек салынған)
367	1,43	16-15,1	ас-Сарай әл-Жәдид	жойылған	Махмұд Жәнібек	-
368	1,40	17-15,6	ас-Сарай әл-Жәдид(?)	жойылған	Жәнібек	-
369	1,30	15,5-14,4	ас-Сарай әл-Жәдид	жойылған	[Жәнібек]	-
370	1,57	16,9-14,6	[Сарай] әл-Жәдид	жойылған	Жәнібек	-
371	1,37	15,5-15	Сарай әл-Жәдид	[7хх]	Жәнібек	Z /257176.
372	1,37	16,8-16,5	ас-Сарай әл-Жәдид	7	Жәнібек	ФОТО
373	0,64	-	Сарай әл-Жәдид	7хх	жойылған	Сынық
374	-	15,5	Гүлістан?	жойылған	Жәнібек	-
375	1,36	15-15,4	Гүлістан	жойылған	Жәнібек	Тип Л. 84/1. Шеті жарылған.
376	1,44	15-15,2	Хуаризм	жойылған	Жәнібек	ФОТО
377	1,52	14,6-14	Хуаризм	жойылған	Жәнібек	ФОТО
378	1,56	16-15,5	жойылған	жойылған	Махмұд Жәнібек	
379	1,40	16,5-17	жойылған	жойылған	Жәнібек	-
380	1,59	15-14,1	Сарай әл-Жәдид	758	Бердібек	Z /283117.
381	1,28	Х-15	Гүлістан	759	Бердібек	Z /139655. Сынған
382	1,48	16,1-16	Гүлістан	759	Бердібек	
383	1,52	16-15,5	Гүлістан	759	Бердібек	
384	1,44	15	Сарай әл-Жәдид	[759]	Бердібек	Л. 43/17.
385	1,46	15,4-14,5	Сарай әл-Жәдид	759	Бердібек	Z /170135.
386	1,42	17,8-15,6	Сарай әл-Жәдид	жойылған	жойылған	Тиын шеңберінің сыртында
387	1,26	16,7-14,5	жойылған	жойылған	жойылған	сынған

388	1,31	16-13,5	жойылған	жойылған	жойылған	- тот басқан
389	0,94	16,5-14,5	жойылған	жойылған	жойылған	Күйік шалған
390	1,41	16,5-15,8	жойылған	жойылған	жойылған	Қатты тоттанған. сынған
391	1,20	16-14	жойылған	жойылған	жойылған	- Жазулар мен картуштардың барлығы дерлік жойылған
392	1,40	16-15,6	жойылған	жойылған	жойылған	Тиынның беті толықтай тот басқан және жойылған
393	1,41	16,7	жойылған	жойылған	жойылған	Жәнібектің типі. Осал, сынған. ФОТО
394	-	-	жойылған	жойылған	жойылған	3 сынық
395	1,25	17,6	анық емес	жойылған	?	Сынған. ФОТО
396	1,28	14,3-15	-	-	-	Тиынның басқа типіне қайта соққан
397	-	-	-	-	-	Үгітіліп кетті

Сарайшықтан табылған шетелдік тиындар

Егер Әмір Темірдің тиындарын шетелдік деп есептемейтін болсақ, онда Хулагулар шығарылымдарынан басқа тиындар кездеспеді. Е.Ю. Гончаров 1999 жылғы археологиялық маусымда елхандық 3 фулустың табылғанын атап өткен болатын. Тиындардың бірі Тебризде елхан Әбу-Саид (717 - 736 х.ж./1317 – 1336 жж.) тұсында соғылған, қалған екеуі де болжам бойынша осы эмитентке тиесілі [8, С.10]. 2023 жылғы зерттеуде шетелдік мыс тиындардың мүлде кездеспейтіні атап өтілді, ал күміс тиындар туралы мүлде сөз болған жоқ. 2019-2023 жылдары ақпараты және эмитенттің аты толығымен өшкен бір ғана мыс фулусты тіркелді. Белгілі бір мөлшерде иран тиындарының келуі Жәнібектің жорығы мен Тоқтамыстың 780 – 790 х.ж. /1380 – 1390 жылдардағы/ жорықтарымен байланысты деп болжанып отыр. Мұндай болжам жасалуының себебі - 757 х.ж. /1356 жылы/ Тебризде соғылған жошылық екі анонимді пұлдың табылуы [17, С.186, 190]. Қалай болғанда да, XIV ғасырда Сарайшық базарларына елхандық мыс тиындар айналымға енген күннің өзінде олардың аз саны айтарлықтай рөл атқара алмай-

тынын айта кеткен жөн. Оның үстіне, егер мұндай фулустар табылса, олар сауда айналымы кезінде тәркіленеді және оларды жалған тиындар сияқты лақтырып тастауы мүмкін. XIV ғасырда Сарайшыққа елхан тиындарының келуіне қатысты жағдайды нақтылауға алдағы табылатын олжалар, мүмкін, күміс дирхемдердің табылуы көмектесер деген үміт бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Fraehn Ch.M. Recensio numorum muhammedanorum. – T.1. Petropoli, 1826; Френ Х.М. Монеты ханов улуса Джучиева или Золотой Орды, с монетами разных иных мухамедданских династий. – СПб., 1832. - 80 с.

2 Fraehn Ch.M. Fraehnii Opusculorum Postumorum. P.1. / Edidit Dorn B. Petropoli: Typis Academiae Imperial. Scientiarum. MDCCCLV. 1855. 451 p.

3 Савельев П.С. Монеты Джучидские, Джагатаидские, Джелаиридские и другие, обращавшиеся в Золотой Орде в эпоху Тохтамыша // Записки Российского Археологического Общества. -Т.XII., -Вып. II. -СПб., 1858.

4 Марков А.К. Инвентарный каталог мусульманских монет Императорского Эрмитажа. На правах рукописи. -СПб., 1896.

5 Федоров-Давыдов Г.А. Клады Джучидских монет // Нумизматика и эпиграфика. 1960. – Т.I. 94-192 с.

6 Федоров-Давыдов Г.А. Находки джучидских монет // Нумизматика и эпиграфика. 1963. – Т. IV. 165-218 с.

7 Пахомов Е.А. Монетные клады Азербайджана и других республик, краев и областей Кавказа. В. VII. – Баку: изд. АН Азерб ССР, 1957. - 85 с.

8 Гончаров Е.Ю. Денежное обращение города Сарайчук // Труды международных нумизматических конференций. «Монеты и денежное обращение в монгольских государствах XIII-XV веков». I МНК – Саратов, 2001 и II МНК - Муром 2003. (ИВ РАН, Москва). -М.: Нумизматическая Литература, 2005. – С. 9–12

9 Клоков В.Б., Лебедев В.П. Монетный комплекс с Царевского городища // Степи Европы в эпоху средневековья / Золотоордынское время. – Донецк, 2010. – Т.8.

10 Янина С.А. Джучидские монеты из раскопок и сборов Куйбышевской археологической экспедиции в Болгарах // Материалы и исследования по археологии СССР. -М., 1954. №42. – С.424-457

11 Аитова С.М., Самашев З.С. Джучидские монеты с городища Сарайчик // Известия МН-АН РК. Сер. общественных наук. Алматы, 1998, №1

12 Самашев З., Бурнашева Р., Базылхан Н., Плахов В. Монеты Сарайчика. – Алматы: изд-во «Grapho-art», 2006. -183 с.

13 Настич В.Н. Улджайтимур-хан: время и деньги (нумизматический обзор) // Эпиграфика Востока. – М.: ИВ РАН, 2009. – Вып.28. 168-186 с.

14 Каталог. Восточные монеты из фондов Центрального государственного музея республики Казахстан. – Т.2. / сост. Петров П.Н., Белтенов Ж. – Алматы: «Интеллсервис», 2020. - 420 с.

15 Добромыслов Л.Б., Ермолов Ф.В. Чекан Токтамыша в 780-790 гг.х. (1378-1388). Книга 2. Каталог. – М.: «ИПЦ «Маска», 446 с. + таблицы

16 Петров П.Н., Муктар А.К., Биккиняев Н.Х., Жумабаев А.Ж. Нумизматические находки в средневековом городе Сарайчук по результатам археологических исследований. Ч.I // МИАСП, 2022. №14. 382-404 с. (https://maiask.ru/arhiv/2022-no-14/).

17 Петров П.Н., Атыгаев Н.А., Белтенов Ж.М. Деньги на «Шелковом пути». – Алматы: Хикари, 2023. - 400 с.

18 Петров П.Н., Ахметова У.Т., Жумабаев А.Ж. Нумизматические находки в средневековом городе Сарайчук по результатам археологических исследований. Клады. Ч. II. // МАИАСП. 2023. №15. - 845-860 с.

19 Федоров-Давыдов Г.А. Нумизматика Хорезма золотоордынского периода // НЭ. 1965. – Вып.V. 179-224 с.

20 Лебедев В.П., Павленко В.М. Монетное обращение золотоордынского города Маджар // Степи Евразии в эпоху средневековья. Т. 6. Золотоордынское время. Сб. науч. работ / Гл. ред. А.В. Евглевский. – Донецк: ДонНУ, 2008. 415-486 с.

21 Z/№ - Oriental Coins Database www. zeno.ru.\

7 ЖОШЫ ҰЛЫСТЫҚ САРАЙШЫҚ – ӘЛЕМ КАРТАЛАРЫНДА

Жошы Ұлысы дәуіріндегі Сарайшықтың ата тарихымыздағы орнын айшықтайтын деректердің ішінде ортағасырлық карталардың орны ерекше. Сол замандағы Ұлы географиялық жаңалықтар, Ұлы Жібек жолының Азия мен Еуропа аралығын жалғап, сауда-саттықтың жандануы, әлемде урбанизация үрдістерінің дамуы картография ғылымына деген сұраныстыарттырды.

1154 жылы араб географы әл-Идриси «Сурат әл-ард» атты дүние жүзінің алғашқы атласын сызды. Оның ізімен ибн-Хаукал сынды араб ғалымдарының карталары сызылды.

Әл-Идриси картасы Испания-Қытай аралығын қамтып, қазақ тарихына қатысты Орта Азия, Дешті Қыпшақ, Каспий теңізі және өзге де аумақтарды анық белгіледі.

Көп ұзамай Шыңғыс хан империясы құрылғаннан кейін әлем картасы айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Ендігі жағдайда еуропалық елдер жаңа империяны тануға, онымен саяси, экономикалық байланыс орнатуға мүдделі болды. Екі ортада елшілер, миссионерлер, көпестер ағылды. Олар арқылы алынған ақпараттар Жошы Ұлысы империясын тануда пайдаға асты. Нәтижесінде жаңа карталар сызылды, алғашқы тарихи зерттеулер пайда бола бастады. Ресейлік зерттеуші И.К. Фоменко: «Как правило, иностранные авторы, писавшие о России до XVI в., получали информацию о Московии и различных «Тартарских царствах» из вторых рук, черпая сведения из литературы, летописных свидетельств, документов и устных рассказов. Так работали Матфей Меховский, Павел Иовий Новокомский, Паоло Кампании, Иоганн Фабри и др. «Записки о Московитских делах» Сигизмунда Герберштейна – одно из первых описаний страны очевидцем», - деп сипаттайды [1, С.82].

Соңғы жылдары Қазақ мемлекеттілігі тарихын айғақтайтын тарихи карталарға айырықша назар аударыла бастады. Олардың қата-

рында қазақ ғалымдары Н. Кенжеахметтің, М.-А. Сыдықназаровтың еңбектерін атап өтуге болады.

АҚШ-тағы Гарвард университетінде еңбек ететін белгілі ғалым Н.Кенжеахметтің монографиясы қазақ картография ғылымын жаңа сатыға көтерді [2]. Ол Еуразияның тарихи географиясын сызуға атсалыса жүріп ортағасырдағы карталарға айырықша мән береді. Зерттеуші: «Қазақстан суверенитетіне нұқсан келтіретін кез-келген аумақтық даудың туындамауы үшін еліміздегі топонимикалық атаулардың шығу тегін зерттей отыра, тарихи географиялық картасы жасалуы тиіс», - деп есептейді. Ғалым «сол кездегі жер аттарының тарихи атауларын қайтару керек. Мысалы, XVII-XVIII ғасырлардағы қытай, манчжур және еуропа саяхатшыларының карталарында Атырау Ойшық делінсе, Орал қаласы Теке, ал Петропавл Қызылжар деп аталған», - деп ойын білдірген [3].

Н. Кенжеахметтің анықтауынша, АҚШ-та Орталық Азия бойынша 13 мыңнан астам карта сақталған. Н. Кенжеахметтің іргелі монографиясына Тайвань, Германия, Жапония және Франция архивтерінен жиналған Қазақстанға қатысты карталар бойынша зерттеулері енген және 600 топонимдік атаулар талданған [4].

М.-А. Сыдықназаровтың еңбегі 2021 жылы жарық көріп, еліміздегі кітапханаларға таратылды. Автордың айтуынша: «Сіз қолыңызға XVI-XIX ғасырлардағы карталар мен атластар бейнеленген кітапты алып отырсыз, ол менің көпжылдық бастамашыл зерттеулерімнің және Қазақ мемлекеті белгіленген, айқындалған әлемдік жинақтамалардан (европалық, американдық, Шығыс) карталарды іздеуімнің нәтижесі болып табылады. Кітапта 130 картаның хронологиялық тәртіппен автордың сипаттамалары – дескрипторлар, түсініктемелер, келтірілген, толық шығу деректері, мен техникалық параметрлері ұсынылған, сипатталған, берілген», - деп ойын жеткізген [5, 8 б.].

Еңбек А. Дженкинсонның 1562 жылғы сызбасынан бастау алып, 1859 жыл аралығындағы карталар жинақталған. Карталарда ортағасырдағы Қазақ мемлекетіндегі жер-су атаулары, қалалар, теңіздер мен көлдер, елді мекендер анық көрсетіледі. Дегенмен А. Дженкинсоннің картасындағы латынша ескертпелердің аудармалары кейінгі карталарда байқалмайды, карталардағы шартты белгілер толық ашылмаған, оқырманға оның нені білдіретіні түсіндірілмеген. Соған қарамастан, ел тарихын тануға ұмытылған оқырман үшін карталардың бір еңбекке жинақталуы, мүмкіндігінше толық ақпарат берілуі аса маңызды.

Ал М.-А. Сыдықназаровтың еңбегінен ортағасырлық Сарайшық қаласы туралы мол мәлімет алуға болады. Карталарда Сарайшық қаласы Жайық өзенінің бірде оң жағалауында, екіншісінде сол жағалауында орналасқанына қарамастан, оқырман үшін қаланың орта ғасырда өмір сүргенінің айқын дәлелі. Оны әлемдік картографтар дәлелдеп отыр. Ерекше қызықтысы Сарайшық қаласы маңындағы қалалар мен елді мекендер орналасуы назар аударарлық. Олардың ішінде Йурмен, Жайық, Чимис, Космай және басқа да елді мекендер мен жер су атаулар тарихы өз ізденушілерін күтуде.

Біздің зерттеу аумағына алған Фра Мауроның 1459 жылғы, Антон Вид және Иван Ляцкийдің 1537 жылғы «Московия» картасы, Герберштейннің 1549 жылғы, Николаас Витсеннің 1682 жылғы «Солтүстік және Шығыс Тартария» картасы, Марк Дубровиннің 1729-1731 жылдары сызған карталары, 1741, 1861 жылғы сызбалар М.-А. Сыдықназаров еңбегіне енбеген.

Ортағасырлық карталарда Еділ, Жайық өзендері бойларындағы қалалар орны түрліше белгіленеді. Мәселен, Сарайшық қаласының өзі бірде Жайық өзенінің сол жағалауына орналасса, келесі картада оң жағынан көрініс табады. Бұл мәселеге ресейлік ғалым И.В. Волков алтынордалық Укек қаласын зерттей келе картографтардың қала орнын түрліше орналастырғанына назар аударады. Ғалым: «Обозначение Укека на левом берегу Волги – явление нормальное, это нельзя считать грубой ошибкой. Например, Тану (Азов) довольно часто обозначали на правом берегу, а не на левом. Причина этого – в несовершенстве «языка карты» того времени. Пункт должен был располагаться в месте пересечения строки его названия с линией побережья, что удобно для морских берегов, но не для рек. Поэтому название можно было располагать на любом берегу реки, а затем следовало помещение условного знака города на месте названия. Поэтому следует считать, что у Фра Мауро изображен именно тот Укек, остатки которого находятся на южной окраине Саратова, а не какой-то другой на левом берегу», - деп нақтылайды [6, С.225].

И.В. Волков карталардағы Укек қаласының орналасуын, оның каталондық карталардағы орнын өзара салыстырады. Біздіңше болашақта Сарайшыққа қатысты карталарда жан-жақты саралаудан өтуі тиіс.

2023 жылы Қазақстандық картография ғылымы Г.Н. Ксенжик, Е.Т. Кариннің зерттеуімен толықты [7]. Жиынтық каталогта Қазақ тарихына қатысты 1588-1910 жылдар аралығындағы 455 Еуропа мен Ресейдің

карталары сараланады. Еңбекке сын-пікір жазған тарихшы С.И. Ковальская: «Рецензируемое издание «Сводный каталог картографических материалов по истории Казахстана XVII – начало XX вв.» как раз восполняет существенный пробел в отечественной науке и даёт в руки будущих исследований конкретный методологический инструментарий, значительно облегчая им работу, требующую привлечения картографических материалов как по поиску подобных материалов, так и методологии исследования», - деген қорытынды жасайды [8, С.299-300].

Соңғы жылдары АБДИ компаниясының Гуманитарлық ғылымдар институты Қазақстанның тарихи картографиясы мәселелеріне айтарлықтай назар аударып келеді. Институт «Qazaq Historical Review» басылымының 2023 жылғы №1 номерін Қазақстан, Орталық Азия және барлық Еуразия аймағындағы аталған мәселеге арнады. Басылымда Г.Н. Ксенжик, Е.Т. Кариннің, С.М. Горшенинаның, Н. Кенжеахметтің, С.В. Рассказовтың, Р. Ш. Кукашевтың, №2 номерінде С.И. Ковальскаяның мақалалары жарияланды [9].

Әр ғылыми мақаланың өзіндік ерекшеліктері бар, өзіндік ойы бар.

Біздіңше, картография ғылымы ортағасырлық Сарайшықты тануда маңызды рол атқарады. Карталардың мұқият талдануы, өзара салыстырылуы, Сарайшық айналасындағы елді мекендерді ашуға, олардың өзара байланыстарын саралауға негіз болады. Оларға қоса бүгінгі ортағасырлық тарих ғылымындағы белгісіз тұстары да анықтала түсері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Фоменко И.К. Наследие Золотой Орды в Европейской картографии XV–XVIII вв. // Золотордынское обозрение. -2013. - № 1. –С.82-95

2 Nurlan Kenzheakhmet. Eurasian Historical Geography as Reflected in Geographical Literature and in Maps from the 13th to the Mid-17th Centuries. Deutsche Ostasienstudien 24. Gossenberg: OSTASIEN Verlag, 2021. -380 p.

3 Нұрлан Кенжеахмет, тарихшы, ғалым: Қазіргі қазақ елінің шекарасы Абылайхан тұсында қалыптасқан // https://www.minber.kz › nurl...24.01.2024

4 Гарвард профессоры Нұрлан Кенжеахмет: Қазақ тарихының тағдыры ел ғалымдары мен үкіметінің қолында // informburo.kz›. 24.012024

5 Сыдықназаров М.А. Қазақстанның үзіліссіз мемлекеттілігі тарих толқынында. XYI-XIX ғасырлардағы Европалық және американдық карталардағы Қазақ мемлекеті. Атлас. – Брюссель, 2021. -532 б.

6 Волков И.В. Некоторые картографические и нарративные источники об Укеке // Археология Евразийских степей. -2022. -№3. – С. 204-242

7 Ксенжик Г.Н., Карин Е.Т. Сводный каталог картографических материалов по истории Казахстана XVII – начало XX вв. Алматы: N-Press, 2023. – 494с.

8 Ковальская С.И. Новое исследование по исторической картографии Казахской степи XVII – начало XX века. Qazaq Historical Review. 2023. N 2 (2). С. 296-301.

9 Ксенжик Г. Н., Қарин Е. Т. Қазақстан тарихының XVII–XX ғасырдың басында картографиялық материалдардың жиынтық каталогының талдауы // Qazaq Historical Review. 2023. No 1 (1). 6-21-бб. (Ағылшынша); Горшенина С. М. Антонио Дженкинсон и его ревизия картографических схем Центральной Азии в XVI веке // Qazaq Historical Review. 2023. No 1 (1). С. 22-55 (на рус. яз.); Кенжеахмет Н. Европейские карты Казахской степи и Центральной Азии // Qazaq Historical Review. 2023. No 1 (1). С. 56-121 (на рус. яз.); Рассказов С. В. «Степь кочующих киргиз-кайсаков»: казахская степь на российских картах XVIII – начала XIX века и раннемодерная картография как источник для изучения географических представлений о Центральной и Северной Азии // Qazaq Historical Review. 2023. No 1 (1). С. 122-139 (на рус. яз.); Кукашев Р.Ш. Казахская степь середины XVI века в проекции вновь открытой оригинальной карты Антонио Дженкинсона (1) // Qazaq Historical Review. 2023. No 1 (1). С. 140-187-б.; Ковальская С.И. Новое исследование по исторической картографии Казахской степи XVII – начало XX века // Qazaq Historical Review. 2023. No 2 (2). С. 296-301.

ФРА МАУРОНЫҢ 1459 ЖЫЛҒЫ КАРТАСЫ

(Қараңыз: 64-сурет, 356-бет).

Венеция монахы Фра Мауроның картасы Португалия королі V Аффонс тапсырмасы бойынша жасалған. Карта жоғалған соң Андреа Бьянко оның сызбасынан көшірмесін жасайды. Карта Венецияның Марчиана кітапханасында және Ватиканда сақтаулы.

Зерттеуші Р. Абазов картаны саралай келе: «Эта карта имеет интереснейшую историю как бесценный исторический источник, и как важный документ для изучения казахской государственности в раннем периоде по трем причинам: Она подготовлена по многочисленным письменным источникам, в том числе многим, не дошедших до наших дней. Основана на многочисленных персональных интервью путешественников и дипломатов того времени: Фра Мауро провел интервью не только с венецианскими и генуэзскими гражданами, но и с торговцами, путешественниками и послами, жившими в Ве-

неции, в квартале Азии. Многие из жителей этого квартала были выходцами из Центрально-Азиатского региона, где и создавалась основа казахской государственности в то самое время. Среди них, вероятнее всего, были представители казахских и других тюркских племен, в частности, кипчаков. Фактически, это и есть тот самый интересный документ, доказывающий близкую и тесную связь этой эпохи с Кодексом Куманикуса (1330 г.) - кипчакско-персидско-латинским словарем, который является одним из самых известных памятников тюркских сочинений (изученных казахстанским ученым Александром Гаркавцом)», - деп жоғары бағалайды [1].

Карта өлшемі 2,4х2,4 м. Ол шамамен 3000 жазбаша таңбаны, тақырыптарды және ескертулерді қамтиды. Дегенмен заманына сай құпия белгі, таңбаларды жоққа шығаруға болмайды. Картадан Еділ, Жайық өзендері (төңкерілген картаның сол жақ төменгі бөлігінде көрсетілген, яғни, өзендер оңтүстіктен солтүстікке қарай ағып, Еділ мен Оралдың оңтүстігінде емес, солтүстігінде орналасқан Каспий теңізіне (CHASPIVM) құяды). Картада Еділ мен Орал өзендерінің аралығындағы көптеген елді мекендер көрсетілген.

Фра Мауроның жазбалары, ізденістері ол қайтыс болған соң 1464/1465 жылдары ізсіз жоғалған. Оның картасының бүгінгі замандағы солтүстікке қарай бағытталған заманауи карталардан айырмасы, оның төңкеріліп қаралуында.

Дегенмен зерттеушілер 2015 жылғы Р. Абазовтың «Становление казахской государственности на Великом щелковом пути в отражении карты «Фра Мауро» мақаласын орынды сынға алады [2]. Мақаланы талдаған С.А. Панарин мен И.К. Фоменко Фра Мауро еш негізсіз Фра Маоро деп жазғанын және картаны талдаудағы қателіктерді ашық көрсетті.

Бүгінде Фра Мауро картасына сүйене зерттеушілер Сарайшық қаласының «билеушілер пантеоны» болғанын жазып жүр. Ол турасында В. Трепавлов: «На карте Фра Мауро 1459 г. правый берег реки Laicho (Яик) украшен изображением мавзолея, сопровождаемым словами Sepulshure Imperial (имперская усыпальница)» деп дәлелдейді [3, С. 790].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Абазов Р. Читая карту Фра Мауро // e-history.kz›upload/iblock/b6a/….pdf. 20.01.2024

2 Панарин С.А., Фоменко И.К. Сказ о том, как адьюнкт-профессор на карте XV в. Алматы нашел // Историческая экспертиза. -2016. №27 – С.181-205

3 Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. -3-е изд., испр. и доп. – М.: Квадрига, 2020. -1040 с.

АНТОН ВИД ЖӘНЕ ИВАН ЛЯЦКИЙДІҢ 1537 ЖЫЛҒЫ «МОСКОВИЯ» КАРТАСЫ *(65-сурет, 357-бет).*

Антон Вид Гданьск сенаторы Иоанн Кеппеннің тапсырмасы бойынша Польша королі Сигизмундке Мәскеу патшалығынан қашып келген И. Ляцкиймен бірлесіп сызады.

А. Вид картаны И. Ляцкийдің айтқандарына және антикалық жазбаларға сүйене отыра дайындаған. Карта көлемі 48х34,5 см. Ол ортағасырлардағы географиялық карталар тәрізді шығысы жоғарыда, оңтүстігі – сол жақта, батысы – төменде берілген. Картаны зерттеген О. Кудрявцев: «На карте помещено несколько картинок с животными, дающих некоторое представление как о фауне Московии и сопредельных земель, так и о занятиях тамошних людей. На востоке, недалеко от московских границ, где располагается Казакская орда, изображены верблюды с наездниками, что может говорить не только о разведении этих животных в безлесной степной полосе, но и о занятии караванной торговлей. По соседству, между Яиком (= Уралом; Deick) и Волгой (Wolga), где обитают ногайцы, показан табун лошадей и овечье стадо – явное указание на кочевой образ жизни. На юге, где располагаются перекопские (= крымские) татары, виден табун несущихся лошадей – знак того, что их тут разводят» деп атап өтеді [1, С. 50].

Европа карталарын жаңаша саралаған ғалым Н. Кенжеахмет: «На карте Вида (1542) Волга (Wolga flu.) впадает в Каспийское море (Mare Caspium) мно-гочисленными рукавами. На правом берегу Волги, в самом устье, расположен город Астрахань (Astarchan). Восточнее Волги показан Яик (Deick flu.). На Яике расположен только один город – Сарайчик (Saritzik); он изображен на правом берегу в устье. К востоку от Яика тянется безымянная река. Учитывая, что она следующая после Яика, и что она впадает в Каспийское море, можно предположить, что это Эмба. Между условной Эмбой и Яиком по краю карты имеется надпись Oriens, т.е. «Восток» деп анықтай түседі [2, С.60-62].

Картада Жайық өзенінің оң жағалауынан Сарайшық (Sareitzik) анық және Еділ – Жайық аралығы Ноғай Ордасы деп (картаның жоғары шетінің ортасын қараңыз).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Кудрявцев О.Ф. Карта Московской Руси Антона Вида и Ивана Ляцкого // http://drevnyaya.ru›vyp/2017_2/part_4.pdf. С.40-57. 20.01.2024

2 Кенжеахмет Н. Европейские карты Казахской степи и Центральной Азии. Qazaq Historical Review. 2023. No 1 (1). – С.56-121 (на рус. яз.).

ДЖАКОМО ГАСТАЛЬДОНЫҢ 1548 ЖЫЛҒЫ «МОСКОВИЯНЫҢ ЖАҢА КАРТАСЫ» *(66-сурет, 357-бет).*

Гастальди Джакомо (1500-1566) венециялық инженер, картограф. Ол жинақталған материалдар бойынша әлем картасын сызған. 25 жылда 40 картаны, соның ішінде 1559-1561 жылдары Азия картасының 6 бетін дайындаған.

Зерттеуші И.К. Фоменко картаны саралай келе, Еділ өзенінің (La Volga fl.) оң жағалауында Астраханның үстіңгі жағында Қыпшақ облысы, Еділдің орта тұсында Паластра, Cassan қаласы тұсында Кабат облыстары, ал Еділ өзенінің сол жағалауында Шағатай (эстуария жанында), одан жоғары Шамбанид Тартарлары (Шейбанид) орналасқанын жазады [1, С. 88].

Шейбандық Тартария Еділ-Жайық аралығында орналасқан. Жазбаның төменгі оң жағында Жайық өзенінің оң жағалауында орналастырған Sorayczik қаласы көрініс табады. Ал Сарайшық қалашығының оңтүстігінде Жайықтың Каспий теңізіне құлауы көрсетілген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Фоменко И. «Тартарии»: Орда в европейской картографии // https://realnoevremya.ru/articles/100330-igor-fomenko-zolotaya-orda-i-tartariya-na-staryh-kartah. 20.01.2024

ГЕРБЕРШТЕЙННІҢ 1549 ЖЫЛҒЫ КАРТАСЫ

(Қараңыз: 67-сурет, 358-бет)

Қасиетті Рим империясының дипломаты барон Сигизмунд фон Герберштейннің (1486–1566 жж.) латын тілінде жазып, Венада басылған жазбасы. Герберштейн Австрияның тумасы, елші ретінде екі рет Мәскеу патшалығына – 1517, 1526 жж. келген. Славян тілін білгендіктен жергілікті тұрғындармен кездесіп көрген, білгенін, естігенін, еңбектерден оқығандарын жинақтаған. Герберштейн сауда, дін, тұрмыс-салт, дәстүр, тарих, география, саясат мәселелелеріне назар аударған.

Герберштейн Жайық өзені жағалауында болмағанымен Сарайшық (SoraIczik) қаласына назар аударады. Картасында Сарайшық қаласы деп анық жазылады. Ал жазбасында қаланың ноғайларға бағынытынын атап өтеді. Ол Сарайшық қаласын Шидак (Мұса бидің ұлы Сейдек) басқарады деп жазады [1, С. 438-439].

Зерттеуші М.С. Горшенина: «Герберштейннің картасы ол империялық дипломат ретінде және әртүрлі ақпарат берушілер желісін құраған, атасақ, орыс, поляк, литва және басқа да еуропалық ғалымдар мен мемлекет қайраткерлері арқылы алынған сол кездегі өте өзекті мәліметтерге негізделіп құраған. Картаның графикалық тұжырымдамасы мен номенклатурасы 1525 жылы Римдегі Ресей елшісі Дмитрий Герасимовтың (1465-1535) және бояр (околничий) Иван Васильевич Ляцкий карталарымен параллельдігін көрсетті (сурет. 3). Герберштейн картасын әр түрлі картографтар мен гравюрашылар бірнеше рет шығарды, бірақ көптеген қайта басылымдар кезінде ол іс жүзінде өзгерген жоқ», - деп анықтайды [2, С. 26-27].

Картадағы көріністе назар аударсақ, Сарайшық (SoraIczik) қалашығының орналасқан жері Оралдың оң жағалауында емес, Еділ мен Орал өзендері сағаларының ортасында көрсетілген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Герберштейн С. Записки о Московии: В-х 2т. / Под ред. А. Хорошкевич. – М.: Памятники исторической мысли, 2008. -Т.I: Латинский и немецкий тексты, русские переводы с латинского А.И. Малеина и А.В.Назаренко, с ранненововерхненемецкого А.В. Назаренко. – 776 с.

2 Горшенина С.М. Антонио Дженкинсон и его ревизия картографических схем Центральной Азии в XVI веке // Qazaq Historical Review. 2023. No 1 (1). С. 22-55 (на рус. яз.)

ЭНТОНИ ДЖЕНКИНСОННЫҢ 1562 ЖЫЛҒЫ КАРТАСЫ

(Қараңыз: 68-сурет, 358-бет).

Ортағасырдағы орыс, татар жерлерін, Каспий теңізі айналасын және Орта Азия елдерін картаға түсірген ағылшын саудагері, әрі елшісі Энтони Дженкинсон (1529-1611) болды. Ол Москва патшалығында бірнеше рет болып, ескі сызбалармен бірге өз ақпараттарын жинақтай, XVI ғасырдағы Московияның картасын сызды. Оның «Россия, Московия и Тартария» картасы алғаш рет батыс европалықтардың осы аумақты сызған картасы болды.

А. Дженкинсон картасын зерттеуші И.А. Осипов картадағы атауларға ерекше мән бере: «Продолжая рассказ о впервые встречающемся на карте, следует обратиться к одному из самых странных топонимов, как оригинала, так и копий – городу Shakashick, помещенному в среднем течении р. Яик. Г. Миллер, а позже Э. Морган и Ч. Кут не могли найти никакого объяснения этому названию и каким-то образом идентифицировать это место. Академик Б. Рыбаков под Shakashick'ом видел дубль Сарайчика», - деп тұжырымдайды [1, С.17].

Картада Сарайшық қаласын Жайық өзенінің сол жағалауына орналастырған. Зерттеушілер картадағы осындай кемшіліктеріне қарамастан Гербершейннің картасына қарағанда карта ғылымы анағұрлым алға жылжығанын атайды. Қазақстандық зерттеуші профессор М. Сдыков Жайық өзенінің ортаңғы ағысының оң және сол жағалауларынан екі қаланы байқап, оның бірі Сарайшық, ал екіншісі атауы белгісіз қала деп есептейді. Ғалымның пікірінше, екі қалаға да бірдей «тастан қаланған татар мешіттері» шартты белгілері қойылған деп атап өтеді [2]. Э. Дженкинсоннің картасы мен жазбасын саралаған зерттеуші С.М. Горшенина: «Оның бақылаулары өзі салған Мәскеу және Тартария картасына негіз болды. Оны Дженкинсон картограф Клемент Адамстың көмегімен құрастырған. Оны құру кезінде орыс және ағылшын құжаттарына, сонымен қатар өз бақылауларына сүйенді. Ұзақ уақыт бойы барлық зерттеушілер бұл картаның көптеген ірі картографтар қайта басып шығарған көшірмелерін пайдаланды. Ең танымал басылымдарды Герард Меркатор және Авраам Ортелий жасаған. 1980 жылдары поляк зерттеушісі Кристина Шикула картаның түпнұсқасын тауып жариялады. Дженкинсонның саяхат сипаттамасында және картада ұсынылған Орталық Азияның жаңа картографиялық схемасы картографиялық жұмыстарда кеңінен таралып, мойындалды. Бұл Дженкинсон картографиялық схемасының мәні кеңістікті

бастапқы ұйымдастыруда жатыр. Бір жағынан, ол Птолемейдің ежелгі графикалық сызығына сүйенеді (Окс өзені Каспий теңізіне құяды). Екінші жағынан, схемада Tartaria, Turchestan, Persia, Corasan, India orientalis, China, Cathaio және Mongol сияқты жаңа топонимдер пайда болды», - деп жоғары баға берген [3, С. 22-23].

Одан әрі ғалым Н. Кенжеахмет Дженкинсон картасына талдау жасаған. Бұл карта Қазақ хандығының мемлекеттік шекарасына байланысты ерекше қызығушылық тудырғанын атап өтіп, оларда Қазақ хандығы тәуелсіз мемлекет ретінде көрсетілгенін, оның аумағы түрлі-түсті бояумен ерекшеленгенін атап өтеді. Картада Каспий теңізінің солтүстігі мен солтүстік-шығысында (Mare Caspium картада) екі ноғай ордасы кездеседі дей келе, орталықтары ретінде Сарайшық (ʃerachick) және Шакашик (ʃhakaʃhick) қалаларын көрсетеді. Сонымен бірге ғалым бұл картада Cassackia ордасының сызылып (Қазақ хандығы) түскеніне баса назар аударған [4, С. 57, 84].

Н. Кенжеахмет зерттеуінде Дженкинсоннің Сарайшық қалашығын Sherachick, Serachick деп жазғанын атап өтеді. Ғалым Жайық бойындағы Shakashick қалашығын Н. Витсенше Kosjaick [Witsen 1698] дей келе; «На реке Яик (Урал), в Казахстане. Согласно Книги Большому Чертежу, Кош-Яик – это остров в месте слияния Илека и Урал, где раньше существовало казачье поселение. Вероятнее всего, это современный Жарсуат, город в Атырауской области, Западный Казахстан», - деп түйіндейді [4, С.97].

Э. Дженкинсон картадан басқа «Орта Азияға саяхат (1558–1560 жж.) атты жазбасында Сарайшықты «Seratchik» деп жазады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Осипов И.А. «Антоний Дженкинсон и карта России 1562 года». –Сыктывкар: Издательство Редакционно-издательский отдел Института языка, литературы и истории, 2008. - 46 с.

2 Средневековая городская культура и кочевая цивилизация бассейна реки Урал /Материалы международной научной конференции / Под общей редакцией профессора Сдыкова М.Н. –Уральск, 2012. - 459 с.

3 Горшенина С.М. Антонио Дженкинсон и его ревизия картографических схем Центральной Азии в XVI веке // Qazaq Historical Review. 2023. No 1 (1). – С.22-55 (на рус. яз.)

4 Кенжеахмет Н. Европейские карты Казахской степи и Центральной Азии // Qazaq Historical Review. 2023. No 1 (1). – С.56-121 (на рус. яз.)

АБРАХАМ ОРТЕЛИЯНЫҢ 1570 ЖЫЛҒЫ КАРТАСЫ

(Қараңыз: 69-сурет, 359-бет).

XVI ғасырдағы европа картографиясының ескерткіші. 1570 жылы Антверпен қаласында жарық көрген. Ол қазіргі заман үлгісіндегі алғашқы географиялық атлас. Оның алғашқы басылымында 70 карта, деректерге жасалған 87 сілтеме болса, 1612 жылғы 31-ші басылымында 167 карта және 183 еңбекке сілтеме кездеседі.

Сарайшыққа қатысты картасы «Тартария» деп аталады.

Зерттеуші И. Фоменконің анықтауынша, Тартария немесе Ұлы хан иелігіне 900 тайпа кіретін Астрахан, Қазан, Түркістан патшалығы, Маверанахр, Шағатай, Самарқанд және басқалары енген. Сонымен бірге Тартарияға солтүстігінде Черемис ордасы, Турбоним ордасы, Меркіт ордасы, Башқұрт ордасы, Сібір ордасы және басқалары енген [1].

Картаны мұқият қарасақ Еділ – Жайық аралығында Каспий теңізі маңында 5 қала байқалады. Еділ өзенінің батыс бетінде (Astracan) Астрахан қаласы белгіленген. Одан төмен Еділдің шығыс бетіне Sorazich (Сорачик), одан шығысқа қарай Salicinit (Саликинит) және Cosmay (Қосмай) орналасқан. Бүгінгі Атырау қаласы тұсында Жайық өзенінің шығысында Risan (Рисан), одан жоғары Rauore (Райөре), одан шығысқа көл жағасында Sharauis (Сарауыз) қаласы бар. Risan (Рисан) қаласынан шығысқа қарай Irmoneb (Ермонеб) қаласы бар. Жайық өзенінен (Yaick) шығысқа қарай Iaicubi (Жайкүбі) өзені ағып жатыр. Әрі қарай Каспийге жақын Frutacb (Фрутагб), Canabus (Канабус), Caracus (Қарасаз) қалалары бар. Астраханнан жоғары Мечет қаласы бар. Біздіңше, қалалардың басым бөлігі бүгінде анықтала қойған жоқ және Сарайшық қаласы орны ауыстырылғандай. Өйткені, ол картада Астрахань қаласына тым жақын орналасқан.

Картография ғылымында Абрахам Ортелияның 1562 жылғы да картасы белгілі. 1562 жылғы картада Жайықтың сол жағалауында Sherachick, үстіңгі жағында Shakajhik (Шақашық) қаласы орналасқан [2, 28-29 б.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Фоменко И. «Тартарии»: Орда в европейской картографии // https://realnoevremya.ru/articles/100330-igor-fomenko-zolotaya-orda-i-tartariya-na-staryh-kartah. 20.01.2024

2 Сыдықназаров М.А. Қазақстанның үзіліссіз мемлекеттілігі тарих толқынында. XYI-XIX ғасырлардағы Европалық және американдық карталардағы Қазақ мемлекеті. Атлас. – Брюссель, 2021. -532 б.

АҒАЙЫНДЫ ЯН И ЛУКАС ДУТЕКУМДАРДЫҢ 1562–1572 ЖЫЛДАРДАҒЫ КАРТАСЫ

(Қараңыз: 70-сурет, 359-бет)

Тарихта карта «Жаңа Солтүстік – Московия, Рутен, Тартар, сонымен бірге Тартар Ордалары аймақтары, оларды қоршаған жерлер ...» («Новое описание Северных Регионов, включая Московию, Рутенов, Тартар, а также Орд тартарских, окружающих эти земли…») атауымен белгілі.

Зерттеуші И.К. Фоменко пікірінше, карта XVI ғасырдағы белгілі саяхатшылар, картографтар Сигизмунд Герберштейн, Ивана Ляцкий, Герард Меркатор, Антония Дженкинсон, Джакомо Гастальдо, Олаус Магнус, Каспар Фопеллия еңбектеріне сүйене отыра сызылған. Картографтар сызбасына «Тартар халқы қашанда өзінің жауынгерлігімен ерекшеленді, көшпелі өмір салтын ұстанған және ол Ордаларға бөлінген» деп жаза келе, Булгария, Кассакия, Төменгі Орал ауданындағы, Еділ-Жайық аралығындағы Ноғай жеріндегі, Жайық өзенінің жоғары жағындағы, Түркістандағы Ордаларды ерекше атап өткен. И.К. Фоменко картографтардың Еділ-Жайық аралығындағы көшпелі Орда суреті тұсына «Орда» тартар тілінде адамдардың біртұтас қауымдасып өмір сүретінін білдіреді. Осы қауымдастықта (Ордада) көшпелі өмір салтын жүргізеді», - деп жазғанына назар аударады. Оған қоса картада Қазан Тартариясы мен Астрахан Тартариясының Мәскеу патшалығына қосылғаны көрсетіледі [1, С.90-91].

Ағайынды Ян и Лукас Дутекумдар ағайынды Детекумдар деп те жазылады. Бүгінге дейін олардың карталары толыққанды қолға түсе қоймады. Сондықтан әлеуметтік желіде жарияланған «әзірше ең жақсы фотосы» деген жарияланым пайдаланылды [2].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Фоменко И. «Тартарии»: Орда в европейской картографии // https://realnoevremya.ru/articles/100330-igor-fomenko-zolotaya-orda-i-tartariya-nastaryh-kartah. 20.01.2024

2 Карты Тартарии - о фальсификации истории // hystory.mediasole.ru›karty_tartarii__o_… 25.01.2024

ГЕРАРД МЕРКАТОРДЫҢ 1595 ЖЫЛҒЫ КАРТАСЫ

(Қараңыз: 71-сурет, 360-бет).
Атақты Фламанд картографы, географы

Герард Меркатор 1594 жылы қайтыс болған соң, жұмысын аяқтап жариялаған. Атласта 107 карта, түсіндірмелері қамтылған [1, С. 94].

Қазақстандық зерттеушілер де Г. Меркатор картасын жоғары бағалады. Олар: «В позднем Средневековье параллельно начали развиваться два направления картографии – космогоническое, позволяющее изучить устрой-ство Вселенной и сформировать представление людей о мире. Второе направление было представлено так называемыми портуланами, морскими картами, которые весьма схематично изображали внутреннюю часть суши, но досконально – береговые линии, мысы и острова. Карта Герарда Меркатора, которая была составлена в 1569 году, объединила эти два направления. Его карта одновременно позволяла определить местоположение и проложить по компасу морской маршрут» деп атап өтеді [2, С. 299].

Г. Меркатор картасында Каспий теңізі Mare de Sala, ал Сарайшық «Saraitzick» атауымен Еділ мен Жайық өзендері аралығында Еділге жақын орналасқан [3, 40-41б.]. Біздіңше, Сарайшық бұл картада солтүстікте орналасқан, яғни, Каспий теңізінің солтүстік жағалауынан әлдеқайда алыс орналасқан.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Берлянт А.М. К пятисотлетию Герарда Меркатора // Вестник Московского университета. Серия 5. География. - 2012. №1. – С.91-97

2 Ковальская С.И. Новое исследование по исторической картографии Казахской степи XVII – начало XX века // Qazaq Historical Review. 2023. № 2 (2). С. 296-301.

3 Сыдықназаров М.А. Қазақстанның үзіліссіз мемлекеттілігі тарих толқынында. XYI-XIX ғасырлардағы Европалық және американдық кааралардағы Қазақ мемлекеті. Атлас. – Брюссель, 2021. -532 б.

АДАМ ОЛЕАРИЙДІҢ 1655 ЖЫЛҒЫ КАРТАСЫ

(Қараңыз: 72-сурет, 360-бет).

Адам Эльшлегер (Олеарий) (1599-1671) Саксонияда дүниеге келген. XVII ғасырда Ресейге үш рет келген неміс ғалымы, математик, тарихшы, этнографы, саяхатшысы. Лейпциг университетін тәмамдап, жоғары білім алған. Кейін елшілік қызметте болған. Ғалым өзінің Московиядан алған әсерін арнайы кітап етіп шығарды. Ол парсы еліне елшілікке барып, үш рет Мәскеуде болған.

Адам Олеарийдің бұл картасында, жоғарыда қарастырылған карталардың көпшілігіндегідей, Каспий теңізінің контурлары бұрмаланған түрде ұсынылған. Еділ мен Жайық қосөзен аралығында Каспий теңізіне құятын аумақта аты жоқ өзен берілген, сол өзеннің бастауында, Жайық өзенінің оң жақ жағалауында Saratzik (Сарайшық) қаласы орналасқан. Жайық өзенінің сол жағында оңтүстікке қарай Каспий теңізіне құятын Iem (Жем) өзені, Жемнің жоғары жағында елді мекен белгісімен Colmak (Қалмақ) атаулары жазылған. Кейін Адам Олеарийдің 1719 жылы Лейден басылымынан «Путешествие в Московию, Тартарию и Персию» атты еңбегі жарық көрді. Еңбекте Еділ өзені бойындағы халықтар туралы да жазады.

Тұтастай алғанда, бұл картадан Каспий теңізі мен Еділ жағалауының қараңғы және кең бөлігі су тасқыны кезінде су астында қалады деп болжауға болады, ал Жайық өзені жағалаулары жеңілірек түспен көрсетілген, олай болса, бұл аса жәйлі аумақты бейнелегені деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Олеарий А. Описание путешествия в Московию. – М.: Российские семена, 1996. - 368 с.

НИКОЛААС ВИТСЕННІҢ 1682 ЖЫЛҒЫ «СОЛТҮСТІК ЖӘНЕ ШЫҒЫС ТАРТАРИЯ» КАРТАСЫ

(Қараңыз: 73-сурет, 361-бет).

Николаас Витсен (1641-1717) – голландия саясаткері, картограф, Амстердам бургомистрі (1682-1706), Ост-Индия компаниясын басқарушысы.

1664-1665 жылдары Н. Витсен Мәскеу патшалығына келіп, Голландия елшілігі құрамында қызмет жасайды. Осы кезеңде Псков қаласынан Мәскеуге дейінгі аралықты аралап, маңызды ақпараттар жинайды. Күнделік жүргізеді. Зерттеуші Б. Полевой Н. Витсеннің карта жасаудағы деректерін саралай келе, аталған картаны сызуда бір зерттеушінің 1667 жылғы Сібір картасын, С. Ремезовтың сызбаларын пайдаланды дегеніне, Голландия зерттеушілері толықтай жауап берді деп есептейді. Оған голландиялықтар жариялаған Н. Витсеннің күнделігі, жазбалары, хаттары, Индияға саяхаттары дәлел бола алады деген пікірде [1].

Н. Витсен 1687 жылы Европада бірінші болып Мәскеу патшалығының Сібірдегі жерлерін белгілеген картасын жариялайды. Карта: «Новая географическая карта Северной и Восточной части Азии и Европы, простирающаяся от Новой Земли до Китая» деп аталады. Картаға риза болған I Петр патша арнайы алғысын білдіреді.

Н. Витсен картасында Жайық өзенінің сол жағалауында Жайық (Iaick), Сарайшық (Serachick) қалалары орналасқан. Сарайшықтан жоғары Қосжайық (Koocjaick) деген белгі де бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Полевой Б.П. О картах Северной Азии Н.К. Витсена // Известия Академии Наук СССР. Серия географическая. -1973. -№2.; Полевой Б.П. О картах Северной Азии Н.К. Витсена // maps.southklad.ru›forum/viewtopic.php... 20.01.2024

МАРК ДУБРОВИННІҢ 1729-1731 ЖЫЛДАРЫ СЫЗҒАН КАРТАСЫ

(Қараңыз: 74-сурет, 361-бет).

Сарайшықтан Еуропаға қарай шығатын керуен жолдары туралы құнды деректі теңіз капитаны Марк Дубровин сызған картасы береді [1]. 1729 жылы Марк Дубровин 3 жылға Орта Азияға – Хиуа мен Бұхараға барып, сызған картасын 1731 жылы И. Кирилов Атласына қосады. Зерттеушілер И.М. Рутько, Б.Г. Семянниковтың анықтауынша: «Картада Орта Азия аумағын кесіп өтетін тармақталған жолдар жүйесі (керуен сарайлары, кенттері мен құдықтары бар) бейнеленген. Жол тораптары Хиуа мен Бұхара қалаларына апарады. Дубровин өз картасында Орта Азия қалалары мен елді мекендерінің барлығы 90-ға жуық атаумен орналастырады, бірақ оларды картада тек тиісті нөмірлерді көрсете отырып, арнайы «қалалар тізіліміне» ғана шығарды. Мысалы, Хиуа провинциясының 14 қаласы аталған, оның ішінде «тізілім» бойынша: 1) Хиуа; 2) Лазарист (Хазарасп); 3) Ханиха (Ханка); 4) Оргенш (Үргеніш); 5) Шибент немесе Везир; 6) ескі Ориент (ескі Үргеніш) және т.б.» [2].

М. Дубровин картасында Сарайшықтан Еділ өзені бағытына дейінгі негізгі 2 керуен жолы, ал Еділ өзеніне жақындаған кезеңде солтүстіктегі жол екіге бөлінген. Осылайша, 3 керуен жолы Еділ өзеніне жетпей Астраханға бағытталған керуен жолына қосылған. Бір қызығы Үргеніштен келетін бір керуен жолы Сарайшыққа жетпей теңізге қарай бұрылып, тікелей Гурьев қаласына жеткен. Яғни, ол Гурьев қаласы тұсынан Жайық өзенінен өткен теңіз жолы болса керек. Карта бойынша әр керуен жолында 8-9 мекендер белгіленген. М. Дубровин Еділ-Жайық өзендері аралығынан бір-ақ қала – Сарайшықты көрсетеді [1].

М. Дубровин картаның батысында Каспий теңізінің суреттейді, ал орталықтың шығыс бөлігінде өзіне дейінгі Черкасскийдің (1715) сызбасын пайдаланады. Төменде керуен-сарайлардың шартты белгілерін қосады. Зерттеушілер картаны жоғары бағалап, И.К. Кирилов Ресейдің Бас картасында Орта Азияны сызған кезеңінде М. Дубровин картасына сүйенгенін, дегенмен кейбір өзгерістер енгізгенін атап өтеді [2].

М. Дубровин картасында елді мекендер – керуен-сарайлар анық көрсетілген. Олардың аралығы, біздіңше, 25-45 км шамасында. Картаның XYIII ғасырдың басында сызылғанын ескерсек, бұл көрсетіл-

ген керуен жолдары сонау көне сүрлеу Алтын Орда дәуірінің керуен жолдары деп анық айтуға болады [3].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Кирилов И.К. Атлас Всероссийской империи. – СПб: Российская академия наук, 1737. -37 с.

2 Рутько И.М., Семянников Б.Г. Военный моряк и геодезист Марк Дубровин – исследователь Средней Азии // https://elibrary.ru › item. 04.08.2022

3 Муктар А.К., Ахметова У.Т., Имашев Э.Ж. Золотоордынские караванные пути и караван-сараи на юге и юго-западе Западного Казахстана и юге Волго-Уральского междуречья в XIII–XVI вв. // Oriental Studies. 2023. Vol. 16. Is. 5 -P.566-586

САРАЙШЫҚТЫҢ 1741 ЖЫЛҒЫ КАРТАСЫ

(Қараңыз: 75-сурет, 362-бет).

Карта 2019 жылы атыраулық тарихшы М. Кипиевтің ізденісімен Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архивінен табылған. Құжат архивте «План городу Сарайчик в Яика Гурьев городка в верх по реке Яик верстах в 60 снят прошлого 741 году» деп аталған.

Зерттеуші: «Жоспарда Жайық және Сарачинка өзендерінің ортасында орналасып, сыртқы және ішкі бекініс қамалдардан тұратын ортағасырлық Сарайшық қалашығы мен оның төңірегі көрініс тапқан. Ішкі бекініс қалашықтың оңтүстік-батысында орналасып, жоспарда ол жер «кремль» деп көрсетілсе, сыртқы бекініс «белогород» деп жазылған. Кремльдің өлшемі солтүстік-батысы мен оңтүстік-шығысы 195 (421,2 м), ал оңтүстік-батысы мен солтүстік-шығыс аралығы 109 саженді (235,4 м) құрайды. Жалпы көрінісін қарасақ, оның Жайық жақ қабырғалары қалың және дуалы биік болғанын байқауға болады. Топограф А. Алексеевтің жоспарында ол аумақ «цитадель» деп аталып, ұзындығы 200 (432 м), ені 100 (216 м) саженге жеткен. Көріп тұрғанымыздай, екі жоспардағы «кремль» мен «цитадельдің» өлшемдері 5-10 сажен болатын айырмашылығын есептемегенде, жалпы аумағы бір-біріне ұқсас келеді. «Белогородтың» өлшемі солтүстігі мен оңтүстігінің арасы 621 (1341,3 м), батысы мен шығысы 501 сажен (1082,1 м). А. Алексеевтің сызбасында қалашықтың жалпы ұзындығы 1 верст 100, ені 1 верст 50 сажен. Егер XIX ғасырда 1 верст 500 саженді құрайтындығын ескерсек, екі жоспардың өлшемдері бір-біріне шамалас келеді» деген тоқтамға келеді [1].

М. Кипиев сызбаға сүйене отыра, қаламен Жайық өзені аралығын, Азиядан Сарайшыққа келетін, Сарайшықтан Сарай-Батуға бағытталатын керуен жолдарын саралайды. Сызба ортағасырлық Сарайшыққа қатысты жаңа тұжырымдар жасауға итермелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Кипиев М. Сарайшықтың 1741 жылғы жоспары табылды // Егемен Қазақстан. - 2020 жыл 17 наурыз.

АСТРАХАННАН ГУРЬЕВКЕ ДЕЙІНГІ 1774 ЖЫЛҒЫ ЖОЛ КАРТАСЫ *(76-сурет, 362-бет).*

Қазақстан Республикасы Ұлттық архиві қорындағы «Путевая карта от Астрахани до Гурьева, 1774 г.» деп аталатын картаға назар аударсақ, саяси-экономикалық маңызы бар жолдарды Ресейдің әскери гарнизон командирі 1774 жылдың мамырында Астраханнан Гурьев қалалары арасына дейінгі жолдар сипаттамасын берген [1,1 п.].

1774 жылғы жол картасында Сарайшық қаласы орнында Сарайшық қорғаны (Сорочиковская крепость) жазылған. Карта Астрахан қаласынан басталып, сол заманда қызмет жасаған керуен жолының нақты көрсетілуімен құнды. Астраханнан басталған жол Еділ өзенін жоғары бойлай Митин аралына дейін жетіп, Еділ өзенінен сол жердегі өткел арқылы Еділ өзенінің сол жағалауына өтіп, Ахтуба өзені арқылы Ерікке (картада Ерик) жеткен. Содан Еділді бойлай төменге жүріп Берекет өзеніне келеді. Берекеттен Жыланды өзеніне, Жыландыдан Анто Торца көліне, одан Нарын Хара өзеніне, Нарын Харадан Бақсай өзеніне жеткен. XVIII ғасырдың 70-шы жылдары Бақсай өзені мен Жайық өзені, Сарайшық қорғаны аралығы 17 верст деп көрсетіледі. Одан әрі керуен жолы қорғаннан шығып, Қара өзеніне (Черная речка), одан әрі Гурьевке келген.

Жалпы карта Каспий теңізінің солтүстік бөлігін қамти батыстан шығысқа қарай жүрген бағытының сипаттамасын сызған. Бұл жол сонау Ұлы Жібек жолы бойында жатқан Қажы Тарханнан Жошы Ұлысы астанасы Сарай-Бату, Сарай Беркеге одан әрі қарай ұлы керуен жолының Каспийдің солтүстік жағалауын қамти жүрген көне керуен жолының сорабының ізімен құрылған XVIII ғасырдың екін-

ші жартысындағы сауда-пошта жолдары ретінде пайдаланғаны сөзсіз [2, 43 б.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасы Ұлттық архиві (ҚРҰА) 83 қ., 1 (жал.) т., 134 іс Карта «Путевая карта от Астрахани до Гурьева, 1774 г.»

2 Ахметова У.Т. BR10164208 «2021-2023жж. «Қазақстанның батыс өңіріндегі Алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» бағдарламаның жылдық есебі (қорытынды есеп)» атты ғылыми-зерттеу жұмысының есебі. – Сарайшық, 2023. -198 б.

1816 ЖЫЛҒЫ КАРТА *(77-сурет, 363-бет).*

Картаның толық атауы «Карта части Средней Азии, содержащая земли киргиз-Кайсаков, каракалпаков, Трухменцов и Бухарцов». – 100 верст в 1 англ. дюйме. – [Россия], [1816].

Картада Сарайшық қаласы «Сарачикова» деп, ескі татар қаласының құландысы ретінде көрсетілген. Картада Ноғай жолы деп аталатын ескі керуен жолы жазылған. Картада керуен жолының 4 тармағы көрсетілген. 1-ші жол Каспий теңізі жағалауымен Маңғыстау түбегіне, 2-ші жол Үргенішке қарай бағытталған. Керуен жолында «Река Горькая» атауымен Сағыз өзені, «Каменный мост» атауымен Таскешу керуен-сарайы, Қайнар тауларының құландылары, Бақашы орны, Ұшқан, Қосқұдық, Көптам, Құсшы керуен-сарайларының орындары белгіленген. 3-ші жол Орынбор қаласынан бастау алып, қазіргі Ақтөбе қаласы аумағымен жүрілген. Аталған жолдар Көптам құландысында, яғни, Белеулі керуен-сарайында қосылып, Үргенішке қарай бағыт алған.

Картадан оз. Севрюженское, при Косолгань, при Севрюжен, оз. Соленые, при Колпинском, Баксасва, Ф. Смонхолинской, Сарачикова (значен. Разв. Бывшаго Татарского города), Следь бывшей дороги называемой нынь Ногайскою, Копани Боля Уля, Копани Чинва Уля, оз. Батка куль, Река Горькая (Сағыз өзені-авторлар), Каменной мость (Таскешу-авторлар), Кам. Разв. Кайнарь, Ключи и Горь-Кайнарь, оз: Пресные, Камен. Разв. и уроч. Баканчинь, Камень.: Разв. и Солоноватые ключи Учукань, Ключь Джаксы-Су, Развал Куптамь. Два колодца выкл. Камнем, Копани Кошчи деген атаулармен танысуға болады.

1861 ЖЫЛҒЫ А. АЛЕКСЕЕВТІҢ ТОПОГРАФИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

(Қараңыз: 78-сурет, 364-бет).

Сызба тарихи құжатта «План развалин древней мусульманской крепости Сарайль-Джадит и части нынешних построек Сарайчиковской крепости» деп аталады.

Картаны Ресей мемлекеттік Әскери-Тарихи архивінен танысып (РМӘТА 386 қ., 1 т., 1.т., 225 іс) ғылыми айналысқа енгізіп саралаған М. Кипиевтің анықтауынша: «А. Алексеев Сарайшық қалашығының өлшемін келесідей сипаттайды: ұзындығы 1 верст (1верст – 1066,8 м.) 100 сажень (1 сажень – 2,13 м.), ені 1 верст 50 сажень, оны айнала қоршаған дуалымен есептегенде 3 верст 350 саженді құрайды. Қалашық қирандысының батыс бөлігінде цитадел орналасқан, оның қабырғалары жоғарыда аталған дуалдан биік. Цитаделдің пішіні қисықтау және оның ұзындығы 200 сажен, ені 100 сажен».

Зерттеуші А. Алексевтің қазба жұмыстарын жергілікті қазақтар можар (мазар) деп атайтын цитадел ішінен, кезінде Жәңгір хан ағашпен қоршатқан аумақтан бастағанын атап өтеді. Осы арада А. Алексеев «хан моласына» назар аударады. Ол: «Сағананың іші киіз үйге ұқсас, шығыс жағынан кіретін 1 есігі мен солүстігінде, батысында, оңтүстігінде дөңес келген 3 терезесі бар және ішінде кірпіштен жасалған 2 үлкен, 4 кішкене қабір бар» деп жазады [1, 47-48 б.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Кипиев М. Сарайшық қалашығының 1861 жылғы топографиялық жоспары жөнінде // Ибн Баттутаның Ұлы Жібек жолымен саяхаты: мәдениеттер арасындағы диалогты алға бастыру» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы (8 қараша 2017 жыл) / Жалпы редакторы Қайырғалиева Г.Қ. – Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің баспасы, 2017. - 202 б.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінде ортағасырлық Сарайшық Жошы Ұлысы тарихының ірі саяси, әкімшілік, рухани орталығы ретінде өзара байланыста кешенді түрде зерттелуде. Бұл арада қаланың Жошы Ұлысының әлемдік дамуға тигізген ықпалы, оның Еуразия аумағындағы орны мен жаһандық саясаттағы ролі ескерілгені сөзсіз. Бұл жөнінде белгілі неміс ғалымы, шығыстанушы Бертольд Шпулер жазғандай: «Осылайша, Алтын Орданың өмір сүруі бүкіл Еуропа тарихына әсер еткен маңызды фактор болды. Әрине, мұндай маңызы бар мемлекеттік білім беруде тарих ғылымы зерттемей қалуы мүмкін емес еді. Ғалымдардың бұл мәселеге үнемі назар аударуға тырысқанын болжау қиын емес», - деп атап өткен болатын [1, С. 7].

Жошы Ұлысының әлемдік тарихи маңызы ерекше. Біздіңше, ол алдымен Ертіс пен Дунай өзендері аралығында ондаған мемлекеттер мен халықтарды біріктіріп, бір орталықтан басқару жүйесін қалыптастыруымен айқындалады. Осы аралықта Жошы Ұлысы ұлан-байтақ жердегі мәдениет пен өркениетті өзара байланыстырды, Ұлы Жібек жолы арқылы миллиондаған халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етті. Осынша алып территорияны біріктіріп, әлемнің дамуына жаңа серпіліс берген империя бұрын-соңды болған емес. Жошы Ұлысы Рим империясын (б.э.д. 27 жыл-395 ж. аралығы) билеген территориядан үлкен аумақты 300 жылға жуық биледі. Жошы Ұлысының дәстүрлі билік жүйесі XIX ғасырдың аяғына дейін қазақ жерінде үстемдік құрды, ұзақ жылдар бойы ел санасында сақталды.

Сондықтан ортағасырлық Сарайшық тарихы ортағасырлық қазақ мемлекеттілігінің аса маңызды беттерін құрайды. Бүгінде Сарайшық тарихына қатысты қазақстандық ғалымдар да кең мағынада ізденуші-

лік зерттеулер жүргізіп, мол материалдар жинақтады. Олардың қатарында ортағасырлық тарихи деректер, әр кезеңде сызылған карталар, XVIII-XXI ғасырлар аралығындағы археологиялық қазбалар қорытындылары, әртүрлі барлау экспедициясы жұмыстырының есептеріне, қазба барысында табылған жәдігерлер, солардың ішінде XIII-XV ғасырлардағы ақшаларды зерттеу нәтижелері құнды ақпараттар береді.

«Сарайшық» музей-қорығы ғалымдарының 2018-2023 жылдар аралығындағы ғылыми зерттеулері бүгінгі жарияланған ұжымдық монография арқылы көпшілікке жол тартты.

Зерттеу барысында 1320 жылғы «Тоскан анонимді сауда нұсқаулығынан үзінділер», Франческо Балдуччи Пеголоттидің «Танадан Катайға дейінгі» жолдардың сипаттамасы Сарайшық туралы жазылған алғашқы еңбектері сараланды. Зерттеушілер Еуропа саясаткерлерінің Еуропадан Азияға өтер жолдағы Сарайшық қаласын көрсетеді. Олардан кейін Сарайшықты көзімен көріп, 1-2 күн тұрақтап қала қазысымен, жергілікті ақсақалмен (деректе «ата» деп атайды) кездескенін, Ұлы су - Жайықтан өтетін Бағдад қаласынан көргеніндей, жылжымалы көпірден өткенін жазған араб саяхатшысы Ибн Баттутаның саяхаты айырықша маңызды. Бұл еңбектер XIV ғасырдың алғашқы жартысында жазылған, бүгінде әлем зерттеушілеріне танылған зерттеулер.

Ортағасырлық Сарайшық туралы құнды мәліметтерді Әмір Темірдің немересі Ұлықбектың, ибн Арабшахтың, Иаздидің, Өтеміс қажының, Мырза Хайдар Дулатидің, Қадырғали Жалайыридің, Әбілғазының және басқалардың зерттеулерінен де табылады. Олардың барлығы Сарайшық қаласының Жошы Ұлысы тарихында ірі саяси, әкімшілік қала болғанын дәлелдейді.

Ортағасырлық Сарайшық сол заманда-ақ әлем карталарынан орнын тапты. Фра Мауроның 1459 жылғы, Антон Вид және Иван Ляцкийдің 1537 жылғы «Московия», Джакомо Гастальдоның 1548 жылғы «Московияның жаңа картасы», Энтони Дженкинсоннің 1562 жылғы, Герард Меркатордың 1595 жылғы карталары Сарайшық қаласының орналасуын, оның төңірегіндегі қалалар, елді мекендер туралы мол ақпараттар береді. Мәселен, Фра Мауроның 1459 жылғы картасында «имперская усыпальница» деп анық жазылған. Мұның өзі ортағасырлық қаланың Жошы Ұлысының басты қалаларының қатарында болғанын айғақтайды.

Зерттеу барысында Жошы Ұлысының Сарайшық қаласы XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап, Москва патшалығының отарлау

саясатының күшеюі барысында бұзылып, тонала бастағанын құжаттар дәлелдейді. Ол кейінгі XVII-XX ғасырлар аралығында жалғасып, ортағасырлық қала толыққанды жер бетінен жойылды. XX ғасырда басталған археологиялық қазбалар қаланың жер астындағы қабаттарын зерттеп, құнды жәдігерлерді еліміздегі музейлерге шығарды. Археологиялық қазбалар қаланың ортағасырдағы өзіндік архитектуралық ерекшеліктерін, XIV ғасырдың өзінде қалада су, жылу құбырларының болғанын анықтады. Қала тоғыз жолдың торабында орналасып, әлем экономикасының орталықтарының бірі болған. Қазба барысында Сарайшықтан табылған Қытай, Хорезм, Иран, Италия және басқа да мемлекеттердің қыш бұйымдары қаланың дәулетті болғанын айғақтайды. Қала мұсылан дінінің орталығы да болған.

Зерттеу барысында табылған тиындар Сарайшық тарихын мол мәліметтермен толықтыра түсті. Бүгінде XIV ғасырдың II жартысынан бастап XV ғасырдың алғашқы ширегіне дейін Сарайшықта ақша сарайы болғаны дәлелденді. Мұның өзі қаланың саяси, әлеуметтік-экономикалық деңгейін көрсетеді.

Қала ортағасырда ел билеушілерінің пантеоны ретінде де белгілі болды. Оны Фра Мауроның 1459 жылғы картасындағы «имперская усыпальница» деген жазбасы тарихи жазба деректерменде дәлелдене түседі. Ортағасырлық Өтеміс қажы, Қадырғали Жалайыри, Әбілғазы, Әбдіғапар Қырыми еңбектері, ноғай жырлары, ел арасындағы аңыз-әңгімелер Жошының Батуынан тарайтын ұрпақтары Тоқтағу, Мөңке Теміруұлы, Жәнібек Өзбекұлы, Бердібек Жәнібекұлы, Жошының Тоқай Темірінен тарайтын Тоқтамыс Тайқожаұлы, Барақ Құйыршықұлы (кейбір зерттеулер Орда Еженнен тарайды деп те жазады), Қазақ хандығының билеушісі Қасым Жәнібекұлы, Едіге би, Жүсіп би, Тарғын батыр және басқа атақты тұлғалар Сарайшықта жерленгенін айғақтайды.

Соңғы жылдары Сарайшық көне қала орнында кешенді археологиялық зерттеулер, ғылыми барлау экспедициялары екпінді жұмысын жалғастыруда.

Олай болса Жошы Ұлысының және ортағасырлық Сарайшық қаласының тарихы туралы жаңа зерттеулермен толығады деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Шпулер Бертольд. Золотая Орда. Монголы на Руси. 1223-1502 / Пер. с нем. С.Ю. Чупрова. – М.: ЗАО Центрполтграф, 2018. - 415 с

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР

АОТӨМА - Атырау облысының Тарихи-өлкетану музейі архиві

БҚОМА - Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік архиві

ГУЛАГ- Главное управление лагерей, трудовых поселений и мест заключения (1934-1938 гг.)

Институт водных проблем АН СССР – Институт водных проблем Академии Наук Союза Советских Социалистических Республик

Қазақ КСР ҒА – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Ғылым Академиясы

Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнология институтының Ғылыми кеңесі - Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Ғылым Академиясы Тарих, археология және этнология институтының Ғылыми кеңесі

ҚазКСР ҒА Тарих, археология және этнография институты - Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Ғылым Академиясы жанындағы Тарих, археология және этнография институты

Қазақ КСР ҒА Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Ғылым Академиясы Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты

ҚазКСР Мәдениет министрлігі - Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Мәдениет министрлігі

ҚР ОМА - Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві

ҚР ҒЖБМ ҒК ҒОА - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ғылым Ордасы архиві

ҚР ҒЖБМ АИА - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ә. Марғұлан атындағы Археология институты архиві

ҚР ҚОСРМ Су ресурстары комитеті – Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Су ресурстары комитеті

ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім Ғылым Министрлігі

ҚР МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет Ақпарат Министрлігі

ҚР ҰА - Қазақстан Республикасы Ұлттық архиві

ҚР МСМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі

ҚР Мәдениет және өнер істері департаменті - Қазақстан Республикасы Мәдениет және өнер істері департаменті

КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы

КСРО ҒА Археология институтының Ленинград бөлімшесінің Астрахан экспедициясы - Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ғылым Академиясы Археология институты Ленинград бөлімшесінің ұйымдастырған Астрахан экспедициясы

КСРО ҒА Археология институтының «Волга-Урал экспедициясы» - Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ғылым Академиясы Археология институтының Волга-Урал экспедициясы

КСРО ҒА Тарих және философия бөлімі - Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ғылым Академиясы Тарих және философия бөлімі

КСРО ҒА Этнография институты - Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ғылым Академиясы Этнография институты

КСРО ҒА Эксперименталды метеорология институты - Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ғылым Академиясы Эксперименталды метеорология институты

КСРО-ның Әскери Коллегиясының Жоғарғы Соты - Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Әскери Коллегиясының Жоғарғы Соты

Известия АН КазССР. Серия археология. – Известия Академии Наук Казахской Советской Социалистической Республики. Серия археология.

НКВД – Народный комиссиарат внутренных дел

СССР АН ЛОИИМК – Союз Советских Социалистических Республик. Академии Наук Ленинградское отделение института истории Материальной культуры

РҒАА - Ресей Ғылым Академиясының архиві

РҒА ММТИА - Ресей Ғылым Академиясы Материалдық мәдениет тарихы институты архиві

РҒА ЭАИА - Ресей Ғылым Академиясы Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы Этнология, антропология институты архиві

ОКҚ брифингі – орталық коммуникациялық қызметі брифингі

«Хан ордалы Сарайшық» КМҚК - «Хан ордалы Сарайшық» коммуналды мемлекеттік қазыналы кәсіпорны

«Толқын» ЖШС-і - «Толқын» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы» РММ - Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы» Республикалық мемлекеттік мекемесі

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК - «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны

САРАЙШЫҚ ТАРИХЫ ФОТОСУРЕТТЕРДЕ

«Сарайшық – Сарай-Бату – Сарай-Берке» халықаралық экспедициясы.
2019 жыл қазан







Елімізде алғаш рет Жошы Ұлысы тарихына арнап ұйымдастырылған «Жошы Ұлысы және Сарайшық - Қазақ мемлекеттілігінің бастауында» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция.
2019 жыл 9-10 қазан Атырау қаласы



«Жошы ұлысы және Сарайшық - Қазақ мемлекеттілігінің бастауында» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция қатысушылары. 2019 жыл 9-10 қазан



«Жошы ұлысы және Сарайшық – Қазақ мемлекеттілігінің бастауында» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция барысында. Солдан оңға қарай Атырау облысы әкімі Нұрлан Ноғаев, тарихшы Ә. Мұқтар, археолог В. Плахов

«Сарыарқа және Алтын Орда: уақыт пен кеңестік» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция барысындағы кездесу. Солдан оңға қарай доктор Н. Кенжеахмет, АҚШ ғалымы, доктор Юлай Шамилоглы, Ә. Мұқтар. 2019 жыл 29-30 қазан





«Сарайшық» сапар орталығының іргетасы қаланды. 2021 ж.



«Сарайшық» сапар орталығының құрылыс жұмыстары барысы. Солдан оңға қарай: Махамбет ауданының әкімі Ринат Жанқылыш, Сенат депутаттары Сағындық Лұқпанов пен Ғұмар Дүйсембаев, Атырау облысы әкімінің орынбасары Әлібек Нәутиев, құрылыс жүргізуші «АС Құрылыс» ЖШС-нің директоры Нұрлан Дильманов, «Сарайшық» музей-қорығының директоры Әбілсейіт Мұқтар



Ортағасырлық Сарайшықты зерттеуге, сақтауға мол үлес қосқан белгілі археолог Зайнолла Самашевтың үйінде. 2022 жыл



Ғалымдар археологиялық қазба орнында. Оңнан солға қарай: т.ғ.д., профессор Әбілсейіт Мұқтар, т.ғ.к., профессор П.Н. Петров (Ресей, Москва), археолог В.В. Плахов (Ресей, Астрахань) және музей-қорық археологы А. Тұраруұлы 2022 жыл



Атырау облысы әкімі М. Досмұхамбетовтың қабылдауында белгілі археолог З. Самашев пен тарихшы Ә. Мұқтар. 2021 жыл



Атырау облысы әкімі М. Досмұхамбетов «Сарайшық» музей-қорығында. 2021 жыл



«Сарайшық» музей-қорығында Махамбет ауданының әкімі Ринат Жанқылышпен кездесу. 2021 жыл

«Сарайшық» музей-қорығының 2020-2022 жылдары ҚР БжҒ министрлігінен орындаған № AP08856940 «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері (1932-1950 жж.): «тарих, естелік, тағылым» гранттық жобасы аясындағы Москва қаласына іссапар. Солдан оңға қарай т.ғ.д., профессор Г. Иванова, т.ғ.д., профессор Ұ. Ахметова, магистр А. Жұмабаев. 2020 жыл





«Сарайшық» музей-қорығының 2020-2022 жылдары ҚР БжҒ министрлігінен орындаған № AP08856940 «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері (1932-1950 жж.): «тарих, естелік, тағылым» гранттық жобасы экспедициясы. Жоба жетекшісі т.ғ.д., профессор Ұлжан Ахметова, жоба мүшелері Әдуард Имашев, магистр Амангелді Жұмабаев, магистр Зұлқарнай Әбілсейітұлы. Жолбастаушы маңғыстаулық Амантай. 2021 жыл



Өлкетанушы Шеген Неталиевтің бастауымен Нарын құмындағы далалық барлау экспедициясы. 2022 жыл



Шығыс Қазақстан облысы Ақбауыр тарихи ескерткішінде. Солдан оңға қарай Ә. Мұқтар, белгілі археолог З. Самашев, магистр З. Әбілсейітұлы. 2022 жыл шілде



Ортағасырлық Сарайшық орнындағы №3 қазба. Солдан оңға қарай: археолог Амангелді Жұмабаев, бағдарлама жетекшісі профессор Үлжан Ахметова, археолог Айбек Тұраруұлы. 2022 жыл шілде



Солдан оңға қарай: археолог В. Плахов, т.ғ.д., профессор Ә. Мұқтар, генетик М. Жабағин жаңадан анықталған Қарағайлы мекенінде. 2022 жыл қазан



2021-2023 жж. «Қазақстанның батыс өңіріндегі Алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасын орындау барысында жаңадан ашылған Қарағайлы мекеніндегі кеңес. Солдан оңға қарай: археолог А. Жұмабаев, археолог А. Тұраруұлы, генетик М. Жабағин, т.ғ.д., профессор Ә. Мұқтар, археолог В. Плахов, археолог Н. Жексенбаев. 2022 жыл қазан



Солдан оңға қарай: археолог, т.ғ.к. М. Қасенов, нумизмат, т.ғ.к. П.Н. Петров, тарихшы Ә. Мұқтар, археолог А. Тұраруұлы. 2022 жылы табылған күміс тиындарды тазалау және зерттеу жұмыстары



2021-2023 жж. «Қазақстанның батыс өңіріндегі Алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасын орындау барысында жаңадан ашылған алтынордалық Ащысай мекені орнында. Ортада белді археолог, т.ғ.д., профессор М. Елеуов, этнограф Ж. Ерназаров, археолог М. Қасенов, бағдарлама жетекшісі т.ғ.д., профессор Ұ. Ахметова. 2022 жыл



Далалық экспедиция барысындағы пікірталас. Солдан оңға қарай: Семей мемл. университетінің профессоры, т.ғ.к. Амантай Исин, атыраулық археолог Марат Қасенов, профессор Ұлжан Ахметова, астаналық археолог Сырым Есенов, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, т.ғ.д. Мадияр Елеуов. 2022 жыл



Сарайшықтың даму концепциясына байланысты Ескі Сарайшық ауылы ақсақалдары мен тұрғындарымен кездесу. 2023 ж., мамыр



Премьер-министрдің орынбасары Алтай Көлгінов «Сарайшық» сапар орталығында. 2023 жыл сәуір



«Сарайшық» сапар орталығының ашылу салтанаты. Солдан оңға қарай: Махамбет ауданының әкімі Қайрат Нұрлыбаев, Атырау облысы әкімінің орынбасары Жасұлан Бисембиев, ҚР Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов, «Сарайшық» музей-қорығының директоры Әбілсейіт Мұқтар. 2023 жыл мамыр



«Сарайшық» сапар орталығының ашылуы. 2023 жыл мамыр



«Сарайшық оқулары – 2023» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. 2023 жыл, сәуір



«Сарайшық» музей-қорығы ұжымы сапар орталығының ашылуы қарсаңында. 2023 жыл 4 мамыр



Ортағасырлық Сарайшықты зерттеу, оны сақтау, қайта жаңарту бойынша белгілі археолог З. Самашевпен Бестерек музейінде кеңесу сәті. Ә. Мұқтар, З. Самашев, А. Жұмабаев. 2023 жыл шілде



«Сарайшық» музей-қорығында Атырау облысы әкімі Серік Шапкеновпен кездесу. 2023 жыл тамыз



Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясы Ұлттық археология орталығының директоры т.ғ.д., археолог Фархад Максудов, ғылыми істер жөніндегі директор орынбасары т.ғ.д., археолог Ғайбулла Бабояров және археолог т.ғ.д., профессор Рустам Сулаймоновпен сәтті кездесу. Ташкент қаласы. 2023 жыл маусым



Ортағасырлық Сарайшықты кешенді зерттеуді ұйымдастырушы белгілі ғалым Әлкей Марғұланның қызы Дәнел Әлкейқызымен бірге. Алматы қаласы, 2023 жыл



Атырау қаласында өткен III Ұлттық Құрылтай. Солдан оңға қарай: генетик ғалым М. Жабағин, ҚР Мәдениет және ақпарат министрі А. Балаева және т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтар. 2024 жыл 15 наурыз



Ресейлік белгілі тарихшы т.ғ.д., профессор Вадим Трепавловпен кездесу. 2022 жыл



№3 қазба орнында моншаның табылуы. Археологтар А. Тұраруұлы, Жүніс Байғалиев жұмыс үстінде. 2023 жыл шілде



Ортағасырлық Сарайшықты су тасқынынан қорғау жұмыстары. 2024 жыл сәуір



2024 жылғы су тасқынынан ортағасырлық Сарайшықты қорғау жұмыстары. Сарайшық музей қорығы ұжымы. 2024 жыл сәуір

СУРЕТТЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ



1-сурет



2-сурет



5-сурет. Экспедиция жетекшісі З. Самашев, Т. Лошакова, Я. Лұқпанова, В. Плахов



6-сурет. Монша орнының солтүстік-шығыстан көрінісі



7-сурет. Қазбадан табылған сәулеттік әшекей тақта



8-сурет. III-қазбада ашылған колонна мен қабырғалар қалдығы



9-сурет. III-қазба нысандарын консервациялауға дайындық



10-сурет. III-қазбадағы нысандарды консервациялау барысы



11-сурет. 2008 жылғы V-қазбаның өзен жағалауынан көрінісі



12-сурет. 2017 жылы «Қазқайтажаңарту» РММ алғаш рет З. Самашевтің қазба жұмыстарының нәтижесі бойынша ортағасырлық Сарайшықты қорғау аймағы жасалды



13-сурет. 2018 жылғы Сарайшықтың бекітілген жағалауы. https://atr.kz/zhanalyqtar/sarayshyi-zha-alauyin-bekitu-zh-myistaryi-aya-taldyi/

14-сурет



15-сурет





16-сурет



17-сурет



18-сурет



19-сурет Қазба орнынан табылған жәдігер – альбарелло



20-сурет. Мазар қабырғасы мен жерлеу орындары. Қыш кірпішті мазар құландысы



21-сурет. Екінші мазардың солтүстіктен көрінісі



22-сурет. Қазба орнының сызбасы



23-сурет. Мазардың жоғарыдан көрінісі



24-сурет. Кесене құландысы



25-сурет. Консервация жүргізілген бөлмелер



26-сурет. III қазбаның жоғарыдан көрінісі



27-сурет. Қазбадан табылған ірі құмыра



28-сурет. Қазбада анықталған жерленген иттің қаңқасы




29-сурет Қазбадан табылған ат бейнесінде жасалған қола құлып



30-сурет. Тандыр пештің ауыз қуысы






31-сурет. А. Алексеевтің топографиялық сызбасы З. Самашев белгілеген «Хандар зираты» орны



32-сурет



33-сурет



34-сурет



35-сурет



36-сурет





37-сурет



38-сурет. 2022 жылғы қазбаның әуеден түсірілімі



39-сурет Қазбаның B2-C2 секторында орналасқан кан жүйесі



40-сурет. 2023 жылғы қазбаның солтүстік келбетінің соңғы көрнісі



41-сурет. Қазбаның B2-C2 секторында орналасқан хум құмыраларының көрінісі



42-сурет. Сырлы қыш ыдыс



43-сурет. Күміс тиындар көмбесі



44-сурет. Өңделген жауырын сүйектері. Сурет А.Ж. Жұмабаевтікі



45-сурет. 2-бөлмеден орналасқан тандыр пеш. Сурет А.Ж. Жұмабаевтікі



46-сурет. Ғимараттың батыс бөлігінде ашылған дәліз



47-сурет. 7-бөлменің батыстан көрінісі



48-сурет. 2022 жылы №3 қазбаның жоғарыдан түсірілген көрінісі



49-сурет. 9-бөлменің оңтүстіктен көрінісі. (Фотосурет Ж.Байғалиев)



50-сурет. 10-бөлменің жоғарыдан көрінісі. (Фотосурет Ж.Байғалиев)



51-сурет. №11 бөлменің жоғарыдан көрінісі. (Фотосурет Ж.Байғалиев)



52-сурет. Ғимараттың шығыс қанатындағы бөлмелер. (Фотосурет Ж.Байғалиев)



53-сурет. Ғимараттың батыс қанатындағы бөлмелер. (Фотосурет Ж.Байғалиев)



54-сурет. Моншаның жуынатын орыны. (Фотосурет Ж.Байғалиев)



55-сурет. Батыс қанаттағы №5 бөлменің жоғарыдан көрінісі. (Фотосурет Ж.Байғалиев)



56-сурет. Жалпы қазба алаңының жоғарыдан түсірілімі



57-сурет. Ащысай мекеніндегі қыш ыдыс сынықтары



58-сурет. Ащысай мекенінен табылған метал бұйымдар



59-сурет. Қарағайлы мекенінің беткі қабатында табылған бұйымдар



60-сурет. Қарағайлы мекенінен табылған сырлы қыш ыдыс сынықтары түрлері



61-сурет. Күліш керуен-сарайының әуеден түсірілімі



62-сурет


22/7
38/7
57/7
99/7
197/7
205/7
209/7
225/7
266/7
267/7
279/7
305/7
358/7
359/7
372/7
376/7
377/7
393/7
395/7

63-сурет


TARTARIA
TARTARIA
PRAXAN
PRUSSIA
P. MAXAVER
RUSSIA
RUSSIA
Explore Themes

64-сурет



65-сурет



66-сурет



67-cypem



68-cypem



69-сурет



*70-сурет Карты Тартарии – о фальсификации истории // hystory.mediasole.ru›karty_tartarii__o_*




71-сурет



72-сурет



73-сурет



74-сурет



75-сурет



76-сурет



77-сурет





78-сурет

МАЗМҰНЫ

Кіріспе 3

1 Ортағасырлық Сарайшық қалашығы Европа мен Шығыстың тарихи деректерінде 11

Латын тіліндегі деректер .....–
№1. Тоскан анонимді сауда нұсқаулығынан үзінділер (1320 ж.) .....–
№2. Франческо Бальдуччи Пеголотти «Сауда тәжірибесі» (XIV ғ.) 15
№3. Амброджо Контарино «Персияға саяхат» (XV ғ.) 18
№4. Иосифат Барбаро (Танаға саяхат) (1487/1488 жж.) 21
№5. Сигизмунд Герберштейн «Московия істері туралы жазбалары» (1549 ж.) 24
№6. Энтони Дженкинсон «Орта Азияға саяхат» (1558—1560 жж.) 26

Парсы, араб, түркі-қыпшақ тілдеріндегі деректер 27
№7. Рашид ад-дин «Шуаб-и панджагана» (Бес шежіре) (1308 ж.) .....–
№8. Ибн Баттута «Саяхат» (1333 ж.) 30
№9. Ұлықбек «Тарих-и арба ұлыс» (1425 жылға дейін) 34
№10. Шараф ад-дин Әли Йазди «Зафар нама» (1425 ж.) кітабының І-томы «Тарих-и жахангир (Әлемді жеңіп алушының кітабы) (XV ғ.) .36
№11. Шараф ад-дин Әли Йазди «Зафар нама» (1425 ж.) 39
№12. Ибн Арабшах «Темірдің өміріндегі көргенділік ғажайыптары» (Әжаиб әл-мақдур фи наваиб әт-Тимур) (1436 ж.) 44
№13. Өтеміс қажы «Шыңғыс-наме» (XVI ғ.) 49
№14. Өтеміс қажы «Қара Таварих» (XVI ғ.) 52
№15. Мырза Мұхаммед Айдар Дулат «Тарихи-и Рашиди» (1542-1546 жж.) 58
№16. Қадырғали Жалайыр «Жами ат-тауарих» (Шежірелер жинағы) (1602 ж.) 60
№17. Махмуд ибн Уәли «Бахр әл асрар фи манақиб әл ахйар» (География) (XVII ғ.) 68
№18. Әбілғазы «Түрік шежіресі» (1663-1664 жж.) 69
№19. Абдулла Ризван «Теварих-и Дешт-и Кипчак» («Дешті-и Кыпшақ шежіресі») 1638 ж. 72
№20. Абдулгаффар Кырыми «Умдет ал-ахбар» (XVIII ғ.) 73
№21. Хусаин Амирханов «Таварих-е Булгарийа» (Булгар шежіресі) (1883 ж.) 85
№22. Шежере-и Чингизийе (Шыңғызилер шежіресі) (XIX ғ.) 86

2 Ортағасырлық Сарайшық қаласының қиратылуы және алғашқы зерттеулер (1917 жылға дейін) 89

3 Кеңестік кезеңдегі зерттеулер, олардың нәтижелері 109
3.1 Хорезм археологиялық экспедициясы және Сарайшықтағы Н. Арзютов қазбасы .....–
3.2 Ә. Марғұлан және Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының жұмыстары 122
3.3 Хорезм экспедициясының 1950 жылғы Сарайшықтағы зерттеулері 127
3.4 Ә. Марғұланның Сарайшық – Ұлытау далалық барлау экспедициясы – Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы 131
3.5 1950-1980-жылдардағы Сарайшықтағы барлау жұмыстары, олардың нәтижелері 138
3.6 З. Самашев басқаратын Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы және оның зерттеулері (1989-1991 жж.) 149

4 Ортағасырлық Сарайшықты кешенді зерттеудің басталуы және ескерткішті сақтауды ұйымдастыру (1991-2017 жж.) 158
4.1 Ел тәуелсіздігі және оның Сарайшықтағы ғылыми зерттеулерге ықпалы (1991-2008 жж.) .....–
4.2 Сарайшықты сақтап қалу жұмыстары, олардың нәтижелері 189

5 Жошы ұлыстық Сарайшықты зерттеудің жаңа кезеңі (2018-2023 жж.) 200
5.1 «Хан ордалы Сарайшық» музей қорығының республикалық мекемеге айналуы және алдағы жаңа міндеттер .....–
5.2 Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің Сарайшықтағы зерттеулері (2017, 2019 жж.) 211
5.3 Сарайшықтағы «Хан моласы» және оны зерттеу мәселелері (2020-2022 жж.) 220
5.4 2022-2023 жылдардағы №1 қазба нәтижелері 231
5.5 Сарайшық музей қорығының 2021-2023 жылдардағы III қазба орнындағы археологиялық жұмыстар және ашылған қоғамдық ғимарат 234
5.6 2019-2023 жылдардағы далалық зерттеулердің нәтижелері 243

6 Сарайшық нумизматикасы 251

7 Ортағасырлық Сарайшық әлем карталарында (XV-XVIII ғғ.) 288
Қорытынды 309
Қысқартылған сөздер 312
Сарайшық тарихы фотосуреттерде 315

«Қазақ тілі» баспасының директоры
Ғарифолла Әнес,
филология ғылымдарының докторы

**Ә. Мұқтар, У. Ахметова, П. Петров,
А. Тұраруұлы, А. Жұмабаев**

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ САРАЙШЫҚ

Редакторы Төлеубек Алпысбаев
Тех.редакторы Орынбек Анесов
Беттеген Ниязбай Оразымбетов
Мұқабаны көркемдеген Гүлмира Өтенова

Басуға 15.05.2024 ж. қол қойылды.
Пішімі 60х90 $^{1}/_{16}$. Офсеттік қағаз.
Көлемі 23,0 б.т. Таралымы 500 дана.

«Қазақ тілі» баспасы
Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143, 409-кеңсе
моб.: 8 705 456 44 44

ISBN 978-601-291-622-5



Ардақты Алаш азаматтары!

Репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының
мұрасын зерттейтін «АРЫС» қоры
отыз екі жылдан бері жазықсыз жазаланып, аттары
аталмай, көпшілік жадынан өше бастаған біртуар
азаматтарымыздың мұрасын жинап,
еңбектерін жарыққа шығарады;
ескерткіш, мүсіндерін жасап,
музейлерін жабдықтайды;
арыстарымыздың өмірі мен шығармашылығын
насихаттаушыларға жәрдем беріп,
мерейтойларын өткізуге атсалысады;
ардақтыларынан ажырап қалған шаңырақтарға
қайырымдылық көмек көрсетеді.

Қор жанындағы «АРЫС» және «Қазақ тілі» баспалары
Сіздің түрлі мәдени тапсырыстарыңызды
тез әрі сапалы орындап береді

050009, Алматы қ.
Абай даңғылы, 143
4-қабат, 409-бөлме
тел./факс: 394 38 32,
385 74 67

АРЫС

е/ш.: KZ936017131000056413
Алматы қаласы,
Қазақстанның
Халық Банкі АҚ
БИН 920440000987

E-mail: *arys-kz@mail.ru*
anes_gk@mail.ru